

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Т. Н. Мухажанова

ЕУРОПА  
ТАРИХЫНДАҒЫ ТҮРКІЛЕР  
(VI–X ғ.)

*Оқу құралы*

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2017

ӘОЖ 94 (100-87)

КБЖ 63.3 я 73

М 80

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
тарих, археология және этнология факультетінің  
Ғылыми кеңесі және Редакциялық-баспа кеңесі  
шешімімен ұсынылған  
(№5 хаттама 11 шілде 2017 жыл)*

**Пікір жазғандар:**

тарих ғылымдарының докторы, профессор **Г.К. Көкебаева**  
тарих ғылымдарының докторы, профессор **Д.С. Байғунаков**  
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент **Ф.А. Адилова**  
тарих ғылымдарының кандидаты **Г.С. Беделова**

**Мухажанова Т.Н.**

М 80 Еуропа тарихындағы түркілер (VI–X ғ.): оқу құралы /  
Т.Н. Мухажанова. – Алматы: Қазақ университеті, 2017.  
– 182 б.

**ISBN 978-601-04-2826-3**

Оқу құралында орта ғасырларда Еуропаның далалық аймақтарын қоныстанып, мемлекет құрған түркі тілдес халықтардың бір тармағы болып есептелетін Хазар қағанаты, Еділ Бұлғар патшалығы мен печенектердің тарихы қарастырылады. Сонымен бірге аталған тайпалық бірлестіктердің этникалық тарихы, қоныстану ареалы, саяси басқару түрлері, қоғамдық қатынастардың қалыптасуы мен дамуы сияқты мәселелер қамтылады. Хазар қағанатындағы діннің рөлі, Араб халифатымен болған соғыстары, Еділ Бұлғар патшалығында сауда-экономикалық қатынастардың дамуы, печенектердің Шығыс Еуропадағы саяси және дипломатиялық қатынастары сияқты мәселелерге басты назар аударылды.

Еуропа тарихындағы түркілер (VI–X ғ.) атты оқу құралы жоғары оқу орны тарих факультетінің студенттері мен магистранттарына арналады.

**ӘОЖ 94 (100-87)**

**КБЖ 63.3 я 73**

ISBN 978-601-04-2826-3

© Мухажанова Т.Н., 2017

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2017

## МАЗМҰНЫ

Алғы сөз .....	5
----------------	---

### I бөлім

#### Әлем тарихындағы Хазар қағанатының құрылуының алғы шарты

1-тақырып. Хазар қағанатының тарихы жөнінде жазба деректер .....	11
2-тақырып. Хазар тарихының тарихнамасы .....	16
3-тақырып. Хазар қағанатының қалыптасуы мен даму тарихы .....	20
4-тақырып. Хазар қоғамының әлеуметтік-әкімшілік басқару жүйесі .....	29
5-тақырып. Шығыс Еуропаның далалық аймағын қоныстанған тайпалық бірлестіктермен және Византия империясымен хазарлардың қарым-қатынастарының барысы .....	42
6-тақырып. Араб халифаты мен Хазар қағанаты арасындағы соғыстардың барысы мен нәтижесі .....	50
7-тақырып. Киев Русі князьдігі мен Хазар қағанаты арасындағы қақтығыстар және қағанаттың құлауы .....	73

### II бөлім

#### Еділ Бұлғар патшалығының құрылуы мен даму тарихы

1-тақырып. Еділ бұлғарларының этникалық тарихы .....	82
2-тақырып. Бұлғар тайпаларының географиялық орналасуы .....	94
3-тақырып. Еділ Бұлғар патшалығының құрылу тарихы .....	99
4-тақырып. Еділ Бұлғар патшалығының сыртқы саясатта ұстанған бағыттары .....	103
5-тақырып. Әкімшілік басқару жүйесі мен мәдениеті .....	113

### III бөлім

#### Шығыс Еуропаның далалық аймағындағы қоныстанған печенег тайпаларының саяси тарихы

1-тақырып. IX–X ғ. печенегтердің Шығыс Еуропаны қоныстануы .....	121
2-тақырып. Печенегтердің сыртқы саяси жағдайы .....	138

3-тақырып. Византия империясының печенегтерге қатысты ұстанған саясаты .....	142
Қорытынды.....	173
Қосымша.....	179
СӨЖ (студенттердің өзіндік жұмыс) тапсырмаларына ұсынылатын тақырыптар .....	179
Реферат тақырыптары .....	180

## АЛҒЫ СӨЗ

Қазақстан Республикасы жоғарғы оқу орындарында білім беруді жетілдіру бағдарламасы аясында, Еуропа тарихындағы түркілер VI–X ғ. жаңа әдістемелік негізде оқытуды ұйымдастыруда жоғарғы мектеп оқытушыларының алдына жаңа талаптар қойып отыр.

Орасан зор кең-байтақ аумақта қоныс аударумен болған көшпелілер Еуразияның этносын және мемлекеттік бет-бейнесін бір емес, бірнеше рет өзгертті. Мейлінше кең тараған тілдік топтардың бірі – түркі тілдік тобының Еуразияға қарай жылжып ене бастауы – ерте кезеңнен бастау алған құбылыс.

Осы кездегі өркениетті елдердің негізін құрған халықтар кезінде бір-бірімен жөнді араласа алмай жатқанда, шаруашылықты жүргізу тәсілдері мен әскери өнерді меңгеруде алдына жан салмаған Евразия құрлығының қақ ортасындағы түркілер өзге халықтарға мәдениет жеткізуші, Шығыс пен Батыс мәдениетін бір-біріне жалғастырушы рөлін атқарды. Еуразияшылдық жайындағы мәселені айтсақ, ол – басты мұрат ретінде адам мәдениетінің екі жағының тұтастығы, Шығыс пен Батыс күш қуаттарының бірігуі. Егер бүгінгі күні Батыс пен Шығыстың өзара түсіністігі, өркениетті сұхбатымен бірлесе қимылдауы туралы сөз болса, бұл мағынасында еуразияшылдық бізге не береді деген де сұрақ тууы орынды. Осындай жағдайларға байланысты біз Еуразия тарихының еуразияшылдықтың басты оқиғаларын тереңінен зерттеуіміз қажет.

Тәуелсіздік алғаннан бері төл тарихымыз түркі халықтарының тарихын зерттеуге, оқуға үлкен мүмкіндіктерге жол ашылды. Отандық тарих ғылым саласында, соның ішінде әлем тарихының құрамдас бір бөлігін құрайтын Шығыс Еуропаның далалық аймағын қоныстанған ортағасырлық түркі тілдес этникалық топтардың тарихын зерттеу бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Оқу құралын жазуға себеп – жоғалып кеткен түркі тілдес халықтардың тарихын жандандыру. Жоғалып кеткен

түркілер кімдер деген сұрақ туады? Олар, аварлар, хазарлар, еділ бұлғарлары, печенегтер т.б. Авар қағанаты туралы оқу құралын 2013 ж. баспадан шығардық. Ендігі кезекте үш дінді бір шаңырақтың астында ұстаған – Хазар қағанатының тарихын, араб халифатымен 100 жылдан астам уақыт соғысып, Еуропа халқын араб экспанциясынан құтқарған түркі тілдес халықтың тарихын қарастыру болмақ.

Еділ Бұлғар патшалығының тарихы әлі күнге дейін толық зерттелінбеген тақырыптардың бірі. Отандық тарих ғылымында Ерте ортағасырларда ғұн империясы құлағаннан кейін тарыдай шашыраған түркі тілдес тайпалардың бірі кутургур, акацир бұлғарлардың арғы тарихының негізін құрамақ. Алғаш Еділ Бұлғары немесе Бұлғар атауы жөнінде византия және араб саяхатшылары хабарлайды.

«Еділ Бұлғар патшалығының Киев Русімен қарым-қатынасының саяси аспектілері» деп аталуына байланысты екі мемлекеттің арасындағы саяси тарихы жан-жақты қарастырылады. Еділ Бұлғар патшалығының қалыптасуы мен даму тарихы бірнеше саяси және мәдени қақтығыстарды басынан кешірді. Дегенмен күрделі даму барысында өзінің арғы атауы – бұлғар этимологиясын сақтап қалған бұл тайпа, түркілер ішіндегі бірден-бір этнос болмақ. Еділ Бұлғар патшалығының тарихы қалыптасуы мен дамуын Шығыс Еуропа даласынан бастау алғандықтан, оның тарихы Еуропалық және түркі тарихымен тығыз байланысты. Сондықтан ерте орта ғасырлардағы түркі тілдес тайпалық бірлестіктердің ақтандақтарын ашу және оның әлем тарихындағы алатын орны мен маңыздылығын зерттеу негізгі мақсат болып табылады. Сондықтан тақырыптың өзектілігі арта түседі.

Екі мемлекеттің арасындағы қарым-қатынас көршілес достық сипатқа ие болған. Яғни халық өзара екі жақты айырбас саудамен айналысқан. Археологиялық деректерге сүйенетін болсақ, екі мемлекеттің бір-біріне өзара көмектесуі арқылы экономикалық байланысты тығыз орнатқанына көз жеткіземіз. Әрі бұл байланыстар әскери қақтығыстар кезінде де бұзылған жоқтығы байқалады. Ал мемлекет деңгейіндегі сауда келісімшарттары заңды түрде жүріп отырған.

Сондықтан бұл екі этностың арасындағы тығыз байланыс олардың өзара мәдени ықпалына әсер етті. Бұл мәдени ықпал

жаңа өнер саласы мен құрылыста техникалық тәсілдерді тиімді қолдануды, тұрмыс және қолданбалы өнер аясында өзара тәжірибе алмасуды, діни тұрғыда әрекеттесуінен орын алғанын археологиялық қазба кезіндегі жәдігерлерден байқалады.

Еділ Бұлғар мен Киев Русінің арасындағы мұндай ұзаққа созылған қарым-қатынас тарихта екі түрлі көрініс тапты. Бір жағынан, экономикалық сауда ынтымақтастық – екі мемлекеттің дамуына өте қолайлы жағдай болды. Екінші жағынан, саяси бәсекелестік пен әскери қақтығыстар екі мемлекеттің қалыптасуын бәсеңдетті. Нәтижесінде моңғолдардың шапқыншылығы өз әсерін тигізді. XII-XIII ғасырлар аралығында шарықтаған Бұлғар қалалары моңғол шапқыншылығына ұшырап, қирады. Дегенмен бұлғар шаһарларының айырмашылығы XIII ғасырдың орта тұсынан бастап қайта көтеріліп, XV ғасырдың ортасында еңсесін түзетуінде. Тұрғындарының саны 50 мыңнан асып, кәрі құрлық қалаларының біріне айналды.

Әлем тарихында Еділ Бұлғары, хазарлар мен печенег патшалығының саяси және этникалық тарихы өз алдына дербес зерттеуді талап ететін аса күрделі мәселелер.

Сонымен, орта ғасырларда Еуропаның далалық аймағын қоныстанған түркі тілдес тайпалық бірлестіктер Хазар, Еділ Бұлғар және Печенегтер Еуропаның саяси-экономикалық және әсіресе әскерді жабдықтау саласында бірнеше жаңалықтарды ашып берді. Атап айтқанда, Хазар қағанатының негізін салушылар – араб халифатының экспанциясына қарсы 100 жылдан астам уақыт соғысып, Еуропаны азат еткен халық. Ислам мен христиан дінін қабылдай отырып иудаизмді мемлекеттік дін деп Х ғ. ұлықтаған. Ал бұлғарлар мен печенегтерге келетін болсақ, Шығыс Еуропаның далалық аймағында өз дербестігін сақтай отырып, Византия мен Русьтің саяси және сауда қатынасында өз үлесін сақтай білген мемлекет. Әскери жабдықтау мықтылығында, тиімді соғыс тактикалар жүргізуде Хазар қағанатымен тең келетін бірде-бір мемлекет болмады. Еуропада авар қағанаты заманынан танымал болған сауыт жамылған атты әскер, ертоқым, темірден жасаған үзеңгі мен жүгеннің жетілдірілген түрлері кең қолданыс тапты. Ат әбзелдері сол заманда атты әскерде үлкен жаңалық болып есептелді.

Сондықтан «Еуропа тарихындағы түркілер VI–X ғ.» атты оқу құралы Батыс кеңістігіндегі түркі тарихын меңгеруге мүмкіндік береді.

Мемлекетіміздің жоғарғы оқу орындарында білім беру саласын реформалау бағытын қолдап, жүзеге асыру мақсатымен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті тарих факультетінің дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасы Еуропа тарихындағы түркілер VI–X ғ. курсы тарих мамандығы бойынша студенттеріне оқылатын элективті ғылыми пән ретінде ұсынып, енгізді.

Еуропа тарихындағы түркілер VI–X ғ. курсы ҚР Білім және ғылым министрлігі бекіткен және іске қосқан ҚР жалпыға бірдей міндетті Мемлекеттік білім беру стандарты бойынша жоғары оқу орнында оқытылады. Бұл оқу құралы 5B020300 – Тарих, 5B011400 мамандықтары бойынша жоғары оқу орны тарих факультетінің студенттері мен оқытушыларына арналған. Оқу құралында кредиттік оқу технологиясының бағдарламасына сай жасалып, халықтардың Ұлы қоныс аудару процесі барысында Азиядан Еуропаға көшкен түркі тайпаларының миграцияларын, өзге халықтармен қатынасы, мәдени және саяси қақтығыстар, авар қағанатының құрылуының алғы шарты, дамуы мен құлауы сияқты мәселелерге баса назар аударылды. Бұл студенттердің осы пәнді меңгеруіне септігін тигізеді. Оқу құралында орта ғасырлық жылнамалар мен араб-парсы деректеріне сүйене отырып, хазар, еділ бұлғарлары мен печенегтердің тарихы жинақталды.

Студенттердің тақырыпты және кейбір мәселелерді тереңдей меңгеруіне жеңілдіктер туғызу мақсатында бақылау сұрақтары, пәннің тақырыбын ашатын нақты материалдар, суреттер және студенттердің өзіндік жұмыс тақырыптары, реферат тақырыптары ұсынылды.

Ұсынылып отырған Еуропа тарихындағы түркілер VI–X ғ. оқу құралы – жоғарғы оқу орындары студенттерін кредиттік жүйе талаптарына сай оқытуға арналған оқу құралы.

**Пәнді оқытудың мақсаты** – мамандығы бойынша оқитын студенттерді Ерте ортағасырлардағы Батыс пен Шығыс әлемдерінің арасын жақындастырған түркі тілдес – хазар, еділ бұлғар мен печенег қағанаттарының құрылуын, этногенезін, сыртқы және ішкі саяси қатынастарын ашу.



## **Пәнді оқыту міндеттері**

Хазар, еділ бұлғарлары мен печенегтердің тарихы туралы студенттерді сапалы біліммен қаруландыру; олардың қалыптасу заңдылықтарын, дамуын, Еуропалық қоғамда олардың рөлін, қағанаттың қалыптасуын және құлауы мен ыдырау себептерін ашып көрсету.

Пәнді оқу барысында студенттер VI-XII ғ. Батыс пен Шығыс Еуропа, Орта Азия мен Азия елдеріне қатысты мәселелер жөнінде нақты білім алады.

**Курсты меңгеру нәтижесінде студенттер білуі тиіс:** орта ғасырлардағы Шығыс пен Батыс тарихын терең танып, объективті заңдылықтарын түсіну, деректерді және құжаттарды оқып талдаудың негізінде тарихқа дұрыс баға беру; тарихи фактілерді жақсы меңгере отырып орта ғасырлардағы Шығыс тарихына жан-жақты талдау жасай білу.

Курсты оқыту нәтижесінде студенттер:

- VI ғасырларда Шығыс Еуропа даласындағы саяси ахуал хазар ордасының қалыптасуының алғы шарттарын, рухани-идеологиялық даму үдерісін, Византия – Хазар қатынасының мән-мағынасын Еуропадағы үстемдіктерінің барысын, арабтармен соғыстары, Киев Русі мен қағанаттың қатынастары, қағанаттың ыдырауы мен құлауын оқып үйренеді;
- Еділ бұлғарлары мен печенег тайпалық бірлестіктерінің қалыптасуы мен патшалықтардың құрылу тарихын, Шығыс Еуропаның далалық аймағында сауда-экономикалық қатынаста Бұлғарлардың рөлі, Византия империясы мен Киев Русімен көпқырлы қатынастарының барысы мен нәтижесін деректік материалдарды терең меңгере отырып, тарихи дамудың көпқырлы да жан-жақты динамикасында бағдар табуға, қазіргі уақыттағы кез келген қоғамдық құбылысты талдай білуге үйренеді;
- студенттер зерттеуге қажетті деректерді, зерттеу еңбектерін іздестіру, фактілерді жинақтау, тексеру, талдау тарихи материалды жазбаша және ауызша жеткізе білу, негізгі жазба жұмыстарын (аннотация, пікір, реферат, ғылыми баяндама) жазуды дамытады.

**Осы пәнді оқуға мүмкіндік беретін пәндер:** Ерте дүние тарихы, Орта ғасырлар тарихы, Әлем өркениеттерінің тарихы, Түрік халықтарының тарихы.

**Пәнаралық байланыс, курстың басқа пәндермен байланыстылығы:**

Археология, Әлем музейлерінің тарихы, Мәдениеттану және тағы басқа да теориялық, практикалық қатынаста болу пәнді оқытудың жан-жақтылығын қамтамасыз етеді.

## ӘЛЕМ ТАРИХЫНДАҒЫ ХАЗАР ҚАҒАНАТЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫНЫҢ АЛҒЫ ШАРТЫ

### *1-тақырып. Хазар қағанатының тарихы жөнінде жазба деректер*

Ортағасырлық Шығыс Еуропаны қоныстанған Хазар қағанатының тарихы аса күрделі проблемалардың бірі. Себебі хазарлар өмір сүруі барысында сол кезеңдегі Шығыс Еуропаның саяси және экономикалық жағдайын бақылаушы рөлді атқарған Византия империясымен, араб халифатымен, Киев Русі князьдігімен және көптеген тайпалық бірлестіктермен қарым-қатынас жасаған. Көп салалы қатынас жасауының барысында хазарлардың тарихынан сыр шертетін жазба деректер мол деп айтуға болады. Деректер әдетте басты екі топтан тұрады: 1) жазба деректер, 2) заттай немесе материалдық деректер. Деректердің екі тобы да хазар қағанатының тарихы туралы толық мәліметтерді береді. Әрине, басты немесе негізгі дерек көздері жазба деректер болып есептеледі. Хазар тарихының ерекшелігі және деректану пәнінің классификациясына сәйкес болғандықтан, деректерді ішінара бірнеше топқа бөліп қарастыруды жөн көрдік.

*Деректердің бірінші тобын* ерте ортағасырлық Византия империясының жылнамашылары мен Сирия авторларының еңбектері құрайды. Атап айтар болсақ; Феофанның хроникалық еңбектері, Григорий Турский, Аврелий Кассиодор, Иордан, Павел Диякон, Исидор Севильский, Прокопий Кесарийский, Иоан Эфесский және тағы басқалар.

Феофан Никифор (Византиялық) – Византия империясының IX–X ғасырлар аралығын қамтыған «Хронография» атты еңбектің авторы. Аталмыш деректің құндылығы император V Лев пен II Романның билік құрғанға дейінгі саяси жағдайларды мәлімдейді. Яғни Хазар қағанаты, Бұлғар патшалықтарының Византия империясымен қатынасы туралы құнды мәліметтердің жиынтығы [1. 400].

Хронистердің ішінде Григорий Турскийді ерекше атауымыз қажет [2. 459]. Ол 540–594 жылдар аралығында өмір сүрген франк жазушысы, белгілі галл-рим отбасында дүниеге келген. 573 жылы Тур қаласының епископы дәрежесіне жетті, бұл қала сол кездегі Галлияның діни орталығына айналған. Григорий Турский Сигиберт, Хильдеберт сияқты корөлдердің алдында беделді болған. Сонымен бірге ол саяси жиналыстарда да маңызды орын алды. Оның «Франктер тарихы» (*Historia Francorum*) 10 кітаптан тұрады.

Ерте византиялық кезеңнің жазушысы, гот тарихшысы Иорданның қолжазбалары халықтардың Ұлы қоныс аударуы кезіндегі ғұн тайпалары, славян, хазар тағы басқа тайпалық бірлестіктер жайында құнды мәліметтердің жиынтығы болып табылғандықтан, біздің жұмысымызда қолданыс тапты. Готтық епископ VI ғ. өмір сүріп, осы ғасырдың екінші жартысында өзінің «Гетика» (*De rebus Gethicis*) және «Краткая хроника» атты мұрасын жазады. Иорданның маңызды еңбектерінің бірі «Гот тарихы» біздің заманымызға толық жеткен [3. Гл. 434].

Прокопий Кесарийский Иордан сияқты император Юстинианның дәуірінде өмір сүрген, ол бірнеше тарихи шығармалар жазған. Оның ең үлкен жазбасы «О войнах Юстиниана» 68 кітаптан тұрады, автордың соңғы төрт кітабы (V–VIII ғ.) – «Готтармен соғыс» («О войнах с готами»), «Құрылыстар туралы» («О постройках») және «Құпия тарих» («Тайная история»). Жалпы славянтанушылардың айтуынша, бұл автор славяндар жайында толық мәліметтерді және славяндарды өз атымен атап, олардың Шығыс Еуропаға, Шығыс Рим империясы жеріне жасаған жорықтары, хазарлардың осы өңірге келуі, олардың славян және тағы басқа тайпаларға тигізген әсері жайында мол, жанжақты мәліметтерді береді. Айталық «Готтар тарихында» славян ант тайпаларының өмір сүруі тұрғысында хабарлап, оларды бір адам басқармайды, бірақ теңдікте, бірлікте өмір сүрген дейді. Сонымен бірге славян, ант тайпаларының дүние танымдық көзқарастары, діни наным-сенімдері жайлы мағлұматтар береді. Олардың өмір сүруі өте дөрекі массагеттерге тән, бойы ұзын, күштері көп т.б. мәліметтер келтіреді [4. 375].

Сириялық жылнамашы Иоанн Эфесскийдің славяндар, хазарлар және т.б. тайпалар жөнінде құнды мәліметтерін пайда-

ландық. Бұл автор 506–585 жылдары өмір сүрген. Шығу тегі жағынан Сириялық, Месопотамиядағы Амид қала маңында туып өскен. Иоанн Эфесский «Шіркеу тарихы» («Церковная история») атты ауқымды еңбек жазып қалдырған. Бұл кітап үш бөлімнен тұрады. Біздің тақырыбымыз үшін бұл кітаптың екінші бөлімі «Тарих» (439–570 ж.) атты еңбегі маңызды, автор бұл бөлімді 571 жылы жазып бітірген [5. 20-21]. Иоанн еңбегі «Шіркеу тарихы» деп аталғанымен онда көбінесе азаматтық тарихқа көңіл бөлінді. Иоанн еңбегінің екінші және үшінші бөлімінің кейбір тараулары мен соңғы алтыншы бөлімі толығымен сақталмаған.

Хазар тарихына байланысты *деректердің екінші тобын* құрайтын орыс деректері болып табылады. Әсіресе бұл деректердің ішінен Бағзы заман жылнамасы («Повесть временных лет») орыс тарихының сонау славян тайпалары, кейінгі Киев Русінің құрылуына негіз болғаны жайында құнды мәліметтер береді [6. 210]. Сонымен қатар «Орыс жылнамалар жинағы» Хазар мен Русь князьдігі арасындағы байланыстарды мәлімдейді [7. 15-23]. Орыс жылнамалар арасында «Игорь жасағы туралы жыр» атты жылнаманың хазар тарихы үшін маңызы зор [8. 45-63].

Хазарлардың Византия империясымен болған дипломатиялық байланыстары жайында *деректердің үшінші тобына жататын* өте маңызды мәліметтерді Византия тарихшысы Менандр Протектордың (Протиктор) қолжазбаларынан оқи аламыз [9. Гл. 561]. Менандр «История» («Тарих») атты еңбегін 558 жылы Агафий әңгімелерінің біткен жерінен ары қарай жалғастырады. Яғни 558 жылы Фракия (Өракия) жеріне ғұн кутургурларының келген уақытынан бастап, Византия императоры Тиберидің өлуімен аяқтайды. Ол Протектор немесе Протиктор деп аталады, себебі 558 жылдан бастап Менандр сарай қызметкері: протектор жұмысын атқарған. Содан бастап оны көптеген деректерде Менандр Протектор деп атап кеткен.

Әскери трактаттардың ішінде танымал болған «Стратегикон» атты Псевдо-Маврикийдің еңбегін айтпасқа болмайды. Псевдо-Маврикийдің «Стратегикон» еңбегінің үлкен тарихи құндылығы – ол Византияның әскери тактикаларын басқа көршілес варвар халықтары: парсы, авар, хазар, түрік, франк, ланго-

бордтармен салыстырмалы түрде мазмұндайды. Бұл деректен тайпалардың әскери ісінің дамуын және әскери өнердің айырмашылығын көруге болады. Псевдо-Маврикий тек әскери тактика жөнінде ғана айтып қоймай, сонымен бірге, жалпылама саяси құрылымының әртүрлілігіне, салт-дәстүрлеріне байланысты құнды мәліметтер береді. Оның айтуынша: «ең бірінші, ол өмір сүрген кездегі империяға өте көп қауіп төндірмейтін халықтардың соғыс жүргізу тәсілдерін, дәстүрін жазу керек» дейді. «Политическое кредо автора трактата сводится к тому, что для достижения цели на войне можно использовать любые средства». Яғни трактатта автор соғыста барлық мүмкіншілікті пайдалану керек деген саяси түйін айтады [10. 223].

Келесі бір маңызды дерек Феофилакт Симокаттаның «Тарих» атты еңбегі болып табылады [11. Кн. 1-8]. Ф. Симокаттаның шығармасында славян тайпаларының Балқан жарты аралына таралуы (VI–VII ғ.) жайында тарихтың көмескі қырларын толтырады. Ф. Симокатта – шығу тегі жағынан египеттік. Ол оқиғаларды өз көзімен көрмеген тек естіген-білгенін ғана жазған, сол себептен Менандрдың еңбегі Ф. Симокаттадан құнды, бірақ император Маврикий тұсындағы басты деректердің бірі болып табылады.

Маңызды деректердің қатырынан орын алатын Константин Багрянородныйдың «Об управлении государством» атты еңбегі болмақ [12. 78-85].

*Деректердің төртінші тобына жататындар араб-парсы жазбалары болмақ:* Араб деректері хазарларды екі түрге бөліп қарастырған. Біреуі қара хазарлар деп түсіне қарай атаса керек, олар қараторы, тіпті үндістер сияқты қара болған деп сипаттайды. Екінші топты құраушылардың реңдері ақ құба болуына байланысты ақ хазарлар деп бөлген. Шамасы хазарлар IX-X ғасырларда нәсіл жағынан аралас болған және VII ғасырдағы көне хазарларға ұқсамаған. Хазарлардан бөлек Хазарияны басқа да этностар: савирлер, аландар, бұлғарлар, кашақтар, славяндар, венгрлер, пешенегтер, буртастар мекен еткен. Осы сияқты құнды мәліметтерді; Ибн Хордадбхтың «Книга путей и стран» – Бакуден 1986 жылы шыққан [13]. Ибн Хаукаль «Китаб сурат аль-ард» атты деректердің маңызы өте зор [14]. Ибн Русте «Ал – А’лак ан-нафиса» [15]. Ибн аль-Факих «Китаб ал – булдан» [16].

Ибн әл-Асчр «Тарих-ал-Камиль» [17]. Ахмед ибн Фадланның Еділ бойына саяхаты жөніндегі жазбаларының маңызы зор [18]. Ат-Табари «Тарих ар-русул ва-л-мулук» [19], маңызды деректердің бірі Рашид ад-Диннің Жылнамалар жинағы [20], сонымен қатар әл-Масуди «Китаб ат-танбих», Моджмал ат-таварих, әд-Йакуби «Китаб әл-булдан». Әл-Истахри «Китаб әл-масалик ва-л-мамалик», Әл-Мукаддаси «Китаб ахсан әл-такасим» және Парсы тарихшысы Бал'амидің мәліметтерінде арабтар Кавказға келуі және хазарлармен қақтығысы жөнінде мәліметтер береді [21].

*Деректердің бесінші тобына Еврей-хазар құжаттары жатады.* Хазар тарихында сол заманнан қолжазба деректердің бірі болып осы күнге жеткен маңызды деректердің бірі Х ғ. хазар-еврей хаттары [22], сонымен қатар хазар-еврей арасындағы қатынастарды мәлімдейтін деректер [23], XI–XII ғ. Үш еврей саяхатшысының хазарлар туралы жазбасы да маңызды дерек болып табылады [24]. Иегуда бен Шмуэль Галéви «Кузари» атты философиялық шығармасы 1140 жылы жазылған [25].

*Деректердің алтыншы тобын Кавказ халықтарының жылнамашы, саяхатшыларының деректері құрайды.* Хазар қағанаты 300 жылдан астам уақыт өмір сүрген. Өмір сүруі барысында Кавказ тауы аймақтарындағы халықтармен қарым-қатынас жасап, соғыс жағдайында да болған. Сондықтан орта ғасырлық грузин, армян жазбалары хазар тарихын салыстырмалы түрде зерттеуге қажетті, әрі құнды мәліметтерді береді. Атап айтқанда: Моисей Хоренский «История Армении» [26], Грузин жылнамашылары мен тарихшыларының жинақтары құнды [27]. Жалпы түркі халықтарының тарихын зерттеуде неміс мектебі едәуір үлес қосты. Айталық хазарлардың этникалық мәселелері бойынша ізденістер жасаған И. Марквартты атап өтуге болады [28. 71-74].

**Бақылау сұрақтары:**

1. Хазар тарихына қатысты деректерді сипаттаңыз?
2. Орта ғасырлық византиялық жылнамашылардың хазар тарихы туралы қандай жазба деректерін білесіз?
3. Араб жазба деректері мен орыс жылнамаларын атаңыз.

## **2-тақырып. Хазар тарихының тарихнамасы**

Хазар қағанатының тарихы отандық тарихнамада арнайы кешенді зерттеу объектісіне айналған жоқ. Хазар тайпалық одағы алғаш Еуропа даласында қалыптасып бірнеше басқа да тайпалармен одақтасты, кейбіреуін өзіне қаратып жаулап алды. Хазар қағанатының жаугершілік соғыс барысында шығыс Еуропаның бірқатар мемлекеттерімен, тайпалық бірлестіктермен қатынасқа түсті. Нәтижесінде Еуропа мен шығыстық араб-парсы саяхатшыларының еңбектерінен орын алды. Сондықтан да Хазар қағанатының тарихының зерттелуі шетелдер тарихнамасынан тыс қалмады. Осы мәселеге байланысты неміс, француз, ағылшын, түркия зерттеушілері өздерінің еңбектерін арнаған.

*Шет елдік тарихнамадан бастар болсақ;* XVIII ғасырдың орта кезінде түркі тілдес тайпалардың тарихын алғаш зерттеушілердің бірі Француз миссионерлері Қытайдың көптеген тарихи туындыларын аударған Майя мен Гобиль [29. 19], Сарбон университетінің профессоры Дегинь XVIII ғ. орта кезінде көп томды еңбегін жазған [30. 334-336] аудармаларын атауға болады. Келесі бір автор Станислав Жюльеннің аудармалары тікелей түркілердің тарихына арналған [31. Гл. 3,4].

XX ғасырдың бас кезінде С. Жюльеннің жолын жалғастырушы Е. Шаванн болды, оның еңбегі біздің жұмысымызда басты рөл атқарады. Зерттеу жұмысы былай деп аталды (*Documentus sur les Tou-Kiue Occidentaux*) [32. 231-232]. Бұдан кейін П. Пелльоның бірнеше құнды еңбектері жарық көрді. П. Пелльо Е. Шаванның ізбасары болып, кей кезде екеуінің ойлары бір жерден шығады [33. 2].

Француз мектебіне еңбек еткен Лю Мао Цзайдың түркі тарихына қосқан үлесі жайында айта кетуге болады. Оның екі томдық еңбегі, стилі мен әдісі жағынан Жюльеннің зерттеу жұмысынан асып түседі де, Шаванның кітабын толықтырады [34. 36].

XX ғасырдағы шет елдік хазартанушылардың ішінен Питер Голденнің зерттеулерін айырықша атауға болады [35].

*Хазартану тарихын зерттеуде орыс және кеңес тарихнамасы едәуір орын алады.* Оның өкілдері – Н.Я. Бичурин, Г.Е. Грум-Гржимайло, В.В. Гиргорьев, Н.А. Аристов,



К.А. Иностранцев, С.И. Руденко, М.И. Артамонов, Л.Н. Гумилев және тағы басқалар. Орта Азияны мекендеген түркі тілдес халықтардың тарихын зерттеуде негізгі орын алатын Н.Я. Бичурин (Иакинф) болды [36. 390]. Ол жасаған Қытай шежіресінің аудармасы, осы уақытқа дейін күллі зерттеулердің тиянақты іретасы болып келеді.

Хазартанушылардың алғашқыларының бірі болған В.В. Григорьев Бичуриннің еңбегіне сүйене отырып, Шығыс Түркістанның тарихи географиясы жөнінде біршама зерттеу жұмыстарын жасаған. Грек-рим және араб-парсы мәліметтерін қытай хабарларын салыстыру арқылы, ол халықтар мен мәдениеттердің осы саладағы сабақтастығын дәлелдеп, тиянақтап шыққан [37. 13-19].

Түркі тайпаларын зерттеуде елеулі үлес қосқан орыс тарихшысы Н.А. Аристов болды [38. 10]. Ол өзінің іргелі еңбегінде қазір тірлік кешіп жатқан күллі түркі тайпалары туралы мәлімет беріп, құрып кеткен тайпалардың тарихына зерттеу жасаған. Бұл тақырып К.А. Иностранцевтің еңбегінде одан әрі дамытыла түсті, ол шығыстағы «хундар» мен Еуропалық «ғұндардың» арақатынасы мәселесін [39. 47-64] қарастырды.

Хазар тарихын кешенді түрде зерттеуге бүкіл өмірін арнаған атақты орыс ғалымы, тарихшы, археолог М.И. Артамонов. М.И. Артамонов хазар тарихын егжей-тегжей зерттегендіктен бірқатар еңбектің авторы атанды. Ғылыми зерттеу жұмыстарының ішінде көлемдісі, «Хазар тарихы» атты үлкен монографиясы болды, онда ол: «Хазарлар үлкен мемлекет құрды. Ұзақ уақыт бойына олар арабтармен соғысты, олардың солтүстікке қозғалысын тоқтатты. Олардың көмегімен Византия Араб халифатымен соғыста қарсы тұра алды. Осының өзі хазарларға әлемдік тарихта маңызды орын беруге жеткілікті. Хазарлар Шығыс Еуропадағы құл иеленушілік кезеңінен өтпеген ең алғашқы феодалдық мемлекет болғанын да ұмытпау керек», – деген болатын [40. 103-113]. Бұл еңбекте Каспий мен Қара теңіз маңындағы халықтардың тарихымен қатар Хазар қағанатының құрылғанынан құлағанға дейінгі тарихы сипатталады. Автор хазарларды дербес этномәдениетті тұтас ел ретінде зерттейді. Сонымен қатар «Очерки древнейшей истории хазар» атты еңбегі мен көптеген ғылыми мақалаларын атауға болады [41. 103-113].

А.Н. Бернштам түркі тарихына соның ішінде ғұн, эфталиттер, авар, хазар, бұлғар тарихына көңіл бөліп, оларды зерттеуде өз үлесін қосқан орыс зерттеушілерінің бірі болды [42. 41].

Кеңес медиєвистерінің бірі З.В. Удальцованы ерекше атап өтуге болады [43. 340]. З.В. Удальцова Византия тарихына байланысты бірқатар зерттеулер жасап, империяның көршілес тайпалармен қарым-қатынас мәселелеріне тоқталады.

XX ғ. ортасынан бастап хазар-славян қатынастарына байланысты, бірқатар кеңес өкіметі кезіндегі тарихшылары зерттеу жұмыстарын шығарды, айталық Г.Г. Литаврин, А.В. Иванова, С.А. Плетнева, П.Н. Третьяков, Л.Н. Гумилев және тағы басқалар.

Г.Г. Литаврин «Раннефеодальные государства на Балканах VI–XII вв.» атты еңбегі Москвадан 1985 жылы жарық көрген [44. 56-57]. Зерттеу еңбекте Балқан жартыаралында славян тайпаларының пайда болуы және мемлекеттік үрдісінің қалыптасуы; алғашқы Болғар патшалығы, сербтік мемлекет, хорват, долматиндық қалалары; VI-XII ғ. этникалар мен мемлекеттер арасында байланыстар мен Византия империясы арасындағы қарым-қатынастар қарастырылады.

О.В. Иванова «Славянские древности», «Материальная культура Древней Руси» атты еңбектері Киевтен 1980 жылы жарық көрген еңбектері мен т.б. зерттеу жұмыстарында славяндардың шығу тегіне, славян-византия арасындағы қарым-қатынастарға тоқталып, олардың шаруашылығын, қару-жарақтары тағы басқа сияқты мәселелерді көтереді [45. 13].

С.А. Плетнева көшпелілер тарихына зор үлес қосқан тарихшылардың бірі. Сонымен қатар хазар тарихын Артамонов пен Гумилевтен кейін зерттеушілердің бірі, «Хазар» атты еңбектің авторы [46. 5-6].

Түркі тарихын зерттеген, бірнеше еңбектер жазып қалдырған атақты түрколог Л.Н. Гумилевті ерекше айта кетуіміз керек. Түрколог ғалымның ғылымға қосқан үлесі, еңбектері жайында мәліметтер келтіре кетуді жөн көрдік. Л.Н. Гумилев – белгілі ғалым-тарихшы, этнограф. Оның «Көне түріктер» атты еңбегі қазақшаға аударылған. Л.Н. Гумилев бұл кітабында ежелгі түркілердің қуатты мемлекет – түрік қағанатының туу, даму және құлау жолын зерттеп, тарихи проблемалардың кең көлемді мәсе-

лелеріне: түріктердің саяси өміріне, тұрмысы мен дініне, мәдениетіне және Орталық Азия көшпелілерінің екі дәуір – ежелгі заман, орта ғасыр заманы тоғысар кездегі географиялық қоныс, өзгерістеріне көп көңіл бөледі. Бұл ғалым-этнографтың тағы басқа еңбектерін мысал ретінде айта кететін болсақ: «Открытие Хазарии. Древняя Русь и Великая Степь», «От Руси до России» атты еңбектерін атауға болады. [47. 34-35].

Кеңес өкіметі кезіндегі тарихшы, соның ішінде славян тарихын зерттеуші ғалым Г.В. Вернадскийдің (1887–1973 ж.) ғылымға қосқан үлесін айта кетуімізге болады. Г.В. Вернадский еуразияшылдықтың негізін қалаушылардың бірі. Батыста Г.В. Вернадский Ресей тарихының ірі маманы деп танылған. 1970 жылы ол «Славян тарихына қосқан орасан зор үлесі үшін» марапатталған. Ғалым бірнеше мақалалар мен монографиялардың авторы [48. 24-25].

Түркі әлемін зерттеген ғалымдардың ішінде С.Е. Малов [49. 355], С.Г. Кляшторный, Т.И. Сұлтановты атауға болады [50. 130].


В.П. Буданованың еңбектерінде жалпы ерте орта ғасырлардағы Батыс Еуропа тарихы сипатталған, варварлық мемлекеттердің тарихы мен этноним мәселелері қарастырылады. 1992 жылы Ресейде шыққан көлемді жинақта автор бірқатар деректерді және арнайы әдебиеттерді пайдаланып, кейінгі антика заманындағы этно-саяси қатынастарды көбінесе лингвистикалық жағынан зерттейді [51. 4-6].

Тарихнамалық бөлімде Қазақстан ғылымына тоқталатын болсақ, егемендік алған жылдардың ішінде Қазақстан Республикасының әлем тарихына, жалпы тарихқа арналған зерттеу еңбектері тереңдей түсті. Айталық бірқатар тарихшыларды атап өтетін болсақ: Б.Б. Ирмуханов [52. 5-7], К.Р. Аманжолов [53. 17-23], М.Б. Ақынжанов [54. 35-39] тағы басқалар әлем тарихының әртүрлі кезеңдеріне байланысты өз еңбектерін жарыққа шығаруда.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Хазар тарихнамасын сипаттаңыз.
2. Хазар тарихына қатысты шет елдік тарихнаманы сараптаңыз.
3. Кеңестік тарихнаманың ерекшелігі неде?

### **3-тақырып. Хазар қағанатының қалыптасуы мен даму тарихы**



**Әйгілі Киев жазбасындағы Хазар шенеуігінің қолтаңбасы. X ғ.**

«Хазар» этнонимін ешқандай тілде толығымен түсіндіру мүмкін емес. Ғылыми әдебиетте «хазар» атауы араб және Византия деректері арқылы енгізілген. Хазариямен байланысты көне еврейлік құжаттарда да дәл осы атау көрініс тапқан [22. 114-120]. Көне армян авторлары «хазарлар» десе [26. 36-39], орыс жазбаларында «козарлар» деген атау кездеседі [8. 19.]. Көне грузин тілі араб және Византия тіліне ұқсас болғандығын ескерсек, армян формасын жалпы кавказдық деп есептеуге болмайды. Сонымен қатар хазарлардың Армениямен және Көне Русьпен таныстығын ескерсек, «хазар» және «козар» формалары сәйкесінше Кавказ және Русь территориясына тіл, «хазар» атауы «хазир» және «козар» болып өзгерген.

630 жылдан 651 жылға дейін Батыс түрік қағанатының тарихы Дулу және Нушиби конфедерациясының арасындағы азаматтық соғыспен өтті. Нушиби елі Орта Азиядағы бай қалаларға және Қытай елімен одақтастыққа сүйенгендіктен басымдылыққа ие болды, бірақ Дулу жауынгер көшпенділері соғыста шымырланған жасағы бар шығыс түрік ханзадасы Юйгу-шаданы көмекке шақырып күш теңесті. Соғыстың қатты болғаны соншалық, түркі қағанатының құлап қалған бөліктерін басып алуға екі жақтың да мүмкіндігі болмады. Бұл жағдай Кубратқа енді негі-

зін қалаған Болгар хандығының тәуелсіздігін сақтап қалуға мүмкіндік берді.

Бұлғар патшалығы Дулу түріктерінің жақтастары болып қала бергенде, хазарлар Нушибиге адалдық сақтап, 651 жылға дейін қағанатпен ара-жігін үзуге ешқандай себеп болмады. Осыған орай хазарлар өздерінің батыс көршілері – болгарлармен қарсылас болуға тура келді. Бірақ осы уақыт аралығында Таң империясы қатты күшейіп, қағанаттың шығыс бөлігін жаулап алды. Ол нушибиліктердің наразылығын туғызып, қытайлықтармен саясат жүргізген Иби-Шегуй тақтан қуылып, оның орнын Дулу хан басып алған.

Иби-Шегуй ханның ары қарай тағдыры белгісіз. Оның жақтастары қайда қашты? Қағанат дулулықтарға тиесілі болып, Тохарстанда сол жаққа шегінген Иби-Шегуйдың жауы Юйгушад отырып, арабтардың шапқыншылығымен Иран жабылып қалды.

Істің дәл осылай болғанын «Худуд ал-алам» еңбегіндегі Хазар қағанның әулеті Ашина руынан шықты деген мәліметтер куәландырады [14. 128-130]. VII ғасырдың 30-жылдары Мохошад пен оның ұлы Були-шад Хазарияда тұрақтай алмағандықтан, Хазарияға қайтып келіп, өзі шыққан рудан қағандар әулетінің негізін қалады деп толыққанды айтуға болады. Хазарияның басшылары о бастан өздерін қаған деп атаған деректерден әулеттің негізін қалаған қаған деп айтуға болады. Бәлкім ол қаған түркі тағынан құлатылған, бірақ бұрынырақ нушибий тайпаларымен байланысты және олардың қолшоқпары болған, хазарлардан пана тапқан Иби-Шегуй-ханның мұрагері болуы да мүмкін. Бұл жағдайда тәуелсіз Хазар қағанатының тарихын 651 жылдан бастау керек.

Қалай болғанда да, VII ғасырдың ортасынан бастап Хазария Болгария сияқты түркі қағанатының аймағы емес, түркіт хандаларының үлесіндегі жерде емес, керісінше өзінің басқарушы әулеті бар тәуелсіз мемлекет болды. Хазар қағанатын құрушы халық түрік руынан шыққан, түркілік салт-дәстүрді сақтап қалған көшпенділер болатын.

Сонымен, VII ғасырдың ортасында Еуразияның еуропа бөлігінде Хазар және Болгар деген екі саяси құрылым пайда болды. Этникалық құрылымы бойынша екеуі өзара ұқсас еді: екеуі де

ұлы Түркіт қағанатының сынығы және екеуін де түркіт руынан шыққан әулет басқарды. Алайда оның алғашқысы Ашина руынан шыққан әулетпен бірге әлемдік абырой мен мемлекеттік салт-дәстүрлерге ие болып, Түркіт қағанатының бұрынғы күшін жандандыруға ат салысса, екіншісі ұзақ уақыт бойы өзара қырқысқан, тарихи тұрғыда өте аз байланысқан тайпалардан тұрғандықтан ұзаққа жетпей көптеген құрама бөлікке бөлініп кетті. Олардың құрамына кірген тайпаларды басып алу жас Хазар мемлекетінің алғашқы ісі болды.

Батыс түркіт қағанатынан құтылып, Хазар патшалығы түркіт мемлекетінің мұрагері ретіндегі орнын туысқан және хазарлардың жауы болгарлардың тайпасын басып алу арқылы сақтап қала алады. Хазардың патшасы Иосифтың Хазар патшалығына болгарлардың бағынғаны туралы хатында: «Менің бабаларым аз, әулиет болғанда оларға күш пен қамал берген – деп жазған. Олар өздерінен күштірек көптеген ұлтпен соғысқан. Құдайдың көмегімен олардың жерін басып алып, өздерін қуып жіберген, ал кейбіреулеріне осы күнге дейін алым-салық төлеуге мәжбүрлеген. Мен тұрып жатқан мемлекетте бұрын в-н-нт-р'-лар тұрған. Біздің ата-бабаларымыз, хазарлар, олармен соғысқан. В-н-нт-р'-лар жағалаудағы құм сияқты көп болғанына қарамастан хазарларға төтеп бере алмады. Олар өз елін тастап қаша бастады. Ал хазарлар оларды Дуна өзені жанында ұстап алғанға дейін қуып барды. Осы уақытқа дейін олар Дуна өзенінде және Кустандина маңайында орналасқан, ал хазарлар осы уақытқа дейін олардың елін басып алды» [1].

Еуропа-хазар құжаттарындағы бұл мәліметтер византия хроникасындағы және «Армян географиясындағы» хабарлармен расталған. Иосиф патшаның айтып отырған в-н-нт-р'-лары еуропалық транскрипциялаған армяндардың огхондор немесе вананд, гректердің гуннугундур немесе оногурлар деген аты еді. П.К. Кокковцованың ойынша, соңғы екі атауды в-н-нт-р'-лармен ұқсастыру палеографиялық тұрғыдан мүмкін. Бірінші жағдайда, в-н-нт-р' еуропалық тұрғыда бастапқы W-n-g-dur-дың немесе W-n-g-d-r-дың, екінші жағдайда, бастапқы W-n-gur-ды оқығанда пайда болған. Хазарлардан бұл атты естіген арабтар болгарларды венендерлер немесе нендерлер деп атаған.

Бұлғар тайпалық бірлестігі хазарларға табанды түрде қарсылық көрсеткен. Күресте ең белсенді болған Аспарух болуы мүмкін. «Армян географиясы» деректері бойынша оның ордасы Еділ (Волга) маңайындағы Гиппий немесе Болгар тауларында қоныстанған, ол өзен шығысқа қарай бұрылған және 70 тармақты сағаны құрайды. Бұл жердегі Гиппий таулары Ставрополь қыратымен бірге Ергеняға сәйкес келуі мүмкін [55. 154.]. Осы жерде болгарлар хазарлармен шектесіп, бірінші соққысын алды. Жеңіліске ұшырап, Батбайдың басшылығымен жарты болгарлар хазарлардың иелігіндегі Кубандық болгарларды құрады. Олар кейіннен бағынышты жағдайына байланысты «Қара болгарлар» атанып кетті. Олар туралы естеліктер әлі күнге дейін Солтүстік Кавказдың орталығындағы халық – балқарлықтардың атауында бар. Хазарларға бағынғысы келмеген, кейіннен Еділ Болгариясының негізі қаланған болгарлардың жартысы Еділмен жоғары солтүстікке қашса, қалған жартысы Византия империясының шегі, батысқа қарай қашты, оларды ол жаққа Аспарух бастады.

660 жылға жуық хазарлар аңдып жүрген Аспарухтың ордасы Дунайда пайда болып, өзен сағасында нығайды. Болгарлар оң жағалауға өткенде, IV Погонат (668–685 ж.) оларға қарсы шығып, болгарларды Дунайдан шеттетті, бірақ кейіннен ауырып қалып, армиядан кетіп қалды. Көсемсіз қалған әскерді 679 жылы болгарлар талқандады. Гректердің артынан қуалап Мизияға (Добруджу) кіріп, елдің Дунай мен Балқанға дейінгі барлық жерін басып алды. Сонымен қоса сол жерде тұрақтап жүрген славян тайпаларын бағындырып, кейбірін территориядан қуып шықты.

Аспарухтың ордасының Дунай асып кетуі хазарлар мен азов-қара теңіз болгарларының арасындағы күрестің аяқталуына әкеліп соқты. VIII ғ. хазарлар Еділ-Кама болгарларына да үстемдік етті. Өкінішке орай, хазарлардың Еділ Болгариясына үстемдік еткен уақыты белгісіз. Сонымен қоса осы елдің халық құрамына хазарлармен тығыз байланысты, бір бөлігінде Дағыстанда қалып және хазарлармен араласып кеткен савирлардың құрамына сувар-чуваштардың қалай еніп кеткені белгісіз.

VII ғ. 70-жылдары хазарлардың билігі Азов-Каспий теңіз арасында ғана емес, Қырымның жартысын қосатын, солтүстік Қара теңіз жағалауында да жүрді деп есептеуге болады. Иосиф

патшаның хатында хазарлар болгарларды Дунайға дейін қуған деген жазба бар. Осыған байланысты VII ғ. ортасындағы онжылдық тәуелсіз Хазар мемлекетінің пайда болған уақыты ғана емес, VIII–IX ғ. халықаралық маңызы бар мемлекетке айналып, Шығыс Еуропаның көптеген бөлігінде билігі жүретін мемлекетке айналған уақыты.

Иудей дәстүрі мен Иосиф патшаның хатында жазылған Хазарлық деректерді талдайтын болсақ: Хасдай ибн Шафрут өзінің хазар патшасына жазған хатында бірнеше мәселелер қояды, солардың ішінде ол қандай «шейветтен» шыққанын және атақты «шейвет» пен «мишпахантан» шыққандығын айтуды өтінген еді. Иосифтің жауабында бұл хат басқаша айтылады: «Сен қай бетіңмен менен біздің шейвет немесе мишпахан екенімізді сұрайсың». Иосиф әрі қарай былай дейді: хазарлар Яфеттен, яғни Тогармудың баласынан шыққан дейді, бір әулеттік кітаптарға сәйкес оның он ұлы болған, соның жетіншісі хазар болған дейді. Бұл арада хазар этнонимінен бөлек, оныншы ұлдың Савар аталуындағы маңызды сәйкестікті атап өту қажет. Ал тоғызыншы этнонимі (Блгд және Блгр, яғни Бұлғар) еврей алфавитіндегі «д» және «р» әріптерінің ұқсастығымен байланысты, бұл жазушылардың әртүрлі ақпарат беруіне алып келеді [22. 127-128.].

Зерттеушілер бұл әулет туралы ақпараттың византиялық деректермен, әсіресе Феофилакт Симокаттаның деректерімен ұқсас екеніне көз жеткізген еді. Сонымен қатар хазарлардың әулеті туралы тағы бір белгілі нұсқа ол библиялық Тогарма Хазар ағайындылары туралы басқа ақпарат береді. Жалпы, біздің алдымызда еврей, христиан, мұсылман әдебиеттеріндегі көптеген әулеттік кітаптардың әдеттегі көрінісі тұр [11. 68-69]. Бұлардың барлығы «Ной патшаның балаларынан» таралған әулет. Бір сөзбен айтқанда Хасдай ибн Шафруттың сұрағына Иосиф өз кезеңінің дәстүрімен және идеологиялық ортасына сәйкес жауап берген.

Бұл хазарлар туралы деректердің әртүрлілігіне қарамастан олар X ғасырда Хазарияда мекен еткен көптеген тайпалар арасындағы хазар халқының қандай рөл атқарғандығын көрсетеді. Хазарларға анағұрлым жақын этнос бұлғарлар мен савирлер болған. Сонымен қатар аварлар және угорлар болуы мүмкін. «Иосиппон кітабында» печенегтердің аталуы, сондай-ақ түркі-



лердің болуы хазарлардың түркі тайпаларына жатқандығының тағы бір дәлелі. Бір сөзбен айтқанда, хазарлардың шығу тегі, олардың, біріншіден, VI–VII ғасырлардағы Ғұн одағының этно-саяси бірлестіктерінің қалдықтарымен жақындығын көрсетеді, екіншіден, хазарлардың түркі халықтарына жатқандығын дәлелдейді.

Мұсылман (араб және парсы) әдебиеттерінде хазарлардың шығу тегі және олардың белгілі бір этникалық топқа жатқызылу туралы материалдарды екі топқа жатқызуға болады: біріншіден, халықтардың шығу тегі; екіншіден, хазарлардың шығу тегі мен тілі туралы нақты деректер.

Мұсылмандық әдебиетте халықтардың шығу тегі туралы ақпарат хазар ескерткіштеріндегідей сипатқа ие және олар саны жағынан өте көп. Біз олардың барлығын қарастырмай, тек толық әрі нақты жазылғандарына тоқталып өтейік.

«Пайғамбарлар мен патшалар тарихында» ат-Табари хазарлар мен түркілерді славяндар, дунайлық бұлғарлармен (бурджан) және басқа солтүстік тайпаларымен қатар Яфеттің ұрпақтары деп жазады [19. 361]. Ат-Табарида библиялық шығу тегімен қатар ирандық эпикалық нұсқасы болғандықтан, соңғысында түркілер қытайлықтармен қатар сипатталады. Бұл жылнамада көріп отырғанымыздай, хазарлардың шығу тегі туралы нақты ақпарат бермейді. Шындығында, хазарлар түркілерге өте жақын болған және олардың соңғы этносы ретінде көрінеді. Сонымен қатар түркілерді қытайлармен қатар қоюы, IX–X ғасырлардағы мұсылман авторларының қытайлардың этникалық құрамын жақсы білмегендігінен болуы керек. Дегенмен VIII ғасырда Орта Азияда хазарлар қақтығыстарға ұшырағаны туралы мәліметтер де бар. Мұндай деректерді IX–X ғасырлардағы басқа да мұсылман авторларынан кездестіруге болады. Алайда көріп отырғанымыздай, олар аз ақпарат береді.

Хазарлар туралы ақпарат XII ғасырдағы белгісіз тарихшы, «Моджмал ат-таварих» (Полное собрание историй) атты еңбегінде кездеседі. Аталмыш еңбекте хазарларды түркілер, русьтер, бұлғарлар, буртастар, славяндар, қытайлармен және басқа да шығыс тайпаларымен қатар Яфетке жатқызады [21. 36]. Автор мұнымен ғана шектеліп қоймай, «Книги путей и стран» атты белгісіз авторға сілтеме жасай отырып, ол хазар елі туралы,

оның Атиль өзенінде орналасқан астанасы Хазаран қаласы туралы біраз ақпарат береді.

Осы жалпылама жылнамаларымен қатар, сондай-ақ мұсылман әдебиетінде нақты хазарлардың шығу тегі туралы ақпараттар кездестіруге болады. Оларға толығырақ тоқтала кетуді жөн көрдік.

Ерте араб географтарында бұл туралы нақты дерек кездеспейді. Бірақ Ибн әл-Факих хазарлар мен түркілерді бөліп қарастырады. Алайда Ибн Рус хазарлар мен түркілердің наным-сенімдері ұқсас болған деп атап өтеді. Өкінішке орай, әл-Йакубидің географиялық еңбектерінде солтүстік халық туралы ақпарат сақталмаған, ал бірақ бұл автор, біріншіден, Кавказды жақсы білетін еді, екіншіден, түрлі елдердің этногенезін толығымен зерттеген еді [14].

Бізге жеткен ең көне еңбек авторы ол «классикалық араб географиясының» өкілі әл-Истахри хазарлардың тілі түркілердің және парсылардың тілінен ерекшеленеді, тіпті мүлде ешқандай тілдерге ұқсамайды деп жазды [56]. Бірақ ал-Истахри еңбектерін өзінің географиялық жазбаларына негіз етіп алған Ибн Хаукаль бұл сұраққа мүлдем басқаша жауап береді. Ибн Хаукаль Каспий жағалауларында болып, 968–969 жылдары Хазариядан қашқан хазарлар туралы ақпарат жинақтауы кездейсоқ емес. Ибн Хаукаль хазарлардың тілі бұлғарлардың тілімен бірдей болған, ал бұртастар тілі өзгеше болған деп жазады [16]. Ал «классикалық мектептің» соңғы өкілі әл-Мукаддаси хазарлардың тілі түсініксіз болған дейді [21].

Хазарлардың шығу тегі мен олардың қандай да бір этникалық топқа жатуы туралы қызықты ақпарат әл-Масудиде кездеседі. Түркі семьясына жататын («иджнас әл-түрік») халықтарды атай келе әл-Масуди олардың қатарына қарлұқтарды, ғұздарды, қимақтарды, тоғызғұздарды хазарларды жатқызады. Сонымен қатар автор түркілер мен хазарлардың айырмашылығын зерттейді. Хазар этнонимін айта отырып, әл-Масуди олар түркі тілінде сабир деп, ал парсы тілінде хазаран деп аталады, олар түркілер, араб тілінде әл-хазар болып айтылады деп жазды [21].

Салыстырмалы түрде кейінірек өмір сүрген араб авторлары хазарларды түріктер қатарына жатқызады, ал Ибн Халдун оларды түркмендермен байланыстырады.

Хазарлардың шығу тегі және олардың қандай да бір этникалық топқа жатуы туралы ақпарат византиялық деректерде көп емес, бірақ өте құнды. Бұл ең алдымен Феофан мен Никифордың жазбалары. Олардың 679–680 жылдардағы оқиғалар туралы хабарламалары бір дерекке жатады, кейбір жерлерінде ғана айырмашылық кездеседі [1. 235]. Онда хазарлардың Берзилия (Феофан) немесе Верилия (Никифор) жерінен шыққандығы айтылады. Феофан оған қоса аталмыш жердің Бірінші Сарматия деп аталғандығын айта кетеді. Феофанның терминологиясы шындыққа сай келеді, себебі Берзилия атауы армян авторларында кездесетін Берсилия (Михаил Сириец) [56.] атауына сәйкес келеді.

Басилийдер-барсилдер Ғұн одағының тайпасы болған. Берсилия-Берзилияның орналасуы мәселесі «Армян географиясында» «азг баслац», яғни Сарматияда, нақтырақ айтқанда Атиль өзенінің сағасын қоныстанғандар. Михаил Сириец Берсилияны аландардың жері деп, Солтүстік Кавказда қоныстанғандар дейді. Қазіргі археологтар және кейбір шығыстанушылар Берсилия атауын Солтүстік Дағыстандағы Башлы атауымен байланыстырып, бұл елді солтүстік шығыс Кавказдан іздейді. Башлы облысы хазарлардың Варачан және Вршан өзенімен және әл-Баршалия Белазуримен байланыстырылады.

Бір сөзбен айтқанда, бұлғарлармен қақтығыс кезеңінде хазарлардың территориясы алғашқы кезеңіндегі қонысынан шығысқа қарай орналасқан.

Константин Багрянородный «Империяны басқару туралы» атты трактатын, Хазария саяси күшін жоғалтқан кезде жазған, сондықтан хазарлар бұл еңбекте екінші орынды иеленеді. Императордың өзін Қырымдағы және Тамандағы хазарлар жатқызды, себебі олар Византия иеліктерімен көршілес болатын. Сонда да хазарлардың шығу тегі мен этникалық топқа жатқызылу мәселесі Константин Багрянородныйдың еңбегінде басты орынға ие. Бұл, ең біріншіден, ол түрік деп атаған венгр тайпаларының ертеректе «сабарта сапала» деп аталуына сілтеме болды, яғни «ақ сабирлер», бұл венгрлердің савирлермен қатынасының болғандығын дәлелдейді. Константин Багрянородный кабарларды сипаттай келе, олар хазар тобынан шыққан, бірақ түрік, яғни венгер тілінде сөйлейді деп жазады. Соңғылары пешенегтерден

жеңіліп, екі бөлекке бөлініп кеткен, олардың бірі Леведий басшылығымен батысқа Ателькюзу аймағына шегінсе, екінші бөлігі Иранға кетіп қалған. Ол жерде олар «сабарта аспала» деп аталды. Ойлауымызша, осы араб және армян деректері хазарлардың шығуы тегіне қатысты мәселенің біразын шешті [12.].

Бұл тақырыпқа қатысты сириялық деректер көп ақпарат бере алмайды. Михаил Сириец Берсилия туралы ақпараттан бөлек, ішкі Скифияны мекендеген үш ағайынды туралы аңыз қалдырған. Олардың бірі Бургариос Мезияға, яғни қазіргі Болгария территориясында қоныстанады, ал келесісі Хазариг, хазарлардың ата тегі, Каспий маңында қалды. Бұл аңызда бұлғарлар мен хазарлардың жақын туысқандық қатынастары айтылады.

IV ғасырда Ғұн бірлестігімен қатар Шығыс Еуропаға Сібірден және басқа да алыс аймақтардан (Алтай, Моңғолия) фин-угор және түркілік тайпалар басып кіреді. Олар Шығыс Еуропаның далалық аймақтарында ирандық (сарматтар) тұрғындармен араласып, этникалық қатынастар құрады. IV–XI ғасырлар бойына Еуропаның бұл бөлігінде үш этностың араласу үдерісі болды: иран, угор және түркі халықтары. Нәтижесінде соңғысы басым болып, ұзақ уақыттан кейін басты халыққа айналды. Жоғарыда атап өтілген процестер хазарлардың қалыптасуына өз әсерін тигізді.

Алайда хазарлардың этногенезінде ғұндар басты рөл атқармады. Ең басты рөлді савир тайпасы атқарды. Савирлар деп оңтүстік Сібірден келген халық фин-угор тайпаларын атаған. Угорлар мен савирлер Батыс Сібірдің басты тайпаларының бірі болған, алайда, шығыстан түркі халықтарының қозғалуы оларды бұл территориядан кетуге мәжбүр етті. Осылай савирлер ғұндармен қатар Еуропаға қоныс аударды.

Мұндай савирлер Солтүстік Кавказға тұрақтап, түрлі этникалық топтармен қатынасқа түседі, нәтижесінде Савир одағы құрылады. Савир одағы түркі қағанатымен сәтсіз соғыстан кейін құлайды. Савирлердің бір бөлігі түркі тайпаларының легі келген кезде Шығыс Кавказда қалады. Олардың арасында қытайлық деректерден белгілі қоса атты түркі тайпасы болды. Зерттеушілер осы атаумен «хазар» этнонимін байланыстырады. VI ғасырдың екінші жартысында Кавказдағы қалған савирлерді ассимиляцияға ұшыратқан дәл осы түркі тайпасы және басқа да

жергілікті тайпалар бірігіп, нәтижесінде хазар этносы қалыптасады.

Хазар тілі лингвистер дәлелдегендей түркі тілі болған, бірақ ол бұлғар тілімен қатар аралас түркі тілдеріне жатты және IX–X ғасырда таралған (оғыз, қимақ, қыпшақ және т.б.), мұсылман әлемінде жақсы танымал басқа түркілік тілдерден айырмашылығы болған.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Хазар қағанатының құрылуын деректер негізінде дәйектеніз?
2. Хазар қағанатының қалыптасуының алғышарты туралы не білесіз?

**4-тақырып. Хазар қоғамының әлеуметтік-әкімшілік басқару жүйесі**

Орта ғасырларда Шығыс Еуропа далаларында айтулы оқиғалардың бірі Хазар мемлекетінің құрылуы болып табылады. Себебі хазар қағанатының қалыптасуы Еуропаның саяси және мәдени өміріне әсер етіп, жалпы тарихтың жүрісін өзгертті.

Шығыс Еуропаның оңтүстігінде VI ғасырдың алғашында біртұтас Түркі, ал 588 жылы Батыс Түрік қағанатының билігі орнайды. Соңғысының орталығы Жетісуда орналасты, ол қызметінің басты аренасы Орталық Азия болды, мұнда түркілер үнемі Иранмен қақтығысып отырған. Бірақ Кавказдағы тайпалар түркі қағанына бағынды және Иранмен соғысқа қатыстырылды.

Араб деректері ол кезде батыс түркілердің қағаны Кавказдағы көптеген тайпалардың жоғары билеушісі болған деп сипаттайды. Кейінгі 60-80 жылдар арасында бурджан (яғни, бұлғарлар), баланджар, банджар, аландар, абхаздар және хазарлар кездеседі. Хазарлар басқа тайпаларға қарағанда салыстырмалы түрде жиі кездеседі, бұл олардың саяси ықпалының 90-жылдарға қарай Шығыс Еуропада бірінші орынға шыға бастағандығын көрсетеді. Хазарлардың билеушісі VI ғасырдың 90-жылдарының өзінде-ақ «мәлік» (патша) деп аталған. Сонымен қатар хазарлар және басқа тайпалардың аталуы бұл аймақтағы саяси бірлестіктердің арасында хазарлық ең күштісі болғандығы байқалады.

Осылай, VI ғасырдың екінші жартысында Солтүстік Кавказда бірнеше саяси бірлестік өмір сүрді, біреуі хазарлық болды.

Бірақ олар белгілі бір деңгейде Түркі қағанының жоғарғы билігін мойындады.

VII ғасырдың 20-жылдары хазарлар қатысқан (Византия, Иран соғыстары) аймақтағы біраз оқиғалардан кейін, хазарлар ресми түрде ғана Батыс түрік қағанатының билігін мойындап, іс жүзінде тәуелсіз болды. Ал Батыс түрік қағанатының өзі құлаудың аз-ақ алдында тұр еді. VI ғасырдың екінші жартысында Иранға шабуыл екі жақтан болып жатты: Орталық Азиядан және Дербент арқылы. VII ғасырдың 20-жылдары түркілердің қағаны иран-византия соғысына араласпады.

Зерттеушілер VII ғасырдың 30-жылдарында Батыс түрік қағанатының құлдырауын, сонымен бірге бұл мемлекеттің VII ғасырдың 50-жылдары Қытай шабуылынан кейін құлауын жатқызады және Хазар мемлекетінің құрылуын айтады [12. 140-141]. Тәжірибеде хазарлардың тәуелсіз саясаты VII ғасырдың 20-жылдары басталған, бұл Хазар мемлекетінің құрылу мерзімін VII ғасырдың бірінші ширегі деп болжауға мүмкіндік береді. Шындығында, хазарлардың билеушісі түркі қағанының билігін әлі де болса мойындаған еді, бірақ хазар басшысының өзін джебу-қаған деп атау оның ресми билеушіден төмен болмағанын дәлелдейді.

Хазар мемлекетінің құрылу мерзімі VII ғасыр дей отырып, бұл кезеңнің тек қана мемлекеттің құрылуының бастапқы кезеңі екенін түсіну қажет. Бұдан кейін Хазар мемлекетінің барлық жағынан тәуелсіз және Шығыс Еуропадағы басты саяси күшке айналды. Осы уақытта екі маңызды жағдай қалыптасты: 1) Хазар әлемінде жоғары билеушіге «қаған» атауының берілуі болса, 2) Кавказдағы тағы бір саяси бірлестік Бұлғар одағын жеңуі.

Шығыс Еуропада Хазар қағанатының құрылуы VII ғасырдың 30-80 жылдарына жатады. Бұл уақытта хазарлар Дербент аймағында арабтармен қақтығысып, 60-жылы халифаттағы қайшылықтарды пайдаланып, Кавказдың арғы жағындағы оқиғаларға араласа бастады.

Кавказ маңында хазарлармен қатар тағы бір саяси күш – Ұлы Бұлғария құрылған еді Оның шекарасы – Батыс Кавказ маңы, Кубань аймағы, Кейбір тарихшылар Ұлы Бұлғарияның батыс шекарасына Днепрді жатқызады, ал олардың билігіндегі аймақтар қазіргі Украинаның оңтүстік бөлігін басып ала алатын еді.

Ұлы Бұлғарияның күшеюін тарихшылар Құбрат (Куврат) ханның билік етуімен байланыстырады. VII ғасырдың 30-жылдары бұлғарлар толығымен Батыс түрік қағанатының билігінен егемендік алады. Бірақ Кувраттың өлімінен кейін Бұлғар бірлестігі құлайды, ал Кувраттың ұлдары басқарған бұлғарлардың жеке ордалары Хазарлардың VII ғасырдың 40-70 жылдары жеңіліс табады. Хазар жазбалары хазарлардың жауды Дунга, яғни Дунайға дейін қуғанын, Аспарухтың қашқын бұлғарларының Константинопольге қоныстанғанын айтады. Осылай хазарлар Шығыс Еуропаның далалық аймақтарын басып алды. Аспарух VII ғасырдың 70-жылдары батысқа қашты және бұл кезең Хазар қағанаты мен оның территориясының қалыптасу процесінің соңғы кезеңі болды.

Бірақ саны аз хазар халқы саны жағынан әлдеқайда көп бұлғарларды қалай жеңді? Барлығына Кувраттың ұлдарының арасындағы жаулық қатынастар себеп болды. Сондай-ақ деректерге сай, сол кезде Ұлы Бұлғарияның құрамында болған аландардың хазарлармен одақ құруы өз әсерін тигізді.

Хазарияның шекарасы басқа мемлекеттердікі сияқты өзгеріске ұшырады. Араб деректері IX–X ғасырдағы Хазар қағанатының шекарасын Кавказбен ғана шектейді, ал Византия деректері VII–VIII ғасырларда өзгерістер енгізеді және Хазарияның құлауы кезіндегі шекараны сипаттайды. Ал IX–X ғасыр туралы орыс жылнамалары көп мәліметтер береді.

Хазар державасының әкімшілік-территориялық бірлігі Климат болды. Мұндай бірлестіктердің басында жергілікті басшылық (тудундар) тұрды.

Хазарияның Шығыс Еуропалық бөлігі хазарлардың алымдарының басты көзі болды, территориясы Дағыстаннан басқасы табиғи ресурстарға кедей еді. Биліктегі территорияларға бұртастардың жері, марицтердің, Еділ бұлғарларының жері, славяндардың бөлігі және Дон жағалауының кейбір жерлері кірді. Дон аймағы хазарлар үшін әсіресе маңызды болды, олардың қамалдары Дон бойында және солтүстік Дон бойында орналасты. Олардың атақтысы Саркел (Ақ Вежа) хазарлардың өтініші бойынша IX ғасырдың 30-жылдары салынған еді, бірақ басқа хазарлық қамалдар жетіп артылады. Олар хазарларға тек Еділ бойындағы сауда жолдарын бақылап қана қоймай, сонымен

қатар Еділден Донға, Азов теңізіне, Қырымға дейінгі аралықты бақылауға мүмкіндік берді. Ол кезде халықаралық сауда Хазарияның билеуші табының өмір сүруінің басты кезі еді. Хазарлардың шекара бақылау тобы Керчен бұғазында орналасты. Бұл бұғазды бақылау хазарлар үшін әрқашан маңызды болды. VIII–IX ғасырларда Қара теңіздегі хазарлардың ықпалының күшті болғаны соншалық, ол Хазарлық деп атала бастады. Алайда хазарлардың теңіз күші мықты болмаған еді және олардың теңізде жүзетін кемесі де болмаған. Хазарияның солтүстік батыстағы шекарасы анық сипатталмайды. X ғасырда Серкел қаласы шекаралық қала болған. Әрі қарай батыста ол кезде пешенегтер көшіп-қонып жүрген еді, Константин Багрянородныйдың айтуынша, олар хазарлардан тәуелсіз болып қана қоймай, Шығыс Еуропаның маңызды үш саяси күшінің бірі болған (қалғандары Русь және Венгрия). Әрі қарай солтүстіктегі шекара кейбір деректерге қарағанда Днепрге дейін жетеді [12. 18-23]. Хазарлар патшасы белгісіз себептерге байланысты солтүстік шекаралар туралы өз жолдауында сөз етпейді. Волга бассейні X ғасырда Хазар қағанатының басты бөлігі болды. Шамасы, Волга бұлғарлары Святославтың жорығына дейін хазар қысымын қайтара алмаған. Хазарлардың оңтүстіктегі шекарасы X ғасырда Кавказ таулары болған. Кавказ аймағында Хазарияға Каспийден Дербентке дейін Шығыс Кавказ маңы қараған. Бұл жерде хазарлардың билігі Шығыс Еуропаның басқа бөліктеріне тараған Хазарияның көне орталығы болған. VII–VIII ғасырлардағы және ішінара IX ғасырдағы жергілікті ірі этностары (аландар, қыпшақтар) Хазариямен байланысты болды, бірақ оларды тікелей қағанға бағынды деп айтуға болмайды. VII ғасырдың ортасында-ақ хазарлар Қырым аймағын, Дунай, төменгі Еділді тұрақтаған еді. VIII ғасырда Еділ мен Дунай сағалары хазарлардың қоныстанған басты өлкелеріне айналады. Хазар қағанатына Еділ Бұлғариясы, шығыс славяндардың бір бөлігі бағынышты болды. Хазарияның гүлдену кезеңінде (VII–VIII 70-жылдары) оның билігі батыста Дунайға дейін жетті. IX ғасырда жағдай өзгеріп, хазарлар батыста Доннан әрі қарай бармады. Қағанаттың шығыс шекарасы Заволжьеден аспады.

Этникалық құрамы мәселесіне келер болсақ, бұл жерде ең алдымен хазарлардың өздері және олардың таралу аймақтары



туралы мәселені қарастыру қажет. Хазарлардың «отаны» Шығыс Кавказ маңы. Бұл жерде олар келімсектер савирлер мен араласты, бастысы Иран халқымен және дала халықтарымен араласу нәтижесінде қалыптасқан. Кавказ аймағындағы хазарлар қанат құлағаннан кейін де өмір сүруін жалғастырған. Олар дербенттік хроникаларда XI ғасырдың соңы мен XII ғасыр басында аталып өтеді.

VII ғасырда хазарлар түрлі тұрғылықты мекендерге тарап кетті. Ең алғашқы мұндай мекен Еділ өзені маңы болды, кейін бұл жерге мемлекет орталығы көшірілді. Бұл жерде хазарлар XII ғасырдың ортасынан бастап келген. Орыс жазбалары оларды саксиндар, яғни Саксинді мекендеушілер деп атаған. Хазарлардың үлкен колониясы Қырымда қалыптасты, мұнда олар Хазария құлағаннан кейін де сақталып қалды. Сондай-ақ хазар колониясы Донда, ең алдымен Саркел аймағында болды. Хазарлардың басқа да таралған орталықтары туралы мәлімет бізге белгісіз. Бірақ мұның өзі хазарлардың өз мемлекетінде жеткілікті территория иемденгенін көрсетеді.

Араб деректері хазарларды екі топқа бөледі. Біреуі қара хазарлар деп аталып – қараторы, тіпті үндістер сияқты қара болған десе, екіншілері хазарларды ақ түсті болған дейді. Шамасы хазарлар IX–X ғасырларда нәсіл жағынан аралас болған және VII ғасырдағы көне хазарларға ұқсамаған. Дегенмен Хазарияны хазарлардан басқа да этностар: савирлер, аландар, бұлғарлар, кашактар, славяндар, венгрлер, пешенегтер, буртастар қоныстанды, сондықтан шатасып айтылуы да мүмкін.

Балазури және Абу-л-Фарадж Кудаманың бір әңгімесінде Ануширван хазарлармен (Балазурида – түріктермен) бейбіт келісімге келіп, еш кедергісіз Дербентті соғып алды деп жазылған. Бұл әңгіме аңызға айналып, Приск Панийскийдің [57. 90-96] әңгімесіне ұқсайды және Перозбен (457–484 ж.), кидариттармен байланысып жатыр.

571 жылы армяндардың көтерілісіне байланысты Юстин II түркіттердің (571 ж. елшілік) қолдаймын деген уәдесін алып, Иранмен 562 жылы бекітілген бейбіт келісімін бұзып, әскерін Кавказ сыртына жіберді. Византия мен Иранның арасындағы әскери қақтығыстар 591 жылға дейін созылып жатты, Византия ол кезде Армения мен Картлидің көп бөлігін басып алған болатын.

Осы соғыс болып жатқан кезде византиялық әскерлер Албанияға шапқыншылық жасап, сол жерден савирлерді кездестіреді де, олардың тұтқындарын алады. Византиялық әскерлер Албаниядан кеткен соң, савирлер Иранның жағына өтіп кетеді. Сол кезде византиялық әскерлер қайтадан Албанияға шапқыншылық жасап, савирлерге Куру өзенінің ар жағында жатқан империяның бақылауындағы аймаққа қоныс аударуға мәжбүр етті [12. 411-412]. Келесі 576 жылы Византияға савирлерден елшілік келіп, жақсы ниетпен қарсы алынды. Византия шекараны күзету мақсатында, савирлерге одақтасқаны үшін парсылар бергеннен екі есе етіп төлейміз деп уәде берді [1. 415-416]. Болжам бойынша, Албанияда византиялықтар кездестірген савирлерді аварлар сонда ығыстырып жіберген немесе Хосрой басып алған 10 мың тұтқынның ішіндегі варварлар да болуы мүмкін. Хазарлардың құрамында савирлер болғандықтан немесе савирлердің құрамында хазарлар болғандықтан арабтар мен албандардың тарихшыларына жақсы таныс есімдердің тәртібін ауыстырғанда Табариде және «Албандар тарихында» савирларды хазарлар деп атауы мүмкін. Масудидің хазарларды түркіттік савирлер деп атауы кездейсоқтық емес [19], ал Балазури, А. Крымский тұжырымы бойынша, Әзірбайжандағы савирлер қонысының орталығы болған Кабалу қаласын Хазар деп атайды [58. 5]. Хазарлар мен савирлердің бұлай араласуын былай түсіндіруге болады: олар әскери-саяси бірлестік құрып, басшысы савирлер болған. VI ғасырдың бірінші жартысында көптеген тарихи деректерде дәл осылардың атауы Дербенттің солтүстігінде мекендеген каспий маңы варварларын белгілеу үшін қызмет еткен.

Екеуінің өзара араласуына себеп болған бірдей этникалық қатыстылық: екеуі де, негізінен, болгарлар болған; суварлар пішінінде савирлер тек қана Солтүстік Кавказда танымал емес, сонымен қатар Еділдегі болгарлардың құрамында да танымал. Алғашында хазарлар савирлік одақтың құрамында болған, кейіннен савирлердің көп бөлігі Кавказ сыртына қоныс аударып, қалған бөлігін аварлар тоздырып жіберген соң, Солтүстік Дағыстандағы басым жағдай хазарларға өтіп, савирлер үстемдік етіп отырған халықтың құрамында болып қалды.

Кейбір зерттеушілер хазарлар мен акациралардың арасындағы байланысты жоққа шығарады және жоғарыда көрсетілген

хазарлар туралы деректерге сенімсіздік танытады да, VI ғасырда өмір сүрген Ионна Эфесскийдің «Церковная история» атты еңбегіне негізделген [6. 20-22], Михаил Сирийский мен Бар Гебрейдің жасаған хабарламасына сүйеніп, хазарлар VI ғасырдың соңында пайда болды дейді. Расында да, аталған авторлардың хроникасында Маврикий патшаның билік құрған тұсында (582–602 ж.) ішкі Скифиядан үш ағайынды жігіт 30 мың скифпен шықты деп айтылады. Имеон тауы жағынан шыққан олар, 65 күн жол жүрген. Себебі жолда өзендер болған, олар қыста жүрген және Меотиялық өзеннен ағып келіп, Понтиялық өзенге құятын Танаиса өзенінен өткен. Үш ағайындының ішіндегі Булгар есімдісі Рим империясының шекарасына келгенде мың адамды алып, ағаларынан бөлек кетеді және Танаис өзенінен өтіп, Понтиялық теңізге құятын Дунай өзеніне барады да, римдіктермен достық қарым-қатынаста өмір сүру үшін Маврикия патшадан жер сұрайды. Патша оған Жоғарғы және Төменгі Мизияны және Анастасияның (491–518 ж.) кезінен авар халқы ойран қылған, қорғаудағы орын Дакияны береді. Олар жеңіске жетіп, римдіктерге қорған болады. Римдіктер ол скифтерді булгарлар деп атады. Басқа екі ағасы аландардың Берсилия деп аталатын мемлекетіне келеді, яғни Турайе қақпасы деп аталатын римдіктер салған Каспийдің қалаларына келеді. Булгарлар (Мизия және Дакияда өмір сүрген) және пугурлар (Берсилия қалалары) – олардың тұрғындары кезінде христиандықтар болған. Ол мемлекетке (Берсилияға) бөтен халық қожайын болғанда, олардың үлкен ағасы Хазарик болған соң, хазарлар деп аталып кетті. Ол өте мықты және көп тараған халық болатын» [6].

Ф. Альтхеймнан аудармасында және Маркварт атты византиялық жылнамашының мәліметі бойынша Баб-ал-абваб бекінісі түркіттердің қақпасы дей келе ол – Дербенттің арабша атауы да болуы мүмкін. Ары қарай оның мәтінде, Мизия мен Дакияны қоныстанған болгарлары және Берсилияның пугурлары христиан дінімен таныс болғандар деп айтылды [1. 484-485]. Бұл қорытынды хабарламаның мерзімін нақтылау үшін өте маңызды. Берсилия халқының христиан дінін қабылдауы VII ғасырға сәйкес келеді, ал дунайлық болгарлардікі IX ғасырдан кейін. Бұдан келіп шығатын қорытынды, қарастырып отырған хазарлар туралы деректер VI ғасырға жатпайды.

Маркварт «пугурлар» деп атауды «фанагурлар» деп түзеді – фанагурлықтар да осы жерден Беленджер және беленджерліктерді көргісі келетін [69]. Тарихи тұрғыдан жұмбақ пугурлар мен фанагурларды бір-біріне ұқсатуы мүмкін: ондай жағдайда Таман түбегіндегі Фанагория қаласы тиесілі кубандық болгарлар болатын еді. Алайда лингвистикалық жағынан қарайтын болсақ, «пугурлар» дегеніміз беленджерліктер деп аталған болгарлар болуы мүмкін.

Маркварттың айтуы бойынша, Бар-Гебрейдің Михаил Сирийскийден келтірген дерегі тарихи шынайылыққа қарсы келеді [28]. Шынымен де болгарлардың Доннан Дунай сыртына қоныс аударуы Маврикияның (582–602 ж.) билік құрған тұсына сәйкес келеді, ал басқа айқын деректерде VII ғасырдың екінші жартысында пайда болған делінеді. Егер Шығыс Еуропадағы болгарлардың пайда болуын Маврикия басқарған тұспен сәйкестендірсек, онда болгарлар V ғ. Қара теңіз маңында болды деген деректің негізінде әйгілі тарихи фактілердің арасында қатаң қарамақайшылықтар туады. Жоғарыда көрсетілген оқиғалар сияқты бұл жерде де, болгарларды ғұндармен бірдей деп санап және соңғы шапқыншылық болгарлардың онымен туыстас тайпалардың сонымен қатар, хазарлардың да қозғалысының бір сәті болуы мүмкін.

Бұл аңыздағы көңіл аударатын негізгі нәрсе – хазарларды оқшаулау. Олар аландардың мемлекеті Берсилиядағы Дербент-Чора қаласында орналасқан. Демек, Берсилия мемлекеті заманауи Солтүстік Дағыстанға сәйкес келеді. Византиялық хронистер Феофан мен Никифора Берсилияны хазарлардың отаны ретінде көрсетеді: «Хазарлар Бірінші Сарматияның ең алыс мемлекеті Берсилиядан шыққан ұлы халық»,– дейді Феофан [1]. Ол жайлы араб жазушылары да білген. Балазури мен Кудаманың әңгімесінде парсы шахы мен түріктердің немесе хазарлардың қағанының кездесу болған жері – Дербенттің солтүстігіндегі әл-Баршалия деп аталады [58].

Михаил Сирийскийдің аңызында үшінші ағайындының аты аталмаған. Алайда басқа деректерде хазарлар барсилдармен бірге жорыққа шыққан делінеді. Моисей Хоренскийдің деректерінде 198 ж. хазарлар мен басилдар (барсилдар) бірігіп, Чора (Дербент) қақпасынан өткен және Арменияның тас-талқанын шығарған делінеді [26. 139].

Бұл әңгіме кавказ сырты халықтары мен солтүстік варварлардың көптеген қақтығыстарынан хабар беретін сияқты. Осыдан бір сұрақ туады: II ғ. Кавказ сыртына шабуыл жасаған варварлардың қатарында шынымен де хазарлар мен барсилдар болды ма? Жоғарыда аталған халықтардың деректерінде бұл жайлы жазылмаған. Тіпті «Армения тарихында» солтүстік тайпалармен соғыстарын айтып отырып, солардың ішінде барсилдар мен хазарларды бір-ақ рет атайды. Бірақ хазарлар IV ғасырда Моисей Каланкутуйскийдің «Албандар тарихында» айтылады. Олардың алғашқы Кавказ сыртына жорығы бұл жерде парсы патшасы Шапура II тұсына сәйкес келеді [59. 80]. Алайда бұл дерекке хазарлар ортағасырлық авторлардың анахронизм жүйесімен кірген сияқты. Бұл сияқты хазарларға байланысты анахронизмдер армян және араб авторларында да кездеседі.

Әлбетте барсилдар атауында анахронистік пайдалану бар, өйткені бұл халықтың атауы өте сирек айтылады. «Армения тарихында» Арменияға қоныстанған тайпалардың ішінде алан тегінен шыққан армяндық нахаралардың мықты басилдармен (барсилдармен) жекжаттық қарым-қатынаста екені айтылады, сонымен қатар Тердаттың солтүстік варварлармен соғысы жайлы және барсилдардың патшасымен жекпе-жегі жайлы айтылады [59. 127,134]. Бұл екі оқиға да, біреуі III ғасырдың бірінші жартысына, екіншісі екінші жартысына жатады. Барсилдар – ғұндардың шапқыншылығына дейін өмір сүрген, ежелгі солтүстік кавказдық тайпа. Алайда бұл екіталай, өйткені барсилдар тек ғұндармен бірге қалыптасқан болгарлардың бір бөлімін құраған. Ибн-Русте (X ғ.басы) [15.] және Гардизи (XI ғ.) бойынша, болгарлар үш бөлімге бөлінген: «... бірінші бөлім берсула, басқасы эсегел және үшінші бөлім – болгар». Біріншісі басқа деректердегі барсилдарға сәйкес келеді. Сонымен қатар келтірілген оқиғалардың бірінде барсилдарды анахронистік еске алу толық айқындылықпен дәлелденуі мүмкін.

«Армения тарихында» содан кейін «Албандар тарихында» [59. 21] және Степанос Таронскийдің «Жалпы тарихында» жоғарыда айтылған Тердат пен барсил патшаның жекпе-жегі жайлы әңгіме жазылған. Алайда дәл осы эпизод I ғ. жазушы Иосиф Флавийдің «Иудейлік ескілік» еңбегінде бар, содан кейін IV ғ. өмір сүрген Амвросия Медиоланскийдің шығармасында да

осы оқиға қайталанған, барсилдармен емес, аландармен соғысып, III ғасырда емес, I ғасырда өмір сүрген Тиридатпен де байланысты. Бұдан шығатын қорытынды «Армения тарихында» бір Тиридат 200 жыл бұрын өмір сүрген Тиридатпен шатастырылған, ал оның соғысқан жаулары аландардың орнына ғұн-барсилдар деп аталған.

Хазарлар барсилдармен тек бір мемлекетте тұрғаны үшін тығыз қарым-қатынаста болмады, сонымен қатар саяси жағынан да тұтастық болды, сол себепті бірге жорыққа шығып тұрды. Египет ғалымы әл-Кальби (XVII ғ.) Барсолды Хазардың ағасы деп атайды. Бұл қорытындыға қарсы шығатын «Армяндық география» дерегінде Еділдің сағасында «бушктармен хазарлардан баслдар (барсил) халқы тығылып отырған арал бар» дейді. Арал Қара деп аталады, өйткені сол жерде үйірлермен орналасқан баслдардың көптігінен қара болып көрінеді» [28].

Барсилдардың хазарлармен тығыз қарым-қатынаста бола тұра хазарлардан қорғануы түсініксіз. Мүмкін мәтінде түсініспеушілік кеткен немесе «География» авторының дерегі қате. Хазарлар мен барсилдардың Еділ сағасында пайда болуы Солтүстік Дағыстандағы Берсилияны оқшаулауға қарсы болатын және таң қалдыратын ешнәрсе жоқ, жалған аварлардың шапқыншылығына байланысты Феофилакт Симокаттай Еділ маңындағы барсилдар жайлы айтып кетеді [11. 95]. Тіпті Берсилия мемлекеті Дағыстанның сыртына шықпады дегеннің өзінде, барсилдар мен хазарлар Кавказдан бастап Еділге дейін Каспий теңізінің солтүстік батыс жағалауының бойымен көшіп-қонып жүрген.

Көп тайпалық хазарияда біртұтас мемлекеттік құқық және біртұтас сот өндіріс жүйесі қалыптаспады. Араб авторларының мәліметі бойынша, Атил патша кезінде жеті сот (нади) деген болған, оның екеуі (шарифатпен соттайтын) мұсылмандар үшін, екеуі тараға сәйкес соттайтын кедейлер (хазарлар, еврейлер) үшін, екеуі Евангелие бойынша соттайтын христиандар үшін, біреуі пұтқа табынушылардың дәстүрлері бойынша соттайтын. Өте маңызды істер үшін соттар мұсылмандық «кадиде» жиналып, шарифатқа сәйкес шешім қабылдаған. Бұл соттармен патша арасында делдал болған, ол соттардың шешімін патшаға жеткізіп отырған, содан кейін патша келісім берсе жазаны жүзеге асырған. Мұндай тәжірибе IX–X ғасырларға дейін сақталған.

Хазар қағандарының Ашина әулетінен бастау алады. Хазарларға «қаған» титулы түркі әлеміне жужандардан келген деген мәліметтер бар. Одан кейін бұл атақты Түркі қағанатының жоғарғы билеушісін, кейін аварлардың және Шығыс Еуропаға белгілі хазарлардың жоғарғы билеушісінің атағы болған.

«Қаған» титулының мағынасына келсек, VI–X ғасырларда ол басқа билік тармақтары бағынған жоғарғы биліктің атауы болған. Сондықтан қаған деп мысалы императормен байланыстырылады. «Қаған» «қағанат» немесе гаган («gaganus») түркі сөзі «қаған» хан деген мағынаны білдіреді [2. 96]. Қаған – бұл атақ, барлық түркі халықтар арасында кең тараған. Қағанат атауы түркілер дәуірінен басталады, яғни түркі қағанаты батыс түрік қағанаты деген сияқты, Хазар қағанаты да. Қаған, хан, патша сөздерінің мағыналары бір. Бір сөзбен айтқанда мемлекеттің мағынасын білдіреді.

VIII ғасырдағы басқа араб жазушыларына қарағанда толығырақ жазған әл-Куфидің хазарлардың билігі туралы ақпараты өте қызық, ол араб-хазар соғыстарын баяндайды. Әл-Куфи хазарлардың басшысын қаған деп те, патша (мәлік) деп те атайтынын жазған, бірақ бұл екі атау бір мағынаны білдірген. Кейбір жерлерде тарихшы хазарлардың қаған мәлігі туралы жазады. Бұл VIII ғасырдың бірінші жартысында қағанның қолында барлық биліктің болғандығын дәлелдейді және оны шет елдік авторлар патша деп атайды. Түрлі деректер II Юстинианның Херонеске келіп, хазар басшысымен қатынастар құрып, туысқандық жағдайда болды деп жазады. Византия тарихшылары соңғысын қаған деп атайды, ал Никифор оны гегемон (ру басы) немесе архонт деп атап, хазарлар оны қаған деп атағанға түсініктеме бере кетеді. Әл-Масуди хазар басшысын «мәлік» деп атаса, ал сириялық Бар Гебейдің жазбасында «қаған» деп атаған.

Осылайша, хазарлардың жоғарғы билігінің даму эволюциясын келесідей көрсетуге болады: VII ғасырдың бірінші жартысы мен VIII ғасырда мемлекеттің басында қаған тұрды, оның қолында барлық билік болды. Қаған хазар ақсүйегіне (тарханға) арқа сүйеді. Қағаннан кейінгі адам шад болды, ол қағанның жақын туысқандарының ішінен сайланды. Шад әскерді басқарды, бәлкім, оның қолында сыртқы саясат болған болуы керек. VIII ғасырдың 30-жылдарындағы арабтармен соғыстағы жеңіліс,

ақсүйектер арасындағы қайшылықтырға алып келді. Нәтижесінде, шад қағаны екінші орынға ығыстырды, өзі Бек титулын иемденді. IX ғасырда Хазарияда қос билік болды, X ғасырда бақ (бек) билігі қағанды барлық билік мүмкіндіктерінен айырып, бірінші орынға шықты. Мысалы қағандардың хронологиялық уақыты бойынша кестесінен көруге болады.

Хазарияның жоғарғы билеушісінің (қаған, кейіннен шад-бек) билігі іс жүзінде шектеусіз болды, бірақ Хазар державасының соңына қарай рулық дәстүрлердің рөлі күшті болды. Хазарияда орталық басқару болды, оның ішінде бізге әр түрлі сенімдегі ақсүйектердің болғаны белгілі. Орталық басқарудың басты қызметі әскерді басқару, салық жинау, кеме өндірісі және діни мәселелер болды.

Хазариядағы жергілікті басқаруға келер болсақ, ол екі түрлі болды, себебі мемлекеттің өзі екі түрлі бағынушы мемлекеттер мен облыстардан құралған еді. Біріншіден, бұл жергілікті князьдар мен ру басылар басқарған елдер болды. Екіншіден, қағанға тікелей бағынышты болған облыстарда болды. Біріншілерінің қатарына Еділ бұлғариясы, шығыс славян жерлері (вятич, солтүстіктегілер, радимич, поляндар), IX ғасырдағы көшпелі венгрлер, біртұтас және Дағыстанның кейбір бөліктері жатуы мүмкін. Еділ Бұлғариясы хазарларға қашан бағынышты болғаны белгісіз, бірақ IX ғасырда «славяндардың патшасы» Атильге түлкі терісі көлемінде алым төлеп тұрған, ал бұлғар билеушісінің ұлы хазарлардың қолында тұтқында болған. Шығыс славяндардың хазарларға алым және ақша төлегендігі туралы бізге хабар береді. Лаведияға, одан кейін Ателькузаға келген мадьярлардың өздерінің архонттары болды, оларға «гил» және «карх» титулдарын иемденген ру басылары бағынышты болды. Венгер тайпалары мадьярлар Паннонияға кеткенге дейін хазарларға бағынды және пешенегтермен соғыста олардың одақтасы болды.

Жергілікті жердегі орталық билік өкілдері тудундар деп аталынды. Бұл титул – қытай тілінен tu t ung «азаматтық әкімшіліктің басқарушысы» дегенді білдіреді. Түркілерге бұл атау шығыс ирандық (сақ-хотан) тілі арқылы келген, ол «жақын көмекші» дегенді білдіретін еді. Хазарларда тудундар алғашқысында билеушінің жақын адамдары болған. Хазарлардың жергілікті билігі туралы ақпарат өте аз. X ғасырда бұрынғы астана Саман-



дарда өз патшасы отырды, бірақ ол хазар патшасының туысы болатын. Бұл Хазарияда орталықсыздандыру процесі жатқандығын көрсетеді және жергілікті жердегі биліктер тәуелсіз билеушіге айнала бастаған.

Хазарияның шекарасы басқа мемлекеттердікі сияқты өзгеріске ұшырады. Араб деректері IX–X ғасырдағы Хазар қағанатының шекарасын Кавказбен ғана шектейді, ал Византия деректері VII–VIII ғасырларда өзгерістер енгізеді және Хазарияның құлауы кезіндегі шекараны сипаттайды. Ал IX–X ғ. туралы орыс жылнамалары көп мәліметтер береді.

IX ғасырдағы орыс жылнамаларында Днепр бойындағы тайпалар хазарларға сансыз ақ терілермен немесе қарулармен, қылыштармен алым-салық төледі делінген, ал X ғасырда сол алым-салық олардан ақшалай алынған.

Хазар қағанатының феодалдық мемлекет ретінде өмір сүруіне экономикалық жағдайы елеулі әсер етті. Археологиялық және жазба деректер бойынша хазар қоғамында ақша шығару кең өріс алаған. Ақша шығару мемлекеттің дербестігінің бірден-бір нышаны. Археологиялық қазба жұмыстары кезінде Девицк деп аталатын қоймадан табылған манеталар немесе дирхем «Ард-эл Хазар» деп аталып жазылған, аудармасы «Хазар жері».



Хазар жауынгерінің бейнесі

Исламдық (арабтық) жазбаларда хазарлар тамаша егіншілер және шебер балықшылар деп айтылады. Соларда хазарлар жері кең және су қоймаларына бай, әсіресе қыста судың молдығы соншалықты, балық пен жануарларға бай сансыз көлдер пайда болады. Сол көлдердегі балықтар семіз болып келіп, оларды хазарлар өз майына қуырады. Су тартылған көктем мен жазда хазарлар астық себеді. Сөйтіп, бір жерден хазарлар екі өнім: қыста балық, жазда бидай жинады.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Хазарлардың әкімшілік басқару жүйесін деректер негізінде дәйектеніңіз?
2. Хазар қағанатының әлеуметтік құрылымын жазба деректер негізінде талдаңыз.

**5-тақырып. Шығыс Еуропаның далалық аймағын қоныстанған тайпалық бірлестіктермен және Византия империясымен хазарлардың қарым-қатынастарының барысы**

VIII ғасырда Хазар қағанаты мен Византия арасында тығыз қарым-қатынас орнауы христиандықтың таралуына қолайлы жағдай тудырды. Хазар қағанаты жерінде митрополия – діни орталық ашылып, жеті епархия пайда болды.

Түркі тілдес тайпалық бірлестіктердің бірі болып есептелетін, хазарлар қағанаты Қара теңіз бен Каспий теңізі аралығында стратегиялық маңызды орын алды. Хазарлар елі Византияны солтүстіктегі күшті далалар варвар тайпалары – бұлғарлар, венгрлер, пешенегтер және т.б. тайпалардан қорғау үшін буферлік зона рөлін атқарған. Алайда Византия империясының дипломатиясы және еуропалық тарих көзқарасы бойынша хазар қағанаты армиясының араб шапқыншылығының ең күшті кезеңінде оларға қарсы тұруы маңыздырақ болып табылады. Колумбия университетінің профессоры Данлоп хазарлар тарихын зерттеген және былай сипаттайды: «Хазарлардың жерлері арабтардың табиғи қозғалатын территориясында болды. 632 жылдары Халифат армиясы солтүстікке жылжып, екі империяны құлата отырып Кавказ тауларына жетеді. Кавказдан өтсе оларға Шығыс

Еуропаға жол ашылатын еді. Бірақ сол кезде Кавказ жерінде арабтар өздерінің жорығын тоқтатуға мәжбүр болады, себебі біріккен әскери күшпен бетпе-бет кездеседі.

30-40 жыл бойында олар хазар қағанаты тегеурінін әлсіретуге тырысты. Бұл кезеңде олардың басты соққылары Византия империясына қарсы бағытталған еді. Бірнеше рет (мысалы, 669, 673–678, 717–718 ж.) олар Константинопольді құрлықтан, теңіз жағынан қоршауға алды, олар Кавказды өтіп, Қара теңізден жүзіп өтіп шеңбер құрап Византияны қыспаққа алса, Шығыс Рим империясының тағдыры қайғылы болар еді. Бұл уақытта хазарлар бұлғарлар мен венгрлерді өзіне бағындырып, Қара теңіз жағалауындағы Қырым далаларына бет алған. Бірақ бұл – жай ғана варварлық шапқыншылық емес, олар өздеріне байлық, тұтқын жинау үшін, нәтижесінде бір орталыққа бағынатын, қағаны бар, жаулап алынған территориялардан салық жинайтын мемлекетке халықтарды біріктіру үшін жүргізілген соғыстар. VIII ғасыр басында хазарлар арабтарға қарсы шығатындай жағдайда болды.

Бірнеше ғасырға созылған арабтар мен хазарлар арасындағы соғыстар үлкен тарихи маңызға ие болды. Еуропаға шығыстан қауіп төніп тұрған еді. Жеңілмейтін мұсылмандар хазар қағанатының күшімен тоқтатылды. Кавказдан солтүстікке қарай аймақты жайлаған хазарлар болмаса Еуропа өркениетінің шығыстағы тірегі Византия империясы арабтардан жеңілетін еді және христиан діні мен ислам діні тарихы мүлдем өзгеше болар еді».

Византиялық деректер бойынша Чичак немесе Шешек атты ханшайымы жөнінде құнды мәліметтерді келтіреді Айталық, Феофан Тәубешінің деректері бойынша Чичак (хазарша: Чичак – шешек, ромейше Tzitzak) шоқындырудан соң – Eirēnē) хазар қағанының қызы немесе сіңлісіне некеге отырғаны туралы келтіреді. Никифор деректеріне қарағанда 732 жылы Ромей империясының императоры Леон III Исаур өз ұлы Константинды (келешекте Константин V императоры) хазар қызы Чичакқа үйлендірді. Екі әулетті қосқан себебі араб халифаттарына қарсы бірлескен хазар-ромей одағын құру үшін болатын. Ханзаданың алыс сапары Константинополь (қазіргі Истанбұл қаласы) әкелді, келісімен шоқындырылып Киелі бітікті оқып білді. Үйлену тойында киген киім үлгісі ромей императорының нөкерлер ара-

сында жоғары бағаланған, сол кезден бері рәсімдік ер киімі цицакион деп атала бастады.

Хазар ханшайымы 749 жылы Леон атты ұлды дүниеге әкелген, кейін Лев IV деген атпен танымал болған (Лев IV Хазар императоры, тақта 775–780 жылдары отырған, ол ататегі бойынша Хазар деген лақап атымен белгілі).

Осы жағдайларды ескере келе, 732 ж. хазарлар арабтарды ойсырата жеңгеннен кейін, болашақ Византия императоры Константин V (741–775 ж.) хазар ханшайымына үйленеді. Уақыт өте келе Лев Хазар деген атпен белгілі олардың ұлы Лев IV (775–780 ж.) император тағын иемденді.

737 ж. басталған соғыс хазарлардың жеңілісімен аяқталды. Дегенмен бұл кезде қозғалып келе жатқан мұсылмандардың қасиетті соғысы өзінің күшін жоғалтқан еді, ал мемлекет ішкі талас-тартыстардың әсерінен әлсіреп қалған. Сондықтан араб жаулаушылары солтүстікте өздеріне плацдарм қалдырмай Кавказдан артқа шегінуге мәжбүр болса, ал хазарлар бұл кезде бұрынғысынан да мықты күшке айналған.

Тағы бірнеше жыл өткеннен кейін, біз атап өткендей, хазарлардың билеуші тобы 740 ж. иудей сенімін қабылдап, мемлекеттік діндері иудаизм болады. Араб, византиялық, орыс және еврей деректерінде кездесетін дәл осы жағдай қазіргі зерттеушілерді таңқалдырды.

Тарихшы М.И. Артамоновтың айтуынша: «Хазарлар Византия және Араб халифатымен қатар Шығыс Еуропадағы ең алғашқы феодалдық мемлекет болды. Тек арабтарды Кавказдан әрі шегіндірген хазарлардың күшті соққысының арқасында ғана Византия құтқарылды...» [40]. Ал А. Кестлер М.И. Артамоновқа сүйене отырып былай дейді: «Хазарлар үлкен мемлекет құрды. Ұзақ уақыт бойына олар арабтармен соғысты, олардың солтүстікке қозғалысын тоқтатты. Олардың көмегімен Византия Авар халифатымен соғыста қарсы тұра алды. Осының өзі хазарларға әлемдік тарихта маңызды орын беруге жеткілікті. Хазарлар Шығыс Еуропадағы құл иеленушілік кезеңінен өтпеген ең алғашқы феодалдық мемлекет болғанын да ұмытпау керек.

Хазарлардың Византия империясының Қырымдағы иеліктерімен көршілес орналасуы, хазарлардың империяның саясатына араласуына алып келді. 705 жылы тақтан алынып тасталған,

Херсонда айдауда болған II Юстиниан хазарлар қағаны Ибузир Гляваннан көмек сұраған еді. Қаған оған өз қызын әйелдікке беріп, көмек беретінін айтты. Алайда тақта отырған императордың ықпалымен ол өз шешімін өзгертіп, Юстинианды өлтіруге бұйрық береді. Соңғысы бұл жағдайды біліп қойып, Дунайдағы бұлғарларға қашып кетеді және олардың көмегімен таққа қайта отырады. Юстинианның қаһарынан қорыққан Херсон тұрғындары хазарлардың қоластына өтеді және қалада хазарлардың наместнигі Тудун құрылады. Юстиниан қаланы құлатуға талпыныс жасады, бірақ хазарлар оны тоқтатты. Нәтижесінде оның билігі тағы да төңкеріледі (711), ал император тағына хазарлардың көмегімен Вардан Филлипик отырады. Екі держава арасындағы одақтық қатынастар 732 жылы болашақ византиялық император мен Вирхор қағанның қызы Чичакты бергеннен кейін нығая түседі. 787 жылы хазарлар Готияда (таулы Қырым аймағы) басталған көтерілісті басып тастайды, ал оның ұйымдастырушысы епископ Иоанды түрмеге отырғызады. Хазарлардың Таманды және Керчен бұғазы маңын бақылауы қағанаттың құлауына дейін жалғасты.

Византия империясы ұзақ уақыт бойына хазарлармен достық қатынаста болды, ол ең алғашында Сасанидтік Иранмен соғыста, кейін арабтармен соғыста олардан тірек іздеді. Сондықтан византиялық деректерде хазарлар туралы жазбалар өте көп. Нәтижесінде хазарлар қалыптасқан этникалық ортаның құрылуына алып келген халықтардың Ұлы қоныс аударуы туралы салыстырмалы түрде көп жазған Аммиан Марцелин (шамамен 330–400 ж.) болған. V ғ. хазарлар тақырыбы бойынша маңызды деректер Зосим мен Приск Панийскийде кездеседі [60. 56]. Дәл сол уақытта Иордан да жазған [3. 125].

562 ж. Византия мен хазарлар арасында жасалған бейбіт келісім Иранның қолын байлап, ал империяға хазарлардың шабуылынан қорғану үшін Дербент қамалдарын салуға жағдай туғызды. Византия хазарларға жыл сайын 30 мың алтын теңге төлеп тұруға тиіс болды. 550–556 ж. Лазикиядағы соғыста бірде Иранның, бірде Византияның одақтасы болып савирлер атап өтіледі, ал хазарлар бұл кезеңдегі византиялық деректерде кездеспейді. Тек Моисей Каланкатуйский ғана 552 ж. Албанияға басып кірушілерді хазарлар деп атап өтеді.

Хазарлар өз кезегінде Византиямен достық қатынастарды жоғары бағалады және Иранға қарсы өз күшін жұмылдыруды сұрады. Олардың елшілері Константинопольге жиі келіп тұрған және ұзақ уақыт бойына астанада тұрған. 570 ж. Юстин императорды парсыларға қарсы шабуыл жасауға итермелеген хазарлар еді. Византия тек уәде берумен шектелсе керек, хазарлар Иранмен бейбіт келісімге келуге өздері асықты. Хазарлардың наразылығын туғызған ол Византияның аварлармен, яғни ең күшті жауларымен достық қатынаста болуы еді. Ал ол кезде Византия Паннонияны аварлар иелігі ретінде мойындауға мәжбүр болғанымен қоса, жыл сайын алтын төлеп тұруға келісті. 576 ж. Византия тағы да Иранмен соғыс жағдайында болып, хазарлардың көмегіне мұқтаж болды.

Бірақ VII ғасырда Византия мен Хазар мемлекеті арасындағы қатынастар нашарлап кетті, себебі Хазар мемлекеті Византия үшін қауіпті күшке айналды. Хазарлар Қара теңіз жерлерін оккупациялап, Византияның иеліктеріне қол сұға бастады.

VIII ғасырдың ортасында Византия империясының саяси жағдайы әлсіреді, хазарлар өздерінің Қырымдағы иеліктерін кеңейтуді көздеді. Қырымның оңтүстігін жаулап алмақшы болған хазарлар бұл жерде жергілікті халықтың қарсылығына ұшырайды. Археологиялық қазбалар көрсеткендей Қырымда өрттің, сол кезеңдегі құлаған қалалардың іздері қалған.

Қырымның тауларында жаңа тұрғындар пайда болды. 787 жылы оңтүстік Қырым халқы епископ Готский епархы Иоанның бастауымен көтеріліс бастайды. Хазарлар жазалау отрядтарын жіберіп, көтерілісті басып тастайды. Нәтижесінде готтар толығымен 830 жылы Византия империясының қоластына өтті. Ал Хазарияда азамат соғысы болып жатты да, бұған араласатын шамалары болмады. 832 ж. Херсонес Византия империясына қосылды. 840 ж. Византия императоры Феофил стратиг басшылығымен ерекше әскери-әкімшілік округ Херсонес фемасын құрды. Фема құрамына Алупка жері Бельбек өзеніне дейін және Альма өзенінің төменгі ағысына дейінгі аралық кірді. Феманың стратигі Петрон жалдамалы әскер мен шекара күзетін құрды. Қырымдағы Византия өкілдіктері Қырымдағы және солтүстік Қара теңіз жағалауындағы жағдайды мұқият бақылап отырды.

VII ғасырда Хазар мен Византия арасында тығыз қарым-қатынас орнаған, алайда VIII ғасырда саяси және бірлігі негізделіп құрылған. Керісінше жас Хазар державасы сол уақытта Византия үшін қауіпті дұшпан еді. Қара теңіз жағалауын тез жаулап алды, ол уақыттарда Қара теңіз аймағы Византиялықтарға қарасты болған. Шығыс Қырым мен Таман жарты аралын қоспағанда, тек бірнеше ауылдар сол жерде өмір сүре берген және ғұндардың басқыншыларынан кейін де Оңтүстік Қырым VI ғасырда өзінің нығаюымен ерекшеленген. Саяси және экономикалық орталығы Херсон, жер өңдеумен айналысатын және Қырым тауы аймағында сауда қарым-қатынасында маңызды рөл атқарған. Византия империясы Қырымды өз уысында ұстап тұру үшін аз күш жұмсамады. Юстиниан I Херсонды мықты қамалға айналдырып және қаланың қабырғалары мен бекіністерін нығайтуға аса көп көңіл бөлген. Нәтижесінде Оңтүстік Қырымда Алуст және Гурзувит атты екі үлкен қамал салынды. Херсонға қарай мықты қамалдар салынған: Сюрень, Эскі-Кермен, Мангуп (Дорос), Инкерман (Каламита), Чуфут-Кале т.б. [28. 249-250]. Сонымен қатар византиялықтар христиан дінінің жергілікті халыққа таралуына үлкен мән берген. Нәтижесінде Херсонда және басқа аудандарда жаппай храмдар салынған.

Византиялықтар қаншалықты ықпал етсе де, бұл аймақтарда сақталған түркілік жәдігерлер, олардың мәдениетінің варварлық әлемге сай екенін дәлелдейді. 576–581 жылдары аз уақытта түркілердің жаулап алуы Қырымның өмір сүруіне өзгеріс алып келмеді. Алайда Қырымда Кубрат бастаған Болгар патшалығы өмір сүрсе де, Византияның ықпалы берік болған. Қырым халқы үшін апаттың басталуы Хазарлардың келуімен басталды дейді. Хазарлар бұлғарлардың бағынғанымен шектелмей, біртіндеп Византияны ығыстырған. Археологтардың бақылауы бойынша, ерте ортағасырлық қазба жұмыстарының нәтижесінде Қырым елді мекендері мен Таман жартыаралында VII ғасырда көне мәдениеттердің өмір сүруі тоқтатылған. Осы уақытқа сәйкес Эскі-Керменде және Мангупта кешенді құрылыстар мен қабырғалардың, храмдардың қиратылуы сәйкес келеді.

655 жылы I Мартин папасы Херсонға жіберілген. Ол өзінің достарына жазған хаттарында былай деп жазған: бұл қалада жергілікті халықтың жабайылығына және тамақ өнімдерінің

кымбат және жетіспеушілігін мәлімдеген. Оның айтуы бойынша, Херсонда нан болмаған, нанды олар Қара теңіз жағалауының оңтүстігінен алып келген. Оның бір хатында жазғаны: «Бұл қалада нан деген атауы болмаса, оны көргендер аз дейді».

Бұл жазбаларға қарасақ, Херсонның жағдайы нашар болғанын және көрші жатқан Қырыммен экономикалық тығыз қарым-қатынаста болса да, орта Днепр бойында олар өздерін азық-түлікпен толық қамтамасыз етуге болар еді, алайда бұл экономикалық байланыстың бұзылғанын көрсетіп тұр.

VII ғасырдың ортасында хазарлар Қырымның, тек далалы аймағына ғана емес сонымен қатар таудың оңтүстік жарты аралына енген. Хазарлардың жаулап алу уақытына сәйкес жергілікті мекендердің жойылғандығы және де қиратылғаны да бар. Херсон біраз уақытта өздерінің жаңа қожайыны Қырыммен қарым-қатынасын ретке келтірді. Бұл уақытта Византия арабтармен соғысып жатқанда, хазарларға қарсы тұра алмай және Херсонға көмек бере алмады.

695 жылы Херсонға византияның бұрынғы патшасы Юстиниан II жіберілген. Дегенмен тақта Леонти отырған болатын. Юстиниан мұнымен тоқтамады, ол билікті өз қолына қайтаруды көздеді. 698 жылы Леонтидан кейін таққа Апсимара Тиверия отырған. Юстиниан өзіне жасалатын қастандықты сезіп Қырымдық Готидегі Дори камалына қашады. Ол сол уақыттары хазар қағандарына қараған. Хазар қағанынан көмек сұрады, хазар қағаны Юстинианға келуге рұқсат береді [40. 263]. Қаған грекше Ибузир Гляван Юстинианды жақсы қарсы алып, оған өзінің әпкесін күйеуге береді, есімі – Феодория. Юстиниан Таман жарты аралына тұруға рұқсат алды. Апсимар Юстиниан және Хазар қағанын Византияға жақындап қалғанын біліп, елшілікке қарсыласының өлі немесе тірі беруін сұрайды және оған үлкен сый беретінін айтты. Алайда Феодора өзінің күйеуіне қастандық жасалатынын ескерткен, нәтижесінде Юстиниан Дунайлық Бұлғарға қашқан.

Дунайлық бұлғар ханының көмегімен, Византияны өзіне жақтас қып, тақты қайтарып алады. Юстиниан Хазарларға әскер жіберіп әйелін қайтарады. 5 жылдан кейін тақ басына оралған Юстиниан өзі қуғында болған қалаға қарсы жасақ дайындайды. Византияның шежірешісі Юстининанның бұл жорығын херсондықтарға деген ренішін, кегін қайтару үшін деп түсіндіреді.



Экспедицияның командирінің бұйрығынан Юстиниан Византия, Херсон, сонымен Босфор және басқа да бұрынғы Византияның дүние-мүлкін Қырымға қайтару үшін көп мәселені көздегенін көрсетеді. Юстиниан әскері Херсонды қарсылықсыз жаулап алады. Қаланы жаулап алу барысында тудунмен жергілікті билік өкілдерінің барлығы қамауға алынды. Протополит Зоилді тудунмен бірге Константинополге тізбектелген тұтқындармен жөнелтілген, ал қалған атақты 40 адам тірідей өртелген. Тұрғындарды тонап, оларды құлдыққа айналдырған. Шежірешінің айтуынша, Юстиниан флотын қайта жіберген, себебі жасалған операция оның көңілінен шықпаған, сол себепті қайтып барып істі соңына дейін аяқтауды бұйырды. Екінші аяқталмаған тапсырма – ол Қырымның хазарлардың меншігіндегі қалаларды қайтару, соның ішіне Боспор да кіреді. Жолда флот қатты дауылдан зардап шегіп, 75 мың адам теңізге батып кетеді. Юстиниан басқа флот жіберуге дайындық үстінде болды, алайда сол өлкенің адамдары жаңа экспедиция дайындалып жатқанын естіп, Хазар қағанынан өздерінің қауіпсіздіктері үшін әскер сұратады [46. 290-291].

Херсонда Юстинианға қарсы көтеріліс ұшқыны пайда болды, қолбасшысы Вардан болды, кезінде Аписамар күдіктеніп оны Кефалонияға жіберген, Юстиниан оны Херсонға алып келген. Көтеріліске спафарий Илья да қосылды, Юстиниан оны Херсонның басшысы ретінде сайлаған. Бұл жағдайды естіген Юстиниан Георгид, епарх Иоанна және Турмарх фракистандық әскермен Христофорды 300 әскермен қаланы тыныштандырып келуге аттандырған. Алайда херсондықтар ол уақытта Юстинианды мойындамай Вардана Филиппиканы патша деп жариялайды. Юстинианның әскерін тұтқындап, Христофорды жасағымен және Зоил протополитімен қағанға жібереді. Экономикалық және мәдени байланысы екі елдің тығыз болатын, сол себептен де олардың арасына соғыс қажет емес еді. Енді олар Варданға қолдау көрсетіп, жаңа кикілжіндерді және Византиямен одақтасқтық қалағандықтан Херсонды қайтаруға үміттенбеді. Юстиниан ендігі Херсонға қарсы үлкен әскерді дайындады, әскерді қолбасшы Маврики басқарды. Оның тапсырмасы – Херсонды және қала тұрғындарын жойып жіберу. Вардан өзін хан сайлаған хазар қағанатына қашты. Юстинианның тапсырмасын

орындай алмағандықтан әскер Константинопольге қайтуға жүрексінді. Юстинианға қайтып оралмай, олар Варданға қызмет етуге қалды. Вардан флотпен Константинопольге барып билікті басып алады. Юстинианның басын шауып, шіркеуге жасырынған баласын да өлтіреді. Сонымен Византия империясын 100 жылдан аса басқарған Иракли династиясы 711 жылы өлтіріліп, аяқталады [1. 278].

Қорыта айтқанда хазарлар мынандай нәтижеге қол жеткізді: Византиямен ұзақ әрі мықты одақтас мемлекет болды. Арабтарға қарсы бірге жорық ұйымдастырды. Херсондықтар Византия билігіне қайтып келеді, жарты арал тұтастай және Готияны қосқанда хазарлардың меншігінде болды.

Алғашқы және соңғы хазарлардың саяси тұрғыдан бой көрсетуі еді, бұл да аяқталып Византия Солтүстік Қара теңіз варварларымен саяси және экономикалық байланыс орнатады.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Хазар қағанатының Византия империясымен қарым-қатынасын сипаттаңыз?
2. Дипломатиялық қатынастардың нәтижесі қалай болды?

**6-тақырып. Араб халифаты мен Хазар қағанаты арасындағы соғыстардың барысы мен нәтижесі**

Хазарлар – Еуропада араб экспансиясымен бетпе-бет кездесіп, оған батыл тойтарыс берген бірден-бір мемлекет. Жүз жылдан астам уақытқа созылған араб-хазар соғыстары әлем тарихында маңызы зор. Еуропаға шығыстан қауіп төнген кезде, жеңілмейтін мұсылмандар Хазар қағанатының күшімен тоқтатылды деуге болады. Ислам дінін тарату мақсатында жорықтарын бастаған халифат әскері санаулы жылдарда-ақ солтүстікке қарай ентелей өтіп, екі бірдей империяның тас-талқанын шығара қиратып, ең ірі тау тосқауылына – Кавказ тауларына барып тірелді. Осы тосқауылдан жеңіспен өтудің сәті түскенде олардың алдарынан Шығыс Еуропаға қарай даңғыл жол ашылатын еді. Бірақ тап сол Кавказ шебінде араб армиясы жоғары дәрежеде ұйымдастырылған Хазар қағанатының әскери күшімен қақтығысып, арабтардың бұл бағыттағы шабуылында ілгері жылжуына

жол бермейді. Шешуші шайқаста жеңіске жеткенімен әлсіреген арабтар Кавказ тауларын кері бағытта кесіп өтіп, еліне қайтты, өздерінен соң солтүстікте ешқандай әскери плацдарм қалдырған жоқ. VII ғасырдың ортасында Батыс Түркі қағанатының ыдырауынан кейін төменгі Еділ бойы мен Солтүстік Кавказдың шығыс бөлігінде Хазар қағанаты қалыптасты. Алғашқы феодалдық мемлекет болып табылатын Хазар қағанаты Қара және Каспий теңізі аралығында стратегиялық маңызды орынды иемденді. Атап айтсақ, хазарлар Византия империясы үшін солтүстіктегі күшті далалық болгар, венгр, печенег және т.б. тайпалардан қорғаныс ролін атқарды. Дегенмен де Византия империясы үшін хазар қағанатының араб халифатының қарқынды шабуылына қарсы тұруы маңызды болды.

Қағанаттың құрылған алғашқы жылдарында хазарлар болгарлардың көмегімен батыстағы шекараларын кеңейте отырып, өздерінің саяси дербестігінің арқасында Күнгей Кавказға мүлдем қызығушылық танытпады. Хазарлықтар Күнгей Кавказдың бай мемлекеттерімен жақсы таныс болды. Византия императоры Ираклимен одақтаса отырып жүргізген соғыстарының нәтижесінде Албанияны жақсы танып білді, алайда осы бағыттағы жауапты жорықтар жасауға әлсіздік танытып және де тек болгарлармен біріге отырып жорықтарын жүргізді. Араб жорықтары Кавказ аймағына жеткенде хазарлар өздерінің оңтүстік шекарасына назар аударуға мәжбүр болып, исламның жолымен барлық бағыттағы дамып отырған жаңа күшке қарсы шықты.

Араб халифаты Сирия мен Қос өзен аңғарын қарамағына қаратқаннан кейін Кавказға еніп, алғаш Армения жерін жаулап алды. Ішкі алауыздықтан бас көтермеген және феодалдық иеліктерге бөліне бастаған Армения бұрыннан Сасанилік Иран мен Византия арасындағы таластың негізі болған. Император Ираклидің жеңісінен кейін, Армения мен Күнгей Кавказдың үлкен бөлігі Византияның иелігіне енген еді.

Күнгей Кавказға енген арабтар бірден Кавказ тауларының жолдарын меңгере отырып, өздерінен кейін оларды бекітіп отыруға тырысты. Парсы тарихшысы Баламидың айтуынша, арабтар Күнгей Кавказға алғаш енген кезінің өзінде шекарадағы тау арқылы өтетін жолда орналасқан тайпалармен келісім жасап отырған дейді. Бұл тайпалар алым-салықтан босатылғандықтан

халифаттың иелігіндегі жаулардың соққыларына қарсы тұруға және жолдарды қарауылдау қызметтерін өз мойындарына алған.

Араб әскерлері Кавказ таулары аймағына кіре салысымен, бұл территорияның стратегиялық маңызын түсініп, оны өз иеліктерінде қалдыруға барынша тырысты. Парсы тарихшысы Бал'амидің мәліметтерінде арабтар Күнгей Кавказға алғашқы кіргеннен, тау арқылы өтетін жерде орналасқан тайпалармен мәмілеге келді деп көрсетілген. Бұл тайпалар алым-салықтан босатылғанымен, халифатқа кері әсерін тигізетін қауіпке қарсы тұрып, жолды күзету жауапкешілігін мойындарына алды [58].

Кавказда 642 жылы арабтармен *бірінші шайқас* өтті. Бірінші соғыс кезінде арабтардың әскербасы мерт болып, хазарлар жеңіске жетеді. Шайқас Баланжир деген жерде өтеді, бұл хазар ханының ордасы болатын. Кейінірек хазарлар ордасы орын ауыстырып Самандарға көшеді, содан кейін Еділ (Итель) бойына қоныстанады.



Хазар жауынгерінің бейнесі

642–652 жылдар аралығын қамтыған «Бірінші араб соғысы» барысында арабтар Дербент қақпасы арқылы бірнеше мәрте өтіп, Хазар қағанатының иеліктеріне дейін жетіп, Беленджерді басып алып, Үлкен Кавказ жотасының етегіндегі таулы аймаққа берік бекініп алуды ойлады. Алайда араб-хазар соғысының алғашқы кезеңінде арабтардың бір емес, бірнеше рет қаша шегініп, кері қайтуына тура келді.

652 жылы болған шешуші ірі шайқаста екі жақ та артиллерияны (катапульталар мен балластер – алысқа оқ ататын тас лақтыратын сақпан тәрізді құралдар) қолданды. Төрт мың араб өздерінің қолбасшысы Абд-эл-Рахман ибн Рабиахпен бірге қаза тапты, қалғандары бей-берекет қашып кетті [21. 174-175]. Бір деректер бойынша Беленджер ешбір шығынсыз жаулап алынды және араб кавалериясы Еділдің төменгі бөлігі, Итилия жеріне жақын орналасқан ал-Бейде қаласына дейін жетіп, Хазар қағанатының ең шеткі аймақтарына енді. Осы жорық барысында арабтар көптеген қалаларды исламдандырды және Дербентке олжалы болып оралып отырды. Ендігі бір нұсқаларда Беленджер үлкен қарсылық көрсетті дейді. Бұл қала өте берік қоршалған. Жорықтар туралы баяндалған деректердегі суреттерде бейнеленген мұнаралар мұсылман әскеріне үлкен кедергілер келтірген. Қарулану жағынан қарағанда араб әскері өз заманының мықты ауыр техникаларымен қамтамасыз етілген, атап айтқанда үлкен және кіші баллистер болған. Үлкен шайқастың бірнеше күнінен кейін қаланың аймағына беленджерліктер ортақ шабуылдар жасады және дер кезінде көмекке келген түрік тайпаларының есебінде арабтарға қарсы тұрды.

Екінші бір нұсқа бойынша Беленджер табанды қарсылық көрсетті. Бұл қала өте мықты бекінген. Бірнеше күнге созылған қала маңындағы қызу шайқастан кейін, көмекке келген түріктермен беленджерліктер арабтарға шабуыл жасады. Абд-эл-Рахман өлгеннен кейін араб әскері үлкен шығынға ұшырайды. Қолбасшының денесін хазарлар үлкен ыдысқа салып сақтап қойды, себебі олар оның көмегі арқылы жаңбыр мен қуаңшылық шақырып, соғыста жеңіске жетуге болады деп сенді. Бұл ақпаратты ойдан шығарылған деп айтуға болады. Бұл дәстүр ұлы жау өл-

геннен кейін магиялық күшке ие болып, оның денесінің иесіне қызмет етеді деген дәстүрге ұқсас. Бұл жердегі ерекшелік өлген адамның денесін ыдысқа салып, консервілеген күйде сақтаған [40. 189-191].

Табаридің жазбаларында Беленджерге жасалған екі саяхат туралы мәліметтер бар. Оның бірі 642–643 ж. болды делінген, ол мүмкін емес. Бұл егжей-тегжейлі ғажайып оқиғалармен суреттелген жорық, арабтар үшін жақсы аяқталыпты-мыс. 653–654 ж. Осман халифтің 9-шы билеген жылына тұспа-тұс келетін жорық Абд-эл-Рахманның өліміне әкелді. Ол уақытта оның ағасы Сельман Дербентте еді, арабтардың жартысы сол жаққа қарай қашса, қалған жартысы Гиляне мен Джурджанеде қалып қалды [19. 129]. Балазури мен Якуби Абд-эл-Рахман туралы мүлдем сөз қозғамайды, тіпті арабтардың хазарлармен болған бірінші сәтсіз шайқасын Сельманмен байланыстырып, 4 мың әскермен «Беленджер өзенінің ар жағында» қайтыс болған Сельман деп көрсетеді. Екі автор да Сельманның жорығын Осман халифтің (644–656 ж.) басқарған уақытымен байланыстырады.

Келтірілген деректердегі мәліметтердің сәйкес болмауынан, арабтар VII ғ. 40-жылдары Әзірбайжанға барды деп пайымдауға болады. Бұл уақытта олар Дербентке жетіп және Сельман немесе Абд-эл-Рахманның өлімімен байланыстыратын хазарларға қарсы бірінші шабуылы болған Беленджер жорығының іске асуы әбден мүмкін. Шамамен 644 жылы Осман халифінің туысы болып келетін Валид есімді әскер қолбасшысы Армения мен Әзірбайжанға шабуыл жасады. Оның басты әскерін Сельман ибн Рабиах басқарған, сондықтан Дербентке дейін жетуі мүмкін. Бірақ гректермен соғысып жатқан Хабиб ибн Масламге көмектесу үшін басты күш сол жаққа бағытталды. Дербентте Абд-эл-Рахман қалып, кейінірек оған Сельманның қосылуы да мүмкін. Дербентте болған жылдары ағайындылар жергілікті тайпалармен бірнеше рет қақтығысып, Беленджерге кірер кезде біреуінің өлуі арабтардың ажалсыздығына деген хазарлардың сенімі туралы көптеген аңыздардың шығуына себеп болды.

Бал'амидің дерегінде арабтар бұл соғыста хазарлармен, аланиндермен және оларға қосылған түріктермен шайқасты деп көрсетілген. Ал Табари өз жазбаларында арабтар түріктермен

соғысты деп көрсетіп, олардың қарсыластарын солай атап, 752–753 ж. дейінгі оқиғаларда араб-хазар шайқасы туралы айтқанда түріктермен қатар хазарларды да атайды [19. 202-207]. Бал’амиде де дәл солай түріктер мен хазарлар бір-бірінен бөлектелген. Бұл жағдайға назар аудармауға болмайды, себебі хазарлар Түрік қағанатының қоластында болған уақытта да, Хазар мемлекеті тәуелсіз болып өмір сүргенде де екеуі бір-бірінен айрықша болды. Хазарлар жергілікті халық болды, ал түріктер түркі қағанның өзімен бірге ертіп келген халқы болды. Олар өз қағанына адалдық сақтап қалған және Хазарифа қашқанда артынан ерген нушиби түріктері де болуы мүмкін.

Арабтардың Закавказьеге жылжуы олардың жаңа күшті әрі қауіпті жаумен қақтығысуына алып келеді. Олар – хазарлар. Хазарлар болашақта арабтарға өз бетімен ғана емес, Византия империясымен бірігіп шабуыл жүргізеді. Хазарлар бірнеше рет арабтардың бүкіл күшін өзіне алып, одақтасына жеңілістен қашып, келесі соққыға дайындалуға мүмкіндік беретін еді.

Келесі 30-40 жыл бойы арабтар хазардың берік қамалын бұзып өтуге әрекет жасап әуреленген жоқ. Себебі бұл кезеңде олардың басты соққылары византияға қарсы бағытталды. Олар Константинопольді құрлықтан және теңізден талай рет қоршауға алуға тырысып көрді. Егер олар Кавказды басып өтіп, Қара теңіз арқылы жүзіп келіп, қоршауды күшейтіп, қаланы жан-жағынан қыспаққа алғанда, онда Шығыс Рим империясының тағдыры тіпті мүшкіл халде болатын еді. Бұл екі арада болгарлар мен венгрлерді өзіне бағындырып үлгерген хазарлар батысқа қарай жылжуын одан әрі жалғастырып, Қара теңіздің жағалауындағы далаларға және Қырымға басып кірді. Бірақ бұл жолы бұрынғыдай ел шауып, оларды тонап, олжа табу, тұтқындар айдап кету үшін емес, қайта ол жерлерді түбегейлі басып алуды көздеген соғыстар жүргізді. Бағынған халықтар тұрақты түрде басқару жүйесі бар империяның құрамына күштеп енгізілді. Империяны қолында күш-қуаты жеткілікті қаған басқарды. Ол барлық басып алынған аумақтардағы халықтардан тағайындайтын, аймақ басшылары арқылы салық жинап отырды. VIII ғасырдың бас кезінде хазар мемлекетінің күшейгені сонша, енді олар арабтардың өздеріне шабуыл жасайтындай дәрежеге жетті.

VII ғ. 2 жартысы мен VIII ғ. басында Дербент қаласының билігі хазарлар мен арабтар арасында қолдан қолға өтіп отырды. 713 жылы арабтар қаланың тұрғыны бекініске кіретін жерасты жолын көрсетуі нәтижесінде 3 мыңдық хазар гарнизоны қорғап тұрған қаланы басып алды. Нәтижесінде арабтар қаланы ұзақ қолдастында ұстай алмайтындықтарын түсініп, қала халқын қырғынға ұшыратып, бекініс қабырғалары мен мұнараларын қиратты.

Мұхаммед ибн Огбай 692–693 ж. Дербент өткелінде болған саяси қақтығыстарды сипаттай келе, арабтар бұл аймақты бақылауды өз қолына алады, бірақ оны ұзақ ұстап тұра алмады дейді. 706–707 ж. Әзірбайжан қалалары мен бекіністерін жаулап алған Маслама хазар ауылдарына жақындайды. Табаридың басқаша хабарлауы бойынша, келесі 708–709 ж. Мұхаммед ибн Мерван, яғни сол кезде халифаттың закавказьелік иеліктерінің билеушісі Дербентті қайта алады. Бұл әрекеттерге хазарлар тек 710–711 ж. Византиядағы істерін реттеп, онда билеуші ретінде Филипп императорды бекіткеннен кейін жауап береді. Олар алдымен бұрын өз иелігінде болған аймақтарды қайтармақ болды. Дербент пен елдің солтүстік бөлігін өз билігіне алғанмен, ұзақ ұстап тұра алмады. 713–714 ж. Маслама тағы да Дербентті өзіне бағындырады. Гевонд бойынша, бұл бекініс ғұндардың қолында болған, ал Дербент-намэ бойынша, ол бекіністе үш мыңдық хазар гарнизоны орналасты, олар үш ай бойы араб әскерлеріне төтеп берген. Ішке кіргеннен кейін қорғаушыларды өлтіріп, бекініс қабырғаларының бәрін қиратқан.

Гевондтың айтуы бойынша, Маслама Дербенттен ары қарай ғұндар мемлекетіне өтіп, Тарку қаласына дейін жетеді. Ғұндар бұл басқыншылық туралы хазар қағанына хабарлайды, олар қалың әскерімен арабтарды қарсы алады. Екі жаулас әскерлер бір-біріне қарама-қарсы шайқасқа шығуға бата алмай, бірнеше күн тұрған. Қаған Алп-Тарханның келуін күтсе, Маслама хазарлардың әскер санының көптігінен сескеніп, кері шегінудің амалын іздеген. Ақырында, арабтар өз қарсыластарын алдап кетеді. Олар өз дүние-мүліктерін тастап, таулы орманда жасырынып қалады, сосын Иверияға кетеді. Моисей Каланкатуйский дерегі бойынша, Маслама хазарлардың қолында тіпті өзінің гаремін тастап кеткен деген мәліметтерді хабарлайды.



Армян жазушыларының мәліметі бойынша келесі бір жорық 716–717 ж. болды деп көрсетілген. Дегенмен бұл уақытта Маслама Византия астанасын қоршап тұрған болатын, сол себепті хазарлармен соғысқа қатысуы мүмкін емес. Соған қарағанда, Масламаның Хазарларға қарсы жорығы бұдан ертерек уақытқа жатады, дәлірек айтқанда 713–714 жылдар.

Хазарлар Масламаның бетін қайтарғаннан кейін Албанияға қайтадан аттанған. Омар халифтың (717–720 ж.) билігі тұсында олар Әзірбайжанның солтүстік бөлігіне иелік етеді [15. 209].

717–718 ж. Әзірбайжанға 20 мыңдық хазар әскері енеді. Бұл уақытта арабтардың күшінің басым бөлігі Константинопольге бағытталғандықтан, Омар халиф хазарларға қарсы тек Амру ибн Рабияның қолбасшылығымен 4 мыңдық әскер жібереді. Халифке мұндай аз әскермен соғыса алмайтынын айтқанда, ол «Қасапшыға қойдың саны не керек? Дұрыс сенім жолындағылар әрқашан жеңеді» деген сөздер айтқан. Шын мәнінде де, арабтар бұл жолы хазарларды қиратып, олардың көп бөлігін тұтқынға алады, Табари бойынша, хазарларға қарсы шыққан мұсылман басшысы – Хасим ибн Нуман әл-Бахами, ал тұтқынға түскендер саны – 50 адам. Азықтың жетіспеуі, суық ауа-райы араб әскерлерінің 718 жылы Константинопольден кері шегініп, Кіші Азия аймағына кетуіне себеп болды.

Арабтар мен хазарлардың *екінші соғысы* 722–737 жылдары аралығын қамтиды. «Екінші араб соғысы» атанған 722–737 жылдары аралығында араб-хазар соғыстары өз жалғасын тапты. Хазарлардың ауыр қару-жарақтары бар салт атты жауынгерлері Дарьял асуы немесе Дербент қақпасы арқылы халифаттың оңтүстік Кавказ жақтағы иелігіне басып кіріп, тонаушылыққа ұшыратады. Бірақ арабтардың қарсы шабуылынан құтылу үшін өздерінің барған жолымен кері шегініп, Еділге қайтып оралады.

721–722 ж. хазарлар Арменияда болды, олар өздеріне қарсы жіберген мұсылман әскербасшысы Зубайт ән-Нахраниды жеңіп, оның бүкіл лагерін өзіне бағындырады. Дәл сол жылы жаңа араб қолбасшысы Джаррах ибн Абдаллах әл-Хаками хазарларға қарсы күшті әскерімен жорыққа шығады. Оған жау әскеріне өз территориясында шабуылдау тапсырылған болатын. Осы жорық туралы бірнеше хабарламалар сақталып қалған. Джаррахтың пайда болғанын білген хазарлар Дербентке соншалықты тез ше-

гінеді, сол себепті арабтар оларды қуып жете алмады. Лезгин көсемі Сабас хазарлардың басшысымен хат алмасты дегенді біліп, Джаррах олардың лагерін қиратады. Ол Дербенттің маңында болатын. Бұл жағдай хазарларға белгілі бола салысымен олар Дербентте қорғаныс шараларын жүргізуді тоқтатады. Осы кезде күтпеген жерден Джаррах Дербентке тез келіп, таң атқанша бекіністі еш қарсылықсыз басып алады.

Бұдан кейін Джаррах Нарвана қаласына қарай қозғалады. Онда ол қағанның баласы Барджиль бастаған хазарлармен кездеседі. Дереккөздер сол кездегі араб әскерінің санын әртүрлі көрсетеді, арабтар шамамен 25 мың адам болған, ал Дербентнамэ бойынша олар 10 мың болған, 6 мыңы – арабтар, ал қалған 4 мыңы – жергілікті князьдіктердің бірлестігі. Хазар әскерінің саны 40 мың адам деп есептеледі. Осы шайқаста күйрей жеңілген хазарлар қашуға мәжбүр болады. Хазарлар 7 мың әскер, ал арабтар 4 мың әскерін жоғалтады. Осыдан кейін арабтар Хамзина қаласына аттанады. Ол жердің тұрғындары еш қарсылықсыз беріліп, жыл сайын салық төлеп тұруға міндеттеледі. Одан әрі Джаррах Тарку қаласына келіп, оны 6 күн бойы қоршайды, оның тұрғындарына рақымшылық көрсетуін сұрайды. Тұрғындарды бекіністен шығарып тастап, Джаррах Беленджер аймағына жылжиды. Ибн әл-Асирдың айтуы бойынша, ол хазар бекіністерінің ішіндегі ең танымалы болған. Табариде ол бекініс Булкар деп аталған. Бұлай аталу себебі ол жерді болгар деп аталатын халық мекендеген. Болгарлардың қорғанысы да құлайды. Билеушісі 50 адамымен бірге қашып үлгереді және Семендер деп аталатын жерге жасырынады. Бұл бекіністен түскен табыстың көп болғаны соншалық, әр араб әскері 300 динардан алды. Басқаларымен бірге Беленджер билеушісінің әйелі мен балалары да сатылымға шығарылады. Оларды Джаррахтың өзі 100 мың дирхемге сатып алып, оларды еліне қайтарды.

Көптеген тұтқындарды, хазарлар мен олардың отбасы мүшелерін Джаррах Беленджер өзеніне батыруға бұйрық береді. Олардың көп бөлігі солтүстікке қарай қашады. Екі жүз жылдық өткеннен кейін Ибн-Фадлан еділ болгарларының арасынан бірнеше мың белленджерліктерді тапты. Джаррах Вабандар деп аталатын үлкен қалаға қоныстанады. Бұл қаланың тұрғындары

еш қарсылықсыз беріліп, салықты жыл сайын төлеп тұруға келіседі.

Джаррах өзінің жорығын Семендерге дейін жалғастырмақ болған, алайда Беленджер билеушісінен хазарлардың үлкен әскер дайындап жатқанын біліп, кері қайтуға мәжбүр болады. Жолда Язид халифтен көмек сұрайды. Бірақ ол бұл уақытта қайтыс болып кетеді. Мұрагері Хишам Джаррахқа көмектесуге уәде береді. Келесі жылдың көктемінде Джаррах Беленджер маңындағы бірнеше қалаларды және бекіністерді жаулап алып, үлкен табысқа ие болады. 724–725 ж. ол тағы да аландарға қарсы жорыққа шығады.

Бұл соғыстар барысында арабтардың әскери басшылығын күнгей Кавказдағы Армян және Әзірбайжан мемлекеттеріндегі халифтің әскер басшыларының бекеттері жүзге дейін жетіп отырған. Ережеге сай, бұл күзет орындары болуы әбден мүмкін. Аталмыш күзет орындарына әр кезеңде басқа қолбасшылар сайланып отырды – Маслама ибн Абд әл-Малик (707\08 – 722–723 ж., содан кейін 725/26 – 728/29 ж. және 730–732/33ж.), Малак ибн Сафар әл-Бахрани (722–723 ж.), әл-Джаррах ибн Абдаллаха әл-Хаками (723–725/26 және 728/29–30 ж.), Са'ид ибн Амр әл-Хараша (733–734/35 ж. шамасы) және Марван ибн Мухаммад (732–733 ж. және 734/35–743 ж. шамасында) басқарып отырған. Аталмыш кезеңде арабтармен жүргізілген шайқасты басқарған хазар қолбасшыларының есімдері көбіне белгісіз болып қала берді. Деректерде кейбіреулерінде ғана есімдері сақталған. Сондай хазар әскер басыларының бірі ханзада Барсбектің әскери биографиясы қайта қалыптастырылған [4. 137-148].

Арабтардың әлсіздігін байқаған хазарлар 730 жылы күнгей Кавказға шабуыл ұйымдастырды. Хазар әскер басында тоғыз жыл бұрын басқарған қағанның ұлы Барджил тұрды. Бұрынғы қаған кенеттен көз жұмғандықтан, армян зерттеушілері сол кезде мемлекетті қағанның анасы басқарды дейді.

Барджил Албанияға енген соң, ең алдымен өз әскерлеріне мұсылмандарды жаппай өлтіруді бұйырады және өзі негізгі күшпен Ардебилге жақындайды. Қала қамалының тұсында араб және хазар әскерлері кездесті. Екі күнге созылған ауыр шайқаста хазарлар арабтарды жеңді және де әскерлерін толығымен жойды деуге болады. Олар тіпті тұтқындарды да алмады. Шай-

каста Джеррах қаза тапты, әйелі мен балаларын, сонымен қатар лагерьден алған үлкен байлықты жеңіске жеткендер бөліске түсірді. Ардебил қиратылып, ондағы мұсылмандар және қару ұстауға жарайтындардың бәрі өлтірілді. Бұл жеңіс бүкіл Азия елдеріне мәлім болған. Хазарлардың жасаған жорығы мен жеңісі туралы Византиялықтар да хабардар болды [43. 37].

Араб-хазар арасындағы ең шешуші шайқас 737 жылдың басында басталды. Мерван Сирияда жиналған 120 мың әскерімен Арменияға жылжыды, Тибилисиден 20, Бердадан 40 фарсанг орналасқан Касак («моуза») атты жерде лагерін орналастырды. Сол сәттен бастап Мерван өз әскерін екіге бөлді. Бір әскерінің басына хазарға Дербент арқылы жылжыған Усайд Ибн Зафира әс-Суламиді қойды. Сонымен қатар алдында бітімге келген «тау патшалары» («мулку әл-джибал») атты елдің жасақтары бірікті. Мерван Баб ал-алан арқылы жүріп отырды, солтүстік Кавказға шыға отырып, Самандарға қарай жылжыды. Екі араб әскерлері осы қалада бірікті. Левондтың деректеріне сәйкес, қала алынды және халық теңіз арқылы құтқарылуға тырысты. Алайда арабтардың және олардың одақтастарының қолына үлкен қазына түсті.

Ең қызығы Мерванның жорығымен байланысты дүниелер Самандарды алғаннан кейін барып басталады. Ал-Куфи мұсылмандардың жеңістері қатар жүргенін және олар «биляд әл-хазардан» («хазар мемлекеті») әрі орналасқан жерлерді иемденгенін жазады. Содан кейін ол: «Ол (Мерван) ас-сакалибқа және пұтқа табынушыларға жорық жасады, олармен көршілес тұрып, 20 мың отбасын («ахл байт») тұтқынға алды. Одан әрі қарай жылжып, Славян өзеніне дейін жетті. Осы өзеннің бойында әскери қолбасшы Мерван Каусар ибн Асвад әл-Анбари хазар әскерін қиратты содан соң қаған үлкен қайғы-қасіретке тап болды. Соңғы деректерге сүйенсек, Мерван хазарлар мен ас-сакалиб атты рулар тұтқынында болып, өзінің әлсіздігін мойындайды. Ол араб қолбасшысына толығымен беріле бастаған сәтінде оған мұсылман дінін қабылдау қажеттігін ескертеді. Хакан үш күннен соң бұл ұсынысты қабылдайды [21. 184-185].

Әл-Белазури мынадай дерек келтіреді: «Мерван хазарлар өмір сүрген ас-сакалибқа жорық жасап, 20 мың отбасын тұтқынға алып, оларды Кахетке орналастырды» [58; 37]. Содан соң

хаканның мұсылман дінін қабылдауға келісім бергені және хазарлардың қалай жеңіліске тап болғаны қысқаша баяндалады. Әл-Белазури Мерванның тұтқындарды лезгин жеріндегі Самур мен Шабианның тең бөлінген аралығына орналастырғаны жөнінде баяндайды.

Сол бір он бес жылға созылған соғыс кезінде хазарлар Грузия мен Арменияға қырғын салып, оларды ойсырата ойрандап кетті, араб армиясын 730 жылы Ардебил түбінде тас-талқан етіп қиратып, Мосул мен Диярбакирге дейін жетті, араб халифатының астанасы Шамға (Дамаскіге) дейінгі жолдың жартысынан астамын жойқын соғыса отырып, жүріп өтті. Бірақ мұсылмандар армиясының тың күштері бұл жойқын шабуылға тойтарыс беріп, бетін қайтара білді. Нәтижесінде, хазарлар кері бағыттағы тау кедергілерінен қайта өтуге мәжбүр болды. Келесі жылы арабтардың сол кездегі ең атақты әскери қолбасшысы Маслам ибн Абдал-Малік (ол бұдан бұрын Константинопольді қоршауда әскербасшы болған) Беленджер қаласын басып алып, хазарлардың солтүстіктегі және бір ірі қаласы Самандарға дейін жетті. Бірақ басқыншы арабтардың ол қалаларда тұрақты әскери гарнизон ұстауының сәті түспеді. Сөйтіп, олардың да Кавказ тауларын басып өту арқылы кейін қайтуына тура келді.

725–726 ж. Хишам халиф (724–743 ж.) Джаррахты Армения мен Әзірбайжандағы биліктен шеттетіп, оның орнына Масламаға билікті береді. Халиф пен құлдың баласы, таққа отыруға құқығы болмағандықтан, Маслама екі он жылдықтан астам уақыт омейядтардың тірегі және арабтардың беделді тұлғасы болып келеді. Оның тұлғасы аңызға айналады. Оның Закавказье аймағына сайлануы, сол аймақтың маңыздылығының қаншалықты жоғары екендігін көрсетеді.

Ибн әл-Асирге сәйкес, Маслам билікке келісімен өзінің орынбасары етіп ал-Хариса ибн ат-Тайн, Якуби бойынша ол Саид ибн Амр әл Хараша сайланды.

727–728 ж. Масламаның өзі хазарларға қарсы Әзірбайжан жағынан келеді. Ибн әл-Асирдың хабарлауы бойынша, үлкен табыспен оралады.

Масламаның кететіні туралы естіген хазарлар солтүстік Дағыстанда өз қалаларына қайта орала бастады.

Сол кезде Мерван, 40 мыңнан астам әскерін жинап, сол 732–733 ж. қатты жауын мен балшыққа қарамастан Беленджерге қарай қозғалады. Бұл жорықтың кезінде балшықтан аттың жалына дейін бүлініп, Мерван оны қырқып тастауға дейін бұйырған. Аталған жорықтан Мерван аман-сау оралады.

Мерван халифке хазарлармен соғысу жоспарын көрсетеді. Соғыс жүргізудің ең басты кемшілігі, [азарлардың арабтардың әрекетін алдын ала біліп, соған дайын болуы деп түсіндірді. Олардың жинап жатқан әскерінің күштілігі соншылық, арабтарға аман тұрғанда шегінуден басқа амал қалмайды. Мерван халифтен 120 мың адамдық әскер сұрап алады.

Халифтың келісімімен Мерван 725 ж. Закавказьеге қайта оралады. Бірақ ол бұл жерде алдымен көтеріліске шығып жатқан грузиндерді басуы керек болды. Осы кезде көрсеткен қатыгездігі мен қаталдығына қарап грузиндер оны «саңырау» деп атайды. Бұдан кейін ол аландар мемлекетіне жорыққа шығады, ол жерде мұсылмандардың үш бекінісі бар еді. Тек 737 ж. Мерван өзінің негізгі тапсырмасы Хазарияны жаулап алуға кіріседі.

Мерван жауларды шатастыруды ойлады. Арнайы елшілер қағанға барып әскер оларға емес, аландарға қарсы дайындалып жатқанын айтады. Келісімді бекіту үшін хазар елшісі Мерванға келеді. Ол елші арабтар жорыққа дайындалып болғанша ұсталды. Мерванның бұйрығымен 150 мыңдық адам жиналды, әскер құрамында тек арабтар ғана емес, Закавказье аймағының князьдарының әскерлері, армян князьдарының әскерлері де болды. Мерван хазарларға бірден екі жақты шабуылдауды жоспарлады: Дарья арқылы және Дербент арқылы. Ол негізгі күшімен бірінші жол бойынша жүрді, ал келесі топты Язид Усайд ибн Затира ас-Сулами Дербент жолымен жүргізді. Екі әскер де Семендерде бірігуі тиіс болатын. Осындай дайындықтан кейін ғана хазар елшісі соғыс туралы еліне хабарлау үшін босатылды. Ол қағанға хабарлаймын дегенше, арабтар мемлекетке терең еніп кетті.

717 жылы арабтар теңізден де жерден де Константинопольді қоршауға алды, дегенмен ерекше қатал қыс қаланы құтқарып алды. Бұдан кейін арабтар Византияны осындай қиын жағдайға қойған емес. Константинопольді қоршауға алған жылдарда, соғыста ұтымды жағдайда Византия болған, себебі арабтардың күштері толық хазарлармен күресуге көшті. Византия үшін

маңызды осындай қатынастарды сақтап қалу үшін, 732 жылы Византия императоры Лев Исавр өзінің ұлын Константинді Чичаг (Гүл), ал осыдан кейін Ирина атты хазар ханшайымын тұрмысқа берді. Кейінірек, византия империясының салтанатты сарай киім үлгісіне хазар ханшайымның енгізуі бойынша «чичакион» деп аталынған. Оның ұлы Лев IV (775–780 ж.) өзінің шығу тегіне байланысты Хазар деген атақ алды [66. 209].

Отыз жылғы арабтармен соғыс хазарлар үшін оңай болмаған. Арабтар хазарлардан қозғалыс және қысым көрсету жылдамдығынан кем түспеді, олардың атты әскерлері бірнеше рет хазарлардың Кавказ аудандарына басып кірген. Бұл хазарлар үшін өте маңызды аймақ болған, себебі бұл өңірде көшпенділердің қыстақтары, көптеген егіншілер және қолөнершілер ауылдары орналасқан. Арабтар ауылдарды қиратқан, малдарын айдап алып кеткен, адамдарын өлтіріп не өз жерлеріне алып кетіп жүрген. Халық жартысы жаудан қашу үшін солтүстікке қарай бет алған.

Картли Нерсе шетелдік қанаушыларға қарсы грузин халқының азаттық күресін дайындауға қатысқандығына байланысты, арабтардың күдігін тудырды және 772/3 жылы Бағдатта бас бостандығынан айырылды. Картли Нерсе бостандыққа шыққаннан кейінгі үш жылында халиф Махди (775–785 ж.) тұсында да неғұрлым жаңа ауыр қуғындардан қорқып бірнеше жылдар қашқында жүруге мәжбүр болса да, арабтарға қарсы өз қызметін тоқтатқан жоқ. К. Нерсе Абхазиядағы өз отбасын алдын ала жасырып, өзі 300 салт аттылардың сүйемелдеуімен Дарья арқылы Хазар қағанына қарай қашты.

Сол уақытта Абхазия билеушісі Лев II болды. Ол Хазар қағанның қызының ұлы және Византия императоры Лев Хазардың немере інісі, өз кезегінде Хазар ханшайымның тұңғыш ұлы еді. Осылайша, Абхазия билеушісі Византиямен де және хазарлармен туыстық байланыста болды. Номинальді түрде Абхазия Византияға тәуелді болды, бірақ хазарларға сүйене отырып, тәуелсіз саясат жүргізді және (787 жылы) көп ұзамай өзін тәуелсіз деп жариялады.

К. Нерсе отбасының Абхазияда болуы, өз кезегінде оның өзіне сол жерге қашуға мүмкіндік берді және К. Нерсенің Хазарияда болуы арабтардың қудалауынан туындаған қауіпсіз баспана іздеулер себеп болған жоқ деп дәлелдейді, ол қандай да бір

саяси мақсатты көздеді. Дегенмен әңгіме бұл туралы тура айтылмаған, оны Хазарияға арабтарға қарсы күресте қолдау алу үміті әкелді деп болжауға болады. Алайда Нерсенің үміті ақталмады.

Хазар халқы дәрекі, қанішер және дінсіз, бірақ бір ғана Құдайға ғибадат етеді дейді «Мученичества» еңбегінің авторы Иоан Сабанис. Христиан дінін емін-еркін ұстанатын қала тұрғындары елде көп. Мұнда «Солтүстік патшасы» деп аталатын Хазар қағаны грузиндік жақсы қабылдады, бірақ көмек қолын созудан бас тартқан көрінеді. К. Нерсе өзінің күткен үміттерінен көңілі қалғаны сонша, бірден отанына қайтуға шешім қабылдады. Хазариядан кеткеннен кейін арабтар оның орнына эрисм-тавар етіп тағайындаған немере інісі Степаностың нәтижелерін күте тағы бірнеше ай Абхазияда тұрды.

Нерсе ешқандай қуғынға ұшырамады, сонымен қатар оның Хазарияда болған кезінде христиан дінін қабылдаған қызметшісі араб Або (Хабиб) мұсылмандардың ренегаттарға қатысты төзімсіз қарым-қатынасына қарамастан, арабтар жағынан қараусыз тыныш қалуының салмақты саяси негіздері болғандығын дәлелдейді. Хазарлардан берілмеген көмектен әбден көңілі қалған К. Нерсе арабтарға қауіпті емес, керісінше пайдасын тигізді. Нерсемен бетпе-бет отырып арабтар Кавказ істеріне араласудың бос үміт екенін анықтап алды. Арабтардың нақты шыдамдылығының себебі келесі жағдайлар болды. Махдидің өлімінен бірнеше жылдан кейін Кавказ елдері көтеріліспен қоршауға алынды, ал хазарлар тағы да арабтарға қарсы қауіп төндіре бастады, мұсылмандар Нерсенің бағынышты ренегат Абомен рәсімде тұруды тоқтатты және оны 786 жылы өлім жазасына кесті. Ал оның қорғаушысы Нерсенің тағдыры беймәлім күйінде қалды, бірақ ол оның саяси негіздерінің жоғалуына және көрсетілген кері қарым-қатынастарына байланысты арабтардың қаһарынан қорқып қашып кетпегені анық.

Нерсе тарихы дәлелді түрде VIII ғасырдың екінші жартысында үлкен саяси мағынаны білдіреді. Хазарлармен арабтарға қарсы күресте қолдау алуға үміттенген тек қана кавказ елдерінің өкілдері ғана емес, осы ғасырдың бірінші жартысында жүргізілген үздіксіз соғыстар ағымында соғыстың қиындықтарымен



сыналған, арабтардың өздері де құдіретті көршілерімен жылы қарым-қатынасты сақтап қалуға тырысты.

Або өлім жазасына кесілген жылдарда арабтардың хазарлармен қарым-қатынасы өте күрделі болды. Арабтар Хазарлардың шабуылынан сескеніп, 785 жылдың жазында Двин қаласының билеушісі Осман ибн Омар ибн Хурейм үлкен әскерімен Дербенттің маңындағы жолды қорғап тұрған. Күткен хазар әскері келмей, індеттің таралуынан әскерінің біраз бөлігінен айырылған Осман масқара болып, орнынан алынған [58. 209].

Хазарлардың арабтармен келесі қақтығысы VIII ғасырдың аяқ шенінде орын алды. Оның себебі ретінде араб жазушылары араб пен хазарлар арасындағы қарым-қатынас деп санайды, ал нақтырақ айтсақ, араб әміршісіне тұрмысқа шыққан Хазар ханшайымының өлімін жатқызады. Я'кубидің мәліметіне қарағанда, 791 жылдан бастап Арменияның, Әзірбайжанның, Мидидің және Каспий аймағының Хорасанның иелігіне айналған. әл-Фадл ибн Яхья ибн Халид әл-Бармаки, даңқты уәзірдің ұлы және Харун ар-Рашидтің (786–809 ж.) туған ағасы Кавказ еліне келген шағында Дербентке қарай жол жүріп, алдымен хазарлық Хамзин қамалына шабуыл жасаған, бірақ оның тұрғындары дер кезінде қашып кеткендіктен, араб әскеріне ешкім қарсылық танытпаған [21. 210]. Араб әміршісінің соғыстағы сәтсіздігінен кейін істі түзетуді және солтүстіктегі құдіретті көршісінен төнген қауіптің алдын алу мақсатында қағанының қызына үйленуді көздеген.

798/9 жылы Хазар қағаны Кавказдағы өзінің қызы Суб-т немесе С-бу-тті жіберді. Алайда жолда ханшайым қайтыс болып, жол көрсетуші тархандар қағанға қайтып келіп, оның өлтірілгендігі туралы хабарды жеткізді. Ашуға мінген қаған үлкен әскерімен көзіне көрінген арабтарды атып өлтіріп, Кавказ еліне басып кірді және Ибн А'сам айтқандай, бұл жерде ешқашан естімеген қанды шайқас болған.

Шынымен де хазарлардың шабуылының себебі арабтардың әміршісінің қанішерлігі, хазарлар жағынан басқыншылықты кейінге шегіндіру үшін жалған үйленуі болды ма? Бәрінен де бұл жағдайда Фадлу Бармекидің осыдан 40 жыл бұрын оның үзеңгілестерінің бірі Язид ибн Усаидпен болған оқиғаны жатқызуға болады. Сонымен қатар араб жазушылары хазарлардың басып

кіруінің басқа бір нұсқасы туралы хабарлайды. Араб әміршісі Саид ибн Сальм ибн Кутейба әл-Бахилидің (797/8 ж.) бұйрығымен өлтірілген, яғни Дербент билеушісінің ұлы Хайюм ибн Наджм шақырғандай болды деседі. Хайюм ибн Наджм Кавказда бұрыннан танымал ансарлардың ас-Сулами тегінен шыққан. Бұл ұрпақтан көптеген араб әскер қолбасшылары, әкімшілік иелері, соның ішінде, хазар қағанының қызына үйленген, жоғарыда аталған Язид ибн Усайд те бар.

Наджм ибн Хашимнің өлімі туралы араб деректерінде сыңаржақ пікір айтылған. Кавказ феодалдары Саид ибн Сәлімнің көрсеткен қысымшылықтарын ұнатпай, тіпті оның жіберген өкіліне шабуыл жасаған еді. Хайюм ибн Наджм әкесінің өлімінен кейін ашық түрде әмеңгеріне қарсы шықты және оның Дербенттегі өкілін өлтірді. Оларға көмекке шақырылған хазарлар Кавказ еліне 70 күн қожалық етіп, өте қиын күйзелістер тудырды, әсіресе христиандар, негізінен, армяндар және мұсылмандар қатты зардап шекті елде. Хазарлар қолға түскен көптеген тұтқындарымен қайта оралды. Бұл біз білетіндей, хазарлардың арабтарға қарсы ең соңғы үлкен жорығы еді.

Хазарлардың Кавказға шабуылы кезінде, VIII ғасырдың аяқ шенінде, грузиялық шежірелерде жазылған романдық оқиғаны жатқызады. Онда хазар қағаны Картли Йоанның кіші қарындасы керемет сұлу Шушанға ғашық болып қалғаны жайында айтылады [26. 20]. Бұл жоғарыда аталған Нерсенің немере інісі Степаностың немересі еді. Ол әкесі Арчилден кейін елді басқарды. Хазар қағаны қарындасын оған ұзатуға ұсыныс білдірді, қайтарымына Картлидің арабтардан тәуелсіздігін алуы үшін күресіне көмек қолын созбақшы болды. Бірақ қарындасын тұрмысқа беруден бас тартты, бұған ашуланған Хазар қағаны Картлиге қарсы әскербасы Блучанды (армяндық нұсқада Булджан) жіберді. Хазар қағаны Кавказға Лезгин жолымен басып кірді де, Шушанды ғана емес, оның ағасы Жуаншерді де қолға түсірді. Сонымен қоса араб горнизонының әмірімен бірге Тбилисиді талқандап, Картлиді күйзеліске ұшыратқан. Тұтқынға түскен ханшайым Дарял шатқалы арқылы қайтар жолда у ішіп өлген. Блучан әміршісіне тек қана Жуаншерді әкелді. Ашуға мінген қаған ханшайымның өмірін сақтап қалмаған, тапсырмасын толық орындамаған әскербасының басын алуға бұйрық беріп,

Жуаншерді жеті жыл тұтқында ұстап, содан кейін үлкен құрметпен еліне жібереді.

Бұл оқиғаны ойдан шығарды деуге негіз жоқ. Иоан және Жуаншер, шынымен де, тарихи тұлғалар еді. Қаған қоластындағы әміршілерінің қыздарын алып, олардың қарындастарымен де дәл осылай жасай алатыны белгілі. Сонымен қатар қаған шексіз билікке ие болды, ол қоластындағы әскербасыларының өмірі мен өліміне жауап берді деп (Ибн Фадлан) жазған. Жоғарыда келтірілген нұсқа бойынша хазарлардың 799 жылы Кавказ еліне басып кіргені жөніндегі мәліметтерді түрлі деректердің негізінде жүйелеуге негіз бар.

Хазар қағанаты мен арабтар өздерінің Кавказ жотасындағы қозғалыстарына тең дәрежеде төтеп беретін мықты қарсыластар екенін дәлелдеді. Сонымен қатар хазарлардың саяси мүддесін Византия империясы қолдап, барынша көмек көрсетуге тырысқан. Хазарлардың арқасында Византиялықтар арабтарға төтеп беріп қана қойған жоқ, сонымен қатар олардың жанына бататын соққыларды қатарымен жіберіп отырды.

Византия өзінің одақтастарын бағалады, жауларының, яғни арабтардың күші мен назарын батыстан солтүстікке кері қайтару үшін хазарларды айдап салу ең қолайлы саяси ойын ретінде империя өз мүддесіне жақсы шешті. Дегенмен Византия империясы хазарларға да қарсы шығудың сәті түскенмен, арабтарға қарсы қоя отырып басты екі бірдей жаудан құтылудың әдісін пайдаланған. Бұл дипломатиялық саяси әдіс сонау ерте заманнан Рим империясы мен Византияда және Қытай тарихында жиі қолданылатыны тарихта белгілі. Византияның VIII ғасырдың 80-жылдардағы Қырым Готиясында хазарларға қарсы қозғалыстан қорытынды шығаруға болады.

Қырым Готиясы деп ғұндар Дори патшалығын және Қара теңіз жағалауын жаппай қудалаған, готтардың арғы тегі жатқан жартыаралдың таулы аймағын атайды [5. 249]. Ғұндар жергілікті халықпен араласып, VI ғасырдың басында Византияға бағынышты болып таулы өткелдердегі («клисуры») құрылым қатарын нығайтуға атсалысып, дала жыртқыштарынан қорғаушы болған деген мәліметтер. Сонымен бірге Готияның астанасы Феодорда (Мангуп) жалпы христиан шіркеу құрылысының табылуы дәлел болады. VII ғасырдың ортасында аталмыш хандық

хазарларға бағынышты болды, бірақ мұнда хазарлардың басқа да отарларындағыдай ішкі автономия сақталды. Хазарлар жағынан бақылау астында болса да, Готия өзінің князімен елін басқарып отырды. Херсонды қоспағанда Қырымды түгелдей қолында ұстаған Хазар қағанынан баспана сұраған. Херсоннан қашқан Византия императоры Юстиниан да сол жерден баспана тапқан болатын. Кейіннен хазарлармен уақытша басып алынған Херсон және олардың 711 жылғы төңкеріске қатысуы нәтижесінде император болып жарияланған Филип Вардан империя мен хазарлар арасында достық қарым-қатынас орнатты.

VII ғасырдың соңында Готия шіркеулік қарым-қатынаста Херсонмен байланысты болғаны туралы «Георгия, епископ Херсон Доранттық» деген жазу бар 692 жылғы Трул шіркеуіндегі акт дәлел болмақ [5. 249]. VIII ғасырдың басында хазарларды Византиямен, Готиямен, Дороспен байланыстырған арнайы епископтық (Готтық) кафедраның негізі қаланды. Соған қарағанда соғды епархиясы сол кезде пайда болған көрінеді. Шіркеу дүние-мүлікті тәркілеу және монахтармен күрестерге байланысты икондық саясатты Исаврлардың үйінің бірінші императоры тарапынан жүргізіп, шіркеулер мен монахтардың әсері ерекше күшті христиан аймақтарының қатарын Византиядан кері итерді. Алғашында Қырым Готиясы икондық дәстүршілдікке қарсы шықпады. 754 жылы гот епископы шіркеуге қатысты ережелерге қол қойды. Алайда Византиядан Қырымға монахтардың жаппай көшіп келуі, монахтардың жерлерге ие бола бастауы, сол уақытта Қырымда монастырьлердің көптеп салына бастағанын дәлелдейді. Дегенмен бірінші кезекте икон күрескерлерінің қарсы саясатының нәтижесінде Готияда бірден төңкеріс болды. Икон күрескері епископ иконға табынушы жақтастарымен алмастырылды. Грек жазбасында Херсоннан табылған қазбаларда бұл оқиға 758 жылғы жағдайлармен байланыстырылады [61. 297-298.]. Сондай-ақ грузин шежірелерінде көрініс тапқан [27. 152].

Хазардың Арыстан есімді қағанның өлімінен кейін (780 ж.) иконға табынушылардың салтанатына, 787 жылы Никей шіркеуінің тұрақты қойылымдарына қатысқан гот епископының өкілі Кирилл монах, Иоан Византияның қызықтыратын хазарларға қарсы астыртын әрекет туралы сөз бастаған. Готтық Иоан-

ның жазбаларында бұл астыртын әрекетке Готияның билігі мен бүкіл халық қатысты, бірақ шындығында, кейінгі оқиғалар көрсеткендей, жағдай басқаша болды. Готиядағы алаңдаушылық туралы білген қаған Дорос патшалығының астанасын алған әскер жасағын жіберді. Алайда Иоан және оның ізбасарлары хазарларды қуып шықты және елге апаратын таулы өткелді бақылауды өз қолдарына алған. Алдын ала ұйымдастырылған «қорғаныс» алдамшы болып, ол сырттан және Готи ішінен де жеткілікті қолдау таба алмады. Көтеріліс жетекшісі Иоан хазарларға беріліп, ал Готия билеушісі қағаннан кешірімін сұрады. Шама-сы, көтерілістің жойылуы гот патшасы және оның жақтастарының қатысуымен орын алды, сонымен бірге әңгімеде айтылғандай, хазарлар Готияның мырзасын кешірді және еш кінәсі жоқ 17 құлды өлім жазасына кесті, бұл жерде ойландыратыны көтеріліске тартылған халықтың төменгі табының өкілдері хазарларға қаншалықты қауіпті болса, Готияның басымдыққа ие тобына соншалықты қауіп төндіретіні тұспалданып көрсетіліп тұр.

VIII ғасырдың 80-жылдарында Готиядағы оқиғаны сипаттайтын жазба деректердің толық сақталмауынан мәселені толық анықтау қиынға соғады. Дегенмен Готиядағы ережелердің негізін бұрмалап, саяси қақтығысқа ұшыратқан Иоан екені анық. Готиялықтардың хазарларға қарсы тәуелсіздік үшін күресіне алдымен шіркеу өз мүддесін қорғау мақсатында халықтың төменгі табын көтеріп, Готияның ақсүйектер тобына қауіп тудырған. Шығу тегі жағынан готтық ауқатты әйел хазарлардың Доросты алуынан қағанның лауазымы бұрынғыға қарағанда көбірек тәуелді болды деп кінә тағып, нәтижесінде Иоанға тағылған айып әшкереленеді. Сонымен, жоғарыда сипатталған әлеуметтік сипатқа ие болған көтеріліс, саяси жағдаймен діннің ықпалының басым болған көрінісі.

Хазариядағы вассальдық иелік жағдайын сипаттау үшін VIII ғасырдағы Иоан епископтың готтар жөніндегі тарихының маңызы зор. Иоан жазбаларынан хазарлардың өздеріне бағынышты аймақтар мен халықтарды кең автономиямен қамтамасыз еткендігін нақты сипаттайды. Сонымен қатар VIII ғасырдың соңында Гот ипархын «Таврикалық климаттарда томаш халқымен соғысуы» деп сипаттайтын басқа деректер бар. Дегенмен аталып отырған кезең туралы жазба деректердің басым бөлігі,

Византия империясының үстемдігін жариялау негізінде, белгілі бір тапсырыс сияқты бұрмаланғаны байқалады. Әсіресе Хазар қағанатын византияның әскери одақтасы емес, керісінше тәуелді нөкері сияқты көрсетуін атауға болады.

Хазарлармен жылы байланысты бағалай отырып, Византия бұл көтерілісті қолдады немесе керісінше оны бұл авантюрадан тайдыруға Готиядағы жергілікті биліктегі өзінің барлық әсерін алға қойды. Сонымен қоса Византияға Иоанның хазарлардағы жағдайын жеңілдету және хазарлық христиандарға пайдалы болған өте елеулі жеңілдіктер, ең соңында империяның өзінің пайдасына шешілді. Христиандар бүкіл елге жайылған бір шіркеулік ұйымды алды. Дорост епархияның отбасымен басқарылып отырған епископтық кафедра митрополияға ауыстырылды, олардың үшеуі халықтардың атын, ал төртеуі епископтар тұрған қала аттарын жамылды, атап айтқанда: Хоцир, Астил, Хвал, Оногур, Ретег, Гун және Таматар.

Глоссе мәліметтеріне сәйкес, соңғы келтірілген тізімдердегі Хоцир епархиясы Фулл және хазарлардың меншігіндегі Қырымның әкімшілік орталығы «Қара су деген мағынаны білдіреді» деп 1891 жылы Де Боорде жарияланған. Оның атауы, күдіксіз, хазарлардың ежелгі атауы хацирлер (акациры?) дегенмен байланысты екені анық. Екінші епархия – Астилді хазарлардың Еділ жағалауындағы астанасы Итилмен байланыстырады. Үшінші Хвалда епархиясын археолог С.П. Толстов Хазар мемлекетінің сыртында орналасқан Хвалдық, яғни Хорезмдік епархия деп анықтаған [62. 81, 276.]. Ю. Кулаковский, А. Васильев және олардың ізін жалғастыра Г. Вернадский ешқандай негізсіз Хвалис қаласын Каспий теңізіндегі хазар жағалауында, Итил мен Семендрдің аралығында орналасқан деп болжайды. Оногур епархиясы, шынымен де, Азов теңізінің шығысында тұрған оногурлармен байланысты. Ретег, А. Васильевтің ойынша, Семендермен анықталған Тарку қаласына атауы берілген Терек өзені болып табылады. Бұл атауды түсіндіруді басқа қанағаттандырылмайтын жолы жоқ.

Ғұндар – VII ғасырдың өзінде-ақ христиан дінін қабылдап, жеке өзінің Ғұн епархиясын құрған, бізге белгілі Солтүстік

Дағыстанның ғұн-савирлері. Сонымен, ең соңғы Таматар епархиясы Таманда орналасты.

Гот епархиясының митрополиясының тізімін шығарушы оны икон күрескерлерінің бірінші кезеңіне (726–765 ж.) жатқызады, басқа авторлар оны VIII ғасырдың ортасы немесе тіпті бұдан да кеш уақытты белгілейді. Г. Вернадский бұл тізімнің пайда болуын Константин Философтың қызметімен байланыстырады және тиісінше оны жылдармен белгіледі. Алайда бұл автордың қорытындысында осы миссияның дұрыс емес бағаланғанын және 866 ж. мен 862 ж. аралығында (Константиннің қайтып оралуы) хазарлардың иудейлікке қатысты деректеріне сәйкес келмейтінін негіз етеді.

Гот митрополиясы Иоан Готтың қайта бас көтеруінен кейін құрылды. Иоан гот епископы болды, ол архиепископ, митрополит немесе Готиядағы одан жоғары иерарх лауазымы туралы мәлімет айтылмайды. Алайда Константин философтың жазбасында фулл халқының христиандықты қабылдауы, Солтүстік Кавказдағы ғұндардың табыну ағашының өртелуіне ұқсас болғанымен, алайда бұл жағдай фулларда христиандықтың ерте кезеңде болмағандығына дәлел бола алмайды. VIII ғасырда епархиялар тізімінде фулл епархиясы көрсетілмеген. Бұл Қырым хазарларында христиандықтың уақытша құлдырауы немесе жоғалуына байланысты бұл жерде осы дінді қалпына келтірген Константиннің қызметімен тікелей байланысты болуы мүмкін. Сол себепті Де Боордың гот митрополияларының тізімін, VIII ғасырдың 80-жылдары мен IX ғасырдың басындағы мерзімге сәйкес даталауымыз керек, осылайша ары қарайғы кезеңде хазарлардың иудаизмді қабылдау уақытына сай келеді.

Хазарлардың орталықтанған митрополияға бағынуы, бір жағынан мемлекетте христиандықтың маңызын күшейтсе, келесі жағынан, басқа да христиан топтарымен және көршілес елдердің шіркеу ұйымдарымен арадағы тығыз байланыстың қажет болмауынан түрлі саяси қиындықтар мен кикілжіңдерге алып келді. Бытыраңқы бір-бірімен байланыссыз жатқан, басқа епископты патриархаттарға бағынышты болғанша, орталықтанған хазар митрополиясы, шіркеулік мақсатта Константинопольге бағынышты болуы хазарларға тиімді болды.

Хазарияда VIII ғасырдың соңында орнатылған христиан шіркеуімен басқарылған жүйенің қанша уақытқа созылғаны нақ-

ты белгісіз, дегенмен ұзақ болмады. Ал IX ғасырдағы жағдайды хабарлаушы деректерде Қырымда тек екі архиепископ: Херсон және Боспор болды дейді. Готия епископиясындағы бір де бір митрополия, тіпті гот епископиясының өзі олардың қатарына жатқызылмаған.

Жүз жылдан астам уақытқа созылған араб-хазар соғыстары тарихи маңызға ие болды. Еуропаға шығыстан төнген қауіп үлкен үрей туғызды. Жеңімпаз, даңқты деп танылған мұсылман дінін ту етіп көтерген Араб халифаты, Хазар қағанатының күшімен тоқтатылды деуге болады. Кавказдан солтүстікке қарай аймақты жайлаған хазарлар болмаса Еуропа өркениетінің шығыстағы тірегі Византия империясы Араб халифатынан жеңілетін еді және христиан мен ислам діні тарихы мүлдем өзгеше болар еді, – деген тұжырымға да келіп отыр кейбір зерттеушілер [21. 177].

Қорыта келгенде, ислам дінін тарату мақсатында жорықтарын бастаған халифат әскері санаулы жылдарда-ақ солтүстікке қарай ентелей өтіп, екі бірдей империяның тас-талқанын шығара қиратып, ең ірі тау тосқауылына – Кавказ тауларына барып тірелді. Осы тосқауылдан жеңіспен өтудің сәті түскенде олардың алдарынан Шығыс Еуропаға қарай даңғыл жол ашылатын еді. Бірақ тап сол Кавказ шебінде араб армиясы жоғары дәрежеде ұйымдастырылған Хазар қағанатының әскери күшімен қақтығысып, арабтардың бұл бағыттағы шабуылында ілгері жылжуына жол бермейді. Шешуші шайқаста жеңіске жеткенімен әлсіреген арабтар Кавказ тауларын кері бағытта кесіп өтіп, еліне қайтты, өздерінен соң солтүстікте ешқандай әскери плацдарм қалдырған жоқ. Сөйтіп, ендігі жерде хазарлар мемлекеті бұрынғысынан да қуатты күшке ие бола отырып, экономикалық тұрғыдан да қуатты елге айналды.

**Бақылау сұрақтары:**


1. Хазар қағанаты мен Араб халифаты арасындағы қарым-қатынасын сипаттаңыз?
2. Хазар-Араб соғыстарының барысын және нәтижесін деректер бойынша тұжырым жасаңыз?



## **7-тақырып. Киев Русі князьдігі мен Хазар қағанаты арасындағы қақтығыстар және қағанаттың құлауы**

Хазар қағанатының тарихында Киев Русімен қарым-қатынасы – әлем тарихындағы күрделі мәселелердің бірі. Қағанаттың құлдырауы кезеңінде қалыптасқан Киев Русі үлкен қауіп төндірді. X ғ. ортасында мұсылмандар тарапынан қауіпті сезінген византиялықтар дереу жаулап алу соғыстарын күшейтеді. 944 ж. Низиб және Эдес аймағын жауласа, 961 ж. Критті, 965 ж. Сицилияны басып алды.

Бұл кезеңде хазарлар жаңа қауіп төндірген Киевтік Русь бұрынғысынан да күшейген еді. Нәтижесінде Киев Русі Хазар қағанатының ең күшті жауына айналды. Оның шабуылдары нәтижесінде хазарлар толығымен қиратылды. Халық ретінде тарихи аренадан жоғалды. Хазарлардың жоғалуының себебі, ол Хазар қағанатының өмір сүруі кезеңінде жаулап алынушы тайпа, рулармен ассимиляцияға түсуі де өз әсерін тигізгені анық. Хазар қағанаты халқының басым бөлігін оғыздар, ғұндар, аландар және т.б. көшпелі тайпалар құрады. VIII–IX ғ. Хазар қағанаты дамуының шыңына жетуіне сай бекіністерін де, нығайтқан оның дәлелі «Петропавловка селосының» маңында орналасқан хаза бекінісі.



Қалай дегенмен де, Хазар қағанаты Святославтың жорықтарынан құлады. Хазарияның құлауы Киевтік Русьтің бір мемле-

кетке бірігуін білдірді және шығыс славян тайпаларын өзіне қосып алды. Жорық кезінде қағанатқа бағынышты болған бұлғар, бұртас, яс, касог тайпалары қиратылды. Хазарияның билігі тек орталықта ғана емес, сонымен қатар оның шет жақтарында да құлады. Хазарияның құлауы Киевтік Русьтің Каспий теңізіне, Зорезм және Кавказдың арғы бетіне еркін қозғалуына мүмкіндік туғызды. Русь өзіне шығысқа жол ашты. Хазар сияқты кедергі мемлекет жойылғаннан кейін Русь пен шығыс арасындағы сауда қатынастары дами түсті [12. 365].

Билеуші табы иудаизм дінін ұстанған Хазарияның құлауы Шығыс Еуропаның славян халықтарының рухани өміріне үлкен соққы болды. Сондықтан иудейлердің кемшілігі олардың өзіндік мемлекетінің болмауы деп князь Владимир бекер айтпаған. XI–XII ғасырлардағы хазар тарихы орыс жылнамаларынан көрініс тапты. Шығыс және Батыс деректері хазарларды иудей десе, ол орыс деректері олардың тек билеуші тобы иудейлер деп сипаттайды.

Хазарияның құлауы Русьтің шығыс бөлігіндегі көшпенді түркі тайпаларының қалдықтарының құлауы деген тұжырым дұрыс емес. Егер еске алсақ, IX ғ. гугрлардың ірі ордасы оңтүстік орыс даласын мекен етті. Сонымен қатар 915 ж. көшпенді тайпа пешенегтердің Руське қоныстануын да айта кеткен жөн.

Хазар тарихын зерттеуші М.И. Артамонов төмендегі тұжырыммен қорытындылаған: «Хазар қағанаты оның өмір сүруінің негізі болған, яғни көршілерінен әскери басымдық және Азия мен Еуропа арасындағы сауда жолдары әкелетін экономикалық пайда жоғалғаннан кейін көлеңке секілді оларда жоғалып кетті. Себебі оның өмір сүруіне басқа негіз болмады. Ол өзінен күштірек Орыс мемлекетінің әсерінен кейін қыпшақтар даласына сіңіп, бірнеше бөліктерге бөлініп кетті» [12. 367].

Хазар қағанатының әлсіреуінің бірнеше факторлары бар. Олар: Хазар қағандығы 735 жылы Кавказдың арғы бетінде арабтардан жеңілуі, VIII ғасырдың басында Византияның әсерінен хазарларға христиан діні тарала басталуы. Арабтар ислам дінін, Византия христиан дінін енгізуге тырысты. Нәтижесінде хазарлар дербестігін сақтап қалу мақсатында VIII ғасырдың бірінші жартысында (731 ж.) Солтүстік Дағыстандағы хазарлардың бір тобы иуда дінін қабылдады. VIII ғасырдың аяғы мен

IX ғасырдың басында хазарлар ұрпағы – Обадия Хазар қағандығын басқарды да, өздерінің мемлекеттік дінін иуда деп жариялады. Бірақ осы кезде хазарлар мұсылман мәдениетінің шекаралық облыстары Хорезммен көрші еді. Ал хазарлар хорезмдіктерге қарсы 764 жылы Кавказдың мұсылман облыстарына жорық жасады. Хазар елі тікелей халифатпен, олардың бас қаласы Итил мұсылман елімен шекаралас болды. Орыстардың Еділ бассейніне қол сұғуынан бұрын хазарлар шығыс славян әлеміне шабуылдап өткен еді. Дегенмен IX ғасырдың екінші жартысында бірнеше славян халқы хазар қағанына салық төлегенін орыс шежірелері арқылы білеміз. Хазарлар солтүстікке тереңдеп енуі барысында орыстар әлі де болса нормандар деп аталатын. Славян тайпалары швед тілінде сөйлеген кезде солтүстік Новгородқа жақын жерде тұрған орыс князі қаған шенін иемденгені де тарихтан белгілі. Кейіннен орыс патшасының өз туыстарына, балаларына неміс сөзінен шыққан «князь» термині жиі қосылып, тұрмыста да қолданылатын болған.

IX ғасырда Балтық теңізінен Қара теңізге дейінгі аймақ орыстар құрған мемлекет болды. Орыстар хазар хандығынан бірнеше рет соққы жеді. 910-915 жылдары Камадая Каспий теңізіне, Хазарға Святослав шапқыншыларын жіберген кезде оларды хазарлар жойып жібергені де тарихтан белгілі.



**Итил немесе Еділ қаласының бір көрінісі**

Мұсылмандық деректер бойынша орыстардың 943-944 жылдары жасаған шапқыншылығы кезінде Кавказ мұсылмандарының бас қаласы Бердев, сондай-ақ хазарлар қоныстанған жерлер тонауға түсіп, қиратылған. Святославтың үшінші жорығы 965 жылы Хазар қандығын қиратуға бағытталды. Бұдан соң бірнеше жыл бойы хазарлар Дағыстанға шектескен жерімен қоса орыстардың қоластында болды. Бірақ көп уақыт өтпей-ақ орыстар өзі жаулап алған жерді тастап кетті де, кейін Хазар қағандығы қайта қалпына келді. Ресей үшін бұл сәтті қайту болды. Егер Святослав Итилде қалып қойған болса, онда орыстар мұсылман әсеріне еріксіз тап болар еді.

Бұл оқиғаның барысын түсіну үшін сол князь Святославтың басқа жерлердегі әрекетіне назар аудару керек. Оның нормандарға және Батыс Еуропаға жасаған жорықтары алғашында тонаушылық сипатқа ие болды. Орыстардың Каспий теңізіндегі алғашқы қимылдары да осылай болатын.

964-965 жылдары орыс князі Святослав Игоревич Еділге жорық жасап, Хазар қағандығын талқандады [8. 367].

Хазар қағандығы X ғасырда түгелімен ислам дініне кірді. Ішкі қайшылықтары мен көшпелі халықтардың шабуылынан талқандалған Хазар қағандығы XI ғасырдың басында өмір сүруден біржола қалды.

Хазар мемлекетінің құлауына орыстардың жеңісінен басқа да себептер әсер етті: түркі тайпаларының арасында «кундар» немесе «кайилар» деп аталатын түркілердің сонау шығыстағы бір бұтағының қозғалысы өз әсерін тигізді. Аласапыран жылжулар кезінде Сырдарияның төменгі ағысындағы ғұздардың иеліктеріне бірінші болып кундар бас сұққан болатын. Осы жағдайлардың алдында ғұздардың жартысы ислам дінін қабылдап, екінші жартысымен қырқысып жатқан. Осы қырқысудың арқасында ғұз немесе түрікмен халқының жартысы парсы еліне қоныс аударған. Олар барып алдыңғы Азияда Селжуктар империясын құрды. Ғұздардың екінші жартысының ұрыс салып батысқа қарай жылжуы Хазар хандығының құлауын тездетті. Хазарлар туралы соңғы деректі араб тарихшысы Ибн әл-Асирдің жазып, курдтардың қолбасшысы Фазлун 1030 жылы хазарларға жорық жасағаны туралы баяндайды [21. 67].

Хазарлар хандығы VII–IX ғасырлар арасында үздіксіз өсіп ұлғая берді, хандықтың шығыс шекарасы Жайық (Орал) өзенінен бастап, батысқа Дон өзеніне дейін, ал солтүстікте Мәскеу маңынан, оңтүстіктегі Аралға дейін созылып жатты. Бұл аумақтың ішінде бұлғарлар, мажарлар, толып жатқан фин қауымдары, славяндар, кавказдық құрама халықтар т.б. тайпалар аралас-құралас тіршілік етті. Сонысына қарамай, сол бір заманда аталмыш ұлан-байтақ өңірде біршама тыныштық, жайлы өмір сүру мүмкіндігі қамтамасыз етілген болатын.

Хазар хандығының құлауына себепкер болған келесі жағдай IX ғасырдың екінші жартысында Еділден өтіп шабуылдай кірген печенегтер болатын. Хазарлардың күнкөріс көзі болған саудасаттық ісі тығырыққа тірелді. Ақыры X ғасырдың соңын ала хазарлардың туы жығылып күйреді. Қолда бар дерек көздерінде келтірілген мәліметтер тым аз болғандықтан Хазар теңізі (Каспий) деп қай жылдары аталғаны белгісіз. Бұл да сол хазар халқының даңқты атынан қалған жер-су атауларының бірі.



**1930 жылы М.И. Артамоновтың «Саркел»  
(грекше Саркел, хазарша Шаркел) қаласын түсірген аэрофотосы**

Бірінші бөлімді қорытатын болсақ:

– біріншіден, Хазар қағанаты мен Византия империясы арасындағы дипломатиялық байланыстардың түркі тілдес қағанат

үшін тиімді және тиімсіз тұстары болды. Дегенмен хазарлар өзінің әскерінің мықтылығының нәтижесінде аса беделге ие болып, тең дәрежеде қатынас жасайтын жағдайға жеткен.

– екіншіден, Араб халифатымен Хазар қағанатының арасындағы ұзақ соғыстардың барысында Еуропа мұсылман экспанциясынан аман қалды.

– үшіншіден, Киев Русінің құрылуы мен күшеюінің нәтижесінде және сауда-саттықтың баяулауы және үш дінді бір шаңырақта ұстауы қағанаттың іштей әлсіреуіне алып келіп, Святославтың жорықтарынан құлауын тездетті.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Хазар қағанаты мен Киев Русі арасындағы қарым-қатынасын сипаттаңыз?
2. Хазар қағанатына Киев Русінің шабуылы қай жылы және кім бастап еді?

## БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ТІЗІМ

1. Феофан Н. Хронография // серия Византийская библиотека. Продолжатель Феофана. Жизнеописание византийских царей. – М., 2009. – 400 с. / Феофан Византиец. История // Византийские историки / пер. с греч. С. Дестуниса. – СПб., 1860.
2. Турский. Г. История франков / пер. В.Д. Савуковой. – М.: Наука, 1987. – 459 с.
3. Иордан. Гетика / пер. Е.Ч. Скржинской. – М.: изд. Восточной литературы, 1960. – 434 с.
4. Слово о полку Игореве. – М., 2012. – С. 180.
5. Прокопий Кесарийский. О постройках / ВДИ. – 1939. – №4. – С. 249-250.
6. Дьяконов А. Известия Иоанна Эфесского и сирийских хроник о славянах VI-VII веков // Вестник древней истории. – 1946. – №1. – С. 20 – 22.
7. Повесть временных лет. Ч.1 / текст и пер. Д.С. Лихачева. / под ред. В.П. Адриановой. – М. – Л.: изд. Академии наук СССР, 1950. – 404 с.
8. Полное собрание русских летописей: Лаврентская, летопись и Суздальская летопись по Академическому списку. – М., 1962. –Т.1. – С. 369.
9. Менаандр Протектор. История // Византийские историки: Дексип Эвнаний Олимподор, Малх Патриций, Менаандр, Кандид Ноннос и Феофан Византиец / пер. С. Дестуниса. – СПб.: тип. изд. Л. Демиса, 1860. – С. 313-470.
10. Das Strategikon des Mauricios Einführung, Edition und indices Von G. Dennis / Ueber. Von E.Gamillscheg. – Wien, 1981. – XI. 2-3.
11. Феофилакт Симокатта. История (Памятники средневековой истории народов центральной и восточной Европы) / пер. С.П. Кондратьева. – М.: Академия Наук СССР, 1957. – 223 с.
12. Багрянородный К. Об управлении государством // ИГАИМК. – 1934. – Вып. 91.
13. Ибн Хордадбек. Книга путей и царств // СМОМПК. – 1903. – Вып. 32 (или: Ибн Хордад-бех. Книга путей и стран. – Баку, 1986).
14. Ибн Хаукаль. Книга путей и царств // СМОМПК. – 1908. – Вып. 38.
15. Ибн Русте. Книга драгоценных камней // СМОМПК. – 1903. – Вып. 32.
16. Ибн әл-Факах. Книга о странах // СМОМПК. – 1902. – Вып. 31.
17. Ибн әл-Асир. Из Тарих-ал-Камиль // МиА. – 1940.
18. Ковалевский А.П. Книга Ахмеда ибн Фадлана о его путешествии на Волгу в 921–922 гг. – Харьков, 1956.
19. Дорн Б.А. Известия о хазарах восточного историка Табари // ЖМНП. – 1844. – Ч. XVIII. – N 7,8.
20. Рашид ад-Дин. Сборник летописей. Введение: о турецких, и монгольских племенах // ЗРАО. – 1858. – Т. 14 (см. также: – М. – Л., 1952. – Т. 1. Кн. 1; 1952. – Т. 1. Кн. 2; 1960. – Т. 2; 1946. – Т. 3).
21. Караулов Н.А. Сведения арабских географов IX–X вв. по Р.Х. о Кавказе, Армении и Азербайджане // СМОМПК. – 1901. – Вып. 24; 1902. – Вып. 31; 1903. – Вып. 32; 1908. – Вып. 38.

22. Голб Н., Прицак О. Хазарско-еврейские документы X в. – 2-е изд. – М., – Иерусалим, 2000.
23. Рашковский Б. Е. К вопросу об отношении к Хазарии в еврейских источниках X века // Материалы XVIII Международной ежегодной конференции по иудаике. Т.2. – М., 2011.
24. Марголин П.В. Три еврейских путешественника XI–XII вв. – СПб., 1884.
25. Иегуда бен Шмуэль Галеви // Галеви Ю.Ю. Дозорец // Восьмеричный путь – Германцы. – М.: Большая Российская энциклопедия, 2006. – С. 305-306.
26. Мойсей Хоренский. История Армении. – С. 154.
27. Джанашвили Д. Известия грузинских летописей и историков о Северном Кавказе, Херсонесе, Готфии, Осетии, Хазарии, Дигостии и России // СМОМПК. – 1897. – Вып. 22; 1899. – Вып. 26; 1905. – Вып. 35.
28. Marquart J. Ueber das Volkstum der Komanen Ostturkische. Dialektstudien. Abhandlungen d. Wiss. zu Guttingen, Phil Hist. Class. VII-XIII. – Berlin, 1914. – 295S.
29. Maills J. A.M. Histoire generale de la Chine, ou annales de cet empire traduites du Toung-Kien-Kang-Mou, pere Joseph-Anne-Marie de Moriak de Mailla. – Paris, 1785. – Vol.4. – 286 p.
30. Deguines J. Histoire generale de Huns des Turcs de Mongols et des autres Tartares occidentaux avant et depuis // Jurnal Asiatigue. – 1861. – P. 334-355.
31. Julien S. Documents historiques sur les Tou-Kiue (Turcs) // Jurnal Asiatigue. – serie6. – Paris, 1864. – Vol. III- IV. – P. 147 – 161.
32. Chavannes Ed. Documents sur les Tou-Kiue (Turks) occidentaux // Сборник трудов Орхонской экспедиции. – СПб., 1903. – С. 231-232.
33. Pelliot P.L. L'origine de T'ou – Kine: nom chinois de Turks. – Paris: T'oung Pao, 1915. – 245 p.
34. Гаргенштейн Д. Два еврейских письма о Хазарском царстве // ЧМОИДР. – 1847. – N 6. – С. 1-11.
35. Голден П. Тюрки-хазары – гулямы на службе у халифов // Хазары, сб. статей. – М., 2005. – С.458-482
36. Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. – Алматы: Жалын, 1998. – Т. 1. – 390 с.
37. Григорьев В.В. Восточный или Китайский Туркестан. – СПб., 1873. – 265 с.
38. Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности // Живая старина. – 1896. – Т. 4. – С. 10-12.
39. Иностранцев К. Хунну и Гунну // Ленинградский институт живых восточных языков. Труды Тюркологического семинария. – Л., 1926. – С. 47 – 64.
40. Артамонов М.И. История хазар. – СПб., 2001. – С. 362.
41. Артамонов М.И. Очерки древнейшей истории хазар. – Л., 1936.
42. Бернштам А.Н. Тюрки и Средняя Азия в описании Хой-Чао (726) // Вестник древней истории. – 1952. – №1. – С. 15-19.



43. Удальцова З.В. Идеино-политическая борьба в ранней Византии (по данным историков IV-VII вв). – М.: Наука, 1974. – 340 с.
44. Литаврин Г.Г. Славинии VII–IX вв. социально-политические организации славян // Этногенез народов Балкан и Северного Причерноморья: Лигвистика, история, археология. – М.: Наука, 1984. – 203 с.
45. Иванова О.В. Оборона балканских провинций Византии и проникновение «варваров» на Балканы в первой половине VI в. // Византийский временник. – 1984. – Т.45. – С. 24-29.
46. Плетнева С.А. Хазары. – М., 1976. – С. 230. Плетнева С. А. Очерки хазарской археологии. – М., – Иерусалим, 2000. – С. 12.
47. Гумилев Л.Н. От Руси до России. Очерки этнической истории. – М., 285 с.
48. Вернадский Г.В. Русская История. – М.: АГРАФ, 1997. – 524 с.
49. Малов С.Е. Енисейские надписи Тюрков. – М., – Л.: Наука, 1951. – 487 с.
50. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан. Летопись трехтысячелетий. – Алматы: Рауан, 1992. –373 с.
51. Буданова В.П. Этнонимия племен Западной Европы; Рубеж античности и средневековья. – М.: Наука, 1993. – 284 с.
52. Ирмуханов Б.Б. Исторические воззрения мыслителей XX века. – Алматы: Ылым, 1999. – 263 с.
53. Аманжолов К.Р. Түркі халыктарының тарихы. (XV–XVIII ғасырына дейінгі кезең). 2-к. – Алматы: Білім, 2002. – 272-б.
54. Акынжанов М.Б. Қазақтың шығу тегі туралы. – Алматы, 1957.
55. Пигулевская Н.В. Византийская дипломатия и торговля шелков в V–VII вв. // Византийский временник. – 1947. – Т. 1. – С. 184-214.
56. Хрестоматия по истории средних веков / под ред. С.Д. Сказкина. – М.: Наука, 1961. – С. 297-298.
57. Priscus Panites. *Historia Byzantina fragmenta*, 15. Ed. C. Mullerus. – Paris: Didot, 1851. –Vol. IV. – 258 p.
58. Ковалевский А.П. Книга Ахмеда ибн Фадлана о его путешествии на Волгу в 921-922 гг. – Харьков, 1956.
59. Моисей Каланкутуйский. История агван. – М., 2010. – 392 с.
60. Аммиан Марцеллин. История / пер. с лат. Ю. Кулаковского и А. Сонни. – Киев, 1906. – Вып. 6. – С. 11-16, 21.
61. Толстов С.П. Города гузов // Советская этнография. – 1947. – Вып. 3. – С. 81, 276.
62. Эрдели И. Авары // Исчезнувшие народы. Половцы, печенеги, хазары, скифы, анты, бургасы, авары, сюнну, тайрона, мочика, мая / под ред. П.И. Пучковой. – М.: Наука, 1988. – С. 98-110.
63. Шагинян А. К. Армения и страны Южного Кавказа в условиях византийско-иранской и арабской власти. – СПб., 2011. – С.146.
64. Семёнов И. Г. Военная тактика хазарской армии в период войны против Арабского халифата в 706–737 годы // Материалы XVII международной ежегодной конференции по иудаике. Вып. 31. Т.2. – М., 2010. – С. 7-15.

## ЕДІЛ БҰЛҒАР ПАТШАЛЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ МЕН ДАМУ ТАРИХЫ

### *1-тақырып. Еділ бұлғарларының этникалық тарихы*

Түркі әлемінде Еділ Бұлғар патшалығының тарихы – отандық ғылымда бұрын-соңды зерттелмеген тың мәселелердің бірі. Мындаған жылдар бұрын, Шығыс Еуропа даласы ерте ортағасырларда жаңа этникалық топтардың қалыптасуы мен дамуына куәгер болып, келешекте Киев Русі сияқты қуатты мемлекетпен қатынасқа түсуіне, географиялық орналасуы себепкер болды. Этникалық құрамына, діни наным-сеніміне, салт-дәстүріне, саяси ұйымына қарамастан бұл екі мемлекеттің арасында саяси қатынастар болды.

Бұлғарлардың тарихы ежелгі уақыттан басталады. Алайда ресми түрде мойындалған үзінді деректер, ежелгі бұлғардың мемлекеті туралы толық сипаттама бере алмайды. Ежелгі және қазіргі уақытта өмір сүріп жатқан бұлғар халқының нағыз тарихын қалпына келтіру үшін, олардың қазіргі жағдайының көлеңкесі арқылы қарастырылуы кедергі жасайды. Сонымен қатар қазіргі билеуші ұлттар өздерінің өткендегі қуаттылығы жайлы аңыздар ойлап тауып, олардың қуаттылығы кейінірек келгенін ескермейді және кейде басқа халықтардың жетістіктеріне негізделеді. Бұл әлемде барлығы өзгеріске ұшырайды. Бұлғар тарихы басқа мемлекеттердің тарихы сияқты өзара байланысқан екі тұрғыдан тұрады: 1) мифологиялық және 2) тарихи бөлімінен тұрады.

Бұлғарлар, болғарлар (лат. *Vulgares*, қазіргі болгар, праболгарлар, протоболгарлар) – көшпенді тайпалар, олар IV ғасырдан бастап шығыс Қара теңіз жағалауынан Каспийге дейінгі далаларда қоныстанған,

VII ғасырдың екінші жартысында Дунай маңы, ал кейінірек Орталық Еділ (Волга) және басқа да аудандарға қоныс аударған. Олар қазіргі заманғы болғарлар, қазан татарлары, гагауздар,

чуваштар, балқарлықтар сияқты халықтардың этногенезіне қатысқан және өздерінің атын Болгария мемлекетіне қалдырған. Қазіргі заманғы тарихнамада оларды белгілеу үшін келесідей терминдер қолданылады: протоболғарлар, праболғарлар, көне бұлғарлар. Қазіргі заманғы ресейлік тарихнамада әртүрлі этностарды шекаралау үшін болғарлар деп қазіргі Болгарияда тұратын халықты атайды. Олардың ата бабалары және де Еділдік (Волгалық) Бұлғарияның халқы тарихи әдебиетте бұлғарлар деп карастырылады. Катаң «U» (Ұ) әрпі бар «болғарлар» деген форманы, византиялықтар пайдаланған. Қазіргі заманғы болғарлар дауысты «Ъ» әрпін пайдаланып, өздерін бұлғарлар деп атайды.

Пайда болуы және этнотілдік тиістілігіне келер болсақ, кең таралған көзқарасқа сәйкес, бұлғарлар оғур тайпаларының бір бөлігі болған, бастапқыда олар Орталық Азияда мекендеген, қытайлық деректерде «тиелэ» деп аталған. Бұл көзқарас бойынша бұлғарлар халықтардың Ұлы қоныс аударуы барысында Еуропаға дейін жеткен ең ерте түркі топтарының бірі болып табылады [1]. Бұлғар тілі батыс-түркі тілдеріне жатады және де тіршілігін жойған хазар тілі мен қазіргі чуваш тілімен қатар олардың ерекше архаикалық тобын құрайды. Бұлғарлардың көне отанын академик С.Т. Еремян құрастырған «Ашхарацуиц» атты армяндық деректің географиялық атласындағы Орталық Азия сипатына сәйкес негізделген. 1990 ж. болғарлық тарихшылардың арасында бұлғарлардың пайда болуының шығыс-ирандық теориясы қызығушылық туғызды [2]. Бұл көзқарасқа сәйкес, көне бұлғарлар ирантілдес болған және Гиндукуштық батыс бөлігі, Парапамизбен оны солтүстікке қарай жатқан Согдианадан бөліп тұратын Оксус өзені – (Аму немесе Хигон) арасында жатқан аймақты мекендеген. Көне заманда бұл аймақ Бактрия (грек.) деп аталған, астанасы Балх қаласындағы Балхара болған. Осындай негізде бұлғарларды армяндық деректер булхтар деп атаса керек. Сонымен қатар үнді деректерінде балхиктар халқы туралы айтылуы және ертеортағасырлық деректерде Имеон тауларындағы (Бактрия болған жер) бұлғарлар отаны жайлы мәліметтерге сүйеніп, болғарлық тарихшылар «болғарлар» деген этнонимді шығарады. Сонымен қатар негіздеу сипатына антропология қатыстырылады, оның кейбір мәліметтері

бұлғарлардың тұрғындарын палеоеуропаидты топтарынан пайда болуын жобалауға мүмкіндік береді. Аталмыш теорияны жақтаушылар көне бұлғарлар бастапқы кезеңде шығыс-иран тілінде сөйлеген, бірақ кейін ол тілді түркі тіліне ауыстырған деп есептейді. Бұлғариядан тыс жерлерде бұл теория кең таралмады. Ортағасырлық деректерде бұлғарлардың азиялық отаны сипатында Имеон таулары (Имейлік) келтіріледі, негізінен, ол Ауғанстан мен Тәжікстан арасындағы аймақ болып бекітілді.

«Бұлғарлар» деген этноним византиялық деректерде V ғ. бастап, Батыс Каспий маңы, кейін Солтүстік Қара теңіз маңы аумағына енген жеке түркі тілдес топтардың аты ретінде келтірілген. Дегенмен VI ғ. бастап «болғарлар» атауы жинақталған мағынада Солтүстік Қара теңіз маңы халқының түркі тілдес топтарының белгілеуі ретінде қолданылды.

Византиялықтар бұлғарлық тайпалардың және олардың бірлестіктері атауларына «гунно» деген жалғау қосты, онымен олардың пайда болуларының ортақ этникалық негізі бар екенін көрсетті. Солтүстік Кавказ бен Солтүстік Қара теңіз маңында басқарушы қалыпты бұлғарлар алған кезде, олар «ғұндар» деген атауды «бұлғарлар» дегенге ауыстырды. V ғ. ортасынан VI ғ. ортасына дейінгі кезең жалпы бұлғарлық белсенділіктің бірінші шарықтауы болды. Бұл жалпы діни идеология – Тәңірге табыну мен тіл ортақ өмір сүру аймаққа негізделген бұлғарлық этносферасының кеңеюі мен шынығу кезеңі болып табылады. Осы көрсетілген жүзжылдықта бұлғарлар, кем дегенде олардың жеке тайпалары тұрғылықты үйлер салуға, қолөнердің дамуына, жер өңдеуге, бау, бақшалар, дәнді дақылдар өсіру шаруашылығымен айналысып, отырықшы өмірге бейімделе бастауын археологиялық деректер сипаттайды.

Аса көне деректер негізінде құрастырылған VII ғасырдың «Ашхарацуйц» атты армяндық географиялық атласында булхтар тайпасы сақтар мен массагеттердің жанында орналасады. Агафий Миринейский 558 жылы Заберган ханының шабуылдары жайлы айтуында, Имей тауы аймағында Азиядан келген ғұндардың» (бұлғар) көне тарихы жайлы қысқаша мәлімдеме келтірген: «Ғұн халқы Меотид көлінің шығысқа қараған бөлігінің айналасында және Азияда Имей тауларының артында мекендеген басқа да варварлық халықтар сияқты Танаис өзенінен сол-

түстікке қарай аймақта қоныстанған делінген. Олардың барлығы ғұндар немесе скифтер деп аталған. Тайпалар бойынша жекеше олардың біреулері кутригурлар, ал біреулері утигурлар деп аталған» деп византиялық тарихшы Феофилакт Симокатта Түрік қағанаты тайпаларының арасындағы соғыстарды сипаттағанда уннугурлар (шамамен бұлғарлақ тайпа деп), отанын Согдианада (Гиндукуштермен қоршалған Ауғанстан, Тәжікстан мен өзбек шекарасындағы жазық аймақ) деп көрсеткен: «Кезінде уннугурлар салған Бакаф бекінісі жер сілкінісінен қираған болатын, Согдиана да жер сілкінісін басынан кешірді [3].

Михаил Сириец атты жылнамашы [4] Азияда Имаон (Памир, Гиндукуш, Тянь-Шань) тауынан шыққан және Танаиска (Донға) жеткен ағайынды үш «скиф» жайлы аңызды қалдырған. Бұлғарлармен бірге аталатын пугурлар қазіргі таңда тарихшылар арасында қызығушылық тудырып жүрген мәселелердің бірі. Дегенмен қытай деректеріндегі «пугу» атауымен де байланыстырушылар бар. Аңыз бойынша «Ерте заманда үш ағайындылар Ішкі Скифиядан өздерімен бірге отыз мың скифтерді алып, Имеон тауынан алпыс күндік жол жүрген. Олар су тауып отыру үшін қысқы уақытта жүрген, сөйтіп олар Танаис пен Понтий теңізіне жеткен. Ромейлер шекарасына жеткенде олардың біреуі өзімен бірге он мың адамды алып ағаларынан бөлініп кеткен. Ол Танаис өзенінен өтіп Понтий теңізіне құятын Дунайға жеттісімен император Маврикиге өкілдері арқылы қоныстануға жер және ромейліктердің одақ болуын сұрағана. Император оған Дакияны, Жоғарғы және Төменгі Мезияны ұсынды.... Олар сол жерлерде орналасып, ромейлерге қорған болды. Ромейлер оларды бұлғарлар деп атады. Қалған екі ағайынды Барсалия (Берсилия) деп аталатын аландар мемлекетіне және ромейлер салған қалалар, мысалы Тораян (Дербент) қақпасы деп аталатын Каспийге келді. Бұл жерлерді мекендеген бұлғарлар мен пугурлар ескі заманда христиандар болған. Сонымен, басқа елден келгендер бұл мемлекетті басқара бастаған кезде олар өздерін үлкен ағаларының атымен хазарлар деп атай бастады, ағасының есімі Хазариг (Казариг). Бұлғарлар атауы алғаш рет 354 жылғы белгісіз латын хронографының жазбаларында кездеседі, онда Қара теңіз маңы мен Каспий маңындағы (кейін Сима) тайпалар мен халықтар тізімінің соңында бұлғарларды (Vulgares) атайды.

Бұлғарлар жайлы алғашқы қосымша мәліметтер, V ғасырдың армян тарихшысы Мовсес Хоренаци деректерінде кездеседі. Оның айтуы бойынша, армяндардың патшасы Вагаршак ұлы I Аршак тұсында бұлғарлар армяндар жерінде қоныстанған: «Аршак басқарған кезде Ұлы Кавказ тауының байламында, бұлғарлар мемлекетінде үлкен толқулар пайда болды, олардың көбісі бөлініп, біздің мемлекетке келді» [5]. I Аршактың басқару мерзімі б.д.д. II ғ. бірінші жартысы деп саналады, ал ол өз кезегінде тарихшылар арасында бұл хабарламаның шынайылығына күмән туғызады. Мовсес Хоренаци III-IV ғ. өмір сүрген ертедегі шежіреші Мар Абаса Катинуға сүйенеді. Кейіннен олардың белсенділігі жайлы мәліметтер деректерден Ғұн империясының ыдырауы кезеңіне дейін жойылады. Бұл жағдай бұлғарларды замандастары ғұндар деп атаған тайпалардың үлкен одағына кірген деп болжауға мүмкіндік береді.

Ерте ортағасырлық тарихнамада V ғасыр ортасындағы өздерінің қиратушы шабуылдарымен белгілі болған ғұндар мен бұлғарлық тайпалардың шатастырылуы байқалады. Захарий Ритор өзінің «Шіркеулер тарихы» («Церковные истории») (VI ғасыр ортасы) атты еңбегінде Кавказдан Каспий маңына дейінгі барлық тайпаларды («булгарларды» қоса) ғұндарға жатқызады.

Бірақ гот тарихшысы Иордан VI ғасырдың ортасында олардың қоныстанған жерлерін сипаттай отырып бұлғарлар мен ғұндарды бөледі «олардың артынан [акацирлар] Понт теңізі бойын қоныстанған бұлғар жерлері кеңейген. Барлық қауіпті тайпалар арасында белсенділік танытып өзінің құрамына жұтып отырған ғұндар орналасты деп нақты сипаттап жазған...» [6. 49].

VI ғасыр ортасы деректерінде, VI ғасырдың 50-70 жылдары болған көшпенділер шабуылдары жайлы мәліметтерде бұлғарлар жайлы немесе ғун тайпалары утигурлар мен кутригурлар (кейіннен оногурлар) жайлы айтылады. VI ғасырдың соңынан бастап Еуропада тайпалардың бұл атаулары бұлғарлар деген этнониммен алмастырыла бастады, ал VII ғасырдан бастап тек бұлғар атауы қолданылады. Утигурлар мен кутригурларды бұлғарлық тайпалар ретінде теңестіруге мүмкіндік беретін нақты куәлендіретін мәліметтер жоқ, бірақ тарихшылардың көбі кейінгі дәлелдемелер мен жаңалықтарды сәйкестендіріп талдау негізіндегі нәтижелерге сүйенеді [7]. Кутригурлар төменгі Днепр-

дың иірімі мен Азов теңізі аралығында мекендеген, оның ішінде Қырым даласы мен түбектегі грек отарларының қабырғаларына дейінгі жерді иеленген. Утригурлар Таман түбегі маңында Азов теңізі жағалауында қоныстанған. Бұлғарлардың Балқан аймағында алғаш пайда болуы жайлы мәлімет VII ғасыр Иоанн Антиохийский хроникасында келтіреді: «екі Теодорих тағы да ромейлердің жұмысын әбіржіткен және Фракия маңындағы қалаларды тонаған, Зенонды бірінші рет бұлғарлар деп аталатын одаққа бас июіне мәжбүрлеген» дейді. остготтарға қарсы Византиялықтардың бұлғарлармен одағы 479 жылмен сәйкес дей келе, осыған дейін бұлғарлар Дунайда пайда болған. Константин Манассияның грекше өлең жолдары негізіндегі хроникасында (XII ғасыр) бұлғарлық аудармасында қоныс аударуды 475 жылға жатқызады.



**Бұлғар қорғанынан алынған бассүйектің қалпына келтірілген формасы**

Бұл кезде бұлғарлар көшпенді өмір салтында болатын. Олар жүйелі түрде Византия империясының шекараларына тонаушылық соғыстарын жүргізіп отырған. Фракия аймағына бірінші шабуыл 491 жылы белгіленген немесе Марцеллин Комиттің хроникасына сәйкес 499 жылмен белгіленген [8]. 502 жылы бұлғарлар Фракияға шабуылды қайталайды, ал 530 жылы Марцеллиннің мәліметі бойынша бұлғарлардың византиялықтардан жеңілгенін хабарлайды. Кейін бұлғарлардың шабуылдары славяндық тайпалармен одақтасып жүзеге асқан, олар бірінші рет жазба деректерінде VI ғасыр басынан бастап белгіленген. 539-540 жылдары бұлғарлар Фракия бойынша Эгей жағалауына

және Адриатика теңізге дейін Иллирий бойымен бақылау жүргізген. Сол уақытта бұлғарлар сарбаздары императорға қызметке тұрады. Мысалы, 537 бұлғар әскері Римде готтар жаулап алған византиялық гарнизонға көмек керсетуге қатысқан. Бұлғарлардың негізгі екі тайпалары арасындағы жауласулар жайлы мәліметтер бар. Аталмыш жауласуларда византиялық дипломатия ебін тауып отырған. Өзінің шекараларын тынымсыз көршілерден, кутригурлардан сақтау үшін Юстиниан императоры қымбат сыйлықтар мен ақшаның көмегімен оларға қарсы бұлғарлардың шығыс бөлігі – утигурлардың күшін пайдаланды. Нәтижесінде кутригурлар жеңіліс тапты, бірақ кейін екі тайпа қайтадан империяға қарсы біріге алды. Шамамен бұлғарлардың 558 ордасы (негізінен кутригурлар) Заберган хан басқаруымен Фракия мен Македонияға кіреді де, Константинопольге дейін жеткен. Тек үлкен талпыныстарының арқасында византиялықтар Заберган күшін артқа қайтарады. Бірақ ханның әскері әлі де күшті және империя астанасына үлкен қауіп тудырады. Бұған карамастан бұлғарлар өздерінің жерлеріне қайтып оралады. Оған себеп Доннан шығысқа қарай белгісіз жауынгер орданың қалыптасуы болып табылады. Ол Баян қағанның басқаруымен құрылған аварлар (жужандар) еді.

Византиялық дипломаттар аварларды Константинопольге шабуылдаған бұлғарларға қарсы күресте пайдалануға ұмтылды. Жаңадан құрылған көшпенді мемлекетке сый ретінде ақша және қоныстануға жер ұсына отырып император империя мүдесіне тиімді пайдаланады. Авар қағанаты әскер саны жағынан көп болмаса да (кейбір мәліметтер бойынша алғашында 20 мың атты әскер), олар мықты жауынгерлер болып шығады. Оған себеп аварлардың жағдайының қиындығы мен соңынан қуалап жүрген түріктер қудалаушылығы себепкер болуы мүмкін.

Бірінші болып аварлардың шапқыншылығына утигурлар (560 ж.) ұшырайды, кейін аварлар Донды кешіп өтіп, кутригурлар жеріне басып кіреді. Заберган хан Баян қағанның вассалы болады. Кутригурлардың кейінгі тағдыры аварлардың жүргізген саясатымен тығыз байланысты болады.

Түркілердің алдыңғы қатардағы әскері Кубань сағасы ауданында Қара теңіз жағалауына жетеді. Утигурлар өздерінің



үстінен түркі қағаны Естемейдің үстемдігін қабылдап, оның әскерінің құрамында Керчен бұғазы жағалауында ежелгі Боспор қорғанын жаулауға қатысады, ал 581 ж. Херсонес қабырғалары қалыптасады.

Бұлғарлық мемлекеттердің құрылуы VII-VIII ғ. жатқызылады. Аварлар Паннонияға кеткеннен кейін, ішкі қақтығыстары салдарынан өздерінің батыстағы иеліктерінен айырылады. Түрік қағанатының әлсіреуінен кейін бұлғарлық тайпалар қайтадан өздері жайлы мәлімдеуге мүмкіндік алады. Олардың бірігуі Құбрат ханның есімімен байланысты. Онногурлар (уногундурлар) тайпасын басқарған бұл билеуші, бала кезінен Константинопольде император сарайы аясында тәрбиеленген (кейбір даулы деректер мәліметтері бойынша 12 жасында шоқындырылған).

IV ғасырлар аралығында Еділ мен Қарқаралы аралығында шығыстан келген хунну-түркілер, терістіктен келген угорлар, оңтүстіктен келген Орта Азиялық түркі («басқа түркі тілді», әдетте оларды иран тілді дейді) тілді көшпелілер (оларды шартты түрде «балқандық» деуге болады), жергілікті сармат – аландардың өзара бірігіп, араласуы нәтижесінде тарихи деректерде «Вар», «Бұлғар», «Теле» деп аталып жүрген мәдени-этникалық орта қалыптасты. Мұндағы саяси билікті Шығыстан келген хуннулар қолына алғанымен мәдени-рухани келбетті жасаушылар – Орта Азиялық «балқантаулықтар» болатын. 200–300 жылдық араласу нәтижесінде жаңа қауымның нәсілдік бейнесі де, ортақ тілі мен мәдениетінің алғышарттары жасалды. Бірақ бұл қауым қатаң тәртіпті мемлекетке бағына алған жоқ, ол жағын VIII–XIII ғасырлардағы «Дешті Қыпшақ» халықтарымен ұқсастыруға болады. 375 жылы жаңа қауымның белсенді бөлігі – ғұндар Еділден өтіп, алдарына аландарды салып алып, бірнеше жылдан кейін Еуропаның қақ төрінен бірақ шықты. Оның жайы белгілі. Еуропадағы Аттила тарихы туралы аз айтылып жүрген жоқ. Олардың Еуропалық мемлекеті шамамен 480–500 жылдарға шейін өмір сүрді де, Еуропа халықтары арасына сіңіп кетті [10 168-169].

Бір тұтас Еуразиялық аймақтың, дала көшпенділерінің мұсылман дінін біртұтас қабылдауы жоғарыда айтқандай Алтын Орданың Ұлы хандары Өзбек пен Берке хандардың тұсында XII ғасыр мен XIII ғасырдың бас кезінде болды.

Бұл аймаққа көп ұзамай XI ғасырда оғыздарды өкшелей қуып, қыпшақтар (половцы, кумандар) жетті. Оғыздар одан әрі ығысып, шығыс Еуропа жаққа табан тіреді (Оңтүстік Қырым татарлары, гагауздар, қарайымдар, печенегтер). Ал хазарлар қыпшақ тайпаларына біртіндеп сіңе берді немесе бытыраңқы көшпенді рулар ретінде Оңтүстік орыс даласы мен Украина жерінде көше жүріп, славян халықтарының мазасын кетіруші, ұсақ жорықшылардың қатарына қосылды. Бұл өлкені енді қыпшақтар еркін биледі.

Батыс Түрік қағанатының тікелей мұрагері санаған, Византия империясынан алым алып, төңірегімен елшілік қатынас орнатқан Бұлғар қағанатының дербес ғұмыры небәрі қырық жылға созылыпты. Алайда Еуропа тарихы түрік халықтарының тарихында үлкен із қалдырған. Ол да өзін бұрынғы ұлы мемлекеттің нақты мұрагері санаған, іргесін кеңейтіп, құлашын ұзаққа сермеген Хазар қағанатымен соғыста ойсырап жеңілген Бұлғар VII ғасырдың 70-жылдарында үшке бөлінеді. Құбраттың үлкен ұлы, тақ мұрагері Ботбай қарауындағы халқының негізгі тобымен бірге Хазар қағанатының құрамына енеді. Кенже ұл Аспарух (Аспар) екі жүз мыңдай халықпен батысқа қарай үдере көшіп, Дунай бойында жаңа бір ұлыс – Бұлғар (Болғар) хандығын негіздейді. Ортаншы ұл Баян терістік тарапқа ауып, Еділдің жоғарғы ағысы, Кама бойында, ол да Бұлғар атанған хандық құрады. Дунайлық бұлғарлар жергілікті славян тайпаларымен араласып, уақыт өте келе тілі мен тегінен айрылып, христиан дінін қабылдап, ақыр түбі славян Болгария мемлекетінің құрамында жұтылып кеткені мәлім. Ал Еділдегі Бұлғар ұлысы IX ғасырда іргелі елге айналады, Батыс пен Шығыс арасындағы көпір есепті болады, мұсылман дінін қабылдайды, ақыры 1236 жылы Шыңғыс хан немересі Бату ханның ғұзырын мойындап, ізінше Алтын Орда құрамына қосылады, Алтын Ордан кейінгі бұлғар-татар Қазан хандығының тарихы қазіргі Татарстан тағдырына жалғасыпты.

X–XII ғасырлардағы Еділ Бұлғариясының астанасы Бұлғар қаласы болған. Қала Еділ өңірінің ірі саяси және мәдени орталығы болған. X ғасырда ірі сауда орталығына айналған қала 1399 жылы «Ұлы Бұлғар қаласы» деген атқа ие болды. Бұлғар қаласын 1431 жылы Мәскеу князі Василий Темный басып алған

[3. 69]. Қаланың қираған орны – Татарстандағы Еділ өзенінен 6 шақырым жердегі Бұлғар ауылының маңында. Бұлғар қаласы этникалық татарлар үшін аса маңызды болса, Свияжск орыстар мен орыс православтық христиандары үшін маңызды – мұнда үш монастырь мен бірнеше православ шіркеуі бар.

Бес жүзжылдық тарихында Бұлғар қаласы Еділ өңірінің ірі саяси және мәдени орталығы болған. X ғасырдың өзінде Бұлғар ірі сауда орталығына айналған. Қаланы өз көзімен көрген (992 ж.) араб саяхатшысы Ибн Фадлан оны сол кездің өзінде «халықаралық жәрмеңке» деп суреттеген. X ғ. Қазақстан жері арқылы жүріп өткен араб саяхатшысы Ибн Фадлан «*Рисала*» («Жазба») деген туынды жазған, онда хазарларға қарсы араб-бұлғар одағын орнату және бұлғарлар арасында ислам негіздерін орнықтыру мақсатымен араб халифатының астанасы – Бағдаттан Еділ бұлғарларына барған елшіліктің сапары (921–922 ж.) суреттелген. Жолды Хамадан, Рей, Нишапур, Мерв, Бұхара, Хорезм, Үстірт және Жайық арқылы Еділ бойына қарай жүріп өткен [13. 137].

Бұхарада Самани әулетінің билеушісі II Насырдың сарай қызметшісі болған Дулаф әбу 942 жылы Қытай мен Үндістанға сапар жасап, өз замандастары арасында саяхатшы атанған. Дулаф саяхаттары туралы екі «*Рисала*» («Жазбада») баяндаған, оларда оғыздардың, кимақ, қарлұқтардың, жікілдердің шаруашылығы, діні мен тұрмысы туралы көзімен көрген және мәліметтер айтылады [21. 48]. Бұлғарлардың басты кәсібі ауыл-шаруашылығы мен сауда жолы болды. Ауыл тұрғындарының басым көпшілігі егіншілікпен және мал шаруашылығымен айналысты. X ғасырдың басында араб географы Ибн Русте былай деп жазды: «Халық егіншілікпен айналысатын және түрлі дәнді дақылдарды өсірген. Сонымен қатар бұршақ тұқымдастарды, жасымықты өсірген. Нанды орақтармен және шалғылармен алып отырды» [21. 46-52]. Бұлғарларда астықтың көп болғаны соншалықты олар орыс князьдіктерінде ашаршылық жылдарында астықпен көмек көрсетіп отырған. Ірі қара мал ұстаған. Араның балын жинап, әр жаз мезгілінде «набиз» және «суджуб» атты сусындарын дайындайтын болған.

Қала тұрғындары былғарыдан аяқ киім тігуден сонымен қатар зергерлік бұйымдар жасаудан хас шебер болған. Зергер-

лердің жасаған бұйымдарын Еуропа халықтары «бұлғарлық филигрань» деп атады.

XII ғасырдағы феодалдық қырқыстардың әсерінен Бұлғар біршама уақыт өзінің маңызын жоғалтады. Бату хан шапқыншылығы да қаланың дамуын бәсеңдетіп, оның ішкі жағдайын шиеленістіріп жібереді. Тек XIII ғасырдың 80-жылдарынан бастап қайта дами бастаған қаланы 1361 жылы Алтын Орда ханы Темір киратады. Араға аз уақыт салып, қайта қалпына келген қала 1399 жылы «Ұлы Бұлғар қаласы» деген атқа ие болады. XIV ғасыр – Бұлғардың ең гүлденген кезеңі. Осы тұста қалада «Мұнаралы мешіт», «Қасиетті Николайдың шіркеуі», «Хандардың қабірі», монша ғимараты, т.б. көптеген сәулетті ғимараттар мен қоғамдық құрылыстар салынған [22. 49-63]. Бұлғар қаласын 1431 жылы Мәскеу князі Василий Темный бағындырғаннан кейін, Еділ бойы өңірінің орталығы Қазан қаласы болды. Бұлғардың қираған орны Татарстан жерінде, Еділ өзенінен алты шақырым жердегі осы аттас ауылдың маңында. I Петрдің тұсында-ақ қаланың ескі құрылыстары зерттеліп, бұлғар қабірлерінің басына қойылған құлпытастар топтастырылып, оларға жазылған жазулар оқылды. Бұдан кейін тек 1870 жылдан бастап кейбір ғалымдар шағын қазба жұмыстарын жүргізіп, көне заттар жинаумен шұғылданды.

1938 жылдан бастап Мәскеу Мемлекеттік тарих музейі, КСРО Ғылым Академиясы Заттай мәдениет тарихын зерттеу институтының, Татар АССР-і Мемлекеттік музейінің біріккен экспедициясы (А.П. Смирнов басқарған) қаланың орнында кең көлемді зерттеу жұмыстарын бастап, оны 1945, 1947–48, 1950, 1957 жылдары жалғастырды. Көп жылдық қазба кезінде табылған теңгелердің ең көнесі X ғасырға, ал соңғылары XV ғасырдың 20-жылдарына жатады. Жүргізілген зерттеулер кезінде табылған асыл бұйымдар мен тұрмыстық заттар қалада қолөнердің, әсіресе зергерлік кәсіптің жоғары деңгейде дамығанын көрсетеді. Ал 1957 жылы жүргізілген қазба барысында табылған Қытай селодоны, Сирия мен Палестина жерінен әкелінген зерлі ыдыстар сынықтары қаланың халықаралық байланыстары жөнінде мәліметтер береді [22. 193-194]. Бұлғардың Грекия, Армения, т.б. елдермен қарым-қатынасы болған. Татарстандық ата-аналар балаларына көне Бұлғар қаласының орнынан табылған

тарихи мұраларды көрсеткісі келсе, Мәскеудегі мемлекеттік тарихи мұражайына аттанады. Кеңестік және ресейлік артефакт туралы заңға сәйкес Татарстанның археологиялық қазынасының дені республикадағы ұлттық музейлерге таратылған.

Қорыта келгенде Ұлы Бұлғарияда колөнер мен сауданың дамуына кең мүмкіндіктер жасалған. Кубраттан кейін оның ұлы Ботбай билік жүргізді. Хазарлар мен аландар бірлесіп, Ботбай билік еткен кезеңде Ұлы Бұлғарияға шабуылды үдете түсті. Осындай шабуылдардан әлсіреген ұлы Бұлғария хазарлар билігін мойындауға мәжбүр болды. Осыдан соң Аспарух бастаған бұлғарлардың бір тобы Дунай бойына көшіп, онда Болгария мемлекетінің негізін қалады. Бұлғарлардың екінші тобы Еділ бойына көшіп, онда Еділ Бұлғариясы атты мемлекет құрды. Бұлғар тілі – ежелгі бұлғар тайпаларының тілі. Бұлғарлар бұрын Ғұн тайпалары одағына кірген, славян, фин-угор жұрттарымен қарым-қатынаста болған. IX–XII ғасырлардан сақталған деректер мен бейіттердегі (XIV–XV ғасырлар) жазуларға, тарихи есімдер түзіліміне карағанда, бұлғар тілі қазіргі чуваш тіліне жақын болған. Бұл екеуі түркі тілінің бұлғар тобына кіреді.

Бұлғар тобындағы тілдердің өзге түркі тілінен ерекшелігі – «з» орнына «р», «ш», «с» орнына «л» дыбысының қолданылуы. Бұлғар тілінің қазіргі башқұрт, татар тілдерінің қалыптасуына ықпал болды. Көшпелілер бұлғарларды VII–IX ғасырларда қазіргі Ресей жерінің түстігіне қарай ығыстырған кезде олардың бір бөлігі венгр мен славяндардың құрамына енген, осыдан олардың тіліне бұлғар сөздері мол ауысқан [23. 49]. Сан ғасыр тезінен өтсе де, бүгінге жұрнағы жеткен бұл жәдігерлердің халқымыздың мәдени қазынасын айшықтаудағы орны ерекше. Негізі, мұндай тарихи қазынаны аялап ұстап, елге танытып, әлемге насихаттаудың өркениетті үлгілерін әлемнің әр шалғайынан кезіктіруге болады.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Еділ бұлғарларының этникалық тарихын тұжырымданыз?
2. Еділ бұлғарларының қалыптасуы туралы араб саяхатшыларының еңбектерінен мысал келтіріңіз?

## **2-тақырып. Еділ бұлғарлардың географиялық орналасуы**

Еділдегі Бұлғар ұлысы IX ғасырда іргелі елге айналады. Шығыстан Батысқа қоныс тепкен түркі тілдес тайпалар жол бойындағы және жергілікті халықтармен қарым-қатынасының нәтижесінде жаңа этникалық атау – яғни «Бұлғар» атауы қалыптасты. Араб жиһангезі әл-Масудидің [«Ахбар әз-заман» «Замана тарихы»] Ұлы Бұлғар жұртын өзіне қосып алған Хазар қағанаты уақыт оза келе тек төменгі Еділ ғана емес, Орта Еділ, Қара теңіздің бүкіл терістік жағалауын, Күнгей Кавказбен қазір біз Атырау (Каспий) деп жүрген Хазар теңізінің солтүстік бетін (сірә, Жайық бойын да) алып отырды. Хазар қағандығы (650–969) – хазарлар құраған, орта ғасырлық мемлекет. Батыс Түрік қағандығында 630–651 жылдары дулу мен нешеби тайпалары арасында азамат соғысы жүрді. Нушебилер Орта Азияның бай қалаларына арқа сүйеп, Қытаймен одақтасты. Дулу бастаған жауынгер көшпенділер шығыс түрік ханзадасы Юйгу шадқа сүйенеді. Ал хазарлар нушеби құрамында еді. Осы кезеңде күшейіп алған Таң әулиеті қағандықтың батыс иеліктерін басып алды. Нушебилердің өз арасында да наразылықтар туындап, Қытайды жақтаған Иби – Шегуй ханды қуып жібереді. Дулу тайпасынан шыққан Дулу Хэлу Шаболо хан билікті тартып алған соң, хазарлар іштей бөліне бастады. Хазарлардың алғашқы билеушісі жергілікті билеушілерден емес, тақтан қуылған түрік қағаны болды. VII ғасырдың ортасында Түрік қағандығының еуропалық бөлігінде екі тәуелсіз саяси құрылым – хазарлар мен бұлғарлар құрылды. Хазар қағандығы өз қуатын арттыру мақсатында көрші тайпаларды, әсіресе туыстас, бірақ жаулық көзқарастағы бұлғарларды бағындыруға кіріседі. Бұлғарлар жеңіліс тауып, Ботбай басқарған бір бөлігі оларға бағынады. Олар кейіннен «Қара бұлғарлар» деп аталған кубаньдық бұлғарлар тобын құрайды. Хазарларға бағынғысы келмеген бір бөлігі Еділ бойымен жоғары өрлейді, сөйтіп, Еділ бұлғарлары пайда болды. Үшіншісі – Аспарух бастаған болгарлар 660 жылы Дунайға жетіп бекінеді. 679 жылы олар грек әскерін талқандап, ізінше Добрджаға басып кіріп, Дунай мен Балқан аралындағы елдерді түгелдей бағындырады. Көптеген жазба деректер, тарихи зерт-

теулер Хазар қағандығының Беленжер, Семендер, Варачен (Сарашен), Итиль, Саркел, т.б. ірі қалалары бар, халықаралық сауда, көпсалалы шаруашылық гүлденген іргелі мемлекет болғанын көрсетеді. Мемлекеттің ұйытқысы болған этникалық топтың қалыптасуын ғалымдар Қытай жазбаларындағы «ко-са» тайпасымен байланыстырады. Тарихи зерттеулер бойынша түркілердің осы тайпасы солтүстік Кавказдың шығыс жағын мекендеп, түркі тілдес «савирларды» (Сібірден шыққан, түркілермен ассимиляцияға ұшыраған, арғы түбі угор-финдік тайпалар) және ирандық, кавказдық шағын топтарды өзіне қосып алған. Бірнеше этностық топтың бірігіп, түркілік ассимиляцияға түсуі нәтижесінде пайда болған хазарлардың осы ерекшеліктері сол кездің жазба деректерінен көрініс тапты. Мысалы, әл-Истахри, ибн-Хаукал хазарлардың екі топқа («синфқа») бөлінетінін жазады. Хазарлардың бірі өңі қаралығына байланысты «кара хазар» десе, екіншісін өңі аққұбаларды «ақ хазар» деп атайды. Хазар қағандығы Қазақстаннан Қара теңізге дейінгі жерлерді иеленген Батыс Түрік қағандығы ыдыраған соң, Солтүстік Кавказдың шығысында VII ғ-дың ортасына қарай жеке саяси құрылым ретінде бой көтерді. Мұсылман жылнамалары Дағыстан өлкесіндегі хазар билеушісін VI ғасырдың 90-жылдардан бастап «малік», яғни патша деп атады, ал VII ғасырда хазар әміршісі Батыс Түрік қағандығына тек шартты түрде ғана бағынып, іс жүзінде дербес саясат ұстанды. Хазарлар көп ұзамай Батыс Түрік қағандығының киыр батыстағы бүкіл иеліктерін өзіне қаратты. VIII ғасырдың ортасынан бастап, мемлекеттің негізгі иеліктері Солтүстік Кавказдан Еділ, Дон өлкелеріне ауысты. Дамудың неғұрлым гүлденген тұсына тап келген осы кезеңде мемлекеттің аумағы анағұрлым кеңейді. Қағандық құрамына Шығыс Қырым, Азов өлкелері енді, Еділ болғарлары, буртастар, солтүстіктегі шығыс славян тайпалары: полян, северян, радимич, вятичтер бағынды, қаған билігі батыста Дунайға дейін жетті. IX ғасырдың басында хазар иеліктері солтүстікте Десна, Сейм, Сула, Сож өзендері алқаптарын қамтыды. Құрамына хазарлардан басқа алан, болғар, славян, т.б. тайпалар енген көп ұлтты мемлекетте дінге деген кеңшілік айрықша орын алды. Тәңіршілдік, ислам, христиан дінін ұстанған топтар бірге өмір сүрді. Сонымен қатар иудей дінін ұстанған еврей қауымдары кеңінен тарап, уақыт өте

келе көбейе түсті. Елді қаған басқарып, оның айналасындағы ықпалды бектердің беделі жоғары болды, бұдан төмен әскери тархандар тобы тұрды. Бағынышты елдер мен аймақтарды қаған тағайындайтын тудундар басқарды. Ондай елдерден түрлі алым-салық түсіп отырды. Мысалы, Еділ болғарлары түгін басы 1 бағалы аң терісін төлесе, славяндар «әрбір соқадан» 1 күміс ақша – «щеляга» берді. Жақсы қаруланған хазар әскері Шығыс Еуропадағы шешуші күш ретінде танылды.

Оңтүстік шығыстан Еділ өзенінің жағалауына қоныс аударған түркі тайпаларының өкілі – бұлғарлар болатын. Бұлғарлар деп татарлар, башқұрттар, чуваштар және қырым татарларын айтуға болады. Еділ Бұлғар патшалығы өз кезеңінде өмір сүрген сауда жолдарының басты торабы болған бірнеше көне қалаларымен белгілі. Солардың ішінде өз дәрежесін сақтап, әлі күнге дейін тіршілік атауын жалғастырып келе жатқан Казань, Киев (Башту), Елабуга және т.б. қалаларды айтып өтсек болады. Қала тұрғындары түркітілдес бұлғар тілінде сөйледі [1. 116-132].

Ұлы Еділ бұлғар патшалығы өз дәуірінде Русь, Скандинавия, Прибалтика, Византия, Қытай, Хорезм, Индия, Персия мемлекеттерімен жақсы қарым-қатынаста болды. Бұл жақсы қарым-қатынастың басты нышаны – ол су үсті сауда жол торабы еді. Қазіргі Орталық Азия мен Иранда ең мықты теріні былғары деп атайды.

Бұлғар елі қалалардың мемлекеті деген атаққа ие болған. XIII ғасырда өмір сүрген бір саяхатшы Бұлғария елін Ұлы патшалық бай қалаларға толы қуатты мемлекет деп айтып кеткен. Айталық қуатты қалалары: Биляр, Бұлғар, Сувар, Джукетау, Кашан, Ошель, Қазан, Алабұға, Муромдық қала, Юлово және т.б. [24. 63].

X ғасырда Еділ Бұлғарлардың астанасы Биляр қаласы болды. Биляр қаласы Киев пен Рим қалаларынан екі есе үлкен аумақты алып жатты. Ортағасырлық қалалардың ішінде ең гүлденген көне қала болып есептелді. Биляр қаласы қазіргі Татарстан Республикасы Алексеевка ауданындағы аймақта орналасқан. Бұлғария астанасының аймағы үйінділер мен үлкен мұнаралы қабырғалармен қоршалған. Қорғаныс құрылыстары Биляр қаласын ішкі және сыртқы қала деп екіге бөлді. Ішкі қалада бай адамдарға тиесілі кірпіштен, тастан тұрғызылған ғимараттар көп



болды. Сарай қаланың орталығында ақ тасты шіркеу мешітінің жанында орналасты. Қаланың сыртқы бейнесі ішкі көрінісінен әлдеқайда ерекше болды. Мұнда бөренеден салынған үйлердің, ұсақ қолөнершілер мен темір ұсталарының және металлургия тардың тұрмы-тіршілігін көруге болады. Қалаға кіретін қақпада үлкен керуен-сарай орналасқан. Басқа елдің көпестері керуен-сарайға тоқтап, өз тауарларын жәрмеңкеге шығарып, ұзақ жолдан кейін сол жерге конуға мүмкіндіктері бар болатын. Билярда жыл сайын әлемнің жан-жағынан келетін саны жағынан ең көп көпестер жиналатын үлкен жәрмеңкелер орын алып тұрды. Бұл қала сауда жол торабының орталығы ретінде танылды.

Билярдан кейін аумағы жағынан үлкен Сувар қаласы болып есептелді. Сувар қаласының бір ерекшелігі қаланың сыртқы қабырғасының өзі биік бағаналар мен үшкір тасты найза іспеттес темірлермен жабдықталды. Бұл қалада да кірпіштен, ағаштан салынған үйлер көптеп кездесті [1. 126]. Ал бұлғарлардың Еділ өзенінің оң жақ беткейіндегі басты орталығы – Ошель қаласы болды. Ошель қаласы ірі сауда қолөнердің басты орталықтарының бірі болатын.

Сол сияқты бұлғарлардың Кама өзенінің бойында орналасқан қазіргі Чистополь жеріндегі Джукетау қаласы да ірі қала болып есептелді. Биляр қаласынан кейінгі ірі сауда орталық ретінде танылған, бұлғарлардың қамалы Қазан қаласы X–XI ғ. қалыптасты. Бұлғарлардың жерінде 50 шақты үлкен-кіші қалалар қалыптасқан. Еуропа бойынша қалалардың басым көпшілігі сауда-саттық, мәдениет орталығы болып есептелді [25. 32]. Бұлғарияда мемлекет басшысын эмир деп атады. Бұрынғы аты – елтебер. Бұлғар қаласының князі Алмуш эмир бірінші болып мемлекет басына келді. Алмуш эмирдің кезінде ең алғаш Бұлғар жеріне Бұхара мен Бағдад елшілері келген. Кейіннен мұсылман дінін қабылдаған соң Алмуш эмирді мұсылманша Джағфар Ибн Абдулла деп атады.

Бұлғарлардың басты кәсібі ол – ауылшаруашылығы мен сауда жолы болды. Ауыл тұрғындарының басым көпшілігі егіншілікпен және мал шаруашылығымен айналысты. X ғасырдың басында араб географы Ибн Русте былай деп жазды: «Халық егіншілікпен айналысатын және әр түрлі астық нан дайындайтын: бидай, арпа, тары және басқа да бұршақ тұқымдастарды [26. 11-13] өсіретін.

Бұлғарларда астықтың көп болатыны соншалықты, олар орыс патшалықтарына ашаршылық жылдарында астықпен көмек көрсеткен. Сонымен қатар ірі қара мал ұстаған. Омарташылықпен айналысып, түрлі сусындар даярлаған. Қала тұрғындарының басым бөлігі былғарыдан аяқ киім тігудің шебері болған. Бұлғар зергерлерінің бұйымдарын Еуропа халықтары «бұлғарлық филигран» деп атаған.

Бұлғариядағы керуен сарай арқылы Киевке, Итильге, Хорезмге шығатын негізгі үш сауда жол торабтары болған. Әсіресе солардың ішінде сауда байланысы жағынан Киев Русі князьдігімен Еділ Бұлғар патшалығының арасында қарқынды сауда-саттық байланыс жүрген. Сауда жол арқылы тауарларды шығарумен қатар өзара тауар алмасуды негізгі бағыт ретінде ұстанған. Русьтен әйнек моншақтар, ыдыс-аяқ, ұсақ-түйек темірлер, сүйектен жасалған білезіктер, құлыптар және кілттер әкелінсе, бұлғарлардан нан, қыш ыдыс, қоладан жасалған құлыптар, мал, былғарыдан тігілген етік т.б. жіберіліп отырған.

Бұлғар патшалығында ислам дінінің таралуына байланысты, Шығыс мемлекеттерімен қарым-қатынас орната бастады. Мемлекеттер арасында өзара сыйлықтар жіберіліп, қала тұрғындары Меккеге қажылыққа бара бастады.

Қорытындылап айтқанда Бұлғар патшалығын жасаушылар VI ғасырда қалыптасып, тұтас этностың отанына айналған. Атаудың мағынасы тілімізде күні бүгінге дейін орныққан «былғары» сөзінің түп төркіні – «бұлғари» – бұлғардан шыққан мағынасында. Бұлғар тайпалық бірлестігінің құрамында, яғни негізін құраушылар – кутригур, акацир және т.б. тайпалар.

Авар қағанаты құрамында өмір сүріп кейін VII ғасырда өз алдына жеке мемлекет құрған Бұлғар патшалығы түркі халықтарының бір тармағына жатады. Патшалықтың алғаш тарихы жөнінде мәліметтерді сол кезеңде өмір сүрген Араб саяхатшыларының хаттарынан, Византиялық деректерден және Славян жазбаларынан көруге болады. Қоныстанған мекені, яғни алғашқы тұрағы Азов теңізінің шығыс жағалауын, Кубань өңірі мен Дон өзені аралығын алып жатты.

#### **Бақылау сұрақтары:**

1. Бұлғар тайпаларының географиялық орналасуын анықтаңыз?
2. Бұлғарлардың қоныстануына байланысты византиялық хронистер мен араб саяхатшыларының мәліметтеріне салыстырмалы анализ жасаңыз?

### **3-тақырып. Еділ Бұлғар патшалығының құрылу тарихы**

Бұлғария мемлекетінің тарихы бірнеше кезеңдерден тұрады:

1-кезең – «Жеті тайпа одағы» (VII ғ.), бұл кезеңде Византияның құрамына кірген Балқан түбегінің ірі бөлігін қоныстанған;

2-кезең – Бірінші Бұлғар патшалығы. Басты оқиғалары;

– 667–668 ж. Мизияға Аспарух хан бастаған протоболғарлар басып кіріп Византияны жеңеді де, 681 ж. византиялық император IV Константин мен Аспарух ханмен арасында бейбіт келісім жасалған, бұл жаңадан пайда болған славян-болғар мемлекетін тануды білдірді;

– 893–927 ж. славян-болғар мемлекеті Симеон патшаның тұсында Балкандағы үстемдік құрушы державаға айналды; жиі қайталанған өзара соғыстар мен үстемдік құрушы таптағы қайшылықтар Бұлғар мемлекетінің әскери және экономикалық қуатының әлсіреуіне алып келді, мұны пайдаланған Византия Бұлғарияны 1018 жылдан бастап 1187 жылға дейін өз қоластына алды;

3 кезең – Екінші Бұлғар патшалығы (1187–1396 ж.) бұлғар халқының византиялық күштеуге қарсы азаттық күресінің нәтижесінде құрылды.

Славян-бұлғар мемлекетінің таптық негізін феодалдық қатынас – жер иеленушілер мен шаруалар құраған. Феодалдар табына ірі феодалдық ақсүйектер – боярлар мен олардың вассалдары – ұсақ феодалдар кірген.

Шаруалар да бірнеше санаттардан тұрған:

париктер – феодалдарға тікелей тәуелді, жерге бекітілген және одан кетуге құқығы болмаған; отроктар – тәуелді шаруалардың ең төменгі санаты; технатарийлер – өз қожасының шаруашылығындағы қажеттіктер үшін қызмет ететін колөнершілер.

1393 жылдан 1878 жылға дейін Бұлғария Түркияның билігіне бағынған. 1878 жылғы 19 ақпанда Ресей мен Түркияның арасында Сан-Стефан бейбіт келісіміне қол қойылды, оған сәйкес Бұлғарияға, Сербияға, Румынияға және Черногорияға тәуелсіздік берілді.

VII-VIII ғасырларда Бұлғарияда құқықтың негізгі қайнар көзі болып әдет-ғұрып табылды. Кейін номоканондар – шіркеулік

византиялық заңдар жинағы пайда болды, олардың арасында Эклога мен Жер туралы заң ерекше орынды иеленген. Аса маңызды қайнар көздердің бірі – 32 тараудан тұрған, қылмыстық, азаматтық және іс жүргізушілік құқық нормаларының жинағы түріндегі Сот заңы болған. Бұл қайнар көздерге сәйкес жерге меншіктің екі түрі ажыратылды: «баштина» – мұрагерлікпен, еркін түрде берілетін меншік және прония – міндетті әскери қызметпен байланысты, шарттық сипаттағы өмір бойғы иелену.

Баштина атты жер меншігі – қайтыс болған тұлғаның балаларына өтетін, ал прония иесінің өлімімен жер үлесі оның жоғарғы иесіне қайтарылатын. Қалған мүліктерді мұрагерлікке алу Эклогамен реттелетін.

Қылмыстық құқықта қылмыс ретінде патша билігі мен шіркеу орнықтырған құқық нормаларын бұзу түсінілген. Патшаға және жеке тұлғаға қарсы қылмыстар Эклогамен, ал меншікке қарсы қылмыстар Сот заңымен реттелетін, азаматтық-құқықтық құқық бұзушылықтар Жер туралы заңда көрініс тапқан. Бұлғар мемлекетінде жауапкершілік дәрежесі мен жазаның ауырлығы жәбірленуші мен қылмыскердің сословиелік тегіне байланысты анықталатын болған.

Саяси беделінің артуына байланысты, географиялық орналасу аймағында Бұлғар патшалығы ұлы мемлекетке айналды. Киев Русімен қатар Византия империясымен қарым-қатынас жасауға қоныстануы себепкер болды. Бұлғар патшалығы Византиямен дипломатиялық қатынас орнатып, сол аймақтағы түрік жұртын түгел дерлік бір тудың астына біріктіріп, оңтүстік славян тайпаларын бағындырып, Киев Русіне салық жүктейді. Кезінде Авар құрамында болған Хазар қағанатының (630 – 651 ж.) саяси өмірінің жартысы араб экспансиясына қарсы күреспен өткен болатын [27. 113-119]. Хазар қағанатының тым асыра саяси белсенділігінің артуына сай, мемлекеттің құлдырауына алып келді. Солтүстік тараптағы славян жұртымен қатынас та қиындай түскен.

Оның үстіне, тынымсыз дұшпан арабтың ислам дінін құп көрмеген, ол да жаулас орыстың христиан дінін мойындамаған Хазардың билеуші әулеті IX ғасырдың бас кезінде ата салты – тәңірі дінін тәркі етіп, аралықтағы иудей дінін қабылдайды.

Сөйтіп, қаған өкіметі мен қайткенде де ата мұрасын, ежелгі дәстүрін сақтауға ұмтылған қара халық арасына жік түседі; ұлыстың шын мәнісіндегі өкімі билеуші қауымдастығының қолына көшкеннен соң ел билеуші әулеттің өзі екіге жарылады. Ақыр түбі ұжымды ұлыс емес, бассыз тобырға айналған ежелгі жұрт қабаттас екі майдан – бір жақтан, Киев Русі, екінші жақтан, Оғыз ұлысымен соғыста қирап жеңіледі. Сөйтіп, Шығыс Еуропа шегінде үш ғасыр салтанат құрған Хазар қағанаты 965 жылы құлады.

Дегенмен аварлардан бөлініп шыққан хазарлар мен бұлғарлар арасында әскери қақтығыстар орын алып тұрған. Шығыс деректеріне сүйенетін болсақ, Бұлғарлар Хазар қағанатына экономикалық және саяси тәуелділікте болғаны туралы мәліметтер бар [29. 53-59].

Алтын Орда халқы қазақ халқы құрамына енген қыпшақ, қоңырат, керей, адай, арғын, уақ, найман, қаңлы тайпаларынан, сонымен қатар Еділ бұлғарларынан, ежелгі хазар ұрпақтарынан, армяндардан, славяндардан, гректерден құралды. Дәл осы жағдай Еділ Бұлғар патшалығының дамуын бәсеңдетті. Дегенмен айта кететін бір жәйт: Бұлғар мемлекетінің қалыптасуында үлкен рөл атқарған Шығыс Арабия мен Солтүстік батыс Еуропа біріктіріп тұрған Ұлы Еділ сауда жол торабы болатын. Кейіннен бұлғарлар алыс аймақпен жүргізілген сауда жолдарында делдалдар бола бастады. Делдалдық Бұлғар мемлекетінің қалыптасуына, экономика саласын жақсартуға және мемлекеттік экспортқа үлкен әсерін тигізді. Бұл сауда жолы Джейхани кезеңінен белгілі (шамамен 900 ж.). Әл-Идриси (1154 ж.) өзінің «Услада путешествующих вокруг света» атты еңбегінде осы сауда жолы туралы айтып кеткен. Сол сияқты В.Н. Татищевтің айтуы бойынша, Владимир Святославтың кезеңінде бұлғар саудагерлері Еділ және Ока қалаларының бойына тек рұқсат берілумен ғана сауда жасауға мүмкіндіктері болса, ал орыс саудагерлері осы қалаларда еркін сауда жасай алатын [30. 113-119].

Бұлғария және Русь мемлекеті бір-бірімен белсенді түрде сауда-саттық жасаған. XI ғасырдың соңына дейін бұл екі мемлекет бейбітшілік қарым-қатынаста болған. Киев пен Бұлғар арасындағы құрлық және су үсті сауда жолдары үздіксіз жұмыс іс-

теп тұрды. Бұл бейбітшілік дәуірінде бұлғар көпестері тіпті Батыс Еуропаға дейін жүрген. Солардың ішінде: Орта Азия, Қытай, Үнді мемлекеті, Скандинавия, Венгрия, Персия, Араб халифаты және т.б. елдермен сауда қатынас жасаған.

Еділ бұлғарларының дін мәселесі жөніндегі тарихын басты екі кезеңге бөліп қарастыруға болады: X ғ. ислам дініндегі бұлғарлар, XII христиандық (православие) дініндегі бұлғарлар. Бұлғарлардың – ислам дінін, ал русьтің – православты қабылдауы адамдардың шоғырын екі жақты бағытқа ауысуына алып келді: Русьтен – Бұлғарияға, Бұлғариядан – Руське. Ресей халықтарының сан ғасырлық тарихында ислам ерекше маңызға ие болып, рухани өмірінде шешуші рөл атқарғаны белгілі.

922 жылы Еділ Бұлғариясының (бұлғар, болғар – көшпелі түркі тайпаларының бірі) Исламды мемлекеттік дін ретінде қабылдауы татар халқы тарихының маңызды, әрі негізгі даму бағытын айқындап берді. Ол аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына жаңа серпін беріп, рухани орталыққа айналдырды. Бұлғар өлкесі Исламды Айдар хан (Алмуш, Алмас) тұсында, яғни X ғасырда қабылдады.

Исламның осы күнгі татарлардың арғы ата-бабалары бұлғарлар арасында тарала бастауын кейбір ғалымдар (Ш. Маржани) халифа Мамұнның (813–833) патшалық кезеңімен байланыстырса, ал енді біреулері (Р. Фахрутдинов) Абд ол-Малик бин Мардан (685–705) уақытында хазарлар арқылы таралуы мүмкін деген болжам жасайды [31. 112-116]. IX-X ғасырларда Еділ бойына келген бұлғарлардың бір бөлігінің мұсылмандықты қабылдап үлгергендігін жоққа шығару қиын. Ислам бұл жаққа Орта Азия арқылы ене бастады, бұған бірінші кезекте сауда-саттықтың ықпалы болды. Бұл дегеніміз Орта Еділ бойындағы мұсылмандық дәстүрлер Орта азиялық құқықтық мектептердің, бірінші кезекте ханафи мазһабының ықпалы аясында қалыптасқанын көрсетеді.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Еділ Бұлғар патшалығының құрылуы.
2. Бұлғар атауының шығуы туралы жазылған деректерді сараптаңыз.

#### **4-тақырып. Әкімшілік басқару жүйесі мен мәдениеті**

Бұлғар патшалығының басқару түрі манархиялық болған. Жазба дерек мәліметі бойынша бұл басқару түрі түрліше аталған: алғашқыда – хан, славянша – князь, патша, Симеонның тұсында – кесар, кейін – император. Патша жоғарғы заң шығарушы, жоғарғы сот және жоғарғы қолбасшы лауазымдарын атқарды. Оның билігінің негізін әскер құрған. Патша билігі Баяр кеңесімен шектелетін, оның құрамына ұлы баярлар мен патриарх кіретін. Жоғарғы лауазымды тұлғаларды патша тағайындайтын. Олардың қатарынан мыналарды атауға болады: ұлы логофет – бірінші министр; протовестиарий – қаржы министрі патшаның және мемлекеттің қазынасын сақтаушы және басқарушы; ұлы әскербасы протостратор – жоғарғы әскери шендер. Бұлғарияның аумағы әкімшілік облыстарға бөлінген, оларды патша билігінің тікелей өкілдері болып табылатын облыстық басшылар – дукалар басқарған.

VII–VIII ғасырларда Бұлғарияда «Эклог» атты жер заңы қоғамда ерекше орын алған. Аталмыш заң – отыз екі тараудан тұрған, қылмыстық, азаматтық және іс жүргізушілік құқық нормаларының жинағы түріндегі қазіргі Сот заңдарының баламасы болған.

Бұлғар мемлекетінде жазаның ауырлығы жәбірленуші мен қылмыскердің шыққан тегіне байланысты анықталатын болған.

Бұл тарапта қуатты Бұлғар ұлысына айналған. VII ғасырдың үшінші ширегінде Азау теңізінің бойында тұрған ұлы Бұлғар қағанаты Хазар қағанатынан жеңіліске ұшырап, біржола ыдырады дедік. Ата жұртында қалған және Батысқа қарай ауған екі бөліктен басқа, үшінші бір топ Таң дариясын өрлей келе іркіледі, бірақ көп ұзамай, Хазардың жаңа шапқынынан сақтанып, Еділдің басына таман жылжиды да, сол жағалық, Каманың құйғанынан аса бере тоқтайды. Бұл өңірге ежелгі түрік тайпалары III–IV ғасыр Ғұн заманынан бастап қоныстанған еді. Бұлғарлар әуелі осы ағайын жұртты ғұзырына қаратады. Уақыт өте келе Еділ өзенін бойлай қонысын одан әрмен кеңейтеді. Содан соң іргелес фин-угор тайпаларын бағынышқа түсіреді, батыстағы кейбір славян топтарын да бодандыққа келтіреді. Ақыры, VIII–IX ғасырларда халқы ұйысып, Кама-Еділ Бұлғар ұлысы ре-

тінде біржола іргеленіп, берік орнығыпты. Бұлғар мемлекетінің мекен-жайының аумақ, шекарасы туралы әрқилы пікір бар, бірақ нақты байлам жоқ. Анығы – қазіргі Татар республикасы және онымен шектес, бұлар да автономиялық Удмурт, Марий елдерінің түстік пұшпағы, Шыбаш жұртының шығыс өңірі, және Ресейдің Ульяновск, Самар облыстарының терістік бөлігі деп шамалауға болады. Қайткенде де Каманың атырауынан Еділдің Самар иініне дейінгі бай, әрі байтақ өлке. Бар жағынан да өте қолайлы қоныс: орман мен дала аралас, топырағы құнарлы, суы мол, аңы мен құсы, балығы көп, әрі «Варягтан – арабка» аталатын қатынас жолының түйінді тұсы.

Бұлғарлар бір тарабы Балтық өңірі, жақын көрші Русь жұртымен, ал түстік бетте Хазар қағанаты, Араб халифатымен, түстік-батыста – Қыпшақ, шығыста – тағы да Қыпшақ, одан әрі Хорезм, Хорасанмен тұрақты сауда қатынастарын орнатады, Жібек Жолына иек артады және су жолы арқылы өтетін кемелер, құрылықтағы керуендер қақысы үшін тиімді баж салығын алып отырады. Жарым дүниемен бейбіт қатынас нәтижесінде өрісі кеңеюмен қатар, ел-жұртының әл-ауқаты артады. Ұлыстың экономикалық дамуының бір көрінісі – Бұлғар өзіндік күміс теңгелер шығара бастапты және мұсылман елдерінің манат ақшалары кеңінен қолданысқа түседі [32. 225-230]. (Бұл заманда Русь жұрты ақша дегеннің не екенін білмейтін.) Жауынгер, әрі еңбекқұмар бұлғар жұрты мал мен егін шаруашылығын және аңшылық, балықшылық, омарта кәсіптерін қатар жүргізген. Арпа, бидай, тары егіп мол астық өнімдерін сауда айналымына түсірген.

Сонымен қатар бұлғын, сусар, кәмшат, тиін, күзен, құндыз сияқты бағалы аң терілерін, биязы жүннен тоқылған мата мен бұйымдар және ара балын шар тарапқа өткізді дейді. Металл өңдеу ісі айрықша дамиды. Тұрмыстық ірілі-уақ, қажетті мүкәмалмен қатар, бұлғар дарқандарының қолынан шыққан сапалы, әрқилы қару-жарақ: сауыт-сайман, қылыш пен жақ өте жоғары бағаланған. Қазақ эпосында сақталған, мақтаулы «бұлғары садақ» – осы көне дәуірдің әдепкі бір жаңғырығы ғана. Бұлғар жұрты әрқилы шаруашылық кәсіптерін де жете игерген екен. Оның ішінде тері өңдеу айрықша дамиды. Тілімізде күні бүгінге дейін орныққан «былғары» сөзінің түп төркіні – «бұлғари» атауынан шыққан. Іргелес орыстар бұлғар жауынгерлерінің



жаппай, ол кезде өздері көріп-білмеген етік кигеніне қайран қалған екен. Осы былғары да үлкен айналысқа түскен, ең өтімді тауар қатарында аталады. Бұл кәсіптің мән-маңызы соншама, ел билеушілер жалпы жұрттан астық өнімі, мал шаруашылығы бойынша ешқандай салық жинамай, әрбір түтін жылына бір өгіз терісін өткізіп тұруға тиіс деген жарлық шығарады.

Жер жағдайы, қоныс ыңғайына байланысты, бұлғар жұрты, негізінен, отырықшы болды. Қыста ағаш үйде, жазда киіз үй немесе шатырда тұрады. Бірақ атаулы көші-қон жоқ. Жалпы жұрт үлкенді-кішілі ауыл-қыстақтарға қоныстанған, сонымен қатар қарағай қорғанды қалаларда тұрады. Бүгінде бір жүз жетпістей ежелгі кент орны белгілі. Бұл қалаларда әр кезде 5-10 мыңнан 50 мыңға дейін халық тұрған. Мәселен, Бұлғар астанасының аумағы – шамамен 600 гектар, ал кейінгі астана Биляр – 700 гектар жерді қамтып жатқан, сыртқы қорғандарының ұзындығы – 10, 12 шақырымнан. Мұндай ірі қалалар тек Қытай мен мұсылман әлемінде ғана болған.

Бұлғарлардың ислам дінін қабылдауы әдебиеттің, ғылымның, жалпы мәдениеттің дамуына үлкен әсерін тигізді. Алғашқыда бұлғарлар руникалық жазуды қолданған, кейіннен ислам дініндегі араб алфавитін негізге ала отырып жазу барысында қолдана бастады. Уақыт өте келе, араб жазуын көптеген зергерлік бұйымдарда, ыдыстардың сыртына, ескерткіштерге, тұрмыста қолданылатын заттарға жаза бастады. Осы жазулардың басым көпшілігі каллиграфия туындысына жақын келеді. Алғашында, тақтайға, ағашқа және тастардың бетіне жаза бастаған. Кейіннен, Самарқандтан қағаз әкелініп сол қағаз бетіне қауырсынды пайдалана отырып, қара сиямен түсіре бастады. Араб жазуын мектептерде үйретті. Бұл ауылды аймақтарда, қаланың ішінде салынған бастауыш мектептері болатын. Бұлғарлар жоғары білімді орта азияттардың ғалымдарынан дәріс алып оқыды. Олар математика, астрономия, химия және медицина, география мен тарих ғылымында жақсы жетістіктерге жетті.

Шығыс елдерінде бұлғарлардан Таджеддин әл-Бұлғарияның «Лучшие лекарства от отравления» атты еңбегі мен Иакуб ибн Нугманның «История Булгара» атты еңбектерімен танымал болды. Еділ бұлғарларында көркем әдебиет пен поэмалық халық өнері үлкен орынға ие. Ең озық поэмалардың бірі Кул Галидің

«Қисса-и Иусуф» туындысы. Поэма араб тілінде, Биляр қаласында жазылған. Кул Галидің бұл поэмасында басшының қандай болу керек екендігіне сииаттама беріп сөз етеді. Оның ойынша басшы ақылды, әділетті және мінсіз адамгершілігі мол болып, сонымен қатар мықты ел болу үшін адал, таза махаббат пен мықты тату-тәтті отбасын құру керек дейді [33. 70-75].

922 жылы ислам діні Еділ бұлғарларының мемлекеттік діні деп жарияланды. Бұлғарлар мұсылман әлемімен байланысқа түсе бастады, бұл жайлы ортағасырлық араб-парсылардың географиялық және тарихи әдебиеттерінде айтылған.

Бұлғария өз кезегінде бұрынғы Еділ маңының мұсылман орталығы ретінде Алтын Орданың исламдандырылуына да үлес қосқаны мәлім.

Араб халифатымен қатынас орнатып, алып-Елтебер Алмұш енді Жағыпар (Джафар ибн Абдаллах) деген жаңа есім қабылдап, бұдан былай мұсылман рәсімімен «әмір» аталған. Бартольд Бұлғар жұртына ислам бұдан бұрынырақ келген болуға тиіс, енді біржола бекітілді деп жазады. Бұлғар ұлысының исламға бой ұруы – бір жағы, мәдениеті жоғары мұсылман елдерімен одан әрмен жақындасу шарасы десек, екінші жағынан, өздері сырттай бодан саналған Хазар қағанатына қыр көрсету болатын.

Көп ұзамай-ақ бұлғар халқы ислам әлемінің бар игілігіне ортақтаса бастайды. Бұлғар мен Биляр қалаларында ақ тастан қос-қосынан еңселі, ауқымды Жұма мешіттері салынады, бұлардың ішкі қарамы 2300 шаршы метрге жетеді, бұл – Киевте бір жүз жыл кейін, Византия шеберлері салған София соборының көлемімен бірдей, орыс жеріндегі басқа шіркеулердің бәрі дерлік қиратылған. Орталық шаһарлар ғана емес, ірілі-ұсақты барлық қала, кенттерде мешіт болған. Мешітпен бірге медресе, мектептер ашылады, көне түрік жазуы араб жазуымен алмасып, сауаттылық жаппай сипат алады. XII ғасырда осы шалғай елден шыққан тәбиб (тәрігер) әрі фармаколог Тәдж-әд-Дин әл-Бұлғари, теолог ғалымдар Бұрхан-ад-Дин әл-Бұлғари, Хожа-Ахмед әл-Бұлғари және басқа да ғұламалардың есімі мен еңбегі бүкіл мұсылман әлеміне мәлім болады. XIII ғасырдың басы, 1212 жылы бұлғар ақыны Құл-Ғали «Жүсіп-Зылиха» дастаны көне түркі әдебиетіне зор үлес қосты. Бір сөзбен айтқанда, бұлғар-түрік

жұртының өз заманындағы әлемдік биікке ұмтылған талабы мен жетістігінің көрінісі. Халықтың дарыны мен білігінің, еңбегі мен қажырының нәтижесі. Сонымен қатар ислам шапағаты. Ислам дінінің бұлғар жұртында терең таралуына байланысты, әмір Хайдар 986 жылы Русь мемлекетінің ұлы князі Владимирге бүкіл ел-жұртымен қоса, мұсылман дінін қабылдауға ұсыныс жасап, арнайы елшілік жібереді. Владимир арғы-бергіні салмақтай келе, Византия жағына ойысып, арада екі жыл өткенде православ-христиан дінін қабылдағаны мәлім [34. 35-40]. (Осы орайда шындыққа жақын аңыз бойынша – ислам дінінің арақ-шарапқа тыйымы Владимирдің таңдауына шешуші себеп болыпты-мыс; әйткенмен ұлы князь айтыпты: «Руси веселье – пити, Не можем без того быти», – деген. – «Орыстың қызығы ішкілік, Онсыз жоқ тіршілік». Сонымен қатар Н. Карамзиннің дерегінде, Владимир мұсылмандардың ер баланы сүндетке отырғызу рәсімін теріс көрген.)

Бұлғарлар мұсылман әлемімен байланысқа түсе бастағаны жайлы ортағасырлық араб парсылардың географиялық және тарихи әдебиеттерінде айтылған. Бұлғария өз кезегінде бұрынғы Еділ маңының мұсылман орталығы ретінде Алтын Орданың исламдандырылуына да үлес қосқаны мәлім. Шығыс Еуропа мемлекеттері астанасына баланған Бұлғар шаһары Еділ сағасындағы Кама жазығында еді. Бүгінде ол ескі қала ескерткіштері мәдени мұраларының қатарында Бұлғар шаһары Еділ Кама Бұлғар мемлекетінің саяси экономикалық мәдени орталығы болды. Мұнда хан ордасы қыз-қыз қайнаған тұрмыс-тіршіліктің орталығына айналады, теңге шығарылып қолөнер дамыды. Уақыт өте шаһар орталығында хан сарайы бой көтеріп күмбезді мешіт пайдалануға берілді. Шалғайдағы Қытай мен Византиядан Иран мен Орта Азия және көршілес орыс жерінен келіп халықаралық сауда орталығы ретінде белгілі болды. Сондай-ақ мұнда әйгілі ақын Құл Фали 1183–1240, ғұлама тарихшы Жақып ибн Нұғман XI ғ., Хамид әл Бұлғари өмір сүріп еңбек етті. XII–XIII ғасырлар аралығында жақсы дамыған Бұлғар қаласы моңғол шапқыншылығына ұшырап жермен жексен болды. Дегенмен өзге Бұлғар шаһарларынан айырмашылығы XIII ғасырдың орта тұсынан бастап қайта көтеріліп XV ғасыр ортасында еңсесін түзеді. Тұрғындарының саны 50 мыңнан асып кәрі құр-

лық қалаларының біріне айналды. Бүгінде Бұлғар айналасы 5 шақырымнан астам жерді алып жатқан XIII–XIV ғасырлық сәулет ескерткіштерінің бірі. Ондағы күмбезді мешіт кесене Хан тұрағы мен моншасы Кіші мұнара секілді тағы да басқа көптеген археологиялық ескерткіштер – татар бауырларымыздың мақтанышы. Бұлғар өлкесі исламды Алмуш тұсында, яғни X ғасырда қабылдады. Айдар хан Бағдат халифасы сарайындағы славяндар басшысы тегі бұлғарлық Нәзірмен хат жазысып тұрған. Бұлғар әміршісінің исламды мемлекеттік дін ретінде қабылдау жөніндегі шешімі туралы хатты халиф әл Мұқтадирге осы Нәзір жеткізген. Хатпен танысқан Бағдад әміршісі Еділ Бұлғариясына елшілерін аттандырады. Олардың құрамында Саусан әл Раси және ресми хатшы Ахмед ибн Фадлан болған. Бұлғар өлкесіне аттанған төрт кісінің үшеуінің Еділ бұлғарлары аймағынан шығуы көп нәрсені аңғартса керек. Санкт-Петербургтық шығыстанушы арабист, профессор Анас Халидовтың пайымдауынша, осындай жәйттер IX ғасырдың соңы мен X ғасыр басындағы Бұлғар мемлекеті мен Бағдат халифаты арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастарға қан жүгірткен. Ғалымның пікірінше, дәл осы кезеңде халифатқа белгілі дәрежеде түркілердің ықпалы болған. Түркілер ислам қоғамына жатсынбай сіңіскен. Олардың арасынан ғылым мен білімге ден қойған ғалымдар, шенеуніктер, саудагерлер мен әскер шыққан. Аббас Халифаты әскерінің туы астына түркілердің топтасуы, олардың Ирак жеріне қоныстануын тездетті. 833–842 жылдары Халиф Мұғтасимнің әскерінің негізін түркілер құраған. Бұлғар патшасының Аббас халифатымен жақындасуы, аймақтағы әскери саяси билікті күшейту ойынан туған еді. Алайда халифа әскерінен тиер тікелей пайданың шамалы екенін Бұлғар патшасы, әрине, білді. Себебі жер шалғайлығы мүмкіндік бермейтін еді деп жазады өз естелігінде Ибн Фадлан [13. 56]. Дегенмен Аббастық халифа тарапынан қандай да бір қолдаудың қажет екендігін әрі оның маңыздылығын жете ұғынған Бұлғар басшысы, мұсылмандар әміршісіне ниеттері жаман патшалар мен жауларымын қорғану үшін қамал салып беруіңізді өтінемін деп хат жазған.

921 жылы 21 маусымда Бағдаттан шыққан керуен Ираннан соң Орта Азиядағы Әмудариядан өтіп, Бұхараға атбасын тіреді. Содан кейін дарияға қайта оралып кемелерге отырып, Хорезмге

жетті. Осы күнгі Ақтөбе Батыс Қазақстан жерлерімен жүре отырып, Бұлғарияға жақындайды. Керуен 922 жылы 12 мамырда Бұлғар жеріне аяқ басады. Керуеннің қалаға жетуіне бір күн қалғаны жайлы хабар алған Айдар хан, төрт мырзасына бауырларын және ұлдарын қосып қымбатты қонақтарды қарсы алуға жібереді. Қолдарына нан мен тұз, ет ұстаған олар керуен алдынан шығады. Ал шаһар маңында ханның елшілерді үлкен салтанатпен күтіп алады. Атынан түсіп, иіліп құрмет көрсетті де, Аллаһ тағалаға ризашылығын білдірген. Қолындағы дирхемдерін төбелерінен шашу деп шаша бастады. Біз оның өтінішімен киіз үйлерге орналастық деп еске алады Ибн Фадлан. Халифаның хатын оқу рәсімі де аса салтанатты жағдайда өткен. Бағдат халифасының жоғары лауазымды шенеуніктері ғана киетін, қара шапан мен қара бөрік Елтабарға Бұлғар басшысына кігізіледі. Содан кейін бүкіл халық көзінше халифаның хатын Ибн Фадлан оқып берді. Хат мәтіні аяқталғанда жиналғандар бірауыздан «Аллаһу акбар» деп ұрандатады. Ибн Фадлан жаңғырған дауыстардан жер сілкінгендей болды деп жазады. Бұдан соң елшілер Бұлғар патшасы пен патшайымына аса бағалы гауһартас пен сәнді киімдерді сый етеді. Патшайымға ерекше нақышпен тігілген шапан жабылғанда нәзік жандыларға құтты болсын айтылып дирхемдер шашылған. Осымен рәсім аяқталып тарихи оқиға құрметіне елшілерді салтанатпен қабылдау басталады. Византиялық үлгіде жасалған тақ ортасына Елтабардың өзі, жанына бәйбішесі жайғасады. Тақтың оң жағына мырзалар, сол жағына қонақтар отырысады. Ұлдары әкесі алдына келіп тұрған. Осыдан кейін барлығы балдан жасалған сусыннан бір бір кеседен ішіп үй-үйлеріне тарасады. Келесі күннен бастап бұлғарлықтарға ислам негізі үйретіле бастайды. Айдар хан есімін Абдолла деп өзгертеді. Содан кейінгі ғасырларда ислам Татарстан мен Ресей аумағында өмір сүретін халықтардың бір-біріне деген толеранттық қарым-қатынастар орнатуына жалпы адами құндылықтардың қалыптасу жолындағы негізгі күшке айналған. Өзін құрметтейтін әрбір татар өз ұлтының тарихын білуге міндетті. Өйткені тек ислам ғана қиын-қыстау кезеңдерде бізге күш-қуат беріп, тарихи дәстүріміздің сақталуына ұлт болып ұйығуымызды қамтамасыз етті. Тамыры тереңге кеткен осындай байланыстарымызға сызат түсіргісі келетін қандай да

бір күштерге ниет пиғылдары дұрыс еместерге Алланың азабы болсын деді. Бұл жеке мемлекетін құрып ұлттық рух пен өзін-өзі тануға даңғыл жол салды. Біз, Ресейдің түкпір-түкпірінде өмір сүріп жатқан татарлар, Қазанды ұлттың рухани Отаны деп білеміз. Оның қарыштап дамуы мен болашағына бей-жай қарай алмаймыз деді. Бұлғарияда орта ғасырларда діни оқу орындары жұмыс істеді. Бұлғар шәкірттері білімді тек қана өз медреселерінде ғана алып қойған жоқ, сонымен қатар мұсылман шығысы мемлекеттерінде Орта Азия мен Таяу Шығыста да оқыды. Исламды қабылдаумен бірге ел ішіне Орта Азиядан қағаздарға жазылған әдебиеттер әкеліне бастады. Қағаздың пайда болуымен Бұлғарияда колжазба кітаптар таралу үдерісі етек алды. Сондай-ақ, тұрғындардың басым бөлігін жазуға үйретуге мүмкіндік туды. Халық арасында сауаттылықтың таралуына мұсылман руханияты да мүдделі болды. Өйткені арабша оқу, жазуды білу қасиетті Құран және діни кітаптармен ешқандай дәнекерсіз танысуға мүмкіндік берді. Діни әдебиеттерді меңгере отырып, шаманизмге қарсы тұруға болатын еді. Әрине, қарапайым сауаттылықты арттыру мен Бұлғар қоғамын исламдандыру процесі ұзақ жүрді. Бағдад халифатының елшілері Бұлғария астанасында болған кезде, елдің кіндік қаласынан күмбезді мешіт салу мәселесі қойылған [35. 242]. Әрине, мұсылман әдеті бойынша әрбір махаллада мешіт болуы табиғи нәрсе және осы дәстүр бүгінге дейін сақталып келетіні белгілі.

IX–XII ғасырлар шегінде дербес мемлекет құрып, түрік әлемінің ең шеткері аймағында өзіндік мәдениетін дамытқан Бұлғар жұрты тақау төңірегімен біршама тыныш тұрған. Әлбетте, үлкенді-кішілі ұрыс-қағыссыз болмайды. Парасаты мол Бұлғар елтеберлері қуатты Хазармен табанды соғыс жүргізбеген, сырттай бодандығын қабылдап, алым-салық төлеумен шектелген. Ал Киев жағынан қарымы төмен солтүстік шығыс орыстармен аса ірі болмаса да, бірталай қақтығыстар өтеді. Жеңіс те, жеңіліс те бар, алайда бақас тараптар табанды жаулық жолын ұстанбайды, ойсыраған қазаға ұшырамайды, бәрі де мезгілдік, уақытша тартыс болып шығады. Әйткенмен көбіне ұтыс бұлғар жағында болғанын көреміз. Мәселен, бұлғарлар 1088 жылы Муромды басып алып, біраздан соң кері қайтарады. Ал 1107 жылы Владимир-Суздаль жеріне жорық жасап, Суздальды алады.

1217–1219 жылдары Унжу және Устюг қалаларын өздеріне қаратқан. Бірақ қандай қақтығыс болса да, Русь пен Бұлғар ақыр аяғында тыныштыққа жүгініп отырған. Татулық жағдай екі жұртқа да пайдалы еді. Русь үшін Бұлғар үлкен сауда жолының бойында тұр, ал Бұлғар үшін Русь – батыс тараптағы аралық бекет есепті. Осы орайда тарихи деректер Русь пен Бұлғар арасында 1006, 1221, 1229 жылдары бітім және қатынас, сауда шарттары туралы келісім болғанын айғақтайды. Ал екі-үш ғасырлық ұзақ тарих бойында арғы да, бергі де Қыпшақпен ешқандай алалық тумаған. Бауырында барын игеріп, жаңа бір жаулау жорықтарын ниет қылмаған Бұлғар жұртының соғыс қабілеті өте жоғары болған. Негізгі мақсат – елдің іргесін берік сақтау; сыртқа дабырасы көп жайылмауы – осы ұтымды саясат нәтижесі деп білу керек. 1236 жылы Башқұрт елінде болып қайтқан Доминикан монахы, мажар Юлиан бұлғарлар қару-жарағы келісті 50 мың әскер шығара алады деген. 1223 жылдың жаз ортасынан аса, әлде қоңыр күз – Жебе-ноян мен Сүбітай-бахадұр Еділдің Самар иіні – ел шетіне жеткен кездегі бұлғар әскерінің жиын саны бұдан кем болмаса керек. Шындығында, әжептәуір артық. Шығыс Еуропа мемлекеттері астанасына бағаланған Бұлғар шаһары Еділ сағасындағы Кама жазығында еді. Бүгінде ол ескі қала ескерткіштері мәдени мұраларының қатарында. Бұлғар шаһары Еділ мен Кама Бұлғар мемлекетінің саяси-экономикалық, мәдени орталығы болды.

Жазба деректерден көңіл аударарлық дерек 922 жылы Аббасидтер халифы Жафар ал-Муктадир биллахтың елшісі Ибн-Фадлан Бағдаттан Атила (Еділ) бойындағы Бұлғар еліне жіберілгенде Джайх (Жайық) өзенінен өткен. (Бірақ ең алғашқы түрік-ислам мемлекеті болып табылатын Еділ-Бұлғарлар (922 ж.) ешқашан араб әскерлерімен бетпе-бет кездеспеген). «Бұл – біз көрген ең үлкен өзен. Оның ағысы тым қатты. Шындығында, мен жүктердің қалай ауғанын және өткелде кісілердің суға ағып кеткенін өз көзіммен көрдім. Жалпы, біз өткелден өтерде көптеген адамдарымыздан, түйелер мен жылқыларымыздан айрылдық. Біз Жайықтан төтенше қиындықпен өттік» деп жазады.

Византия жазбаларында бұлғарлықтардың сарайда отыратын орындары туралы мәліметтерінде тақ ортасына Елтабардың өзі, жанына бәйбішесі жайғасады. Тақтың оң жағына мырзалар,

сол жағына қонақтар отырысады. Ұлдары әкесі алдына келіп тұрған. Осыдан кейін барлығы балдан жасалған сусыннан бір-бір кеседен ішіп, үй-үйлеріне тарасады. Келесі күннен бастап, бұлғарлықтарға Ислам негізі үйретіле бастайды. Айдар хан есімін Абдолла деп өзгертеді. Бұлғарияда орта ғасырларда діни оқу орындары жұмыс істеді. Бұлғар шәкірттері білімді тек қана өз медреселерінде ғана алып қойған жоқ, сонымен қатар, шығысы мемлекеттерінде – Орта Азия мен Таяу Шығыста да оқыған. Исламды қабылдаумен бірге ел ішіне Орта Азиядан қағаздарға жазылған әдебиеттер әкеліне бастады. Қағаздың пайда болуымен Бұлғарияда қолжазба кітаптар таралу үдерісі етек алды, сондай-ақ тұрғындардың басым бөлігін жазуға үйретуге мүмкіндік туды. Халық арасында сауаттылықтың таралуына мұсылман руханияты да мүдделі болды, себебі арабша оқу мен жазуды білу Құран және басқа діни кітаптармен танысуға мүмкіндік берді. Бұлғарларда жалпы орта ғасырларда ағаш ғибадатханалармен қатар тас күмбезді де мешіттер де болған. Әрбір мешіт жанындағы медреселерде шәкірттер тәрбиеленген.

Күмбезді мешіт Бұлғарияда моңғол шапқыншылығынан кейін де болды. Мұндай археологиялық мәліметтер көрсеткендей XIII ғасырдың 60-жылдары бой көтерген мешіт орны табылған. Мешіт қаланың басты сәулеті еді, ол мемлекеттің қуаттылығын, исламның ұлылығын көрсетуі және шетелдіктерді өзінің көлемі мен әдемілігі арқылы таңқалдырған. Бұлғариядағы алғашқы ғибадатхана көлемі 32x34 м тікбұрышты жоспармен салыныпты. Оның ішкі тікбұрышты паруаздары әрі арканы, әрі ағаш төбені ұстап тұрған, ағаштан жасалған еденге әк сұйықтары құйылған. Ғибадатхананың қабырғалары жан-жағы әрленген тастармен қаланған. Тереңдігі 2 м іргетастар нығыздалған емен тамырларына құйылыпты, ал қабырғалары мен бұрыштары емен түбірлерімен қатайтылған.

Ішкі зал терезелермен жабдықталыпты. Негізгі кіретін есік солтүстік жақта болса, солтүстік жағы мұнаралармен жанасып жатқан. Осы көрінісімен Бұлғар мешіті шамамен жарты ғасырдай тұрған [1. 14-19]. XIII ғасырдың соңы XIV ғасыр басында ғибадатхана қирағанымен соңыра қайта қалпына келтірілген деседі.



XI–XIII ғасырларда Бұлғар мәдениеті жазба мәдениет дәуірі болды. Араб әліппесі енгенге дейін бұлғарлар түрік-орхонға жақын келетін руникалық графиканы пайдаланған.

Аталған дәлелдердің өзі бұлғарлардың араб графикасы негізінде жазуды қабылдауға және әрі қарай осының негізінде өз жазу мәдениетін жоғары деңгейге жеткізуге дайын болғанын көрсетеді. Бұлғарлардың гүлденуі кезеңінде мешіттер жанына имамдар және азаншылары бар бастауыш мектептердің кең желісі қалыптасқан.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Еділ Бұлғар патшалығының әкімшілік басқару жүйесі туралы не білесіз?
2. Бұлғар мәдениетінің ерекшелігі неде деп ойлайсыз?

**5-тақырып. Еділ Бұлғар патшалығының сыртқы саясатта ұстанған бағыттары**

Еділ Бұлғар патшалығының саяси жағдайы бірнеше бағытта жүрді. Ең алдымен Шығыс Еуропаның далалық аймағында тұрақтап қалу үшін Византия империясы, Киев князьдігі сияқты алпауыттармен қарым-қатынас жасауға және құрақ көрпедей мың құрақтан тұратын жергілікті немесе келімсек тайпалармен байланысқа түсуге тура келді.

Мұсылмандық шығыс мәдениетімен үйлесім таба бастаған Еділ бұлғарлары VII–IX ғасырларда Араб халифаты кезеңінде қалыптасқан мәдени ғимараттарды сәулет үлгілері ретінде қабылдаған. Төсеніш материалдары, құрылыс барысында пайдаланылған техникалық тәсілдері жағынан күмбезді мешіт және бұлғарлардың басқа да мешіттері Закавказье, Қырым, Кіші Азияның құрылыстарына да ұқсас болған. Сонымен қатар мүлдем бөлек, өзіндік мәдени дәстүрлері мен құрылыс ерекшелігі мүмкіндіктеріне қарамастан, ежелгі бұлғарлар солтүстік климатқа бейімделген шығыстық сәулет өнерінің тармағын да жасаса керек.

X. Халиков пен В.Ф. Генингтің айтуы бойынша «Ранние болгары на Волге (Больные-Тарханский могильники)» атты еңбегінде «XI–XII ғасырларда Еділ және Ока аралығындағы жерлер

Русь князьдігінің құрамында болған кезде христиан діні таралған болатын. Дәл осы кезде адамдардың басым көпшілігі Бұлғар жеріне көшіп, ислам дінін қабылдаған еді» деп жазады Яғни осы екі мемлекеттің біреуінде ислам дінінің күшеюі болса, екіншісінде православиелік дінінің күшеюіне байланысты бұлғар-русь қарым қатынастары әлсірей бастайды.

Еділ Бұлғар патшалығы мен Киев Русі князьдігінің Моңғол шапқыншылығынан құлағаны белгілі. 1236 жылдың күз мезгілінде, Еділ өзенінің бойындағы қалалар құласа, ал 1240 жылы дәл сол күз мезгілінде Киев Русі князьдігі құлады. Екі мемлекеттің тағдыры бір-біріне ұқсас келеді.

Осы тұста, екі елдің арасындағы қарым-қатынасты зерттеуде көптеген зерттеушілер өз үлестерін қосқан. Соның ішінде, атап өтетін Б.А. Рыбаков, В.Л. Янин, В.В. Кропоткин, А.Х. Халиков, И.В. Дубов және т.б. жұмыстары жатады. Әсіресе Рыбаковтың зерттеу жұмыстары үлкен орынға ие. Деректерді талдау барысында Бұлғар-Киев сауда жолын қайта құруды мақсат тұтқан. Бұл қайта құру жұмыстары өз нәтижесіне толығымен жетпесе де, деректерді нақты талдауға үлкен септігін тигізді. Бұлғар-Киев сауда жолының ашылмаған, айтылмаған жаңа қырлары ашылды.

Дегенмен бұлғарлардың Шығыс мұсылман мемлекетіне жақын болғандығы анық. 922 жылы бұлғар ханы Алмас ханның ислам дінін қабылдауынан бұрын, бұлғарлардың мұсылман халқымен салттары мен діни наным-сенімдері ұқсас болған деседі. Бұл жайында араб жазушысы Ибн-Русте былай дейді: «Одежда их похожа на мусульманскую, равным образом и кладбища у них как у мусульман» [36. 97-99]. Яғни бұлғарлардың ислам дінін қабылдамай тұрып, оған дейінгі олардың ұстанымдары мен салт-дәстүрлері мұсылман мемлекетінің ұстанымдарымен тұспа-тұс келіп отыр. Киім-кешек пен жерлеу рәсімдері де өте ұқсас келген. Ең қызығы, бұл ұқсастықтар бұлғарларда ислам дінін қабылдамай тұрып, он жыл бұрын байқалған құбылыстар.

Татар-моңғол шапқыншылығынан кейін Киев Русі князьдігі мен Еділ Бұлғар патшалығы арасындағы қарым-қатынас біркелкі тұрақты болмады. Арадағы тек сауда-саттық жолдары ғана екі мемлекеттің басты нышаны болып қалды. Татар-моңғол шап-

қыншылығы кезінде бұлғарлардың бірнеше қалалары қирап, қыздары күң, ұлдары құлдыққа айдап әкетілді. Әскери саны күрт азайды. Қару-жарақ жеткіліксіз. Олар жаяу атты әскер ретінде жорыққа шығуға, көші-қон халық ретінде беделі жақсы болды. Осыған дәлел ретінде Сүбітай-бахадүр қуатты Бұлғар жұртының қарулы күштерін түгелге жуық жойып жіберді. Бұдан соң Батыс аймақтағы Сүбітай-бахадүр 1229, 1232 жылдары Жайықтан асып, Бұлғар шегіне тікелей шапқын жасаған. Соған қарамастан Бату ханның түбегейлі жорығы қарсаңында қаншама уақыт бойы жоқтан бастап қайта құралған әскер бес түменге жетсе, әуелгі 1223 жыл майданында Бұлғар патшалығы бұдан әлдеқайда көп – бәлкім 60, тіпті 70-80 мың әскер шығарған болады.

Он бес жылда оңалып үлгермеген Бұлғар Бату ханның ауыр жорығы кезінде де қайтпай соғысқанын көреміз. Жеңіліп боданға түседі. Бірақ мүлде күйреп қалмапты. Арада тағы да он, жиырма жыл өткенде қайтадан еңсе көтереді, ақыры Алтын Орданың дәулетті орталықтарының біріне айналғаны мәлім. Ежелгі ер түріктің бір бұтағы бұлғар жұрты өзінің ең дәуірлеген кезеңін Алтын Орда заманында бастан өткеріпті. Кейінде Қазан хандығына айналды.

Ақыр түбінде, қиян-кескі соғыстардан соң орыс отары болып шықты. Ұрпаққа ұрпақ жалғап, өзінің ұлттық кейпін сақтаған. Оны аз десеңіз, бүкіл Орталық Азияда ислам шамшырағы ретінде аса елеулі, рухани, ағартушылық қызмет атқарған. Бағзыдағы бұлғардың тікелей мұрагері – бүгінде қазан татары аталатын қауым. XIX ғасырдың 20-жылдары, Кеңес өкіметінің түпкілікті орнауына дейінгі кезеңде бұл жұрттың өзіндік атауы баяғыша бұлғар еді. Орыс тарабынан ғана «татар» атанған. Ақыры байырғы мемлекеті, ежелгі дәстүрі болған, өзіндік мәдениет қалыптасқан бұлғар жұртының кейінгі нәсілі, бір жағы орыс ықпалы, екінші жағы, татардың дабыралы даңқы бар, «татар» этнонимін қабылдапты. Одан мархамат тапқан жоқ, керісінше, бұрнағы «зұлым татар», «жаулаушы татар» ұрпағы ретінде үнемі айрықша ұлттық езгі астында күн кешті. Бүгінде Ресей қаруындағы автономиялық құрылым. Бірақ ежелгі бұлғар жұртының шын мәнісіндегі тәуелсіздігі алдыңғы заман үлесінде екені анық.

Бұлғар жорығынан соң Жебе-ноян мен Сүбітай-бахадүр он жағалық бойынша, Еділдің етегіне түседі. Ұлы дарияның байсын, кең алқабы қашанда елсіз емес, бұл тараптағы жұрт ешқандай қарсылық жасамайды, оған шамасы да келмес еді. Татар әскері сол қалпы Саксин қаласына жетеді. Шамасы, дарияның атырауына жақын тұрған Саксин – Хазар астанасы Еділ (Итиль) шаһары біржола қираған, немесе сол заманда теңіз деңгейінің жоғары көтерілуінен су астында қалып қою қауіпінен қаңырап, қирауы мүмкін. Бұлғардан Саксинге түсетін су сауда жолы одан ары Маңғышлаққа жеткен. Бұдан кейін Хазар теңізін жағалап, Джурджан, Табаристан, Мазандеран өлкелеріне барса керек, бірақ біз өзімізге белгілі әдебиеттен нақты кесімін ұшырата алмадық. Анығы – Маңғыстау, Түп-Қарағаннан соң, Керуен жолы құрлық арқылы жалғасады, Хорезмге шығады, Хорасанға кетеді, Жібек Жолына қосылып, одан әрмен асады. Саксиннен өтетін су және құрлық қатынасының барлығы Қыпшақ қарауында болған.

Жебе-ноян мен Сүбітай-бахадүр, тәрізі, Саксинді бейбіт жолмен алған. Қос қолбасшы Саксинмен шектелмей, тақау төңірек – Хазар теңізінің терістік батыс жағалауын, Еділдің жүз тарамға бөлінетін атырауын түгел барлап шығуға тиіс. Бұл екі ортада қыс түседі. Татар әскері қарлы мұзда дариядан асады. Аязды, суық маусымды Жайыққа жетпей, сол канат Атырау, теңіз жағасында өткерсе керек. Қыпшақ-қаңлының бір тармағы қоныстанып отырған. Ұрыс-соғыссыз бұларды да бағынышқа келтіреді. Осыдан соң Жайықтан өтіп, ерте көктем, әлде жазғы-тұрым Шығыс Дешті шегіне енеді. Бұл кезде түстікте Балқаш, Сырдариямен, терістікте Орал тауының етегі, Сібір тайгасымен шектелетін, Ертістен Жайыққа дейін созылып жатқан, қазірде, негізінен, Қазақстан иелігінде тұрған байтақ дала – Жошы ханның толық ғұзырына көшкен. Бұл кезде Шыңғыс хан Хорезм империясын біржола жаулап бітіп, Үндістан шегінде жүрген. Жебе-ноян мен Сүбітай-бахадүр ұлы қағанның сүйіктісі, үлкен ұлы, шын мәнісінде Дешті-Қыпшақ падишахына айналған Жошы ханның алдына жетеді. Кездесу нақты қай тұста болғаны белгісіз. Бір деректе Сейхүн-Сырдың терістік тарабы айтылады. Енді бірде Алакөл, Есіл бойы. Бәлкім, Жошы ханның жаны сүйген Ұлытау төңірегінде. Нақты дерек – айбынды қос қолбасы-

ның ұлы қағаннан бұрын Жошы ханның жүзін көруі. «Бұл кезде Тошы (Жошы) Қыпшақ даласында тұр еді, бұлар (Жебе-ноян мен Сүбітай-бахадүр) осы әскерге келіп қосылды», – деген Жу-вейни. Бар жағдайды мағлұм еткен соң, өткенде Қалқада тұтқынға түскен ұлы князь Мстислав Романович Киевскийді бағындырады. Осы қайтар жол – бір жарым жыл бойы, Жебе-ноянның баяғы Жетісу жорығында Күшлік ханды өлтірген Ысмайыл мыңбегінің бағым, қарауында болған екен. «Юань ши» жазбаларында «Жебе Хэсымайлыға жарлық беріп, Орыс елінің басшысы Ми-чжы-сы-лаоны мұрагер-ханзада Жошының алдына келтірді...» – деп жазған. Сол арада Мстиславтың басы алынғанын (120-цзюань, Хэсымайлы-Ысмайылдың ғұмырбаяны) мәлімдейді.

Осыдан соң көп ұзамай-ақ Жебе-ноян мен Сүбітай-бахадүр Жошымен бірге ұлы қағанға аттанды деп Жу-вейни жазады. Қашанда артық сөзге сараң Шыңғыс хан теңдесі жоқ жорық жолын өткерген, жеңістен-жеңіске жетіп, бүкіл Батыс Дешті және онымен шектес өлкелерді түбегейлі барлап қайтқан қос қолбасшыға үлкен құрмет жасапты.

Шыңғыс хан тұсындағы барлық соғыстардың ең басты қаһарманы болған Жебе-ноянның бұдан соңғы кезеңдегі тағдыры туралы дәйекті мағлұмат жоқ. Кейбір деректер көп ұзамай дүниеден өтіпті дейді. Сүбітай-бахадүрдың бүкіл ғұмырбаяны ақыр-аяғына дейін мағлұм. Кавказ – Батыс Дешті сапарынан соң, Шүрженге қарсы екінші, түпкілікті майданға белсене қатынасады, бұдан кейін Бату ханның Орыс жорығы мен Батыс Еуропа шапқынында бас қолбасы міндетін атқарған. Бату хан әлемдік соғыстар тарихында Батыс пен Шығыстағы теңдесі жоқ, ең ұлы қолбасы деп танылған.

Орыс жылнамаларында Бұлғарлардың Киев Русінің тек екі қаласын ғана басып алғандығы туралы мәлімет бар. Муром мен Устюг қалаларын 1219 жылы табан асты жорық жасау салдарынан басып алады.

Жоғарыда аталған Русьтің екі қаласындағы үстемдігін бұлғарлар ұзақ сақатай алмады. Небәрі үш ай мекендеп, кейіннен бұлғарлардың өз еліне қайта оралғандығы туралы орыс жылнамаларында айтылған. Аталмыш екі қала Бұлғар жеріне жақын орналасқандықтан басып алу оңайға түскен деседі.

Екі мемлекет арасында ұрыс болудың тағы бір себебі – арадағы мордавиялық тайпалар болатын. Мордавиялықтардың Еділ-Ока өзендерінің бойындағы жерлері екі мемлекеттің ортасында орналасқан. Сол себептен бұлғарлар бұл жерлерді өзіне қаратпақшы болғанмен русьтер мордавиялықтардың жерінен бас тартар емес [17, 89]

Сонымен қорыта келгенде Киев Русі мен Еділ Бұлғар патшалықтарының арасындағы саяси қатынастарды растайтын бірнеше келісімшарттардың болуына байланысты екі жақта бейбіт және соғыс жағдайында болғандығын байқауға болады.

Екі мемлекет арасындағы сауда байланыстар құрлықта және теңіз бойымен де жүргендігі айқындалды. Яғни бұлғарлар теңізде жүзетін су құралдарын меңгергендігі де өз алдына жеке мәселені туғызады.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Еділ бұлғарларының сыртқы саяси жағдайын сипаттаңыз.
2. Византия империясы мен Бұлғар арасындағы қатынастар болды ма?
3. Киев Русі мен Бұлғар патшалығы арасындағы саяси қарым-қатынастардың барысы мен нәтижесі немен аяқталды?

## БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ТІЗІМ

1. Артамонов М.И. История хазар. – СПб., 2001. – С. 362.
2. Ибн Хаукаль. Книга путей и царств // СМОМПК. – 1908. – Вып. 38.
3. Агафий. О царствовании Юстиниана / пер. и прим. М.В. Левченко. – М. – Л.: Наука, 1955. – 221 с.
4. История Византии: В 3 т. / под ред. С.Д. Сказкина. – М.: Наука, 1967. – Т. 1. – 517 с.
5. Мойсей Хоренский. История Армении / текст и перевод издал К.П. Патканов. – СПб., 1877. – 154 с.
6. Иордан. Гетика / пер. Е.Ч. Скржинской. – М.: изд. Восточной литературы, 1960. – 434 с.
7. Менандр Протектор. История // Византийские историки: Дексипэвнамии Олимпиодор, Малх Патриций, Менандр, Кандид Ионное и Феофан Византиец / пер. С. Дестуниса. – СПб.: тип. изд. Л. Демиса, 1860. – С. 313-470.
8. Феофан Никифор. Хронография // серия Византийская библиотека. Продолжатель Феофана. Жизнеописания византийских царей. – М., 2009. – 400 с. / Феофан Византиец. История // Византийские историки / пер. с греч. С. Дестуниса. – СПб., 1860. – С. 470-513.
9. Турский. Г. История франков. Академия Наук СССР. Литературные памятники / пер. В.Д. Савуковой. – М.: Наука, 1987. – 459 с.
10. Феофан Византиец / пер. С. Дестуниса. – СПб.: тип. изд. Л. Демиса, 1860. – С. 313 – 470.
11. Прокопий Кесарийский. О постройках. – ВДИ. – 1939. – №4. – С. 249-250.
12. Қашқари М.Диуани-лұғат-ат-Түрік. – Алматы, 1998.
13. Ибн Хордадбэ. Книга путей и царств // СМОМПК. – 1903. – Вып. 32 (или: Ибн Хордад-бех. Книга путей и стран. – Баку, 1986).
14. Ибн-Фадлан. Записки о путешествии на Волгу. – СПб., 1891. – С. 343
15. Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. – Алматы: Жалын, 1998. – Т. 1. – С. 390.
16. Бернштам А.Н. Тюрки и Средняя Азия в описании Хой-Чоа (726) // Вестник древней истории. – 1952. – №1. – С. 15-19.
17. Феофилакт Симокатта. История (Памятники средневековой истории народов центральной и восточной Европы) / пер. С.П. Кондратьева. – М.: Академии Наук СССР, 1957. – 223 с.
18. Полное собрание русских летописей, II отд. Вып. – 3-е изд. – Петроград, 1923. – С.509 / Полное собрание русских летописей: Лаврентская, летопись и Суздальская летопись по Академическому списку. – М., 1962. – Т.1. – С. 369.
19. Дьяконов А. Известия Иоанна Эфесского и сирийских хроник о славянах VI-VII веков // Вестник древней истории. – 1946. – №1. – С. 20-22.
20. Плетнева С.А. Хазары. – М., 1976. – С. 230; Плетнева С. А. Очерки хазарской археологии. – М., – Иерусалим, 2000. – С. 12.
21. Гумилев Л. Н. Древняя Русь и Великая степь. – М., 1992. – С. 230.
22. Ибн Русте. Книга драгоценных камней // СМОМПК. – 1903. – Вып. 32.

23. Смирнов А. П. Древняя Русь и Волжская Болгария // Славяне и Русь / ред. кол. Е. И. Крупнов (отв. ред.) и др. – М.: Наука, 1968. – С. 265
24. Генинг В.Ф. Халиков А.Х. Ранние болгары на Волге. – М.: 1964. – С. 201.
25. Бартольд В. В. 12 лекций по истории турецких народов Средней Азии // Собрание сочинений: В 9-ти т. – М., 1965. – Т. 5. – С. 27.
26. Дорн Б.А. Известия о хазарах восточного историка Табари // ЖМНП. – 1844. – Ч. XLIII. – N 7,8.
27. Караулов Н.А. Сведения арабских географов IX–X вв. о Кавказе, Армении и Азербайджане // СМОМПК. – 1901. – Вып. 24; – 1902. – Вып. 31; – 1903. – Вып. 32; – 1908. – Вып. 38.
28. Греков Б. Д. Волжские болгары в IX–X вв. // Исторические записки. 1945. – Т. 14. – С. 85.
29. Татищев В. Н. История Российская. Т. 3. – М., 1964. – С. 860.
30. Жұмағұлов Қ.Т., Мухажанова Т.Н. Еуропа тарихындағы Түркі әлемі: (VI–VIII ғ.) Авар тарихы. – Алматы, 2013. – 156 б.
31. Повесть временных лет. Часть первая / текст и пер. Д.С. Лихачева под ред. В.П. Адриановой. – М., – Л.: Изд. Академии наук СССР, 1950. – 404 с.
32. Джанашвили Д. Известия грузинских летописей и историков о Северном Кавказе, Херсонесе, Готфии, Осетии, Хазарии, Дигостии и России // СМОМПК. – 1897. – Вып. 22; – 1899. – Вып. 26; – 1905. – Вып. 35.
33. Летопись по Лаврентьевскому списку / Издание Археографической комиссии. – СПб, 1872; – 2-е изд. – СПб, 1897. – С. 345
34. Таджеддин аль-Булгари. Лучшие лекарства от отравления // СМОМПК. – 1967. – Вып. 22; – 1979. – Вып. 43; – 1985. – Вып. 56.
35. Шагинян А. К. Армения и страны Южного Кавказа в условиях византийско-иранской и арабской власти. – СПб., 2011. – С.146.
36. Эрдели И. Авары // Исчезнувшие народы. Половцы, печенеги, хазары, скифы, анты, бургасы, авары, сюнну, тайрона, мочика, мая / под ред. П.И. Пучковой. – М.: Наука, 1988. – С. 98-110.
37. Ибн эл-Асир. Из Тарих-ал-Камиль // МиА. – 1940.
38. Черепнин Л. В. Монголо-татары на Руси. // Татары в Азии и в Европе. – М, 1970. – С. 151.
39. Новгородские и псковские летописи. – СПб. 1848. – Т. 4. – С. 346.
40. Толстов С.П. Города гузов // Советская этнография. – 1947. – Вып. 3. – С. 81, 276.
41. Conte Miltenova, N. – I Bulgari di Gallo Matese – Prefazione e postfazione di Giuseppe Mario Tufarulo Passaporto Editore. – Roma, 2003. – С.Н.Р. р.43.
42. Мюссе Л. Варварские нашествия на Европу: Вторая волна / пер. с франц. А.П. Саниной; науч. ред. А. Ю. Карачинский – СПб.: Евразия, 2001. – С. 352.
43. Хузин Ф.Ш. Волжская Булгария и Великая степь. – Казань, 2006. – С. 263



**ШЫҒЫС ЕУРОПАНЫҢ ДАЛАЛЫҚ АЙМАҒЫНДАҒЫ  
ҚОНЫСТАНҒАН ПЕЧЕНЕГ ТАЙПАЛАРЫНЫҢ  
САЯСИ ТАРИХЫ**

***1-тақырып. IX–X ғ. печенегтердің Шығыс Еуропаны  
қоныстануы***

Печенег – VIII–IX ғ. Арал теңізі мен Еділ аралығында өмір сүрген көшпелі түркі тайпасы. IX ғасырдың аяғында печенег тайпалары Еділдің арғы бетіне қоныс аударып, Дон мен Днепр бойын қоныстанған Батыс тайпаларын ығыстырады. X ғасырда печенегтер 8 «колен» (тайпа)-дан тұрған, олардың әрқайсысы 5 рудан құралған. Тайпа көсемі болып «Ұлы князь» саналған, ал ру басылары «кіші князь» деп аталған. Печенегтер көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан, сонымен қатар Русь, Византия, Венгрия жерлеріне тонаушылық соғыстар жүргізіп отырған. Византия империясы печенегтерді Русьпен күресте тиімді пайдаланып отырған. Ал Русь князьдері жауларына қарсы күресу үшін қарым-қатынас жасаған. «Повесть временных лет» атты орыс жылнамасы бойынша печенегтер Русь даласына алғаш 915 жылы келді дейді. Сонымен қатар Игорь князьбен бейбіт келісім жасап Дон жағасына көшкен. 968 жылы печенегтер Киев қаласын қоршауға алған. Киев князінің асқан айласының арқасында печенегтер қаланы қоршаудан босатқан. Князь Святослав 972 жылы печенег ханы Курдың қолынан соғыста қаза табады. 1036 жылы Печенегтер екінші рет Киевті қоршауға алған, бірақ Ярослав Владимирдің әскері табанды қарсылық көрсетіп, печенегтерге күйрете соққы беріп, Русь даласынан қуылған. Сонымен печенегтердің бір бөлігі Венгрия жеріне, келесілері Болгарияға қоныс аударған.

VIII ғасырдың екінші жартысында печенег тайпалық бірлестігінің ерте этносаяси тарихының қалыптасуы Шығыс Қазақстан далаларындағы Ертіс өзенінің жоғары ағысында тайпалық печенегтерді біріктірумен тығыз байланысты.

Отандық және шетелдік тарихнамада қалыптасқан көзқарас бойынша, қыпшақтар мен печенегтер бір халық болған. Егер олардың арасында қандай да бір айырмашылық болса, тек хронологиялық тәртіппен, яғни ең алғаш печенегтердің пайда болуы жатады. Содан кейін олардың арасынан қыпшақтар бөлініп шыққан [1].

Сонымен, И. Макварт печенегтерді қыпшақтардың батыс тармағы деп есептеген. Академик В.В. Бартольдтың жазуы бойынша: «Печенегтердің тарихи мәні – олардың құрамынан көп санды қыпшақтар халқының шығуы» [2]. Л.П. Потаповтың көзқарасы бойынша: «Қыпшақтар печенегтердің батыс тармағынан құралған десе» [3], Б.Е. Көмековтың монографиясында «Араб дерек көздеріндегі IX-XI ғ. печенегтер мемлекеті», сондай-ақ печенегтер мен қыпшақтардың теңдіктері туралы гипотезалары басым [4]. Н.А. Аристовтың бұл туралы кей күмәндары болды, бірақ ол да осы екі тайпаның этникалық жақындығын атап өтті: «Егер печенегтер құмандармен бірдей болмаса да, олар қыпшақ тайпаларының одағы болуы тиіс» [5].

Бұл көзқарас белгісіз парсы тілдік автордың хабарлаамасында X ғасырда көрсетілген, «Худуд ал-Алам мин ал-Машрик ила-л-магриб» (Шығыстан Батысқа дейінгі әлем шекарасы) атты өзінің еңбегінде печенегтер елінде орналасқан «Андар аз Кипчак» атты ерекше облыс туралы жазған.

Алайда С.М. Ақынжановтың ойынша, көрсетілген дерек негізінде қыпшақтар мен печенегтердің ұқсастықтары туралы қорытынды жасауға болмайды, өйткені «бұл факт қыпшақтар мен печенегтердің белгілі бір бөлігінің бір ауданда мекендейтіні тек олардың арасында ерекше саяси қарым-қатынастың болғандығын көрсетеді. Дәл осы дерек көзінде қыпшақтар мен печенегтер арасында тығыз әлеуметтік бірлестік болғандығы жөнінде тұспал келтірілмеген [6].

Расымен, ең ертедегі араб географиялық әдебиетінің өкілі Ибн Хордадбектің (IX ғ.) шығармаларында «Китаб ал-масалик ва-л-мамалик» «Книга путей и стран» [7] қыпшақтар алғаш рет осы атаумен жеке тайпа болып аталған және басқа тайпалармен бір қатарда тұрған, соның ішінде печенегтер да аталған.

С.М. Ақынжановтың әділ ескертулеріне сәйкес, «көптеген көшпелі халықтарда таралған кейбір этникалық атаулардың

ерекшеліктерін есте сақтау қажет. Олар мынадай жағдайларда көрінеді: әртүрлі рулар мен тайпалардың адамдары билеуші рулар мен тайпалардың атымен аталады және белгілі бір уақыт кезеңінде неғұрлым қуатты тайпа бағынышты тайпалардың этникалық атауын өз атымен аталуына әсерін тигізеді». Демек, XI ғасырда Ибн Хордадбектің мәліметтерін негізге ала отырып, печенегтер мен қыпшақтар тәуелсіз болған және бір-бірінен басқа этносаияси бірлестіктер өмір сүрген аумақтар арқылы бөлінген [7].

Ибн Хордадбектің мәліметтері бойынша, VIII ғасыр соңы мен IX ғасырларда печенегтер мекен еткен аумақтарда шектеу әрекетін жасауға болады. Дерек көзде келтірілген географиялық бағдарлар мен арақашықтар толықтай соны түсінуге мүмкіндік береді. Қазіргі Жамбыл өлкесі алғашқы есептеу нүктесі болуы әбден мүмкін. Талас даласында соғыс алдындағы жылдарда жүргізілген қазбалардан кейін, оның көзқарасына А.Н. Бернштам да қосылған [8].

Ибн Хордадбектің мәліметтері бойынша, Хакан тоғызғұздардың астанасы Ыстықкөлден шығысқа қарай үш айлық жолда орналасқан және қазіргі Моңғолия аумағындағы Қара Баласағұн ауданында Хангай шатқалынан Орхон өзені шығатын жерде орналасуы ықтимал.

Ибн Хордадбек Тараздан бастап ұйғырлар мекендеген жерлерге дейінгі арақашықты көрсеткен, бұл 81 күн жолда жүретін уақытпен теңестірілген. Аттылының күндізгі жүрген жері орташа 45-50 км құрайды, ал ұйғырлардың мекендеген жерлері Хангай жотасы ауданында, одан әрі шығыстан солтүстік шығысқа дейінгі жерлерде орналасты [7].

Ибн Хордадбектің мәліметтерінен басқа, жолдардың жалғасуы Тараздан бастап печенегтердің қонысына дейін 80 немесе 81 күн жол жүру ұзақтығы туралы, сонымен қатар Ибн ал Факих, Йакут, әл-Идрисидің шығармаларында да кездеседі. Бұл авторлардың барлығы IX ғасырдың 20-жылдарында Орхон өзені жағасында орналасқан тоғызғұздардың астанасына барған Тамим ибн Бахрдың әңгімелеріне сүйенді. Бұл оның хабарлаамасында көрсетілген.

Алайда тарихнамада осы мәселе бойынша басқаша көзқарас қалыптасты. Зерттеушілердің қатары ұйғыр қағанының бұл

қонысы Орхонда емес, 840 жылы қырғыздардың тоғызғұздар қағанын қиратуынан кейін Шығыс Түркістанға ауыстырылған деп есептейді. Дәл сол жерге Тамим ибн Бахр барған. Осындай көзқарасты И.Ю. Красовский, В.В. Бартольд, Б.Е. Көмековтер де ұстанған. В.Ф. Минорский бастапқыда осы гипотезаны қолдаушы қатарынан саналды, алайда Ибн Факихтың Мешедтік қолжазба фотокошірмесімен толықтай танысуы және «Ұйғырларға Тамим ибн Бахрдың сапары» атты мақаламен жұмысынан кейін, автор келесідей қорытындыға келді: «тоғызғұздар патшасының астанасы алыс шығыста орналасқан... Орхонда», ал саяхатшының өзі «Қара Баласағұнда болған». Осылайша, В.Ф. Минорский И. Макварттың Тамим ибн Бахр Орталық Моңғолияда ұйғырларға оларды сол жерден қоныс аударуға дейін барған деген болжамын қолдады.

Ұйғырлардың астанасын оқшаудағы қателік Х ғасырдың бірінші жартысындағы араб авторы Кудам ибн Джафараның хабары арқасында пайда болды, осы мәліметтер сондай-ақ Тамим ибн Бахрдың әңгімелеріне сәйкес келеді.

Ұйғырлардың астанасына Орхонда Қытай қарсы жағында орналасқан (яғни оңтүстікке, оңтүстік шығысқа қарай), печенегтер – солтүстікке (шығысқа, солтүстік шығысқа қарай), ал түріктер оңтүстік жаққа қарай орналасқан (батысқа қарай). Әрине, кейінгі кездердегі дереккөздерде ұйғырлардың жаңа шығыс түркістандық астанасының солтүстігіне қарай Ертістің жоғарғы жағында печенегтердің өмір сүргендігі айтылады, алайда сол кезде Тұрфандағы ұйғырлардың орналасқан жеріне (шығысқа қарай) Қытайдың қарсы орналасуы мүмкін емес еді. Және де атты жолаушы Тараздан Ертістің жоғары жағына бару үшін 80 күндік жолмен емес, одан да тез барушы еді. Осылайша, IX ғасыр басында печенегтер Моңғолияның солтүстік шығысында көшіп қонған [9]. Әл-Идрисидің XII ғасырда жазылған шығармаларында печенегтер туралы шатасқан, қайшылықты, бірақ құнды мәліметтер кездеседі. Ол печенегтердің Моңғолияның солтүстік шығысына келгендігі жөнінде бұрынғы дереккөздерді иелене отырып, сонымен қатар осы халықтардың Ертістің жоғары жағында орналасқандығы жөніндегі XI ғасырдағы куәліктері басқа зерттеушілер арасында әл-Идрисидің шығармаларына деген сенімсіздікті арттырды. Алайда бұрынғы авторлар

мен Идриси мәліметтерін салыстыра отырып, IX ғасыр ортасына дейін печенегтер шығыс Азияда мекен еткен деген қортындыға келесің. Ол басқа авторлар секілді, Тараздан печенегтер ханының орналасқан жеріне дейінгі арақашықтықты 81 күндік жолмен көрсетеді. Сонымен қатар печенегтердан оңтүстікке қарай тоғызғұздар («бағарбар»), шығысында «море Мрака» орналасқан, бұл жерден печенегтер астанасына дейін алты күндік жол екендігін көрсетті. Сол уақытта әл-Идриси печенегтердің жаңа қоныстары туралы мәліметтер келтіреді. Зерттеуші Гардизи Печенегтер тіркелген жерлерінде оқшаулайды [10].

Көшпелі печенегтердің Ертістен кетпестен бұрынғы орналасқан жерлерін, ерте кезеңдерде Моңғолияны мекендеген ұйғырлардың және көршілес жатқан тайпалардың қоныстануын Рашид ад-Дин мәліметтерінен байқауға болады.

С.М. Ақынжановтың көзқарасы бойынша: «Ерте кезеңдер», Рашид ад-Дин көрсеткендей, Тамим ибн Бахр XI ғасырдың басында Орхонда ұйғырлар жасаған жаңа мемлекеттің астанасына барған. Ұйғыр қағанатының негізін салушы Элетмиш Білге қаған өзін он ұйғыр мен тоғызғұздардың басшысымын деп атаған, ал соңғы тайпа арасында лун атты халық аталады. Қытайша айдаһар мен жылан лун терминімен сипатталады [11].

Ю.А. Зуев Э.В. Бретшнейдер мәліметтеріне сүйене отырып, айдаһар мен жылан (лун) халқының Толы өзенінің төмен ағысында орналасқан Камладжу аймағын қоныстанған, бұл аймақ ерте ұйғыр астанасына қарағанда солтүстік шығысқа қарай орналасқан. Утекен тауларының бір нұсқасы (Отюкенская чернь) деп түсіндіріледі, бұл өз кезегінде көп зерттеушілердің көзқарасы бойынша, Орхон өзенінің жоғары жағында орналасқан.

Рашид ад-Диннің жазбаларына қарағанда, ұйғыр ханының қонысынан солтүстікке және солтүстік шығысқа қарай орналасқан аудандар «Қарақорымдағы Қима жерлері» деп аталған. Бұл аймақтың ерте кезеңде де осылай аталуы ғажап емес. Мүмкін осыдан араб авторларының шығармаларынан орын алған печенегтер этнонимі пайда болған. С.М. Ақынжанов Рашид ад-Диннің мәліметтеріне сәйкес, печенегтердің тағы бір атауын ортағасырлық араб және парсы тілдік деректерден көрсеткен. Ол Тамим ибн Бахр ұйғырлар астанасына барған кезде, Орхон өзенінің жоғары ағысында құмұқ тайпасын көрген деп есептейді.

Араб саяхатшысы бұл тайпаларды печенегтер деп атап, осы этнонимді ғылыми айналымға енгізген [12].

Біріншіден, құмұқтардың кім екендігін және айдаһар-жылан (лун) халықтарын анықтап көру қажет. Өз кезегінде В.В. Григорьев араб авторларының печенегтері – қытай хроникасындағы құмұқтар (кумостар) болған деп болжады. П. Пельо оның көзқарасына қосыла отырып, қытай транскрипциясындағы кумостар екі этнониммен берілген: кумақ пен каи, кумо сөзі – кумақ атының эквиваленті (теңі) – кумақ-кимак атының эквиваленті, си халқы (hi<уіеі) атынан пайда болған. Кейін бұл ойды дамытқан К.Г. Менгес болды: Бұл этноним si<уіеі қазіргі кантон диалектінде өзінің бұрынғы формасын һәј сақтайды. ... Осылайша, си халқы, дәл сол Qaј болуы мүмкін». Ерте моңғол сөздіктерінен «кай» жылан деп аударылады. Сондықтан барлығын қызықтыратын кумостарды моңғол тілді тайпалар арасынан іздеу керек [13].

Б.з.б. I мыңжылдықта Шығыс Байкал өңірі, Селеңгі өзенінің оң жағалауы, Орхон мен Толы моңғол тілді тайпалар таралуының батыс шекарасы болған. Осы аймақтар ерте заманнан бері бұл тайпалар үшін көшпелі түркі тілді халықтармен өзіндік байланыс жасайтын жерлері болды. Моңғол тілді тайпалардың көп бөлігі Ингода өзенінде, Ононна, Шілкі, Керулен, Жоғары және Орта Амурда (солтүстік шығыста, Үлкен Хинган беткейлерінің солтүстігі және солтүстік батысында) өмір сүрген. Кумостар (си, хи, каи) сяньбийлердің бір бөлігі болған, олар өз кезегінде дунху деп аталған моңғол тілді тайпалар тобына кірген. Кумостар негізінен Үлкен Хинган беткейлерінде, Моңғолияның солтүстік шығыс далаларында қоныстанған. VI ғасырдың бірінші жартысында олар жуан-жуандардың қоластында болған [14].

VI ғасырдың ортасында (510–556 ж.) түріктердің шапқыншылығынан жуанжуандар империясы құлап, оның орнына I Түрік қағанаты (551–603 ж.) құрылады. Моңғолияның солтүстік шығыс далаларында көшпелілікпен айналысқан кумостар түрік қағанаты билігін мойындаған. Олардың батыстағы ең жақын көршілері түркілерге бағынған түркі тілді телелік сеяньто тайпасы (силар, яғни болашақ қыпшақтар) болды.

630 жылы Шығыс Түрік қағанаты құлағаннан кейін, сеяньто тайпалары күшейеді, олар қысқа уақыт ішінде ұйғырлармен бі-

рігіп саяси бірлестік құрған (630–646 ж.)... Мүмкін Моңғолияның солтүстік шығысында көшіп жүрген кумос тайпаларының бір бөлігі оларға тәуелді болған шығар, өйткені шивэйлықтар Үлкен және Кіші Хинган тауларында сисце (хисце) тайпаларынан шығысқа қарай орналасқан [15].

Сеяньто тайпасы қағанының қайтыс болуымен, осы түркі тілді көшпелілердің бөлігі теле көшпелілерінен батысқа, өздеріне жақын туысы йемек тайпаларына қоныс аударған, яғни Ертістің жоғары ағысы және Шығыс Қазақстанның далаларына көшсе, келесі бөлігі тан тайпаларына, ал қалғандары Хангай аймағында қалып қойған. Алайда бұл жерде бұрынғыдай маңызды рөл ойнамайды. Теле тайпалары ішінен бірінші орынға ұйғырлар (тоғызғұздар, хойху) шықты. Алайда оларға Қытайдан қайта келіп жатқан және Таң империясынан қолдау алған түріктер қарсы шығады. Кумостар осы екі үлкен алыптың ортасында қалды. 679–687 жылдары сеяньто (силар) Солтүстік Қытайдағы түріктердің көтерілісін қолдады, соның нәтижесінде өз жерлерінде көшпелілікті жалғастырған. Шығыс Түрік қағанаты мен кумостар қайта қалпына келтіріліп, одақтастар билігін мойындап қалған.

744 жылы II Шығыс Түрік қағанаты ұйғырлар шапқыншылығынан соң құлады. Силардың (қыпшақтардың) соңғы толқыны батысқа Ертіс өңірі мен Шығыс Қазақстанға кетті, ал кумостар Ұйғыр қағанаты құрамына кірді. 840 жылға дейін өмір сүрген бұл қағанатты кейіннен енисей қырғыздары құлатты. Ұйғыр қағанатының құлауымен, оның құрамына кірген моңғол тілді кумостар (си, хи, каи, печенегтер), сонымен қатар эймор, баяндұр, татарлар солтүстік батысқа қарай кетіп, Ертістің жоғары жағында тұрақтайды. Бұл жерде олар өздеріне жақсы таныс түркі тілді қыпшақтармен кездеседі [16].

Маньчжурияда өмір сүріп жатқан кумостардың басқа бөлігі қидандармен соғысып, соңында жеңіліс тапты. С.М. Ақынжанов В.П. Васильевтің көзқарасына сүйене отырып: «947 жылы хосцелердің (каи) солтүстіктегі рулары көтеріліске шыққан кезде, Лулун Чженчжунву олардың 200 мың шатырларын өртеп жіберіп, 70000 қойын басып алған және т.б. ... Алайда қидандардан бір ұрпақтар қашып шығып ... Солтүстік тауларында қоныстанған, сондықтан қидандардың кезінде Хиларда екі ру пайда

болған – батыстық және шығыстық, біріншілері Иньяльчжоу өзенінің ескі жерлерінде тұрақтаған және 20000 мыңға дейін атты әскер шығара алған». С.М. Ақынжановтың мәліметтеріне сәйкес: «Қидандардан қашқан кайлар печенегтердің Ертіске көшкен соңғы толқыны болған». Зерттеушінің бұл көзқарасымен тек бір ескертпе арқылы келісуге болады. Печенегтердің Ертіске көшуінің соңғы толқыны 847 жылға емес, 868 жылдан кейінгі кезеңге сәйкестендіру қажет [17].

XI ғасыр ортасындағы парсы тілдік автор Гардизи өзінің «Зайн ал-ахбар» атты еңбегінде печенегтер шығуының аңызын келтірген, бұл кумостар (кумохтар) тарихымен қатарлас келген.

Көрсетілген аңыздан печенегтердің татарлар, яғни моңғол этникалық ортасынан шыққандығы және Ертіске Моңғолияның солтүстік шығысы мен Маньчжуриядан келгендігін байқауға болады. Жаңаша отандарында олар жеті тайпадан тұратын этносаяси бірлестік құрған, мұндағы арғы ата тектерінің есімдері Гардизи әңгімелерінде көрінеді. Олардың арасында қыпшақтар мен йемектер аталған [18].

Жеті және жеті жүз сандары печенег-қыпшақ тайпаларының федерациясына тікелей қатысы бар. Кезінде мұндай жағдайға В.В. Бартольд көңіл аударған, оның жазуы бойынша, ерте түрік эпитафияларының мәтіндеріне сәйкес, тәуелсіз тайпаның құрылуына жеті жүз адам керек болған. Атап айтарлығы, VII ғасырдың ортасында сеньтоск қағанатының құлауынан кейін, осы тайпаның кей бөлігі 70000 адам санымен батысқа қарай кеткен.

Гардизидің Шад және оның әйелімен арадағы әңгімесінде, печенегтер өздерінің иелері неханг (айдаһар, жылан) деп аталған, бұл олардың тотемі жылан немесе айдаһар болғанын көрсетеді. Өздерінің этногенездік көзқарастарын печенегтер Ертіске, ең алғаш моңғол тілді этникалық ортада пайда болған жерде, Моңғолияның солтүстік шығысынан әкелген [19].

Тағы да айта кетерлігі, XI ғасыр авторы Махмұд Қашқари Азия континентінің далалық жерлерінде көшіп жүрген түркі тілді тайпалар арасындағы саяси жағдайдың егжей-тегжейіне дейін білетін печенегтер туралы бірде бір рет мәлімет келтірмеген. Олар туралы тіпті ерте түркі руникалық ескерткіштер мен қытай деректері де үнсіз қалып отыр. Гардизи мен «Худуд ал Алам» еңбегінің белгісіз авторы печенегтерді Махмұд Қашқариге Ертіс



өзені бойын қоныстанған кай мен йемек атты тайпалар белгілі болды, ал нихондарға жақын маңға татарларды орналастырады. Осылайша Махмұд Қашқаридің де, Гардизидің де халықтар тізімі бір-бірін қайталап отырады, тек кейбір ерекшелік: Печенегтердің жерлерін (Гардизи бойынша) каилар басқан деп мәлімдейді. XI ғасырдың тағы бір авторы әл Бирунидің жазуы бойынша, Ертіс бассейнінде құман тайпалары өмір сүрген, дәл сол жерде Гардизи жазбалары бойынша печенегтер болған. Осыған байланысты Ю.А. Зувев: «Бирунидің кумактары және басқа авторлардың печенегтері – түркі тегінен емес және қытай баламасында олардың атауы кумо болды (kuo-mak > kumak) деп болжады» [20].

С.М. Ақынжанов әл Бируниде келтірілген кумактардың этникалық терминін Қазақстанның ортағасырлық және қазіргі заманғы топонимдерімен салыстыра келіп, бұл ұқсастықтардың кездейсоқ еместігі, өйткені «XI ғасырдың сауатты авторлары Махмұд Қашқари мен әл Бируни сияқты араб-парсы тілді авторларда Ертіс өзенінің жоғары жағын мекендеген печенег тайпалары кумак халқымен ауыстырылады, әл Бируни мен Махмұд Қашқаридың мәліметтері бойынша, каи халқының, түркі тегінен болмаған, екі бөліктен тұратын бастапқы күрделі тайпалық құрылымның пайда болуы жатқызылады» [21].

Махмұд Қашқари көрсеткендей: «Кай, ябғу, татарлар, басмылдардың өздеріне тән тілдері болған. Сонымен қатар олар түрік тілін де жақсы білген». Бұл куәлік моңғол тілді қимақтар, құмандар және каи тайпалары мен түркі тілді көшпелілер арасында ұзақ уақыт байланыс болғанын көрсетеді, содан кейін олардың этникалық құрамына қыпшақтар мен йемектер кіргеннен кейін, Махмұд Қашқари мен әл Бирунидің көрсетуі бойынша, олар әлі де өз тілдері мен этникалық жадыларын жоғалта қоймады, бұл өз кезегінде Гардизидің әңгімелерінде де кездеседі [22].

Моңғол тіліндегі диалекте кай этнонимі жылан немесе айдаһар мағынасын береді. Ю.А.Зувевтің көрсетуі бойынша, VIII ғасырдағы «Танхуйяо» атты қытай дерегінің «Вассал мемлекеттердің жылқыларының таңбасы» каи тайпаларының тамғасы болған, онда олар жылан түрінде бейнеленген. Түрікмен тегінен шыққан хиви ханы Абыл-Ғазы Орта Азиядағы оғыз түрік

тайпалары құрамына кірген, таңбалардың ұқсастығы қаилардікі болған.

Рашид ад-Дин ерте кезеңдегі ұйғыр тайпаларының қоныстанған жерлерін сипаттай келе, Орта Азияда, Камланджу өзеніне жақын лун халқы, ал көршілес Утукан өзенінде кумук атықуз атты халық өмір сүргендігі келтіріледі. Лун қытайша айдаһар немесе жылан деген мағына береді. Лун (жылан) халқы кумақтар мен печенегтер Ертістің жоғары ағысы мен Орта Азия аймағын қоныстанған кезеңдерінде де көршілес орналасқан [23].

Қимақтар, кумуктар және қаилардың түркі тілді қыпшақ және йемек тайпаларымен ұзақ уақыт бойы көршілес болуы және бірлесіп өмір сүруі аталған тайпалардың түркі атауы болуы керектігін көрсетеді. Уран сөзін осындай мақсатта қолданған қолайлы. XIII ғасырдағы түркі-араб сөздігінде «Түріктік, арабтық емес, моңғолдық, парсылық кітап жиылысының түсіндірме сөздері» немесе танымал «Хоутом сөздігінде» ол жылан деп аударылады. Осы айтылған термин ерте түріктік «urun» сөзінің туындысы және «ену» деген мағына берген. Алайда С.М. Ақынжановтың пікірінше, ең дұрысы «уран сөзі, шамасы, «ора» түріктік етістігімен біртекті – «орау, айналдыру» және осы етістіктен оған аффикс – а (н), яғни (ора + а/н/) – оран-уран, қосу арқылы туынды жасалады және зат есімдік мағынада қорытындысы шығады» [24].

Уран этнонимі тотемдік болған тайпаның шын атауын жасырған және оны айтуға қатаң тыйым салынған болуы әбден мүмкін. Бұл халықтың шын атауы джилан, йылан деген сөздермен көрсетілген, ал ол ортағасырлық және қазіргі заманғы түркі сөздіктерінде жылан деген мағына береді. X ғасыр соңында қытай елшісі Ван Яньдэ гаочандық ұйғырларға бара жатып, волянхотэ тайпаларының жерімен өткен, бұл аймақ Таң династиясы кезінің өзінде-ақ ұйғырлар меншігінде болған. Содан соң Б. Огель «дачун» сөзін «Ұлы жыландар» деп аударады. Волянхотэ тайпалық атауы джиллан уран этнониміне қытай калькасы болып табылады [25].

Одан әрі уран мен кай тайпаларының қыпшақ печенег құрамында батысқа қарай жылжуы өздерімен соқтығысқан халықтардың атауларын өз тілдеріне аударған. Матвей Эдесскийге белгілі болғандай, Еуропада қыпшақтардың пайда болуының бір

себебі, «отц» атты халықтың өздерінің «хардияш» атты көршілеріне шапқыншылық жасауы болды. «Отц» ерте армяндық сөздіктен аударғанда «жылан», ал «хардияш», сәйкесінше, «ашық, жирен сары шашты» деген мағына берген.

Ерте орыс жазбалары половецтар мен орыс халқы арасындағы соғыстарды суреттей келе, біздің уақытымызға дейін Тугарин Змеевичтің бейнесін жеткізген, мұның астарында қыпшақтар ханы Тугоркан жасырылған. Орыс жылнамаларында қыпшақтарда атақты хандар атымен аталған қалалардың бар екені көрсетілген. Мысалы, соның бірі Ипатьев жылнамасында Шаруань аталса, Лаврентьев жылнамасында Чешуев деп аталған. К.Г. Мендес болжамы бойынша, Шарукан атауы ерте венгр сөздігінде «айдаһар» деген мағына берген. Бұл қаланың басқа да атауы өз атымен аталған және пікірталастарды қажет етпейді. С.А. Плетнева Гайдар аймағында қазіргі Украинаның аумағындағы Змиев (Готвальд) қаласында археологиялық қазбалар жүргізген кезде XII ғасырдағы мәдени қабатпен салынған бекіністің қираған орнын тапқан, бұл қыпшақтардың тұрақтары болған және Змиев қаласының атауын «жылан», «змея» сөзінен шығарып, қыпшақтармен байланыстырған [25].

С.М. Ақынжанов Гардизидің әңгімелерінде печенегтердің пайда болуы мен олардың Ертістің жоғары ағысында өмір сүруі туралы қарастырып, «көші-кон бір уақытта болмаған процесс. Тіпті, Гардизидің жазбаларында да 2 немесе 3-4 миграция қадамдарының болғандығын көрсетеді. Расымен, өз өмірінен қауіптеніп, печенегтердің болашақ қолбасшысы әуелі Ертіске көшеді, содан соң артынан екі кезеңмен қалған тайпалар барғанын» әділетті көрсеткен. Зерттеуші А.А. Гаврилованың пікірімен келіседі, яғни Ертістің жоғары ағысындағы печенег тайпаларының пайда болуына себеп болған 840 жылы қырғыздардың Ұйғыр қағанатын талқандауы болды және Б.Е. Куменова мен Д.Г. Савинованың Ұйғыр қағанаты құрамына кірген кейбір тайпа бөлігінің солтүстік батысқа қарай қашуы туралы көзқарастарына сәйкес келген. С.М. Ақынжанов печенегтердің (кумоси, си, хи, каи) батысқа қарай екінші және соңғы көшу толқынын В.П. Васильевтен кейін 847 жылға сәйкестендіреді, бұл кезде оларды қидандар ішінара талқандаған [27].

Печенегтердің (кумоси, си, хи, каи) батысқа көшуі екі кезеңнен де асатынын атап өту керек. Қытай деректері бойынша, сирлар сеяньтолық қағанат құрамына кірген. Печенегтердің шағын тобы VII ғасыр ортасында, 646 жылғы ұйғырлар мен Таң империясының әскерлері қиратқан сеяньтолардың (қыпшақ) бірінші көшу толқынымен батысқа қарай жылжуы мүмкін. Алайда бұл жағдайдың орын алуы мүмкін емес еді, өйткені сеяньтолардың соңғы билеушісі Бачжо бағынған барлық тайпаларды өзіне қарсы қойған болатын. Ал бұл жағдай сеяньтолық қағанаттың құлдырауына әкелді [28].

744 жылы II Түрік қағанатын ұйғырлардың құлатуы нәтижесінде, си тобының шағын бөлігі сеяньто (сирлар мен қыпшақтар) тайпаларымен бірге Ертістің жоғары ағысы мен Шығыс Қазақстан далаларына көшуіне себеп болды. Осы жайында қытай деректері кездеседі.

840 жылы Ұйғыр қағанатының құлауы печенегтердің (си, хи, комоси, каи) және басқа да ұйғыр конфедерациясы тайпаларының Ертістің жоғары ағысына қарай ең ірі көшу толқынын тудырды, алайда осы тайпалардың солтүстік батыс бағытына көшуі туралы қытай деректері ешқандай мәлімет бермеген [29].

Печенегтердің (си, хи, комоси, каи), соңғы толқыны Ертіс жағалауында 868 жылдан кейін пайда болған (П.В. Васильевтен кейін С.М. Ақынжановтың ойынша 847 жылы емес), осы кезде си қолбасшысы Цзюйчжу қидандар шабуылынан қауіптеніп, Гуйчжоу облысының солтүстігінде орналасқан тауларға барып қоныстанған. Әрбір аталған көшу толқындары аймақтан батысқа қарай орналасқан номадтарды көші-қонға арналған жаңа жерлерді іздеуге мәжбүрледі, өйткені олардың жерлерінде жақын деген мигранттардың келуі дала бөлігінде адамдар мен малдардың салыстырмалы қоныстануы орын алды. Ал дала аймағы адамдар мен малдардың тек белгілі санына төтеп бере алатын еді. Осы айтылғандарды негіздей отырып, қыпшақтар мен печенегтердің ерте этносаияси тарихы келесідей жолмен көрсетіледі:

1. Түркі тілді телелік сеяньто тайпасы VII ғасыр ортасында Орта Азияның далаларында екі үлкен бөлімшелермен көшіп жүрген. Батыс түрік қағанатына бағынышты болған осы тайпаның бірінші үлкендеу бөлігі Моңғол және Ресейлік Алтайдың

(Ертістің жоғары ағысы мен Шығыс Қазақстан далалары) батыс сілемдері мен Тянь Шань шығыс беткейлерінде өмір сүрген. Екіншілері Шығыс түрік қағанатына байланысты Хангайда (Отюкен, Селеңгі мен Орхонның жоғары ағысы, Толының төменгі ағысының сол жағалауында) қоныс тепкен.

2. Көптілді, түркіленген сяньби тайпасы Үлкен Хинганның орталық бөлігінің екі беткейінде де, шығыс және солтүстік шығыс Моңғолияда көшіп жүрген. Олардың бөлек көшу бағыты Толының батыс жағалауына енеді.

3. VII ғасырдың 20-жылдарының соңында алтайлық сеяньто батыстық түріктердің ығыстыруына шыдамай, 70 мың шаңырақпен Хангайға көшіп, Шығыс Түрік қағанатына бағынышты болады. Олардың тастап кеткен жерлерінде (Ертістің жоғары ағысы мен Шығыс Қазақстан) оларға туыс йемектер қалады. Жаңа қожайындардың ауыр міндеттер мен ығыстырулары сеяньто, ұйғыр және басқа да тоғызғұздық тайпалардың шығыстық түріктерге қарсы көтеріліске шығуына мәжбүрлейді. Оларды Қытайлық Таң империясы қолдап, 630 жылы толықтай жеңіске жетеді. Шығыс түрік қағанатының аумағында сеяньтолық қағанат пайда болады; мұнда шығыс Моңғолияда көшіп жүрген сеяньто тайпаларынан басқа, тоғызғұздар (құрамында ұйғырлар бар), печенегтер (кумостар, си, хи, кайлар) болған [30].

4. 646 жылы ұйғырлар мен басқа да теле тайпаларынан қатты жеңіліс тапқан сеяньтолықтардың кей бөлігі, қыпшақ атауын қабылдап, батысқа қарай, Ертістің жоғары жағы мен шығыс Қазақстан далаларына, өздеріне туыс йемектерге қашқан болатын. Олар Орталық және Шығыс Қазақстан далаларына көшуге мәжбүр болды.

5. 679-681 жылдары аралығында Хангайда қалған қыпшақтар (сеяньто) түріктерге II Шығыс түрік қағанатын қалпына келтіруге көмектескен болатын. Оның құрамына көптеген теле тайпалары (ұйғырларды қосқанда) және печенегтердің кейбір бөліктері (кумостар, си, хи, кайлар) кірген. 744 жылы ұйғырлар II Шығыс түрік қағанатын құлатып, соның нәтижесінде қыпшақтардың қалғандары (сеяньто, силар) және печенегтердің кейбір топтары (кумостар, си, хи, кайлар) Ертістің жоғары жағы мен Шығыс Қазақстанға көше отырып, ол жерден йемектер мен қып-

шақтардың бірінші толқынын ығыстырады (646 ж.). Печенегтердің негізгі бөлігі (кумостер, си, хи, кайи) Шығыс Моңғолия далаларында қалып, Ұйғыр қағанаты құрамына кіреді.

6. 840 жылы ұйғыр қағанатының енисей қырғыздарымен талқандалуы нәтижесінде, ұйғырларға бағынышты печенег тайпаларының көп бөлігі, сонымен қатар эймюр, баяндур және татарлар Шығыс Қазақстан далалары мен Ертістің жоғары жағына кетіп, йемектер мен қыпшақтарды ары қарай батысқа және солтүстік батысқа жылжуға итермелейді. Соңғылары оғыздармен бірігіп, өз кезегінде, біртіндеп печенегтер, башқұрлар мен мадьярларды Оралға, Волгаға, одан әрі батысқа қарай ығыстырады.

7. 868 жылдан кейін, печенегтердің (си, хи, каилар) соңғы толқыны қидандардан жеңіліп, Ертістің жоғары жағы мен Шығыс Қазақстан жаққа қарай жылжиды, осыдан кейін печенегтердің тайпалық құрамының этникалық және аймақтық тіркелуі аяқталып, X ғасырдағы «Худуд әл-Алам» белгісіз парсы тілдік автор шығармасында жазылған [31].

Печенег тайпасы IX ғасырдың соңында, Шығыс Еуропа даласында пайда болды. Шын мәнінде, бұл азиялық қоныс аударушылардың жаңа ағымы, бір этникалық топ емес, бірақ тайпалар одағы ретінде, кейбір конгломерат, бет әлпеттері түрлі және әр тілді болды [32]. Көшпенді халық болса да, печенегтердің мәдениеті әжептеуір үлкен деңгейде болды. Олардың құм басқан қорғандарынан қылыштар, ерекше өрнектелген саз құмыралар, сүйектен өрнектелген садақтың қаптамалары, белдіктің айылбастары мен салпыншақтары табылған. Печенегтердің жылқы ер-тұрмандарының қазіргілерден айырмашылығы көп. Олардың құрамына: мықты жүген мен оның ауыздығы, ер-тоқым тартпасы және ең бастысы, ерден түспей-ақ садақтан атуға мүмкіндік беретін үзеңгі кірді. Басында печенегтер Хазар қағанатының құрамында болып, бірақ олар әлсірей бастағанда олардан бөлініп шығады. Бұрынғы әміршілерінің қуғынынан қашып, олар батыс пен оңтүстікке қарай жылжиды. X ғасырдың басынан бастап бұл дала кезбелері Қырымға жетіп, хазарларды ығыстырып, Боспор мен Херсонесті жаулап алады. Әрине, бұл түбек оларға қолайлы болды, өйткені көбісі осы жерде тоқтап, (олардың басты бөлігі батысқа кетті, ары қарай Днепрге) түпкілікті ор-

ныға бастады. X ғасырдың басынан бастап олар алдымен Византия мен Русьпен, алда болатын соғыстарға кедергі болмайтын одақтық келісімшарт жасасады. Византия қырымдық печенегтерді экономика жағынан да, саясат жағынан да қолдауға тырысты. Императорға орыстардың византия қожалығына енуіне тосқауыл болып тұратын, сансыз дала жауынгерлерімен татуласқан тиімді болды, өйткені кейінгілері кішкентай ауылдарды тонаумен шектеліп қана қоймай, сонымен қатар Константинопольге сес көрсетіп, бірлескен жорық ұйымдастырып, гректерге қарсы шығып, мәселен 944 жылғы варягтар, русь, поляндар, словендер мен кривичтер сияқтылар қауіп төндіріп тұрды. Орыс тарихшысының тұжырымдамасына сәйкес, Қырымның печенегтермен одақтастығы, «X ғасырдың Византиялық экономика тепе-теңдігін ұстап тұру жүйесінің орталығы» болып табылды [33. 156]. Бірақ орыс жазбаларына қарағанда, печенегтер Русьпен тек қана Византиямен келісімге отырғандықтан ғана емес, өздерінің бастамасы бойынша да бірнеше рет соғысқан. Осындай соғыстардың бірінде әйгілі князь Святослав қайтыс болып, печенег ханы Куря оның бас сүйегінен өзіне салттық тостаған істеп алады. XI ғасырдың ортасында Қара теңізге көшкен төрт печенег ордалары ыдырап кетеді. Ғасырдың аяғында олар қайтадан одақ болып құрылуға тырысып, Византияға бірге жылжиды, бірақ бұл олардың соңғы үлкен сапарлары болады. Әмірші өзінің жағына сары қыпшақтарды тартады да, печенегтерді қоршап алып, қырғын жорық жасап, олардың 30 мыңын қырып өлтіреді. Бұл шешуші соққы болып, бұдан кейін олар этнос ретінде қайта көтеріле алмайды. Печенегтердің жартысы Қырымнан оңтүстік даласындағы, Рось өзен тегістігіне және Аппак Вежге кетіп, азғантай қалады. Печенегтер ол жерде аз тұрғандықтарынан және Қырым бойынша мәдени дамыған Византия көршілерінің ықпалымен бәсекелестікке түсе алмағандықтан, Қырым тұрғындарына ешқандай ықпал ете алмаған. Бір жағынан печенегтер басқа шапқыншылардан тек қана дәстүрлі көнелік таңбаны бұзбайтындарымен ғана емес, сонымен қатар уақыт өте «оларды қадірлеп», отырықшы мәдени өмір сүруге ұмтылғандарымен айрықшаланады. Сонымен қатар олар сол кездегі қырымдықтардың әлеуметтік-экономикалық жетістіктерінің барлығын қабылдады. Егер олар бұл жерге әлеуеті төмен, тобыр

сатысында (бұл әскери демократия мен төмен мүліктік саралауға тән) көшпенділер болып келсе, тез арада дала мен таулы аймақтарды меңгеріп, егін шарушылығымен айналыса бастайды. Кейбір печенегтер портты қалаларға қоныс аударып, мұнда да өздерінің сауда-саттықтағы мүмкіндіктерін көрсете бастайды. Сонымен қатар көптеген печенег саудагерлері бір жағынан Византия және Херсонмен, ал екінші жағынан Ресей және Волж Хазарларымен үлкен транзиттік сауда-саттықпен айналысады. Печенег сауда үйлерінің жергілікті херсонеситтердің ең мүмкіндігі зор Шығыспен жүргізетін саудаларын да ығыстырып тастағаны жөнінде мәліметтер бар. X-XI ғасырларда Еділ мен Жайық өзені аймақтары мен Қырымға қыпшақтар алғаш «Сары қыпшақ» деп танымал болып жаппай қоныстанған. Олар ата-тегі жағынан туыс болып келетін печенегтер сияқты көшпенділер болды. Екеуінің де арғы тектері түріктер болған. Жерленген жерлерінен табылған сүйектерге қарағанда, олар домалақ басты, моңғолдарға ұқсайтын еуропеоидтер болған. Сары қыпшақтар қара шашты печенегтерден көздерінің көкшілдігімен және шаштарының аққұбалығымен ерекшеленді. XI ғасырда қыпшақтардың басты бөлігі ислам дінін қабылдады. Қыпшақтар Қырымға келген жылдары көшулерін қоймай, Русь пен Византияға ойран шапқыншылықтар жасауын доғармады. Бұл ретте олар үлкен жетістіктерге қол жеткізді, бір жағынан, Византиялықтар олармен соғысудың орнына, достасу керек екеніне көздері жетсе, бір жағынан, бүкіл XI ғасыр бойы орыстар қыпшақтардың қожалығына кіре алмады. Қырымдық қыпшақтардың астанасы Сүгдей болса да, византиялық қыпшақтардың саяси қатынастары Херсонес арқылы жүзеге асып отырды. Печенегтерге қарағанда қыпшақтардың ордасы көптеу, яғни XIII ғасырдағы татар-моңғолдарының шапқыншылығына дейін өркендеді. Басты жер аудару, Калкадағы шайқастан кейін басталып, бірақ сол кезге дейін христиан дінін қабылдап, жергілікті тұрғындармен араласқан саудагерлер мен шаруалар сол жерде қалды. Содан кейін олардың жергілікті тұрғындармен араласқаны сонша, алдында айтқандай, олардың түр әлпеттері еуропоидтық болғандықтан, тіпті өздерін ежелгі Қырым тайпаларынан шыққанбыз деп есептеді. Есесіне қыпшақтардың мәдениетін көрсететін көптеген ескерткіштер қалды. Қазіргі уақытқа дейін, Қырымның солтүстік



батысынан жердің астында жатқан, былайша айтқанда қыпшақтардың қуатты тас мүсіндері табылуда. Бұл – мәдениеттің жеке өзіндік болып табылатын жанры. Ежелгі ұсталар өздерінің туындыларын жүйеге келтіріп, жалпы өлшемге тұтастырып (екі қолымен ішін қысып тұрған құмыраның жазылыңқы пішіні), ережеге қарамастан, кескінді барынша ұқсастыруға тырысты. Бұл мүсіндерде халықтың тарихы бейнеленген. Тіпті сыртқы кескіндемесінде де XIV ғасырда кавказдық жазықтықта мұрнының дөңестігін алса (грузиндермен этникалық араласу арқасында), қырымдықтар қыпшақтардың ескі де қарапайым типін сақтаған. Өкінішке орай, бұлар мүсіндерге қарағанда ұзақ уақытқа шыдамайтын тағы бір із болған. 1944 жылға дейін Қырымның елді мекендерінде топонимикалық «қыпшақ» құрамдастары болды. Қазіргі кезде оларға тарихқа еш қатысы жоқ Громов, Рыбацкий, Самсоновка және басқа да атаулар қойылған. Қыпшақтардың қырым жеріне қалдырған рухани байлықтарынан, ислам өміріне ортақ, араб фольклорының «Ләйлі-Мәжнүн», «Жүсіп пен Зылиха», кейінірек «Ашық-Ғариб», Қожанасырдың қызықты оқиғалары сияқты ауызекі әфсаналары қырым мәдениетінің дәстүрін байытты. XII–XIII ғасырларда осы мұсылмандар ортасында қырымтатарлар тілінің «Куманикус кодексі» атты бірінші сөздігі жасалды. Сол кезеңдегі қырым қыпшақтарының тілі, түркі мен татар элементтері араласқан, Қырымға келген кейінгі ордалардың тіліне қарағанда дамыған және әлдеқайда жетік болғаны дәлелденген. Сондықтан нақты қыпшақ тілі, қырымтатарлардың әдеби және жазба тілін қалыптастыруда негіз болды.

Этнографиялық сипаттағы мәліметтер көшпелі түрік тайпаларына: печенегтерге, башқұрттарға және қазіргі Қазақстанның батыс облыстарында мекендеген оғыздарға қатысты.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Печенегтер деген кімдер?
2. Печенег хандығының өмір сүрген кезеңі туралы не білесіз?
3. Печенегтер туралы жазба деректерді топтастырыңыз.
4. Қоныстанған аймағын жазба деректер негізінде анықтаңыз?

## **2-тақырып. Печенегтердің сыртқы саяси жағдайы**

Қара теңіз аймағы түркі тілдес тайпалардың қоныстанған мекеніне айналды. Мұнда сақ дәуірінен бері белгілі әртүрлі тайпалар, көшіп-қонып, тұрақтанып жүрген. Ерте заманында бұл жерде Боспор патшалығы болған. Кейінірек бұл дала тұрғындарының бір бөлігі Хазар мемлекетінің құрамында болады. Азия елінен шыққан, Киев қорғанының астында бірінші пайда болған тайпалардың бірі – печенегтер, византиялық император Константин Багрянородныйдың куәлігі бойынша, хазарлармен көршілес, Еділ мен Жайық өзендерінің арасында көшіп-қонып жүрген. Киевке шабуыл жасаған атты әскер жасағының арасында, тек қана печенегтер ғана емес, сонымен қатар Қара теңіз далсын өздерінің туған жері деп санайтын басқа да тайпалар болған. Шешіреті 915 жылды «печенегтердің бірінші орыс жерлеріне келуі» деп атайды, бірақ хазарлар оларды оған дейін де білген. VIII–IX ғасырларда хазарлар мен печенегтер арасында қажырлы күрес жүріп, хазарлар печенегтер шабуылынан әрең қорғанып отырған. X ғасырдың басында печенегтер енді Дон мен Дунай араларында көшіп-қонып жүреді. Киев жерлерінен оларды тек бір күн ғана айырып тұрған. Император Константин печенегтердің Русьті жиі тонап, нәтижесінде оған көп зиян мен шығындар келтіргені туралы деректер бар. «Русьтіктер олармен бейбітшілікте тұруға тырысып жүр, өйткені егер олармен соғысса, бірінші ретте оңтүстіктегі Царьградпен қатынастары үзілетінін сезеді». Дұшпан печенегтер, мұндай жағдайда, олардың қиын жағдайын пайдалана отырып, орыстарды Днепр табалдырығында күтіп, ол жерден өтетін кезде, оларды ұрып, қуғынға ұшыратады. Сондықтан славяндар печенегтермен соқтығыспай, кейде олармен одақтасып, бір жағынан олардың жауластығынан құтылса, әрі көмегіне жүгініп отырған. Гректер де солай істеген. Гректер де, славяндар да печенегтермен сауда-саттық жасасса, ал Русьтіктер олардан мал сатып алып отырған.

915 пен 1036 жылдар арасында киев князьдары печенегтермен 8 рет соғысады. Әдетте печенегтер Киев қорғансыз болған кезде ғана шабуыл жасап отырған. Киев князьдері, печенегтермен көршілестіктің кесірінен, Киев жерінің оңтүстік шекарасын

Киевке жақын солтүстікке қарай жылжытып, Владимир Стугне, Ирпени және Трубежу өзендерінің бойынан, печенегтерден қорғайтын қорғандар салғызады. Бұл қорғандарға киев князінің қоластына жалдамалы қызметке кірген печенегтерді отырғызып, өз тайпаларының шабуылдарынан орыс жерлерін қорғауға қояды. Печенегтердің көп бөлігі Дунайға және Дунайдан асып кетеді. Печенегтердің ізімен, торық пен қыпшақ тайпалары батысқа қарай ереді. Әрине, печенегтермен соқтығысу оңай болған жоқ. Бірақ, әлбетте, Киев мемлекеті үшін печенегтер жеңілмейтін тайпа болып көрінбеді. Киев мемлекеті бұл қауіпті жеңіп, өзін өзі қорғап қала алған. Бірақ бұл печенегтердің әлсіз екенін емес, керісінше орыс халқының күшті екенін көрсетеді. Дәл сол печенегтер Византияға мүлдем басқа әсер қалдырды. В.Г. Васильевский өзінің «Византия мен печенегтер» атты туындысында печенегтер тарихын зерттеудің нәтижесінде, орыстар мен византиялықтардың қатынасы, әсіресе Русь тарихын түсінуге болатынын әділетті көрсетіп жазған.

Русь, печенегтер және Византия тарихының байланысы өте тығыз болған. «Мен, бұл В.Г. Васильевский жазған туындының мазмұнын қайтадан айтып, сөз етпей-ақ, сол кезеңде печенегтердің Шығыс Рим империясына қатты қорқыныш тудырып отырғанын ғана айта кеткім келеді» [34].

Түріктер мен печенегтерден келген қауіптен ашынушылыққа дейін жеткен Византиялық император Алексей Комнин Батыс пен Шығыстан көмек сұрауға мәжбүр болады. Оның батыс мемлекеттеріне жіберген жолдауының мазмұны: «Қасиетті грек империясының христиандары, печенегтер мен түріктерден қатты жапа шегіп отыр – деп жазады ол. Олар оны күнде тонап, облыстарын басып алып жатыр. Христиандардың өлімі мен көрген көптеген қорлықтарды естудің қорқынышты болғаны сонша, тіпті таза ауа да бұзылып кетеді.... Иерусалимнен Грецияға дейін және бүкіл Грецияның жоғарғы (азияттық) облыстары олардың шапқыншылығына ұшырады... Константинополь тек құрлықтан ғана емес, сонымен қатар теңізден де қауіпке ұшырап жатыр. Мен өзім, император бола тұра, ешқандай нәтиженің, я болмаса көмек көзін көріп тұрған жоқпын: мен бір қалада тұрып, печенегтер мен түріктердің жақындауы мені басқа пана іздетпейінше, олардың алдында жүгіруге мәжбүрмін.

Сонымен, Құдай және барлық христиан жаршыларының атынан сіздерден, Мәсіхтің жауынгерлерінен, кім болсаңыз да, маған және грек христиандарына көмекке келулеріңізді өтініп сұраймын. Біз сіздердің қолдарыңызға берілеміз: біз пұтқа табынушылардан гөрі, сіздердің латин билігінің астында болғанымызды қалаймыз. Константинополь, печенегтер мен түріктерге берілгенше, сіздерге бұйырсын. Мұндай қазыналар печенегтер мен түріктердің қолына түспесін десеңіздер, барлық күштеріңізді салыңыздар...» Міне осындай шақырумен император Алексей «барлық тараптарға» жүгінген.

Осы үндеуге жауап ретінде, бірінші крест жорығын атауға болады, жорықтың басты мақсаты – печенегтерге қарсы тұру арқылы Константинопольді құтқару. 1091 жылы, батыс серілері, Босфор жағалауларына Византия империясы мен Константинопольді қорғауға келіп..., император Алексей Комнин, печенег тұтқынынан құтылатынына риза болып, франктардың қолына өзінің астанасы мен империясының тағдырын ұстататын болып тұжырымдалған еді..... Алайда екі қыпшақ хандары, мүмкін орыс князьдарының бірінің қатысуымен франктерге жол бермеді. Бұл хандар Тугоркай мен Боняк болса, орыс князі – 1097 жылы Давид пен Святополк қаталдықпен көзінен айырған Васильке Ростиславич болатын.

Деректерді саралай отырып печенегтердің Руське ешқандай үрей тудырмағанына көз жеткізуге болады. Русь олардың шабуылдарына оңай тойтарыс беріп, Киев елінің қоластындағы жерлерді де бағындырып отырған.

Әрине, торық тайпалық бірлестіктері печенегтердің, славяндар мен қыпшақ саяси бірлестігінің соққыларына шыдай алмай, олардың бір бөлігі соғыс кезінде қазатапса, біреулері қашу кезінде, енді біреулері ашаршылықтан, суықтан, түрлі аурулардан қырылған. Оңтүстік орыс князьдары торықтарға қарсы екі мәрте жорыққа шыққан. Торықтардың бір бөлігі печенегтермен бірге Киев князьдарына қызмет еткен. Переяславский князьдігі мен Киев пен Черниговскидің оңтүстік бөліктерінің барлығында торық ел-жұрты қаптайды. Олар одан да әрі солтүстікке қарай – Рязанск пен Суздаль князьдіктеріне де аяқ баса бастайды. Көптеген өзендер мен елді мекендердің атаулары торықтардың қоныстаған жерлерінің ізі болып табылады.

Торықтардың жеңілісінен кейінгі бір жылдан соң, Киев аумағында қыпшақтар (кумандар) пайда болады. Олар XI ғасырдың 30-40 жылдары Еуропада бой көрсетіп, печенегтердің басым бөлігін батыстағы Угриға ығыстырады. Шежіреде, Русь пен қыпшақтардың бірінші бейбітшілік кездесуі, 1054 жыл деп белгіленген. 1061 жылдан бастап қыпшақтардың Русьқа шапқыншылықтары басталады. XI ғасырдың аяғында қыпшақтар Киев пен Переяслав жерлеріне шабуыл жасағанда, олардан келетін қауіп қатты сезіледі. Қалаларды өртеп, тұрғындардың жартысын қырып, жартысы әр жаққа ыдырап кетеді. Қыпшақтар Тмутороканьды Черниговщиндерден кесіп тастап, осы уақыттан кейін Тмуторокань орыстардікі емес жерлерде орыс аралы болып саналады.

Біз енді XII ғасырдың басында басқа көрініс көреміз: орыстар шабуылға шыға бастайды. 1103 жылы қыпшақтарға қарсы бірнеше мәрте жасаған. Русьтің бұл сәтті жорықтары, дала көшпенділеріне қарсы тойтарыс бере алған Владимир Мономахтың басшылығымен жасалған. Қыпшақтар Дон, Еділ мен Жайыққа қарай шегінеді. Олардың жартысы Киевпен көршілес болып қалса, көбісі Киев князьдарынан жер алып, оларға тәуелді (вассал) ретінде қызмет ете бастайды. Қыпшақтар орыс князьдарының өзара күресінде елеулі рөл ойнай бастайды. Бірақ XII ғасырдың соңы мен XIII ғасырдың басында қыпшақтар қайтадан шабуылға шығып, татарлар пайда болғанша, үзіліссіз соғысып отырады.

Қыпшақтар Византия үшін үлкен қауіп төндіріп тұрды, сондықтан олар қыпшақтарға қарсы төтеп беру үшін, Русьпен жақсы қарым-қатынаста болуға тырысады.

XII ғасырда Киев мемлекетінің құлдырауы мен әскер билігінің әлсізденуінің нәтижесінде, қыпшақтар, аумағы батыста Днепрге дейін, оңтүстікте Қырымды, солтүстік шығыста Булгар және оңтүстік шығыста Еділ бойын қамтитын, Қара теңіз бен Азовск жерлерінде Дешті Қыпшақ мемлекетінің негізін құрады. Бұл шамамен, сол кезде өзінің өмір сүруін тоқтатқан, Хазар қағанатының шекаралары болатын.

Даламен шекаралас Киев, әсіресе Переяслав князьдіктерінің өмірі әскери толқынысқа толы болады. Біресе қыпшақтар орыс ауылдарына, біресе орыс жасақтары қыпшақ тұрақтарына

шабуыл жасап отырады. Болып жатқан шиеленістер жергілікті тұрғындарды ерекше қасиетке шынықтырады. Долобскийде өтетін князьдар отырысында, Владимир Мономах оңтүстік шаруасының өмірін жақсылап сипаттап берген: диканшы егістікке жұмыс істеуге шығады, ал қыпшақ кенеттен оған тап беріп, оны өлтіреді, жылқысын алып қояды, оның аулына барып, үй-ішін тонайды да, оның әйелі мен балаларын тұтқынға алады.

Алайда Киев мемлекеті жауларына қарсы тойтарыс беріп қана қоймай, сондай-ақ оларды сол жаулардан қорғайтын құрал ретінде пайдалануға күштері жеткен. Печенегтер, торықтар, қыпшақтар Киевпен соғысып ғана қоймай, сонымен қатар олармен әртүрлі бейбітшілік қатынаста болған: кейде қара клубуктер (қарақалпақтар) Киевтің жұмыстарына араласып, орыс жерлеріне бас қоя алатындарын бірнеше рет мәлімдеген.

Түркілердің Шығыс Еуропа шекараларындағы табиғи кедергілер Еділ мен Дунай болды. Солтүстік шекарасы Днестр бастауы, орташасы Дон, ортасы Еділ, оңтүстігі Қара теңіз, Қырым, Кавказ таулары, Каспий теңізі.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Печенегтердің сыртқы саяси жағдайы қалай болды?
2. Печенегтер қандай мемлекеттермен қарым-қатынас жасады?
3. Киев Русімен қатынастың барысы туралы жазба деректерді топтастырыңыз.

**3-тақырып. Византия империясының печенегтерге қатысты ұстанған саясаты**

X ғасырдың ортасында, Днепр мен Дунайда үстемдік ететін печенегтер Византия империясы үшін оның солтүстігіндегі стратегиялық тепе-теңдікті ұстап тұруда маңызды рөл атқарды. Император Константин Багрянородныйдың «Империяны басқару туралы» нұсқаулығындағы өзінің ұлы Роман II (959–963) арналған жолдауында, печенегтермен одақтасудың маңыздылығы «Біліп жүр, әзір римдіктер пачинакиттермен бейбітшілікте тұрған кезде, соғыс заңы бойынша рустар да, түріктер де рим державасына шабуыл жасай алмайды, сондай-ақ сол елдің күшін оларға қарсы пайдаланады деп римдіктерден ақша және заттар

талап ете алмайды. Пачинакиттер болса, император берген мадақ қағаздар мен сыйлықтарды ала отырып, рустар мен түріктерге қарсы шабуыл жасап, олардың әйелдері мен балаларын тұтқынға алып, жерлерін талқандай алады».

Печенегтердің византиялық алтын мен сән-салтанат заттарына мұқтаждығы оларды рустар, венгрлер және болгарларға қарсы шығатын тамаша одақтас ететін. Болгар патшасы Симеон да Византияға қарсы осындай одақтас құрғысы келіп, бірақ ол ойы іске аспайды. 1018 жылы император II Василий (976–1025) Бірінші Болгар патшалығын құлатып, бос жерлерге көшіп келген печенегтер енді империяның тікелей көршілері болады.



1 – Еділ Бұлғар жауынгері, 2 – Қыпшақ атты әскері,  
3 – Печенег жаяу әскері

Мүмкін олардың Русьпен қатынастарының шиеленіскеніне байланысты Василий II өмір сүрген кезде, печенегтердің ша-

буыл жасағандары туралы хабарлама қалмаған. «Скиф» атымен белгілі печенегтер, XI ғасырдағы Византияның шекараларына талқандаушылық шабуылдар жасағаны туралы Феофилакт Болгарский жазған болатын. 1025 пен 1045 жылдар аралығында олар, Византияның Балкан ауылдарына төрт рет шапқыншылық жасайды. 1027 жылы печенегтер солтүстік Болгарияға шабуыл жасайды. Оларға қарсы Константин Диоген басқарған Болгария мен Сирмия күштері жұмылдырылып, көшпенділерді Дунайға қарай ығыстыру арқылы олармен бейбіт келісімге отырады. 1032 жылы печенегтер Болгарияны қайта тонай бастап, 1034 жылы Фессалоникке дейін жетеді. 1035–1036 жылдың қыс айында олар Болгария мен солтүстік Македонияның солтүстік аумақтарын ойрандатып, ал кейбір жасақтары Фракияға дейін жетеді. Оларға қарсы жіберілген византиялық әскерлер жеңіліс тауып, бес әскербасшылар тұтқынға алынады. 1036 жылғы Ярослав Мудрый князі бастаған шайқаста жеңіліс тапқан печенегтер, Дунайға қоныс аударып, Византия шекарасына қауіп төндіреді.

### ***1046–1053 жылдардағы соғыс***

1040 жылдары Византияның сыртқы саясатында Закавказье территорияларын алумен байланысты сәттіліктерімен қоса, Закавказьеде селжуктармен, Оңтүстік Италияда нормандармен және Балкандағы печенегтермен болған ауыр қорғану соғыстары да болады. 1043 жылы печенегтер оғыздардың қыспағымен, тұрып жатқан жерлерін тастап, Византияның шекарасындағы Дунай бойына қоныстана бастайды. Византияның Тирах ханға қарсы шыққан Кеген тайпасын қолдауы, 1046 жылы болған соғыстың тікелей себебі болады. Кеген христиан дінін қабылдап, патрикия лауазымына ие болады.

Содан кейін ол Дунайға қайтып, сол жақтан қыпшақ жерлеріне шапқыншылық жасап, адамдарды тұтқынға алып, оларды византиялықтарға сатады. Бұл әрекеттерін тоқтатуды өтінген Тирах ханның өтінішіне император IX Константин (1042–1055) жауап бермейді. Зерттеушілер печенегтердің Дунайды бірінші рет кесіп өткен жылын әр қалай көрсетеді. Г.А. Острогорскидің зерттеуі бойынша, бұл – 1048 жылы, ал А.П. Каждан бойынша бір немесе екі жыл бұрын және басқа деректерде одан да ерте



жылдар белгіленген. Қыс айында Тирах ордасы мұзды Дунайды кесіп өтіп, Болгарияның солтүстік шығысына баса көктеп кіреді. Тұрғылықты әскер бөлімшелері мен Кегеннің қарсыласуға күштері жетпей, оларға Адрианопольден Константин Арианит пен Болгариядан Василий Монах көмекке келеді. Көшпенділердің ішінде індет шығуына байланысты византиялықтар оңай жеңіске жетеді. Басында Тирах тұрған 140 текті тұтқындарды Константинопольге жеткізіп, оларды шоқындырып, ештеңеге тұрғысы жоқ лауазымдар береді. Тұтқындалған печенегтерді қоныстандыру мен оларды зорлықпен христиан дініне кіргізу туралы шешімнің салдары қайғылы болады. 1048 жылы жазда, 15000 печенегті селжуктармен соғысуға Закавказьеге жібереді. Алайда Босфордан өтетін кезде олар бүлік шығарып, өздерінің тайпаластары тұратын облыстарға өтіп, нәтижесінде саны көп жау Византия аумағының ішінен шығып, Дунайдан асып өтуден бас тартады. Сол жылдың күз айынан бастап олар Македонияға шапқыншылықтар жасай бастайды.

Соғыстың басталуына дейін батыстағы империя әскері әлсіреген және бытыраңқы күйде болады. Гректер соғысты бір шайқаспен бітіргісі келеді, алайда оның жеңіл атты әскерден тұратын қарсыласы, әрдайым қулық жасап, шайқастан жалтара береді. 1049 жылы печенегтерге қарсы батыстың Константин Арианит қолбасшылық еткен тұрақты әскері жорыққа шығады. Олар Ямбол қамауының алдында үлкен печенег әскерімен соқтығысып, жеңіліс табады. 1049 жылдың жаз айында византиялықтар, Диакей жанында тағы жеңіліске ұшырап, сол шайқаста қолбасшылары тұтқынға алынады. Византиялықтар Адрианопольге, ары қарай астанаға дейін шегінеді. Содан кейін византиялықтар жаңа әскер құрып, бірақ командирлердің келіспеушіліктерінің нәтижесінде, 1050 жылдың 8 маусымында Адрианополь тұсында жеңіліс табады. Қалған әскерлер Адрианопольде тұрақтап, онда тагма схолдарды басқарған басшы Никитаның жәрдемін күтеді. Печенегтер қаланы ала алмай, солтүстікке қарай шегінеді. Нәтижесінде тұрақты әскердің жартысы қырылып, византиялық әскердің командалық құрамы елеулі шығындарға тап болады, ал печенегтер болса, Македонияның солтүстік жағына бақылау орнатады.

Кезекті көшпенділермен күрес үшін империяның бүкіл түкпірінен жаңа әскер жинап, оның қолбасшылығын этнарх Никифор Вриеннийге ұсынады да, оның қоластына Шығыстан жинаған әскерлерді, ал жалдамалы шетелдіктерден құралған әскерді аколүф Михаилге тапсырады. 1051–1052 жылдардағы печенегтер шабуылына тойтарыс береді. 1053 жылы ІХ Константин печенегтерді біржолата талқандағысы келіп, Болгарияға әскер жібереді. Алайда Преслава тұсындағы жеңілістен кейін империя үкіметі келіссөздер жүргізуді ұйғарады. Жасалған шартқа сәйкес, печенегтер Добруджегі және Дунайдың оңтүстік жағалауындағы басып алған облыстарды өздеріне қалдырып, Македонияға 30 жыл бойы шабуыл жасамауға келіседі.

### ***Византияның Паристриондағы бақылауын қайта қалпына келтіруі***

1070 жылдары Михаил VII билігінің әлсірей бастағанын көрген печенегтер әскери күш жинай бастайды. 1077 жылы печенегтер Балкан тауларын асып, Фракияны ойран қылады. Осы кезде византиялық таққа мұрагер Никифор Вриенний Старший печенегтердің қызметін қолданғысы келсе, келесі жылы басқа узурпатор Никифор Василаки көшпенділерді жалдағысы келеді. Соңында тақ басқа қолбасшы Никифор Вотаниатқа (1078–1081) бұйырады. Оның билікті алған кезінде печенегтер Лек қолбасшылық еткен көтеріліске қатысады. Басқа көтерілістің басшысы Павликиан одақты беріктендіру үшін тіпті печенек басшысының қызына үйленеді. Император Алексей I Комнин (1081–1118) мәселені бейбіт түрде шешуге тырысады, алайда сәтсіз болғаннан кейін, ол доместик Григорий Пакуриан қолбасшылық еткен әскерді печенегтерге қарсы жібереді. Печенегтермен болған бұл соғыстың кезеңі туралы, император қызы Анна Комнинаның хроникалық деректерінде егжей-тегжейлі жазылған. 1086 жылы бұл әскер Белятов тұсында қиратылып, Пакуриан мен басқа қолбасшы Алексей Врана жау қолынан қаза табады. Бұл туралы естіген Алексей, Татикия қолбасшыны жаңа әскер жинауға Адрианопольге жібереді. Филлиппополь тұсында олжалы және тұтқындары бар печенегтерді кездестіріп, Татикий шабуыл жасап, оларды жеңеді.

1087 жылы печенегтер Челгу қолбасшысымен бірге Хариопольге жетеді, алайда Памфилден келген Николай Мавроката-

калон қолбасшы жақын арадағы төбешікте олардың тас-талқандарын шығарады. Бұл шайқаста Челгу мен Венгриядан қуып жіберілген Шаламон патша өледі. Қалған печенегтер Дунайға қайта оралып, византияның жерлерін тонауларын жалғастырады. Шекараны әскери күшпен қорғаудың басқа амалын таппаған Алексей, печенегтермен келісімге отырады. Бұл 1088 жылдың 6 қаңтарындағы архиепископ Теофилақтың салтанатты сөзінен белгілі. Ол жерде Теофилакт императордың «қансыз» печенегтерді жеңгені туралы жазылған. Алайда Анна Комнинаның дерегі бойынша, император печенегтердің рим аумағында тұрғанын қаламай, екі әскер жасағын жинайды да, біреуін Дунаймен жіберсе, екіншісі өзінің басшылығымен құрлықпен кетеді. 1090 жылдың жазындағы соғыс науқаны ауыспалы сәттілікпен өтеді. Қыста печенегтер өздерінің шатырларын Люлебургазға жақын жерге қояды, ал император болса астанаға оралып, онда келесі науқанға дайындалады. 1091 жылдың 15 ақпанында Комнин кенеттен жасалған шабуылымен печенегтерді Хировак тұсында қиратады, алайда бұл жеңіс айтарлықтай маңызды болмай, көп кешікпей печенегтердің шабуылдары жиілей түседі. Олар тек қана шекарадағы ғана емес, сондай-ақ Константинополь маңындағы қалаларды да басып алады. Осы сәтте, печенегтердің одақтасы селжуктердің басшысы Чак Бей Константинопольге теңізден шабуыл жасап, нәтижесінде Византия қиын жағдайда болады. Осы кезде Алексей қыпшақтардың көмегіне жүгінуге бел байлайды. Қыпшақтармен одақтасқан византиялық әскер, 1091 жылдың 29 сәуірінде, Левунион тұсында печенегтерді толығымен ойсырата жеңеді. Анна Комнинаның [35] мәліметі бойынша, «ондаған мың тұрғыны бар бір ел, әйелдерімен және балаларымен бірге толығымен осы күні қырылып кетті» деп жазған.

1036 жылдан бастап печенегтер туралы мәліметтер орыс жылнамаларында кездеспегендіктен, печенегтердің өмірін баяндайтын византиялық және басқа да ақпарат көздері болмақ. Бұл кезеңде печенегтер оғыздармен батысқа ысырылып, Днепр мен Дунай арасындағы жайлауда көшіп жүреді. Ақпарат көздері бойынша печенегтер 13 тайпадан тұрған.

Бастапқыда печенегтердің басты көсемі Тирах болса, оғыздармен соғыста ешқандай лауазымы болмаған Кеген батылды-

ғымен және оғыздарға тойтарыс берген қабілетімен ерекшеленеді. Тирах әскери батылдығымен ерекшеленбегендіктен, Кегенге бірнеше рет астыртын шабуылдар жасаған. Бұл мезетте екі тайпа Кегеннің жағына өтіп, Тирах қарсыластарды ашық баспақшы болды. Шайқаста Кеген жеңіліп, жақтастарымен жасырынуға мәжбүрленді.

Тарихшылар бұл шайқастан печенегтердің мұсылман тарапы мен ежелгі наным-сенім тараптары (Кеген) арасындағы шайқасты бақылады.

Нәтижесінде Кеген Дунайдың арғы жағындағы византиялық император Константин IX Мономахтан (1000–1055, император 1042 ж. бастап) пана сұрайды. Император печенегтерді Болгарияда қоныстандырғаны үшін христиан дінін қабылдауды және империяның солтүстік шекарасын кенгрлерден, орыстар мен басқа да жаулардан қорғауды талап етеді.

Кегенді Константинопольде салтанатты түрде қарсы алып, онымен еріп келген монах Епифаний печенегтерді Дунайда жаппай шоқындырады.

Дунайды паналаған Кеген көшпенді бауырларына шабуылдап, тонап, тұтқындарды византиялықтарға құлдыққа сата бастайды.

Тирах император Константиннен Кегенді басып және империямен бейбітшілік жасалғандығына сілтеме жасайды.

Константинопольге печенегтер арасындағы шиеленіс тиімді болғандықтан, император Тирахтың елшілеріне күледі. Сонда елшілер империя аумағына шабуылдар жасалатындығын ескертеді.

Византиялықтар Дунайдың барлық өткелдеріне бақылауды күшейтіп, өзенге қосымша жүздеген кемелерді жіберді. Тирах сабырмен қолайлы мезетті күтіп, 1048/1049 жылдың қысында Дунайды қалың мұз басқан сәтте Балқан түбегіне басып кіреді.

Тирахтың әскеріне тойтарыс бере алмаған Кенген Константинопольден көмек сұрады. Император Константин Арианитке, Адрианополь стратигіне және Болгария басшысы Василий Мономахқа Кегенге көмек беруді бұйырды. Византиялық қолбасшылар печенегтерге қарсы шыққанымен, ашық соғысқа асықпайды.

Дегенмен күн жылыған кезде Тирах әскері ауруға ұшырады. Сонымен бірге Тирахтың әскері болгарлардың шарабына

тойына бастады. Қолайлы сәтте Кеген византиялық қолбасшылармен мастанған және науқастанған Тирахтың әскерін ойсырата жеңеді.

Кеген тұтқынға түскен печенегтік ер азаматтарды өлтіруге кеңес берген: жыланды құрығын қимылдата алмайтын қыс мезгілінде өлтірген оңай, ал күнге қыздырылған кезде оны өлтіру қиынға соғады.

Тұтқынға түскен печенегтерді Кеген өлтіруге кеңес бергенімен, византиялықтар басқа әрекет жасайды. Біріншіден, Болгарияда өте көп бос жатқан жерлер болатын; екіншіден, императорға жаңа салық төлеушілер керек болады; үшіншіден және ең бастысы, Византияға Кіші Азияның селжуктарына қарсы тұра алатын күшті атты әскер керек болды.

Тұтқындар Болгарияның бүкіл аудандарына қоныстандырылады да, 140 текті печенегтер Константинопольде шоқындырылып, императорға бас иеді. Печенегтерді жаппай шоқындыру туралы тіпті сөз де болған жоқ.

Көп кешікпей Константин IX печенек атты әскерін, империяның шығыс шекараларына қауіп төндіріп тұрған селжуктарға қарсы жорыққа аттандыру туралы шешім қабылдайды. Шамамен 15000 печенег Константинопольге қарама-қарсы орналасқан Босфор жағалауындағы Скутария қаласында жылқылар алып, жорыққа аттанады. Византиялықтар печенегтерді жолға шығарып, тіпті қандай да бір қарулы күзетпен қамтамасыз етпейді. Бұл күтпеген нәтижеге әкеледі.

Печенегтер бірінші тұраққа тоқтаған сәтте-ақ бүлік шығарып, өздерінің діндері бір Кавказ мұсылмандарына қарсы шықпаймыз деп шешеді. Біреулері Вифини аймақтарын жаулап алайық десе, көбісі Каталима ұсынысы, Болгарияға қайтайық деп шешеді. Печенегтер аттарымен Босфордан өтіп, Константинопольді айнала Болгарияға өздерінің жанұяларына қайта оралады.

Бұл печенегтердің қолдарында қару-жарақтары болмайды, өйткені византиялықтар қаруды әскери аймаққа жеткенде алады деп шешкен еді. Айыр мен шалғымен қаруланған печенегтер тұрақтарын тастап, Филиппопольге қарай Батыс жартылай аралдарына жүріп, ол жерлерден жайлы мал жаятын жерлер табады.

Бүлік шығарған печенегтермен күресуге Кеген өз көмегін ұсынады, алайда оған және оның балаларына жалған шағым тағылып, тұтқындалады. Ал оның тайпаластары биліктің екіжүзділігіне наразы болып, бүлікшілерге қосылады.

Көп кешікпей печенегтердің жасақтары Адрианопольге жақын маңайдағы жерлерге шапқыншылық жасай бастайды. Диампольдың жанында Константин Арианиттің әскері талқандалып, бүкіл Балкан жартылай аралы қарусыз қорғанда қалады.

Константин IX империяның шығыс шекарасындағы әскерін печенегтермен күресуге жіберуге мәжбүр болады, алайда ол үшін уақыт керек болғандықтан, император тұтқындағы Тирах пен басқа печенег басшыларынан серт алып, оларды бүлікшілерді басуға жібереді. Тайпаластарының қасына жеткен Тирах берген сертін ұмытады да, христиан дінінен бас тартып, империяның ішіндегі ауылдарға жорыққа шығатын әскер жинай бастайды.

1049 жылы күз айының басында империяның шығыс жағынан әскери күш келеді. Олар Босфор мен Темір қақпадан асып өтіп, печенегтерге қарсы Сербияға қарай жүреді. Византиялық әскерді евнух Никифор басқарады. Ол өзінің жеңісіне сенімді болғаны сонша, тұтқындарды байлап алып кететін көп арқан мен белбеулер дайындап қояды. Печенегтер шайқас басталмай тұрып қашып кетеді деп қауіптенген Никифор, лагерьді әр жағынан шабуылдауға бұйрық береді.

Печенегтер тұрағын арбалармен қоршап, византиялықтарды садақтармен жаудырады. Олар империя әскерінің екі шабуылына тойтарыс беріп, содан кейін печенег атты әскері кенеттен қарсы шабуылға шығады да, Никифор әскерін ыдыратып, византиялықтар алапат жеңіліске жетеді. Осы шайқастан кейін печенегтер кедергісіз Македония, Фракия мен империяның Балкан жартылай аралындағы басқа шет аймақтарын тонай бастайды.

1050 жылдың 5 маусымында Адрианополь маңынан печенегтер Константин Арианит қолбасшылық еткен империя әскерімен соқтығысады, алайда бұл жолы печенегтердің атты әскерімен шайқасқысы келмеген олар жақсы бекінген лагерьде жасырынып отырады. Алайда византиялық қолбасшылардың келіспеушілігінен, әскердің көп бөлігі лагерьден шығып, көшпенділермен шайқасқа түседі. Печенегтердің атты әскері қарсы шық-

қан византиялық әскердің күл-талқанын шығарып, қашқандарды аңду арқылы, бекінген византиялық лагерьді батыл әрекетпен басып алғысы келеді. Шегініс барысында Константин Арианит тұтқынға алынып, печенегтер оны қатты қинайды.

Лагерьді тап сол жерде басып ала алмайды, ал шабуыл кезінде басшыларының бірі Сулча қайтыс болады. Печенегтер Адрианопольге Болгариядан көмек келе жатқанын естігеннен кейін, лагерьді жайына қалдырып, өздерінің көшіне қайтып оралады да, сол жақтан бүкіл жартылай аралға және тіпті Константинопольдің қорғанысына дейін шапқыншылықтар жасайды.

Константин IX-ның денсаулығы әскерді өзі алып жүруге жарамай, ол елорда гарнизонына қолбасшылық етуді евнух Иоанн-философқа ұсынады. Бұл уақытқа дейін қарсылық көрмеген печенегтер қырағылықты жоғалтып, түнгі күзетшілер де қоймайды, осыны пайдаланған Иоанн бір түні қала қорғанынан шығып ұйқылы печенегтерді сойып тастайды. Елорданың халқына күлкі және императорды жұбату үшін, Иоанн-философ қалаға көшпенділердің шабылған бастары толған бірнеше арбалар алып келеді.

Осыдан кейін византиялық әскерлер печенегтермен ашық шайқасқа түспейді, керісінше үлкен қалалардың бекіністерінде отырып, шабуылға қолайлы сәтті күтеді. Көбінесе византиялықтар печенегтер шапқыншылық жасап, тоналған олжалары мен құлдарымен үйлеріне қайтып келе жатқан кезде шабуыл жасайтын. Мұндай әдіс көшпенділермен күресте жақсы табыс әкелетін, бірақ ауыл тұрғындарының жағдайын жеңілдетпеді.

Күйзеліске түскен император Кегенді тұтқыннан босатуды бұйырып, оны құпия тапсырмамен бүлікші печенегтерге жібереді. Кеген өзінің тайпаластарын империямен бейбітте болуына көндіруі немесе ру арасына сызат түсіруі керек еді. Кеген императордың тапсырмасын орындай алмайды, өткені Тирахтың серіктестері Кегенді қақпанға түсіріп, оны бөлшектеп өлтіріп тастайды: өте майда бөлшектерге деп айтады.

Владимир печенегті жеңген Ян Усмарь (немесе Усмошвец) атты батырын шығарған. Басқа нұсқа бойынша, орыстар печенегтерді жаппай қырғандықтан, олар Русьқа үш жыл шабуыл жасауға батылдары жетпеген. Түсініксіз, бірақ бұл сол кездегі үш жыл. Батырдың есімін ескере отырып, Владимирдің батырды

берендичтер мен торықтардың ішінен іздегенін белгілейік. Сірә, орыстардың арасында лайықты адамның болмағаны ғой.

Печенегтер сөздерінде тұрып, 996 жылы жаңа келісімге отырудың уақыты келгенше Руське үш жыл бойы шабуылдамайды. Сол жылы печенегтер жаңа салынған Васильев қаласының жанында Владимир жасағымен кездеседі. Белгісіз себептермен Киев князі олармен бейбіт келісімге отырудан бас тартып, олармен шайқасқа түсіп, жеңіліс тапқаннан кейін қашып құтылады. Князьдің өзі әрең тірі қалып, бір көпірдің астына тығылғаннан тұтқындаудан құтылады. Өзінің керемет тірі қалғанына ризашылығын білдірген Владимир Василеевте шіркеу салғызады.

997 жылы «Уақытша жыл туралы хикаят» (УЖХ) туындысынан печенегтердің қайтадан Руське келіп, Ирпень өзеніндегі Владимир жақында салғызған Белгород қаласын қоршап алғандары туралы хабарламаны табамыз. Бұл кезде Владимир князьдіктың солтүстігіне, печенегтерге қарсы әскер жинауға кетіп, Киевте болмаған еді. Белгород тұрғындарына ешкім көмек көрсетпейді, бірақ барлық қиыншылыққа, аштыққа шыдайды, ал күзде печенегтер өздерінің даласына кетеді. Міне, дәл осы қоршаудың арқасында Белгород құдықтарының іші кисель мен балға толы деген әйгілі аңыз пайда болған. Қаланың ақсақалдары печенегтердің көсемдерін шақырып, дала адамдарына құдықтарынан айлакерлік жасап, саны жоқ кисель мен бал ала алатындарын көрсетеді. Печенегтер мұндай қаланы қоршаумен ала алмайтындарына көздері жетіп, қаланы жайына қалдырады, ал бүкіл Русь «печенегтер кисельден қорықты» деп оларды келемеж етеді.

УЖХ 1015 жылға дейін печенегтер туралы жазбаған, бірақ Татищевта бізге белгісіз деректерден печенегтермен қақтығыс болғаны туралы деректер бар. 1000 жылы Владимир Дунайға кеткенде, Володарь атты біреу Киевке печенегтерді алып келіп, қаланы қамауға алады. Бұл жерде сахнаға әйгілі батыр Александр Попович шығады. Ол түнгі жорықта сатқын Володарь мен оның ағасын өлтіріп, печенег әскеріне қатты нұқсан келтіреді. Осы шайқастан кейін печенегтер Киевтен кетіп, ал Владимир қалаға қайта оралғанда, А. Поповичті марапаттап, оның мойнына алтын *зривна* (мойынға және кеудеге тағатын металл әшекей) тағады.

1001 жылы Владимир Александр Попович пен Ян Усмарь қолбасшылық еткен өз әскерін печенегтерге қарсы жібереді. Бұл



жолы орыстар печенегтерді талқандап, олардың көсемі Родоман мен оның балаларын тұтқынға алады. 1004 жылы печенегтер қайтадан Белгородқа жақындайды, ал Владимир болса, оларға қарсы тағы да сол Александр Попович пен Ян Усмарь басқарған әскерді жібереді. Печенегтер мұндай батырлармен шайқасқа түсуге қорқып, өздерінің далалықтарына қайтады.

1000, 1001 және 1004 жылдардағы оқиғалар шындыққа жанаспайтын, өмірде болмаған аңыздар сияқты, бірақ батырлардың есімдерінің өзі құнды мәлімет болмақ.

Шамамен 1008 жылы барлық пұтқа табынушылардың архиепископы Бруно фон Кверфурт Русь пен печенегтермен кездесуге келеді (970/974–1009). Ол печенегтерді католик дініне кіргізгісі келеді, бірақ оның бұл ісі толығымен іске аспайды, өйткені ол тек 30 адамды ғана бұл дінге кіргізеді. Бруно бұл халықты «пұтқа табынушылардың ішіндегі ең жауыз әрі жігерлі» деп бекер айтпаған.

Бірақ Бруно әлі *прустарда (Пруссия халқы)* оны не күтіп тұрғанын білмейді. Олар жаңа діннен бас тартып, архиепископ пен барлық пұтқа табынушылардың басын алып, ал оның жанындағыларын дарға асады.

Бірақ печенегтер арасында ислам дінін насихаттаушыны олар басқашалай қарсы алады. Мұсылман жазушылары мен тарихшылары Әл-Бакри (?–1094) мен Әл-Гарнатидің (1100–1170) мәлідемесі бойынша, «хижраның 400 жылынан кейін, олардың қолына мұсылман дінін уағыздаушы имам тұтқынға түседі де, ол печенегтерге ислам дінін түсіндіріп, нәтижесінде печенегтер ислам дінін қабылдайды. Олардың ниеттері шынайы болғандықтан, өздерінің арасында ислам дінін насихаттай бастайды. Ислам дінін қабылдамаған кейбір печенегтер оларды балағаттап, ақыры соғыспен аяқталады. Құдай, олар тек қана 12000 болып, дінсіздер екі есе көп болса да жеңісті мұсылмандарға береді. Мұсылмандар дінсіздерді өлтіріп, тірі қалғандары ислам дінін қабылдайды. Енді олардың барлығы мұсылман болып, олардың арасында ғалымдар, заңгерлер және Құран оқитын адамдар да болады» [36].

Бұл кейінірек болған азаматтық соғыстың себебі де болған шығар, бірақ XII ғасырдың бірінші жартысында печенегтердің көбісі мұсылман дінін қабылдағандары белгілі.

Печенегтер мен орыстардың арасындағы соқтығыстарға қайта келейік. Алдында айтып кеткенімдей, 1015 жылға дейін печенегтер мен орыстардың арасында болған соқтығыстар жайлы ешқандай деректер жоқ. 1015 жылы князь Владимир Новгород қаласына жорыққа шығу үшін үлкен әскер жинай бастайды, өйткені онда әмірлік етіп отырған оның ұлы Ярослав, Киевке тиесілі жиналған алым-салықты жіберуден бас тартып, барлығын өзіне қалдырған. Новгородқа қарсы бұл жазалау жорығын князь Владимир өзінің сүйікті ұлы Бориске тапсырады, алайда қызу дайындық үстінде қарт князь қайтыс болады.

Владимир өзінің ұлы князьдық тағын, сол кезде поляктық әйелі мен рухани епископы Рейнберн Колобжегскимен бірге абақтыда отырған үлкен ұлы Святополкты айналып, сүйікті ұлы Бориске қалдырғысы келген. Алайда Киев тұрғындары Владимирдің таңдауына көтеріліс шығарады да, Святополкты абақтыдан шығарып, оны өздерінің ұлы князі етіп сайлайды. Жиналған әскері оны қолдамағандықтан, Борис қашып құтылады.

Көп кешікпей Борис пен Глеб ағаларының билігін үлкен ретінде заңды екенін мойындайды. Сондықтан да Святополк басқа ағаларына қарағанда, оны қолдап тұрған інілерін өлтірудің маңызы жоқ екенін түсінеді. Бірақ бұл туралы басқа жолы айтатын, ал қазір печенегтерге оралайық.

Святополк печенегтермен бейбітшілік орнатып қана қойған жоқ, сонымен қатар олармен сол кезде Киевке бет алған Ярослав пен Новгород әскеріне қарсы одақтастық құрады. 1016 жылы Любеч маңындағы Днепр жағалауында әйгілі шайқас болады. Шайқаста Святополктың әскері киевтіктер мен печенегтерден құралса, Ярослав новгородтықтардан басқа жалданбалы *варяг (скандинавтықтар)* жасақтарын алып келеді. Днепр жағалауындағы ұзақ қарсыластықтан кейін, Ярослав өзінің әскерін өзеннен өткізіп, Святополктың әскерінің күл-талқанын шығарғаннан кейін, ол Польшаға қашуға мәжбүр болғаны белгілі. Міне осымен барлығы бітеді. Бізге бұл шайқастың қай айда болғаны және печенегтердің неге Святополкқа көмектеспегендерінің себебі белгісіз.

1017 жылы Святополк печенегтермен бірге Киевке келіп, қаланы қоршауға алады, алайда қысқа уақыттан кейін печенегтер кетіп қалады. Келесі жылы Святополк тек печенегтермен

ғана емес, сонымен қатар қайын атасы поляк патшасы Болеслав I Храбрыйдың (967–1025) қолдауымен Киевке жақындайды. Одақтасқан әскер Ярославтың жалдамалы әскерін күйретеді, бірақ бұл жолы киевтіктер оны қолдамайды. Сондықтан Ярослав Новгородқа қашады.

Святополк қайтадан Киевті басқара бастайды, алайда Болеслав пен оның сарбаздары халыққа тәкаппарлық және жиіркенішпен қарап салтанаттың шырқын бұзады. Киевтіктер өздерінің наразылықтарын көрсетіп, біреулеп жүрген поляк сарбаздарын өлтіре бастайды. Болеславқа өз еліне қайтуға тура келеді, оның үстіне 1018 жылы оның қызы, әрі Святополктың әйелі қайтыс болады. Бір таңданарлығы, ешқандай дерек оны есімімен жазбаған.

1019 жылы Ярослав жаңа әскер жинап, Алта өзенінің бойында Святополк пен оның одақтасы печенегтердің әскерін қиратады. Шайқас өте қырғын сипатта болады, қарсыластар бір күнде үш рет шайқас алаңына оралады, алайда кешқұрым Ярославтың әскері үстем болады. Святополк печенегтерге, не поляктарға қашады, алайда жолда ауырып, қайтыс болады.

1024 жылы князь Мстислав жекпе-жекте Редейді өлтірген, дегенмен Листвен түбіндегі шайқаста, печенегтер қосалқы рөлді атқарған. Сол кезде Мстислав мықты одақтасқан әскер құра алады – оған касогтар, печенегтер және солтүстік тұрғындары қосылып, шайқас кезінде варягтарға екі жақтан соққы беріп, жаңа әскери әдіс қолданады. Орыс шежірелері аталмыш соғысқа печенегтердің қатысканы туралы хабарламайды. Жеңістен кейін Мстислав түсініксіз ақ көңілділік танытып, Киевті Ярославқа беріп, өзіне Чернигов пен Тумантархан атты қалаларды қалдырған. Тумантархан қазіргі Краснодар аймағындағы орта ғасырлық қала, хазар билігі уақытында Тумен-Тархан деп атаса, византиялықтар Таматарха деп жазады. Ал орыс жазбаларында Тмутаракань деп кездеседі.

Мстислав тірі кезінде, печенегтер Руське шапқыншылық жасамаған, ал дәл сол 1036 жылы бірден Киевке келіп, оны қоршап алады. Біздің тарихшылар, печенегтер ешқандай себепсіз шапқыншылық жасады деп айтады – ал шын мәнінде олай емес. 1031 жылы Ярослав тұтқындалған ляхтарды (*батыс славяндары*) өзінің иелігіндегі оңтүстік аумақтарға қоныстандыра

бастап, әкесі Владимирге қарағанда оңтүстікке қарай, жаңа қорғаныс құрылыс желісін сала бастайды. Бұл печенегтердің наразылықтарын тудырады, алайда Мстиславты құрметтеп, әрі одан қорыққаннан шыдайды. Мстислав өзінің артынан мұрагерін қалдырмай қайтыс болғаннан кейін, олардың шыдамдары шегіне жетеді. Бұл жолы да Ярослав варяг-новгород жасақтарының көмегіне жүгініп, әрі киевтіктермен одақтасып, печенегтерге қарсы тойтарыс береді.

Барлық тарихшылар, Ярославтың дәл осы жеңісі, печенегтердің Руське шапқыншылықтарын тоқтатты деп бірауыздан келіседі. Шын мәнінде, мұндай пікір даулы болып көрінеді, өйткені дәл сол кезде оңтүстік орыс далалықтарынан печенегтерді ғұздар (торықтар), ал оларды шығыстан кипчак-қыпшақтар ығыстыра бастаған еді.

1031 жылы печенегтер Византияға тағы бірнеше жорықтар жасап, тіпті Константинопольге дейін жетеді. 1036 жылдан кейін олар батысқа қарай ауыса бастайды және 1046 жылы Византияға қарсы белсенді жорықтар жасайды: көп жылдар бойы олар бүкіл ордаларымен Балқан жартылай аралында көшіп қонып жүріп, кей кезде Византияға шабуылдар жасап, олардың зәре құтын қашыратын. Печенегтердің бұзақылықтары тек 1091 жылдан кейін, Лебурн жанындағы шайқаста, византиялықтармен одақтасқан Боняк хан мен Тугоркан басшылық еткен қыпшақ әскерлері, печенегтердің негізгі күштерін жойып тоқтатады. Шайқастан кейін жеңісті тойлаған византиялықтар, тұтқынға алған бірнеше мың печенегтерді өлтіреді. Бұны көрген «жабайы» қыпшақтар, өздеріне тиесілі олжаларын алып, далалықтарына қайтуға асығады, алайда жол-жөнекей оларды венгрлер тонап кетеді. 1091 жылғы жеңілістен кейін печенегтер жаппай Добрудже тұрақтанып, Византиялықтармен одақтаса бастайды.

Печенегтер – IX ғасырдың соңында, Солтүстік Қара теңіздегі Азия далаларының Еуропаға шектесетін аймағына дейін жеткен түркі тілдес көшпелі халық. X ғасырдың басында печенегтер Дунайдың төменгі ағысына жетеді. Олар бұлғар патшасы Симеонның венгрлер мен византиялықтарға қарсы одақтасы болған. X ғасырдың ортасында византиялықтар печенегтерді Руське қарсы негізгі одақтасы ретінде қарастырды. 1026 жылы олар Византияның солтүстік Балқан аймақтарына бірінші рет

шапқыншылық жасайды. 1036 жылы Киев князі Ярослав Мудрыйдан тапқан жеңілістерінен кейін, печенегтер венгр және Византияның шекараларына жүріп, Дунайдың солтүстік жағалауына тұрақтап, империяға әрдайым қауіп төндіріп тұрады. 1046–1047 жылдары император Константин IX печенегтер ордасының ханы Кегенді одақтас жасап, оларға Дунай мен Балкан жотасының аралығындағы Византия жерлеріне қоныстануға рұқсат береді. Алайда Кеген Дунайдың ар жағында қалған, тайталас жауларын империяның ұзаққа созылған жанжалына араластырады. Қыс айында печенег ордалары мұз басқан Дунайды кешіп өтіп, бұлғар жерлерін тонай бастайды. Печенегтер ортасында басталған індетті пайдаланған византиялықтар, оларды жеңіп, ары қарай печенегтерге сый және лауазымдар беріп, олармен бейбіт келісімдер орнатады. Содан кейін империяда әскер қызметін атқарып, салық төлеуге серт берген печенегтер, Фракия мен Македонияда қоныстандырылады. 1048 жылы печенегтер бүлік шығарып, тағы да солтүстік Балкан жартылай аралын тонап, адамдарды өлтіре бастайды. Жүз жылға жуық печенегтер империяның еуропалық иеліктеріне, тіпті Константинопольге де қауіп төндіріп тұрады. 50–70 жылдары Византия олармен жойқын соғыс жүргізген. Печенегтердің атты әскерлері садақ, найза және қылыштармен қаруланды. Олар шайқаста атты әскерді әр шетінен жіберіп, өтірік шегініп, тұзақ құру әдістерін пайдаланды. XII ғасырда печенегтердің негізгі бөлігі Венгрияның аумағында тұрақтанып, біртіндеп ассимиляциялана бастайды.

Түркіше бұл халықтың атауы – *беченек*; византиялықтар оларды *пацинактар-пачинакиттер*, арабтар – *баджнак* деп атаған. Кейбір тарихшылардың пайымдауынша, бұл беченек / печенегтер этнонимі – тарихи немесе әйгілі көсем Беченің атынан таралған дейді. Алайда печенег ордасы әртүрлі тайпа мен этностан құралған болатын [37]. Константин Багрянородныйдың мәліметі бойынша печенегтердің бір тармағын қанғар деп атаған. Қанғар өжет және мәртебелі дегенді білдіреді. Сонымен қанғарлар – бөлініп кеткен саяси одақ, солардың атын алып жүрген – түркілер. (Кангюй/Кангар мемлекеттік одақ (б.д.д II ғ. – б.д. IV ғ.) Сырдария аумағындағы Хорезм жерінің көшпенді және тұрақты халықтары кірген). Батысқа қарай жүрген кезде, олар Оңтүстік Еділдің угор тайпаларымен араласып, олардың

ішінде беделді жағдайға иемденіп, содан кейін печенегтер деп аталуы мүмкін [38].

IX ғасырдың басына дейін печенегтер Еділдің төменгі жағы мен Арал теңізінің аралығын мекендеген. Сосын хазарлардың бүлігі кезеңінде, олар Дон орталығына көшеді. Бірақ олар бұл жерде көп тұрақтамайды. Хазарлар оларға оғыздарды (то-рықтар) айдап салып, нәтижесінде печенег ордалары ыдырап кетеді. Белгісіз парсы атворы «әлемнің шекаралары» (X ғасыр соңы) атты географиялық трактатында печенегтердің екі тармағы: түркілік және хазарлық туралы жазған. Кейінгісі Дон мен Еділдің төменгі жағында көшіп қонып жүрген. Константин Багрянородный олар туралы «печенегтер өз елінен қуылған кезде, олардың кейбірі өздерінің шешімі бойынша сол жерде қалады, дәнекерлеушілермен бірге тұрып, енді солардың ортасында болады. Өздерінің кім екендіктерін және не үшін өздерінің тайпасынан ығыстырылғандықтарын көрсету үшін киімдерін, тізеге дейін қысқартып, жеңдерін иығынан қысқартып тастаған» деп жазған. Печенегтердің хазарлардан тараған бұтағы тез басылып, өздерінің этникалық тәуелсіздіктерін жоғалтады. Басқа түркі бұтағы (олардың арасында түркі-канғарлардың болуына байланысты аталады), батысқа қарай алыстап кетеді. Константин Багрянородный айтуы бойынша, печенегтер оғыздардан қашып, «әр елді аралап, өздеріне тұратын жер іздейді». Археологтар олардың ізін Орта және Төменгі Донның жанып кеткен ауылдарынан, қиратылған сарайлардан және Таман жартылай аралынан табады. 80-жылдардың соңы мен 90-жылдардың басынан бастап, византиялық және батысеуропалық деректер печенегтердің Днепрдің төменгі жағы мен Солтүстік Қара теңіз жағалауларында болғанын белгілейді. Қара теңіз бойындағы ордалар 40 рудан тұрып, 8 буын болып қосылған. Буынды хан, ал руларды ақсақалдар басқарған, Константин Багрянородныйдың анықтауынша, олар «төменгі сатыдағы тектілер» немесе біздің шежіреде «рудағы ең жақсы күйеулер» деп атаған. Хандар тек қана соғыс кезінде ғана шегі жоқ билікке ие болған. Византиялық императордың белгілеуінше, буындағы таққа отыру – олардың ең көне рәсімі. Ол рәсім бойынша, таққа орда ханының ұлы немесе ағасы емес, оның немере ағасы немесе оның ұлдары отыратын болған. Бұл мәртебеге тек бір буын руының адамда-

рына ғана емес, сондай-ақ бүйір сызығындағы туыстары да мұра етсін деп арнайы ұйымдасқан. Днепр печенег ордаларын екіге бөлген. Буынның 4 көші Днепрдің батысында (Прут бассейніне дейін), қалған төртеуі – шығыста (Дон далалығына дейін) мекен еткен. Араб жазба деректеріндегі мәлімет бойынша, печенег жерлерінің бергі басы мен арғы аяғының ортасындағы жер атпен шапқанда бір ай жүретін жолды алады екен. Жазда печенегтер жайлау іздеп, Қара теңіз жағалауындағы Днестр далалығына қарай көшсе, ал күз басталысымен Днепр жағалауына қайта оралған. Печенегтердің тұрақты қыстақтары да, молалары да болмаған. Печенегтерді өз көзімен көрген Ибн Фадлан, оларды былай сипаттайды: «Олардың түрі кара құба келген, сақалдары қырылған». Он шақты жыл Днепр-Днестр далаларында көшіп-қонып және әрдайым көршілеріне шапқыншылық жасағанның нәтижесінде олар байып, XI ғасырдың парсы географы Гардизидің куәлігі бойынша олардың: отар жылқылары мен малдары, алтын және күмістен жасалған ыдыстары, күміс белбеулері және жақсы қару-жарақтары болған. Печенег заттарының ішінен хандар соғыс кезінде әскерлеріне дабыл беретін, бұқаның мүйізіне ұқсайтын құбыр табылған. Бұл заттардың жартысы печенег қорымдарында болған: күміс белбеу жинақтары, ауыр садаққа арналған ортасында тұратын сүйектен жасалған қаптамалар, тік жүзді қылыштар, садақтары бар оқ қаптар, өрнектеліп жасалған қыш құмыралар мен т.б. Шабандозбен бірге оның, үзеңгіленген ер-тоқымдалған жылқысын жерлеген. X ғасырда мұндай жерлеу рәсімдері бүкіл Ұлы далада орын алған. Дәуірлестері печенегтердің атты әскерлерінің соғысуын өте жоғары бағалаған. Архиепископ Феофилакт Болгарский (X ғ.) печенегтердің жорықтарын – найзағайдың жаркылдауына балап, олардың шегінуі оңай әрі қиын деген: шегінудің қиын болу себебі олжаларының тым мол болуына байланысты, оңай болуы жылдам әрі шапшаң қимылдарына қатысты айтса керек. Келе жатып өздері туралы қауесет тарқатса, кетіп бара жатып, қуғандарға өздері туралы естіртпейді. Ал ең бастысы олар – басқа елді күйретеді, бірақ өздерінің елі жоқ. Бейбітте өмір сүру оларға қасірет, ал бейбіт келісімді бұзып, соғыс ашу – береке. Ең жаманы, олар көктемгі аралардан да көп, әлі күнге дейін олардың қанша мың екенін ешкім білмейді: олардың саны жоқ»

деп жазған. XII ғасырдың екінші жартысы мен XIII ғасыр басының византиялық тарихшысы Никита Хониат: печенегтер атты әскерлерінің қарқынды шабуылдары, садақ атуларының дәлдігі және шабуыл басындағы қатты ұрандаған дауыстарының арқасында римдіктермен соғыста едәуір артықшылықтары болған. Алайда олардың адамдарының көп болғаны да, әскери әдістерінің жақсы болғаны да, моңғолдар сияқты елдің билігін басып, үстемдіктерін күлдіратып, жауларын бір соққымен күйрете алмаған, олардың бар күштері тоқтаусыз шапқыншылық жасауда болған. Сондықтан да печенегтердің өркениетті көршілері, олардың шабуылдарына тойтарыс беріп отырған. Византиялықтармен бір шайқаста олар далалық қорған іспеттес, арбалардан қоршау жасаған. Бұл печенегтердің үйреншікті атты әскерге қарсы әдісі болатын. Бірақ варягтардың айбалташылары (Британиядан шыққандар) олардың қоршауларын оңай бұзып, римдіктер жеңіске жетеді. Ибн Русте мен Гардизидің мәліметі бойынша, хазарлар жыл сайын печенегтерге (шығыс днепрліктерге) шабуыл жасап, олардың көптеген адамдарын тұтқынға алып кетіп отырған [39]. Дегенмен печенегтерді Солтүстік Қара теңізден қуып шығуға, хазарлардың шамалары жетпеген. Ал Византия печенегтермен бейбітте өмір сүруге тырысқан. Империя үшін печенегтер солтүстік шекарадағы саяси ойынның жақсы мүмкіншілігі болды.

Печенег көшінің солтүстік сызығы мен орыстардың оңтүстік шекарасын «бір күндік жолды» алатын тар жолақ айыратын (30-35 шақырым). Бір кездері ол Орыс жерлерін жақсы қорғап тұратын. Днепрде орыстар мен печенегтер арасында қызу саудасаттық да болған. Орыс көпестері көшпенділерден сиыр, жылқы және малдар сатып алып отырған. Константин Багрянородный, бұл орыстарға «оңай, әрі тоқ өмір сүрулеріне» көмектеседі деп пайымдаған. Археологиялық зерттеулер нәтижесіне қарағанда, мал шаруашылығы Киев тұрғындарының ет қажеттіліктерін шынымен де, аздап болса да қанағаттандырған.

Бірінші соққы туралы 875 жылғы Никонов шежіресінде жазылған: «Сол жазда көптеген печенегтер Осколд пен Дирға келді». Алайда бұл мерзім, печенегтердің IX ғасырдың екінші жартысында қайда тұрғаны туралы археологиялық деректермен сәйкес келмейді. 915 жылғы Уақытша жылдар хикаясындағы



хабарлама шындыққа жанасатын сияқты: Печенегтер орыс жеріне келіп, Игорьмен бейбіт келісімге отырды...». Дегенмен 920 жылы князь Игорьдің өзі печенегтерге қарсы жорыққа шығады. Алайда соғыстың бағыты да, оның соңы да белгісіз күйде қалған жазба деректерде. Печенегтердің Руське бірінші шапқыншылықтары сәтті болған деуге негіз бар. Әсіресе олардың шабуылдарынан Днепрдің шығыс жағалауының орман даласын мекендеген славяндар жапа шеккен. Сол ауылдардың археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесі бойынша, X ғасырдан бастап ол жерлер қаңырап, халықтың өмір сүру деңгейінің айтарлықтай төмендегені белгілі. Үлкен қолөнер шеберхана орталықтары жоғала бастайды, бағалы заттардан жасалған әшекейлер аз кездеседі, Шығыстағы мұсылмандармен сауда-саттық тоқтайды. Константин Багрянородный, «печенегтер – венгрлермен, болгарлармен және орыстармен соғыса алады, оларға көптеген шабуылдар жасап, олар қазір өте мықты болып кетті» деп жазған.

Соған қарағанда, киевтік князьдар тегіне және барлық рулық қауымдарға, печенегтермен достық қатынаста болғандары маңызды болған. Өйткені Константин Багрянородныйдың сөзіне қарағанда, егер печенегтермен достық қатынаста болмаса, орыстар жаулардың шекарасынан асып ешқайда бара алмайды, өйткені орыстар жанұясынан алыстап кетсе, пачинактар оларға шабуыл жасап, қырып, барлық заттарын алып кетіп отырады. Сондықтан орыстар олардан жапа шекпес үшін әрқашан оларға қамқор болып отырады. Олар өте мықты халық болған соң, оларды одақтасуға шақырып, бір жағынан олардың жауластығынан құтылса, бір жағынан олардың көмегін пайдаланады».

X ғасырдың 30-жылдары Орыс жерлеріне печенегтердің шабуыл жасаулары бәсеңдеген. 944 жылғы шежіре мәліметі печенегтердің Игорьдің одақтасы ретінде гректерге қарсы жорыққа аттанғандары туралы жазылған. Орыстардың Днепрдің төменгі жағалауы мен Солтүстік Қара теңіз бойына қоныстанғанда, печенегтердің қарсылық көрсетпегендері, екі ел арасында бейбіт келісімдердің болғандығын дәлелдейді. Алайда достық кезеңдер, сонымен қатар одақтасқан жорықтар киевтік князьдардың сыйларын аз көріп, печенег хандары ашкөзденген кезде

тоқтайтын болған. Константин: «екі ел арасында бейбіт келісім жоқ кезде, олар Ресейді тонап, оған елеулі зиян мен залал келтіреді» дейді. Мүмкін дәл сол Игорьдің билігі кезінде, Орыс жерлері олардан қауіптеніп, бірінші «Жыланды ор» даладан Киевтің жерлеріне өткізуді қиындататын жер бекіністерін, жерасты орларын қаза бастаған болуы керек. Игорь мен Святослав печенегтерді соғыс операциялар кезінде қолданған, алайда бұл одақтар тек әскери олжаны бөлумен ғана шектелген. Князь Святославтың тағдыры – келісімшарттың өз күшін жойғаннан кейінгі байланыстар, печенегтер үшін маңызды болмайтыны туралы жақсы мысал. Ярослав Святославич өзінің аз уақыт билік жүргізген кезінде печенегтерге қарсы бірінші рет жорыққа шыққан. Бірақ бұл печенегтерге қарсы жорықтың нақты мәліметі белгісіз. Шежіренің ішіндегі қысқаша мәліметте былай деп жазылған: «... дала көшпенділерін орыс әскері қырғынға ұшыратты...». Ярослав печенегтерді жеңіп, оларға салық салды. Сол шежіренің мәліметінде, бұл жеңілістің жойқын болғаны сонша, печенег ханы Ярославқа беріледі: Печенег ханы Илдей Ярославқа келіп, оған қызмет жасауға ұсыныс жасайды, ал Ярослав болса, оған билік пен сый беріп, оның есімін сыйлы етеді. Печенег қауіпін басу Владимир князіне бұйырады. Русь пен печенегтер арасындағы көп жылдық соғыс, «Уақытша жылдар хикаятында» бітпейтін шайқас ретінде сипатталған: «әскер тоқтаусыз соғысады». Бірақ біз бұл ширек ғасырға созылған соғысты екі кезеңге бөле аламыз. Біріншісі, тек қорғаныс кезеңі, ол X ғасырдың 90-жыл соңына дейін созылған. Ол орыстардың әйгілі Переяслав бозбаласы туралы аңыздарына енген тамаша жеңістерімен қатар, князь Владимирдің өміріне қауіп төнген сәттер мен ауыр жеңілістермен белгіленеді: «Печенегтер мен орыс князы Владимир арасындағы қақтығыстардың бірінде князь әскерінің қарсы шығуға шамалары жетпей, маскара болып қашуы сипатталған. Печенегтердің Руське жасаған жауыз шапқыншылықтары туралы, шекара қалаларындағы ежелгі орыс қорымдарының археологиялық қазба кезінде табылған, адамдардың бөлшектенген денелері, қылыштың соққысынан қайтыс болған ер адамның сүйектері дәлелдейді (Войн мен Жовнин қо-

рымдарында). Киевтің де печенегтерден қауіптенгенін Старокиев дөңінде соғылған алып дуалдар дәлелдейді. Бірақ князьдің солтүстік шекараларға салған қорғаныстары оған саяси нәтиже әкелген. Печенегтер Белгород қорғаныс сызықтарына жеткенімен, олар «орыстардың қала анасының» дуалдарына шатырларын қоюға мүмкіндіктері болмаған. Орыстардың жағдайынан жақсы хабардар неміс хронологы Титмар Мерзебургский 1018 жылы: Киев – «өте мықты бекінген» қала және бұл уақытқа дейін олар печенегтердің жұтатын шапқыншылықтарына тойтарыс беріп келеді» деп жазған. Мысалы, X-XI ғасырда Заречьеде тоналған шағын бекініс. Оның қақпасының жанынан Владимирдің екі күміс тиындары табылған, мүмкін олар біреуден қорғанған кезде түсіп қалған болуы керек. XI ғасырдан бастап соғыс екінші кезеңге өтеді. Русь далалыққа жорықтар жасай бастайды. Днепрдің оң жағалауында кішкентай жеңістерге қол жеткізген. Осы уақытпен бірге археологтар славяндардың отарлау жерлері, Днепрдің орта бөлігінен Русь өзенінің бойына дейін жетіп, шекарада көптеген ауылдар пайда болумен қатар, оның алып отырған жерлері де кеңейгенін белгілейді. Оң жағалаудағы печенег ордалары далалықтың түпкіріне көшіп кетуге мәжбүр болады. Егер X ғасырда Константин Багрянородный Русьті печенегтердің көшінен «бір күндік жол» айырады деп жазса, онда 1008 жылы епископ Бруно Кверфуртский оның Киевтен орыс – печенег шекарасына дейінгі жолы екі күнді жалғастырып (Киевтен Русьтің жағалауларына дейінгі арақашықтықты құрайды), ал далалықтың саяхатының тек бесінші күні ғана печенегтердің көшін кездестіргендерін жазады. Оның айтуы бойынша, печенегтер соғыстан қатты шаршаған және Русь патшасы келісімді өзгертпейінше ұзақ бейбіт орнамайды деп сендірген. Басқа сөзбен айтқанда, сол кезде Владимирдің оң жағалаудағы печенегтерді қыспаққа алғаны сонша, олардың тағдыры оның қолында болатын. Бруноның ыждаһатынан сол кезде бейбіт келісімге отырып, алайда ол ұзаққа созылмаған, өйткені Владимирдің өмірінің соңғы жылдарында печенегтермен қайта шайқасуға тура келген. Бірақ сонда да дәл осы Владимир билік жүргізген кезінде печенегтерді жеңіп, оларды Орыс жерлерінен қууға көп ықпал еткен.

1015–1019 жылдары бүлік үшін әулет арасындағы қақтығыстарда печенегтер Святополкты қолдап, Ярослав Мудрыйдың әскерінен жеңіліс тапқан. Печенегтермен соңғы әрі шешуші соғыс шежіреде 1036 жылмен мерзімделген. Ярослав Новгородта болғанда, оған печенегтердің Киевті қоршап алғаны туралы хабарлама жетеді. Ярослав варягтар мен словендерден құралған көптеген әскер жинап, Киевке жүреді. Печенегтер өте көп болады, бірақ соған қарамастан Ярослав оларға ашық далада тойтарыс береді. Қарсыластар кейіннен София әулие соборы салынған жерде шайқасады. Қатал шайқастан кейін кешке ақыры Ярослав жеңеді. Печенегтер тым-тырақай әр жаққа қашып, біреулері Сетомлиде, біреулері өзенге батып, ал қалғандары әлі күнге дейін қашып жүр деп жазады шежіреші. Византиялық деректерден, печенегтердің Подунавқа көшіп, ол жақтан Болгария мен Византияға шапқыншылық жасай бастағаны белгілі. В.Г. Васильевский «бұл оқиғаны барлық тарихи шығармалар назарсыз қалдырады. Печенегтердің Дунайды асып өтуі – адам тарихында ең маңызды оқиға. Бұл батыс готтардың Дунайдан өткендері сияқты маңызды оқиға, өйткені осыдан кейін халықтың көш аударуы басталады... Батыстан шығысқа қарай жүрген бағыттың, яғни крест жорығының негізгі себебі, Азияда селжуктардың басып алуы ғана емес, сонымен қатар Константинопольге қауіп төндірген құдіретті де, жауыз печенегтер ордаларының шапқыншылықтары болды» [34. 11-14].

1091 жылы византиялық император Алексей I Комниннің шақыруымен Балканға келген Боняк пен Тугоркан Марица өзенінің бойында дунайлық печенегтердің күл-талқанын шығарып жеңеді. Осылайша, Балкан мен Подунавьедегі печенегтердің үстемдігі бір күнде жойылады. Бұл кезде болған печенегтердің ауқымды әскери апаты замандастарын таң қалдырады. Алексейдің қызы Анна Комнина: «Бұл ерекше күн болды: саны он мың емес, көптеген сандардан тұратын ел – балалары мен әйелдерімен бірге бір күнде өлді» деп жазған. Бұл 29 сәуір, аптаның үшінші күні болатын. Әрине, Аннаның бүкіл «ел» өлді дегенін тікелей қабылдауға болмайды. XII ғасырдың бірінші жартысындағы деректер әлі де дунайлық печенегтердің бар екенін

жазады. Бірақ тарихи үдеріс ретіне печенегтер саяси сахынадан біржолата түседі.

***Император Василий Васильевский тұсындағы «Византия мен печенегтер»***

Император II Василий дүниеден өтер кезінде (1025 жылы), Византия империясы өркендеу дәуірінде болды. Айталық славяндардың Самуила державасы қанды шайқаста құлатылып, Византия империясының билігі I Юстиниан кезіндегі сияқты қайтадан Дунай жағалауларына жетті. Константинопольдің шығыстағы иеліктері Евфрат жағалауларына дейін жеткен, Сирияда грек билігі қайта қалпына келтірілді; түріктердің қаруынан қорыққан Грузия мен Армения басшылары өз еріктерімен биліктері мен астаналарын византиялық императордың қолына береді. Оңтүстік Италиядағы көтерілісті басып, Василий II өзінің жеңісін христиандардың пайдасына үлкен жорыққа шығайын деп шешеді; өлімінің алдында Сицилия аралынан сарациндерді қуып шығуға арналған жорыққа дайындық үстінде болады; тайпалардан құралған византиялық әскерлер – түріктер мен болгарлар, валахтар мен орыстар Реджиода тұрып императорды күтеді. Риммен келісімдер бастағаны оның Сицилияны басып алудан басқа жоспарлары болғанын көрсетеді.

II Василий мен оның алдындағы Фоко мен Цимисхий сияқты императорлардың істеген бүкіл ұлы мақсаттары, олардың мұрагерлері кезінде құртыла бастайды. Византиялық тарихқа жат емес, құдіретті дәуірден кейінгі құлдырау кезеңі келеді.

Византиялық әміршілер бірнеше саяси қателіктер жібереді. Сицилия мен Италиядағы мықты кәсіпорындарды уысынан шығарып алады. Нормандықтарды жеңу үшін орыстар византиялықтарға көмектескен. Бастапқыда сәтті болған екі империя арасындағы саяси одақ біртіндеп қарсыластарға айналады. Мысалы 1040 жылғы Сицилияны басып алу барысында византиялықтардың дүниеқорлығының кесірінен түскен олжаның бөліспеуіне байланысты қарсыластық нығайған. Осы уақыттарда нормандықтардың Оңтүстік Италияның грек қожалықтарын отарлауы басталады. Нәтижесінде ағайынды Готвильдер соның ішіндегі ең танымалы Роберт (Гвискар) өз майданын бастайды және керемет жетістіктерге жеткені сонша, қырық жылдан кейін олар

Константинопольдің өзіне қауіп төндіреді. IX Константиннің ысырапшылдығы және софылық мінәжәтшіге мол демеушілік жасап және әсем шіркеулер салғанымен айқындалатын діндарлығы оның Шығыс Азиядағы селжуктарды жаулап алу жолында бірегей көмектеседі. Осы жол ауқымды көлемді ала бастағанда, ол өзінің азайған қазынашылығын, тәуелді шекаралық армян және грузин шалғай ауылдарындағы әскери міндеттілікті ақшалайға жүктейді. Византиялық үкіметтің кесірінен отанын патриоттық сезіммен қорғауға табандылық танытатын 50000 тамаша жасақ болмауы мүмкін еді. Бұл Азияны түріктер жаулап алуындағы тез қол жеткізген сәттіліктің себебі екенін әділетті бағалайды. Тіпті Болгарияны жаулап алудың өзі үлкен қателік болып, оның салдары алуан залал әкеледі, өйткені гректердің шенеуніктері де, дін басыларының айырмашылықтары болып, славян тұрғындарын өздеріне бағындыра алмайды. Болгарияны басып алу, солтүстіктегі византиялық тепе-теңдік жүйесін құртады. Бұл тепе-теңдіктің орталығы, X ғасырда Дунай мен Днепр аралығында үстемдік еткен печенегтер болатын. Константиннің баласына түсіндіруі бойынша, егер Византия печенегтермен достық қарым-қатынаста болса, онда жаулары оларға жақындауға батылдары жетпейді. Орыстар печенегтермен бейбітте болмаса, тіпті шекарадан тыс жорыққа да шыға алмайды; печенегтердің рұқсатынсыз олар Константинопольге не соғысуға, не сауда жасауға келе алмайды. Печенегтерден қанша рет жеңіліс тапқан мадьярлар (венгрлер), әлі уақытқа дейін олардан қорқады. Сонымен, егер византиялық император печенегтермен бейбітте өмір сүрсе, онда оларға орыстар да, мадьярлар да қорқынышты емес, – олар тіпті бұл бейбіт тәртіптері үшін, олардан үлкен сый сұрауға да батылдары жетпейді. Әйтпесе оларды печенегтермен қорқытуға болады. Болгар патшалығына да сондай қатынас. Егер византиялық император болгарларға қатал болғысы келсе, онда ол оған печенегтер арқылы оңай жете алатын.

Мұның барлығы печенегтер өздері көрші болып тұрғанда және тәуелсіз Болгария византиялық державаны, кеуделеп тұрған Азияның варварларынан қорған болып қорғап тұрғанда болатын. Бірақ бұл қатынас өзгергенде, яғни арадағы бөгет бұзылғанда, Византия, Еуропаның түріктерінен және Азияның шапқыншылық толқынын тоқтатуға күші жетпейді. Алайда

Василий мен Самуиланың күресіне дейін, дунайлық және қара теңіздік Болгария жүдеп әрі өліп қалғандай; Самуилдің болгар державасының ауыртпалығы Балкан мен Дунайдан Албания мен Македонияның Орхид өзенінің жағалауларына ауысады. Бірақ Дерстр (Силистрия), Бдынъ (Видин), Месемврия қалалары өздерінің маңыздылығын жоғалтпады, өйткені егер оларда Болгаро-бойца мен византиялық билік түбегейлі жойылып, халық күші қалғанда, печенегтердің оңай табысы болып, соларға ұқсас дунайлық еркін адамдарға жай беріле салмас еді. Егер византиялықтардың шапқыншылығынан кейін Болгарияның даласы адамсыз қалмағанда, жабайы көшпенділерді сәтсіз қоныстандыру тәжірибесін жасаудың қажеттілігі болмайтын еді.

Болгар патшалығы қиратылғаннан кейінгі бос жерлерге бірінші печенегтер, содан кейін оларды артынан қыспақтап жатқан уздар мен кумандар (қыпшақтар) ұмтыла бастады. XI-XII ғасырлардағы византиялық монархия үшін, Азиядағы түрік-селжук бауырлары сияқты, печенегтер мен қыпшақтар да қауіпті жау болды. Өйткені олар тастар мен тоғайлардың қалың жерлерінде тығылып қалады, ал іздеуші болса, сол жабайы адамдардан да қорқынышты тау мен тоғайларда және қыпшақтарға да белгісіз ұлы скифтер даласының көрермені болып адасып жүре берер еді. Егер ол табиғи заңға қарамай табандылық танытса, өзінің қайғысынан емес, ақымақтығының арқасында өлер еді, ал ол кезге дейін скифтер өздерінің дала баласы екенін дәлелдеп, өздеріне тимейтін етіп, шапқыншылықтар жасайды. Егер аңыздарға сенсек, түнектен садақ ататын Гигес скифтің дәл өзі болатын.

Скиф атауы – XII ғасырда печенегтердікі болып саналатын, алайда кейін ол атауды қыпшақтар немесе кумандар мұра етіп алған. Бұған дейін Феофилакт Болгарский айтқан XI ғасырдың скифтері туралы мәліметті, XII ғасырда Евстафий Солунский де дәл солай мәлімдеген: «Бұл елдің тұрақты тұратын жері жоқ, тұрақты жерде тұруды білмеген соң, олардың азаматтықтары жоқ. Әр елді басып алғысы келеді, алайда біреуінде де тұрғысы келмейді, сондықтан да бұл ел – кезбе ел деп аталады. Бұл ұшатын адамдар, сондықтан оларды ұстап алу мүмкін емес. Олардың қалалары да, ауылдары да жоқ, сондықтан да басқа елдің қалаларына шапқыншылық жасағанда, аяусыздық танытады.

Тіпті қаршығалардың өздері олар сияқты бәрі жек көретін жыртқыш тұқымдас емес, скифтерді де қаршығалар сияқты табиғат айдалаға шоғырландырған.

Мұндай адамдарды қасқырлар тәрбиелеген: батыл әрі тойымсыз, қасқыр қауіп төнгенде тез қашып құтылады. Скифтер де дәл солай; егер оларға батыл қарсылас кезіксе, олар артына қарап, қаша жөнеледі. Олар бір мезетте жақындап және артқа шегінеді. Олары көріп үлгермей жатып, олар көзден таса болады».

Бұл екі сипаттамада да шындықпен қоса, мазмұнсыз бос сөздер де көп. Сондықтан Еуропалық саяхатшының жазғанына сенгенше, олардың өмір сүргендері туралы нақты мәліметті оқыған жөн. 1170 жылы Рабби Петахия қыпшақтарды Регенбургтан Польша, Киев Русі, Қырым және Азияға саяхаттаған кезінде өз көзімен көрген. Ол қыпшақтар (Кедар жерінің тұрғындары) жайлы жазған мәліметі, олардың тайпаластары печенегтерге де қатысты: «Қыпшақтардың кемелері жоқ. Бірақ олар он созылған жылқының терісін біріктіріп және шетіне арқан тігіп, терінің үстіне отырады және оның үстіне өздерінің заттарын, арбаларын қояды. Содан кейін олар теріге тігілген арқанның ұшын жылқыларының құйрығына байлап, өзенге жібереді де өзеннің ар жағына еш қиындықсыз өтеді». Скифтердің дәл осылай өзенді өтетіндері туралы тағы бір византиялық жазушы жазған: «Олар жылқының терісінен қапшықтар жасап, оның ішін қамыспен толтырады. Бұл қапшықтардың жақсы тігілгені сонша, олардың ішіне бір тамшы су да өтпейді. Кедар жерінде нан жемейді, бірақ олар күріш пен тарыны сүтке қайнатып ішеді, сонымен қатар сүт ішіп, сыр жейді. Олар етті жылқының ертоқымының астына қойып, жылқымен әбден шабады да, ет қызған кезде олар оны жейді...Печенегтер немесе кумандар – таза емес халық, өйткені олар мысық пен басқа хайуандар секілді шикі етті жейді, судың орнына жылқының сүтін ішеді деп біздің шежіренің басында айтылып кеткен сияқты, батыстың деректері де өздерінің жиіркеніштерін жасырмай жазған... Кедар жерлерінде тек күзетпен ғана саяхаттауға болады. Кедардың адамдарымен былай сенім қатынасын орнатуға болады, біріншісі: саяхатшы өзінің қолын инемен тесіп, оны соруға шақырады, жанындағы адам да солай жасайды. Бұлай жасау арқылы олар



қан алмасып, қаны бір болып есептеледі. Екіншісі: адам кейпіндегі мыс ыдысқа сүт толтырып, серіктестер оны ішеді, бұдан кейін бір-бірлеріне адал болып опасыздық жасамайды.

Кумандардың бір билеушісі жоқ, тек қана князьдары мен тектілері ғана бар. Олар шатырларда тұрады. Олардың көздері өте жақсы көреді, өйткені олар тұз жемейді, әрі пайдалы шөптер қолданады. Олар өте мерген адамдар және құсты ұшып бара жатқан жерінен садақпен атып құлатады. Олар біреулер келе жатса немесе ұзақтағы заттарды бір күндік арақашықтықтан көре алады».

Болгарияны күйреткен, византиялық империяның қатыгез жаулары осындай болған. XI ғасырдың орта шамасында печенегтер Дунайды асады. Бүкіл жаңа тарихи шығармаларда елеусіз қалып жатқан бұл оқиғаның адамзат тарихында маңызы зор болған. Өзінің салдары бойынша ол готтардың Дунайды асып, сол сәттен бастап елдердің қоныс аударуы басталған кезі сияқты маңызды болған. Византиялық және орыс тарихының бір қателігі ол жақын туыс болып келетін түрік тайпаларының қатынасын елей бермегендіктері, біреулерін түріктер десе екіншілерін түріккілер деп атаған. Сонымен қатар печенегтер, уздар немесе қыпшақтар, дәл сол түрік-селжуктар сияқты түріктер. Түпнұсқа екеніне жаңа зерттеушілер күмән келтірмейтін, әйгілі кумандық сөздік – қыпшақтар мен түрік-татарларының тілдеріндегі ұқсастықтары болғанының көрнекі дәлелі.

Ал печенегтерге келсек, византиялық деректер олар кумандармен, қыпшақтармен бір тілде сөйлескен деседі. Егер де печенегтер мен селжуктардың бір тайпадан екенін көзден таса қылмағанда, әрине, печенегтердің Византиялық империяның шекарасындағы Дунайдан асқаны мен Кіші Азиядағы селжуктардың жетістіктерінің қатынасын байқар еді. Біз енді еуропалық пен азиятық шапқыншылар, XI ғасырдың соңында бір-бірлеріне қол ұштарын созуға ұмтылғандарын көреміз. Батыстан шығысқа қарай бағытталған ұлы қозғалыс, яғни крест жорығының тікелей себебі, Азиядағы селжуктарды отарлау емес, Константинопольге қауіп төндіріп тұрған қаһарлы да жауыз печенегтер ордалары болатын.

Жалпы печенег ордаларының Дунайдан өткеннен кейінгі қозғалысының әр қадамдарының толық ақпаратын бізге белгілі деректерден бақылауымыз қажет. Печенегтердің тонаушылық-

тары мен қаракшылықтарының сипаттамалары бір келкі болғандықтан, бұл жерден Шығыс Еуропа тарихының аса маңызды нұсқаулықтарын табуға болады. Бірінші крест жорығының алдындағы және дәл сол крест жорығы кезінде, печенегтер мәселесі жайында византиялықтардың саясаты айқын емес. Печенегтер мен қыпшақтардың тарихын зерттей отырып, Византияның орыс князьдарына деген қатынасын түсінетін болармыз.

«X ғасырда кумандар немесе қыпшақтар солтүстігіндегі Қара теңіз бен Меотийский көліндегі елдерді алып, Еділ мен Дунай сағасына дейінгі жерлерді қамтып жатты. Едризи [Әл-Идриси (Эдриси, Едриси) (1100–1161 немесе 1165) – араб географы, әрі саяхатшысы] мен басқа араб географтары олардың жерлерін Әл-Камани деп атайды. Кумандар уздар мен печенегтер сияқты түрік нәсілдеріне жатқан, өйткені Анна Комнинаның куәлігі бойынша кумандар печенегтермен бір тілде сойлескен, әрі ол тіл түрік диалектісі болғанын біз 1253 жылы олардың елдерінде болған Рюисбректен (Рубрук) білеміз. Сегізінші тарауда Рюисбрек былай жазған: «Біз ұйғырлардан түрік пен куман тілінің көзі мен шығу тегін табамыз».

Кумандар мен печенегтер немесе қыпшақ деп аталатын халықты құраған. Моңғолдардан жеңілгеннен кейін, қыпшақтардың бір бөлігі қазіргі Венгрияға (1237 жылы) қоныс аударады да, ал қалғандары бұрынғы өлкелері Дон мен Еділ арасында қалады, әрі өздері сияқты түрік тегінен болатын ноғайлармен бірігіп араласып кетеді....

**Бақылау срақтары:**

1. Печенегтердің Византия империясымен сыртқы саяси қатынастарын сипаттаңыз.
2. Печенегтердің Византия империясымен болған қатынастары жайлы мәлімдейтін деректерді атап, мысал келтіріңіз.

## БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ТІЗІМ

1. Гумилев Л.Н. Древние тюрки – М., 1993. – 526 с.
2. Бартольд В.В. Кипчаки. Соч. – М., 1968. – Т. V. – С. 550.
3. Плано Карпини и Гильома де Рубрука. Серия: Путешествия. Открытия. Приключения. – Алматы: Ғылым, 1993. – 248 с.
4. Арабские и персидские источники по истории кипчаков VIII-XIV вв. – Алма-Ата, 1987.
5. Аристов Н.А. О земле Половецкой. Исгорико-географический очерк // Известия историко-филологического факультета Института им. Безбородова в г. Нежине за 2010. Юрьев, 2011. Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности // Живая старина. – СПб., 2010. – Т. 6.
6. Ахинжанов С.М. Кипчаки в X–XIII вв. Историографический обзор // Проблемы палеоэкономики Казахстана по археологическим данным. – Алматы, 2011.
7. Ибн Хордадбэ. Книга путей и царств // СМОМПК. – 1903. – Вып. 32 (или: Ибн Хордад-бех. Книга путей и стран. – Баку, 1986).
8. Бернштам А.Н. Древнейшие тюркские элементы в этногенезе Средней Азии // Советская этнография. – 1947. – Вып. VI-VII. – С. 154
9. Древнетюркские генеалогические предания как источник по ранней истории тюрков. – Алма-Ата, 1967.
10. Бейлис В.М. Аль-Идриси (XII в.) о восточном Причерноморье и юго-восточной окраине русских земель. // Древнейшие государства на территории СССР. Материалы и исследования. 2012 год. – М., 2012
11. Плетнева С.А. Печенеги, торки и половцы в южнорусских степях // МИА СССР. – 1990.
12. Фазлаллах Рашид-ад-Дин «Джами-ат-тауарих» // Рашид ад-дин. Сборник летописей. – М. – Л., 1952. – Т. 1, кн. 1. – 215 с.
13. Валидов А.З. Мешхедская рукопись Ибн ал-Факиха / Иран. – 2012. – Т. 18.
14. Баскаков Н.А. Тюркская лексика в «Слове о полку Игореве». – М., 1960. – С. 146-148.
15. Плано Карпини. Путешествия в восточные страны Плано Карпини и Рубрука. – М., 1957.
16. Мровели Леонти. Жизнь картлийских царей. Развлечения сведений об абхазах, народах Северного Кавказа и Дагьстана. – М., 2010.
17. Федоров-Давыдов Г.А. Кочевники Восточной Европы в X-XIV веках» Археологические памятники. – М., 1966. – 276 с.
18. Голубовский П.В. Печенеги, тюрки и половцы до нашествия татар / История южнорусских степей IX-XIII вв. – Киев, 1884.
19. Буниятов З.М. Печенеги, торки и берендеи на Руси и в Угрии. – Прага, 1933.
20. С.М. Ахинжанов С.М. Кипчаки в истории средневекового Казахстана. – изд. испр. – Алматы: Ғылым, 1999. – 296 с.
21. Малов С.Е. Енисейская письменность тюрков. – М. – Л., 1952.
22. Бируни. Избранные произведения: Памятники минувших поколений. – Ташкент, 2010. – Т. 8.

23. Плетнева С.А. Половецкие каменные изваяния // Свод археологических источников. – М., 2014.
24. Аджи М. Польшь половецкого поля. – М., 2014.
25. Бартольд В.В. Новый труд о половцах // Сочинения в IX томах. – М.: Наука, 1963. – Т. V. – С. 757.
26. Рыбаков Б. А. «Слово о полку Игореве» и его современники. – М., 1971.
27. Кляшторный С.Г. Кипчаки в рунических надписях // Тюркалогия. 1986. – С. 153, 163
28. Бибиков М.В. Византийские хроники и локализация половецко-византийской войны 1148 г. // Летописи и хроники. – М., 2010.
29. Босворт К.Э. Нашествие варваров: появление тюрок в мусульманском мире / Мусульманский мир. 950-1150. – М., 2010.
30. Буниятов З.М. Государство Хорезмшахов-Ануштегинидов. – М., 2010.
31. Бурачков П.Л. Опыт исследования о Куманах или Половцах // Записки Императорского Одесского Общества истории и древностей. – Одесса, 2013. – Т. X.; Былины. – М., 2013. – Т. I.
32. Вайнштейн С.И. Некоторые вопросы истории древнетюркской культуры // Советская этнография. – 1966. – №3.
33. Валиханов Ч.Ч. Дневник поездки на Иссык-Куль (1856 г.), Избранные произведения. – М., 2013.
34. Латышев В.В., Малицкий Н.В. Сочинение Константина Багрянородного «Об управлении государством» // Изв. ГАИМК. – 1934. – Вып. 91.
35. Васильев В.П. История и древности восточной части Средней Азии // ЗИАО., – СПб., 2011. – Т. 13.
36. Комнина Анна. Алексиада. – М., 2005
37. Хвольсон Д.А. Известия Ибн Даста о хазарах, бургасах, болгарях, мадьярах славянах и русских. – СПб., 2010.
38. Византиялык сөздік: 2 т. / құраст. жалпы ред. К.А. Филатов. – СПб., 2011. – Т. 2.
39. Константин Багрянородный. Об управлении империей. – М.: Наука. 1999.
40. Ибн Русте. Книга драгоценных камней // СМОМПК. – 1903. – Вып. 32.
41. Агаджанов С.Г. Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии IX-XIII вв. – Ашхабад, 2012.
42. Агаджанов С.Г. Некоторые проблемы истории огузских племен Средней Азии // Тюркологический сборник. – М., 2010.
43. Агаджанов С.Г. Огузская проблема и задачи ее изучения // Тюркологический сборник. – М., 2010.
44. Агаджанов С.Г. Государство Селджукидов и Средняя Азия в XI–XII вв. – М., 2011.
45. Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия / В.В. Бартольд Сочинения. – М., 2010. – Т. I.
46. Бартольд В.В. Киргизы. Исторический очерк / В.В. Бартольд. Сочинения. – М., 1963. – Т. 2. – Ч. 1.
47. Бартольд В.В. О христианстве в Туркестане в домонгольский период. Сочинения. – М., 2014. – Т. 2. – Ч. 2.

## ҚОРЫТЫНДЫ

VI ғасырдың екінші жартысынан XII ғ. шығыс Еуропаның саяси тарихын қорытындылай келе, осындай кең байтақ өңірге Орталық Азия жерінен келген түркі тілдес тайпалардың көші-қон процесінен бастау алатын, сонымен қатар тек қана саяси емес, этникалық, мәдени өмірінде де елеулі үлес қосқанын айта кету керек. Еуразия кеңістігінің батыс бөлігіндегі этно-саяси тарихи процестер шығыс елдеріне де сөзсіз әсер етті.

Оқу құралында Авар қағанаты заманында қатар өмір сүрген хазар, еділ бұлғар мен одан кейін печенег қағанаттарының құрылу тарихы, соның ішінде этникалық шығу тегін, әлеуметтік құрылымы, сыртқы саясаты сияқты, әскери құрылым мен тактикалары сияқты басты мәселелерді қарастырдық. Жазба деректер мен бірнеше тарихшы ғалымдардың еңбектерінен байқағанымыз: алдымен Хазар қағанаты туралы тұжырым жасайтын болсақ: Хазар қағанаты – VII ғасырдың орта тұсында Батыс түрік қағанаты ыдырағаннан кейін төменгі Еділ мен Солтүстік Кавказдың шығыс бөлігінде құрылған алғашқы түркі тілдес феодалдық мемлекеттік құрылым. Византиялықтардың жазбаларында «Хазарлар – Ұлы халық» деп жазылады. VIII ғасырдың басына дейін хазарлардың астанасы Дағыстан жеріндегі Семендер, одан кейін төменгі Еділдегі Итиль қаласы болады. VII ғасырда хазарлар Азау (Азов) төңірегіндегі болгарларды, Дағыстан шегіндегі савирларды бағындырған; ал Кавказ Албаниясы хазарларға салық төлеп тұрған. VIII ғасырда хазарлар Солтүстік Кавказды, Азау аймағын, Қырым жағалауларын және шығыс Еуропаның Днепрге дейінгі далалық және орманды жерлерін иемденген. Атап айтқанда Абхаздар, Аландар, Арсиялар, Беленжерлер, Барсылдар, Башқұрттар, Бұртастар, Қырым готтары, Шығыс славяндар, Ғұндар, Джуһури, Каварлар, Қасоқтар, Егриси, Лезгиндер, Мажарлар, Мордвиндер, Оғыздар, Оноғұрлар, Бешенектер, Савирлер, Сарир, Еділ бұлғарларын бағындырып, өз үстемдіктерін жүргізген құдіретті мемлекетке айналды.

735 жылы Каспий жағынан басып кірген арабтар Хазар қағанатының әскерін қиратып жеңеді. Осыдан кейін қаған мен оның төңірегіндегілер мұсылман дінін қабылдайды.

VIII ғасырда Хазар қағанаты мен Византия арасында тығыз қарым-қатынас орнауы христиандықтың таралуына қолайлы жағдай тудырды. Хазар қағанаты жерінде митрополия – діни орталық ашылып, жеті эпархия пайда болды. VIII ғасырдың ақыры мен IX ғасыр басында қағанаттың тізгінін ұстаған Обадия иудаизмді мемлекеттік дін деп жариялады. Хазар қағанатының әлсіреуін көздеген Византия хазарларға қарсы айналасындағы көшпенділерді айдап салып отырды. Бірақ Хазар қағанатына ең үлкен қатер орыс мемлекетінен келді. 913–914 және 943–944 жылдарда орыс әскерлері Каспий жағалауындағы елдерді қырғынға ұшыратты. X ғасырдың ақырында Хазар қағанаты өмір сүруін тоқтаты.

Көне заманда дүниені дүрліктіргендей болып көрініп, баста аяғы үш ғасырдан сәл ғана артық өмір кешіп, тағдырдың тәлкегіне ұшырап ғайып болған Хазарияның мән-жайына қанықтыратын зерттеудің бірі – М.И. Артамановтың «Хазары», С.А. Плетневаның «Хазары» деген монографиялары.

Алыс, жақын көршілерімен соғыста көбінесе жеңіске жетіп, «бағы» өрлей бастаған Хазарияны әлсірету, бірлігін бұзу үшін дұшпандары түрлі әдіс-айла қолданудан іркілмеген. Олар Хазария мемлекетінің этностық жағынан құрандылығын, көпдінділігін, мемлекет билеу жүйесінің әлсіздігін пайдаланып, алуан арам әрекетке барған. Сондай тәсілдің бірі – Хазария мемлекетінің беделді адамдарын, әсіресе елді билеуші әулеттің өкілдерін кейде түрлі сый-сияпатпен алдарқатып, енді бірде құдандалы болу арқылы христиан не еврей дініне кіргізудің өзі сырт күштердің асындай жүйелі, мақсатты, жат әрекеттерінің жемісі. Ол замандағы күшті империя – Византия да жауынгер көшпенді халықтардың арасына іріткі түсіріп отырған. Өзінің қарақан басының пайдасы үшін елінің дәстүрін, ғұрпын сатып кететін дүниеқоңыз жандарды іздеп, оларды бірте-бірте құрған торларына түсіру арқылы қарсыластарының шебін ыдырату христиан елдеріне мемлекеттік саясат деңгейіне көтерілген еді.

Ерте орта ғасырлық түркі халықтарының ішінде отандық ғылым саласында зерттелінбей, кенже қалған тақырыптардың бірі – Еділ бұлғарларының тарихы.

Тарихи және этнографиялық материалдар соңғы жылдарда Бұлғар халқы еуразиялық өркениетке елеулі үлес қосқан, әлем тарихында өзіндік орын алатын мәселе. Демек, Еділ Бұлғар патшалығының тарихы – адамзат тарихының құрамдас бөлігі ретінде дербес қарастыруға әбден лайықты тарих. Өмір сүру барысында Бұлғар патшалығы шығыс Еуропаның сол замандағы бүкіл саяси өмірін бақылаушы – Византия империясымен, одан көршілес жатқан және бір уақытта қалыптасқан Киев Русі мемлекетімен қарым-қатынастар жасап, өз алдына дербес патшалық құрған. Бұлғар патшалығының бет-бейнесі үздіксіз әскери тайталас пен дипломатиялық құбылулармен сипатталды. Дегенмен өзара тиімді сауда серіктестік пен экономикалық және саяси бақталастық, отарлау мен сауда жолын бақылау негізінде сипатталады.

Еділ Бұлғар патшалығының Киев Русімен қарым-қатынасы шамамен төрт ғасырға созылып, түрлі сипатқа ие болды. Екі мемлекеттің арасындағы қарым-қатынас көршілес достық сипатқа да ие болған. Яғни халық өзара екі жақты айырбас саудамен айналысқан. Археологиялық деректерге сүйенетін болсақ, екі мемлекеттің бір-біріне өзара көмектесуі арқылы экономикалық байланысты тығыз орнатқанына көз жеткіземіз. Сондықтан бұл екі этностың арасындағы тығыз байланыс олардың өзара мәдени ықпалына әсер етті.

Ислам дініне қатысты тарихта, 922 жылы бұлғар ханы Алмас бағдад халифы Аль-Муктадирдің тұтынушысы болып ислам дінін ресми түрде қабылдайды. Осыған орай Бұлғария солтүстіктегі мұсылман әлемінің алдыңғы қатарлы көш бастаушы мемлекетіне айналды. Дәл осы кездері Бұлғария Шығыс пен Еуропаның Ұлы Еділ сауда жолын біріктіретін мемлекет тізгінін қолына иемдеген дәулетті ел еді.

Шын мәнісіне келетін болсақ, бұлғар-қыпшақ-башқұрларға бірінші мәрте ұйымдастырылған татар-моңғол шапқыншылығы сәтсіз өтті. Сол себептен моңғолдарға жаңа әскери топ құру керек болды. Бұл ретте башқұрлардың біраз бөлігі бұл соғыста шыдай алмай, моңғолдардан кешірім сұрап, солардың әскери қатар жауынгерлеріне кірулеріне өтініш білдірген еді.

1236 жылы осы жағдайдың нәтижесінде, Еділ Бұлғарлар патшалығы ұзақ уақыт соғыстан кейін татар-моңғолдардан жеңі-

ліс тауып қирайды. Сол тұста, русьтердің бұлғарлармен сауда байланыс қарым-қатынасы жақсы болғанымен оларға көмек көрсетпесе де, бұл князьдік те татар-моңғол шапқыншылығынан құлайды. 1237-1240 жылдары орыс князьдіктері Бату бастаған моңғол-татар шапқыншылығының астында қалды. Ресей тарихында бұл кезең моңғол-татар апаты деген атпен енді.

Тіліміз, дініміз бөлек болғанмен, тегіміз – түркі дейтін болгарлар, Еуропадағы түркілермен ортақ тарихы бар тағы бір халық болып табылады. «Барар жерің – Балқан тау, ол да біздің барған тау» деген нақыл сөздің төркіні, бұлғар түркілері Орта Азиядан Кавказ арқылы Балқан түбегіне барып қоныс тепкен. Болгария Балқан тауының екі беткейін алып жатыр. Софияның алғашқы атауы да Сердика, яғни Балқан түбегінің жүрегі дегенді білдірген.

Жалпы әлемдік тарихтың тәжірибесінде жаудың бетін бейбіт, қантөгіссіз қайтарудың бірден-бір жолы – ол құдандаласу, яғни некелік одақ құру болатын. Дәл осы бір саяси тактиканы Киев Русінің князьдері Еділ Бұлғар патшалығына қарсы өте тиімді пайдаланып, жаудың бетін қайтарды деуге әбден болады.

Еділ Бұлғар мен Киев Русінің арасындағы мұндай ұзаққа созылған қарым-қатынас тарихта екі түрлі көрініс тапты. Бір жағынан, экономикалық сауда ынтымақтастық екі мемлекеттің дамуына өте қолайлы жағдай болды. Екінші жағынан, саяси бәсекелестік пен әскери қақтығыстар екі мемлекеттің қалыптасуын бәсеңдетті.

Еділ Бұлғар патшалығының саяси және этникалық тарихы өз алдына дербес зерттеуді талап ететін аса күрделі мәселе.

Печенегтердің Шығыс Еуропа жерлерін мекендеген тарихы төрт кезеңге бөліп қарастыруға болады: бірінші – IX ғасыр ортасы мен XI ғасыр басы, екіншісі – XI ғасырдың 20-60 жылдары, үшіншісі – XII ғасырдың екінші жартысы, төртіншісі – XIII ғасырдың бірінші жартысы. Әр кезең өзінің ішкі дамуы мен басқа көршілермен арақатынастарымен ерекшеленеді.

Қыпшақтар мен печенегтердің ерте этносаяси тарихы келесідей жолмен көрсетіледі: түркі тілді телелік сеяньто тайпасы VII ғасыр ортасында Орта Азияның далаларында екі үлкен бөлімшелермен көшіп жүрген. Батыс түрік қағанатына бағынышты болған осы тайпаның бірінші үлкендеу бөлігі Моңғол және Ре-



сейлік Алтайдың (Ертістің жоғары ағысы мен Шығыс Қазақстан далалары) батыс сілемдері мен Тянь-Шань шығыс беткейлерінде өмір сүрген. Екіншілері, Шығыс түрік қағанатына байланысты Хангайда (Отюкен, Селеңгі мен Орхонның жоғары ағысы, Толының төменгі ағысының сол жағалауында) қоныс тепкен.

1. Көптілді, түркіленген сяньби тайпасы Үлкен Хинганның орталық бөлігінің екі беткейінде де, Шығыс және Солтүстік Шығыс Моңғолияда көшіп жүрген. Олардың бөлек көшу бағыты Толының батыс жағалауына енеді.

2. VII ғасырдың 20-жылдарының соңында алтайлық сеяньто батыстық түріктердің ығыстыруына шыдамай, 70 мың шаңырақпен Хангайға көшіп, Шығыс Түрік қағанатына бағынышты болады. Олардың тастап кеткен жерлерінде (Ертістің жоғары ағысы мен Шығыс Қазақстан) оларға туыс қимақтар қалады. Жаңа қожайындардың ауыр міндеттер мен ығыстырулары сеяньто, ұйғыр және басқа да тоғызғұздық тайпалардың шығыстық түріктерге қарсы көтеріліске шығуына мәжбүрлейді. Оларды Қытайлық Таң империясы қолдап, 630 жылы толықтай жеңіске жетеді. Шығыс түрік қағанатының аумағында сеяньтолық қағанат пайда болады; мұнда Шығыс Моңғолияда көшіп жүрген сеяньто тайпаларынан басқа, тоғызғұздар (құрамында ұйғырлар бар), печенегтер (кумостар, си, хи, кайлар) болған.

3. 646 жылы ұйғырлар мен басқа да теле тайпаларынан қатты жеңіліс тапқан сеяньтолықтардың кей бөлігі, қыпшақ атауын қабылдап, батысқа қарай, Ертістің жоғары жағы мен Шығыс Қазақстан далаларына, өздеріне туыс йемектерге қашқан болатын. Олар Орталық және Шығыс Қазақстан далаларына көшуге мәжбүр болды.

4. 679–681 жылдары аралығында Хангайда қалған қыпшақтар (сеяньто) түріктерге II Шығыс түрік қағанатын қалпына келтіруге көмектескен болатын. Оның құрамына көптеген теле тайпалары (ұйғырларды қосқанда) және печенегтердің кейбір бөліктері (кумостар, си, хи, кайлар) кірген. 744 жылы ұйғырлар II Шығыс түрік қағанатын құлатып, соның нәтижесінде қыпшақтардың қалғандары (сеяньто, силар) және печенегтердің кейбір топтары (кумостар, си, хи, кайлар) Ертістің жоғары жағы мен Шығыс Қазақстанға көше отырып, ол жерден йемектер мен қыпшақтардың бірінші толқынын ығыстырады (646 ж.). Печенегтер-

дің негізгі бөлігі (кумостер, си, хи, кай) Шығыс Моңғолия далаларында қалып, Ұйғыр қағанаты құрамына кіреді.

5. 840 жылы ұйғыр қағанатын енисей қырғыздарының талқандауы нәтижесінде, ұйғырларға бағынышты печенег тайпаларының көп бөлігі, сонымен қатар эймюр, баяндур және татарлар Шығыс Қазақстан далалары мен Ертістің жоғары жағына кетіп, йемектер мен қыпшақтарды ары қарай батысқа және солтүстік батысқа жылжуға итермелейді. Соңғылары оғыздармен бірігіп, өз кезегінде, біртіндеп печенегтер, башқұрлар мен мадьярларды Оралға, Еділге, одан әрі батысқа қарай ығыстырады.

6. 868 жылдан кейін, печенегтердің (си, хи, кайлар) соңғы толқыны қидандардан жеңіліп, Ертістің жоғары жағы мен шығыс Еуропа жаққа қарай жылжиды, осыдан кейін печенегтердің тайпалық құрамының этникалық және аймақтық тіркелуі аяқталғандығы туралы мәлімет X ғасырда өмір сүрген «Худуд әл-Алам» атты авторы белгісіз парсы шығармасында жазылған.

7. Көне түркілердің Еуразия тарихынан алар орнын академик А.П. Окладников былай деп түйіндейді: «Сібірдегі көне түркілер Шығыстан гөрі Батыспен тығыз байланыста болды. Оның мәдениеті бұрын ойлағаннан да әлдеқайда бай әрі жарқын еді. Ертедегі Шығыс пен Батыстың мәдениеттері Байкалдың жағасы, Ангара мен Ленада сол кездегі өзіндік төл мәдениеттің орталығы бірде қосылып, бірде ажырасып тұрды. Оны білмей тұрып Еуразияның тарихын толық түсіну мүмкін емес. Археологиялық қазбалардан көргеніміздей, Байкал өңіріндегі түркі қорғандарындағы қазба байлықтардың жолы Дон мен Дунайға дейін жетіп жатты» (120. 48).

Печенегтер үшін Русьпен және Византия империясымен көршілес орналасуы олардың рухани дамуына да әсер етті. Жоғарыда атап өткендей кейбір деректемелер печенегтердің Византия империясы мен Руське өз жерлерін сақтап қалу мақсатындағы күрестерге біршама одақтас болғандарын байқауға болады. XII ғасырдан бастап христиан дінін қабылдай бастайды.

Тарихшылар мен аңыздарға қарағанда «жылан» атауын иемденген қыпшақ, печенег тайпалық бірлестіктерін тек жауыздық жағынан қарамай, көшпелілер өркениеті мен тарихына өзіндік үлес қосқан ұлы мемлекеттің негізін қалаушылары екенін естен шығармағанымыз жөн.

**СӨЖ (студенттің өзіндік жұмыс) тапсырмаларына ұсынылатын тақырыптар:**

- Хазар тарихына қатысты жазба деректерге сараптама жүргізу.
- Хазарлардың этногенезі туралы М.И. Артамоновтың ой тұжырымдары.
- Хазар қағанатының саяси әкімшілік басқару жүйесін жазба деректер негізінде анықтау.
- С.А. Плетневаның «Хазары» атты еңбегін талдау.
- Хазар мен Киев Русі князьдігі арасындағы қарым-қатынастың барысын орыс жылнамалары мен византиялық хроникалармен салыстыра отырып дәйектеу.
- Хазар қағанаты мен Араб халифаты арасындағы соғыстардың барысы мен нәтижесі.
- Хазар қалалары туралы араб саяхатшыларының мәліметін жинақтау және анализ жасау.
- Хазар қағанатында діннің рөлі қандай болды?
- М.И. Артамоновтың «Хазары» атты ғылыми еңбегін талдау.
- Иудей хаттарының Хазар тарихы үшін құндылығын саралау.
- VII–VIII ғ. Хазар қағанатының саяси жағдайы.
- Хазарлардың Кавказ аймағы үшін күресі, нәтижесін Мойсей Хоренскийдің еңбегі негізінде талдау.
- Хазар тарихында қағандардың рөлі және қағандардың хронологиялық кестесін дайындау.
- Еділ Бұлғар патшалығының қалыптасу тарихы туралы «Орыс жылнамалар жинағы».
- Авар қағанаты құрамындағы бұлғарлардың жағдайы.
- Бұлғар патшалығының құрылуы туралы Византиялық жылнамашылардың деректерін талдау.
- Бұлғар патшалығының тарихы үшін Константин Багрянородныйдың жазбаларының құндылығы неде?
- Хазар тарихына қатысты Араб деректерін топтастырыңыз.
- Еуропа тарихында хазарлардың рөліне эссе дайындау.
- Хазар қоғамында діннің рөлі реферат жазу.
- Бұлғар патшалығының наным-сенімі мен тілі туралы кейс дайындау.
- Археологиялық мәліметтер негізінде Хазар, Еділ Бұлғар, печенегтер тарихына қатысты слайд дайындау.
- Хазар мен Бұлғар өнерінің дамуы туралы кейс дайындау.
- Печенег тайпалық бірлестігінің қалыптасу мәселесі жөнінде ғылыми жоба дайындау.
- Печенег мемлекетінің этникалық шығу тарихы реферат түрінде қорғау.
- Печенегтердің Киев Русь князьдігімен қарым-қатынасы жөнінде жоба қорғау.

- Печенегтердің Византия империясымен дипломатиялық байланыстарының барысын қандай құжаттар негізінде дәлелдейсіз?
- Печенегтердің Шығыс Еуропаның далалық аймағында түркі халықтарымен қатынасы туралы слайд қорғау.
- Еуропаның шығыс өңірлеріне Моңғол шапқыншылығының барысы мен нәтижелері туралы баяндама қорғау.
- Печенег өнері мен мәдениеті слайд түрінде қорғау.

### Реферат тақырыптары

- Хазар тарихына қатысты жазба деректерге сараптама жүргізу.
- Хазарлардың этногенезі туралы тарих ғылымында қалыптасқан көзқарастарды талдау.
- Хазар қағанатының саяси әкімшілік басқару жүйесін жазба деректер негізінде анықтау.
- Хазар қағанатының Византия империясымен дипломатиялық қатынастарының мәнін ашу.
- Хазар мен Киев Русі княздігі арасындағы қарым-қатынастың барысын орыс жылнамалары мен византиялық хроникалармен салыстыра отырып дәйектеу.
- Хазар қағанаты мен Араб халифаты арасындағы соғыстардың барысы мен нәтижесі.
- Хазар қалалары туралы араб саяхатшыларының мәліметін жинақтау және анализ жасау.
- Хазар қағанатында діннің рөлі қандай болды?
- Хазар мәдениеті.
- Хазарлардың түркі тілдес тайпалармен қарым-қатынасы.
- VII–VIII ғ. Хазар қағанатының саяси жағдайы.
- Хазарлардың Кавказ аймағы үшін күресі, нәтижесі.
- Хазар тарихында қағандардың рөлі және қағандардың хронологиялық кестесін дайындау.
- Еділ Бұлғар патшалығының қалыптасу тарихы.
- Авар қағанаты құрамындағы бұлғарлардың жағдайы.
- Бұлғар патшалығының құрылуы туралы жазба деректерді талдау.
- Бұлғар патшалығы мен Византия империясы арасындағы қарым-қатынастың дамуын жазба деректер негізінде талдау.
- Византия империясының әсерін қалай сипаттар едіңіз?
- Еуропа тарихында хазарлардың рөлі
- Хазар қоғамында діннің рөлі қандай болды?
- Бұлғар патшалығының наным-сенімі мен тілі.
- Хазар, Еділ Бұлғар, печенегтер тарихына қатысты археологиялық мәліметтер.
- Хазар мен Бұлғар өнерінің дамуы.
- Печенег тайпалық бірлестігінің қалыптасу мәселесі.
- Печенег мемлекетінің этникалық шығу тарихы.

- Печенегтердің Киев Русь князьдігімен қарым-қатынасы.
- Печенегтердің Византия империясымен дипломатиялық байланыстарының барысы.
- Печенегтердің Шығыс Еуропаның далалық аймағында түркі халықтарымен қатынасы.
- Еуропаның шығыс өңірлеріне Моңғол шапқыншылығының барысы мен нәтижелері.
- Печенег өнері мен мәдениеті.

Оқу басылымы

Мухажанова Толқын Нурасыловна

**ЕУРОПА  
ТАРИХЫНДАҒЫ ТҮРКІЛЕР  
(VI–X ғ.)**

*Оқу құралы*

Редакторы *К. Мухадиева*  
Компьютерде беттеген және  
мұқабасын безендірген *Ғ. Қалиева*

Мұқабаны безендірудегі сурет  
[www.WordPress.com](http://www.WordPress.com) сайтынан алынды

**ИБ №11205**

Басуға 08.09.2017 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84<sup>1/16</sup>.  
Көлемі 11,37 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылым. Тапсырыс №4286.

Таралымы 100 дана. Бағасы келісімді.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.